

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ӘӨЖ 81'42

Қолжазба құқығында

## СЫДЫҚ ПЕРИЗАТ СӘНДІБАЙҚЫЗЫ

Тілдік рефлексия: дискурстық талдау  
(қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндер негізінде)

8D02304 - Филология

Философия (PhD) докторы  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор  
Садирова К.К.

Шетелдік ғылыми кеңесші  
филология ғылымдарының кандидаты,  
доцент  
Садыралиева Г.Э.  
(Қыргызстан)

Қазақстан Республикасы  
Ақтөбе, 2024

## МАЗМУНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР, АНЫҚТАМАЛАР.....</b>	3
<b>КІРІСПЕ.....</b>	6
<b>1 РЕФЛЕКСИЯ ЖӘНЕ ОНЫ ЗЕРТТЕУ АСПЕКТІЛЕРІ.....</b>	14
1.1 Рефлексияның анықталуы мен зерттелуі .....	14
1.2 Сана – рефлексия – тіл (көркем мәтін).....	18
1.3 «Тілдік рефлексия», «метатілдік рефлексия», «рефлексия» терминдерінің анықталуы және зерттелуі.....	25
1.4 Тілдік рефлексияның дискурспен, мәтінмен арақатынасы .....	38
Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	48
<b>2 ТІЛДІК, МЕТАТИЛДІК РЕФЛЕКСИЯНЫ ТАЛДАУ СЫЗБАЛАРЫ МЕН МОДЕЛЬДЕРІ.....</b>	50
2.1 Г.Гиббстің «Рефлексияның циклдік моделінің» сипаты мен әмбебаптығы.....	50
2.2 Тілдік рефлексияны Г. Гиббстің циклдік моделі бойынша талдау (А.Құнанбайұлының «Қара сөздері» мен О. Уайлдтің «Дориан Грейдің портреті» мәтіні негізінде).....	53
2.2.1 А. Құнанбайұлы «Қара сөздері» мәтініндегі тілдік рефлексияның циклдік моделі.....	60
2.2.2 О. Уайлдтің «Дориан Грейдің портреті» мәтініндегі тілдік рефлексияның циклдік моделі.....	75
2.3 Тілдік рефлексия: метатілдік талдау (У.Сомерсет Моэмның «Ай мен ақша», О.Уайлдтің «Дориан Грейдің портреті» көркем мәтіндері негізінде).....	89
Екінші бөлім бойынша тұжырым.....	99
<b>3 ТІЛДІК РЕФЛЕКСИЯ: ЭКСПЕРИМЕНТІК ТАЛДАУ.....</b>	101
3.1 Тілдік тұлғалардың ана тіліндегі мәтінді зерделеуінде көрінетін метатілдік түсіндірмелеріне (комментарийлеріне) талдау.....	101
3.2 Тілдік тұлғалардың екі тілде (қазақша, ағылшынша) берілген мәтінді зерделеуінде көрінетін метатілдік көрсеткіштер, рефлексивтерді талдау.....	107
3.3 Тілдік рефлексияға дискурстық талдау жасау негізінде практикалық ұсыныс.....	126
Үшінші бөлім бойынша тұжырым.....	128
<b>ҚОРЫТЫНДЫ .....</b>	130
<b>ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	134
<b>ҚОСЫМША А - А. Құнанбайұлы шығармасынан үзіндіні XXI ғасырдағы тілдік тұлғалар интерпретациялаудың рефлексивті лингвистика аясында анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама.....</b>	144
<b>ҚОСЫМША Б - Тілдік рефлексияның қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндер негізіндегі көрінісін, тілдік тұлғаның қалыптасуындағы қықпалын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама.....</b>	145
<b>ҚОСЫМША В - А. Құнанбайұлы «Қара сөздеріндегі» тілдік рефлексивтер.....</b>	147

## **НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгі қалыптарға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. "Ұлттық рухани жаңғыру" ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №724 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылдың 31 желтоқсаны, №1045 бекітілген.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім берудің және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.

«Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (І. Ұлт тарихындағы қеңістік пен уақыт. 21.11.2018 ж.).

ҚР Үкіметі жаңындағы ЖФТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж.).

## АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста қолданылған терминдердің анықтамалары:

**Әлеуметтік рефлексия** – қарым-қатынас кезіндегі адамдардың өзін басқалардың қалай қабылдайтыны туралы ойы, адамның күйі.

**Интеллектуалды рефлексия** – тұлғаның өз білімін, іскерлігін, дағдысын қолдану салалары, әдістері туралы ойы.

**Интерпретация** дегеніміз – мәтін мағынасын тілдік таңбалармен жеткізетін, сөзben берілген рефлексия. Интерпретация мәтіндегі ойдан басталып, оқырманның өзіндік тәжірибесімен, жеке пікірімен түйікталады. Түсінгенінді рефлексивті талдауды интенциялау техникасы арқылы іске асыруға болады. Мәтінге көркемдік идея не метамағына арқау болады, оқырман сол мәтінді оқығанда өзінің мәтінді түсінгенін, соның ішінде нені нақты түсінгенін ой елегінен өткізеді.

**Ғылыми рефлексия** – адамның ғылымға байланысты білімі мен дағдыларын түсіну.

**Кәсіби рефлексия** – мансап сатысында көтерілуін бақылауы.

**Коммуникативті рефлексия** – басқа адамдармен қарым-қатынасты талқылау.

**Кооперативтік рефлексия** – ортақ мұддеге бағытталған өзгемен бірлестіктегі іс-қимылын түсіне білуі.

**Көркем мәтін «өмір сүріп»**, қызмет атқару үшін қажетті шарт – оқырман тарапынан оқылуы мен қабылдануы. Көркем мәтінді қабылдау, түйсіну кезеңдері бар және аталған үдерістің басты төрт компоненті – оқу, түсіну, талқылау (интерпретация), талдау – белгілі.

**Мәтін полифониясын түсіну** – мәтінді рефлексиялаудағы маңызды кезең.

**Метатіл** – табиғи тілді сипаттайтын және сол тілдің бір бөлігі болып көрінетін күрделі құбылыс.

**Метатілдік сана** – сананың тіл және тілдік бірліктерді дұрыс қолдану туралы білімді, қоршаған шындықпен байланысты қалыптасатын тілдік және сөйлеу біліктері мен дағдыларын (сауаттылық, мектеп, филолог т.с.с.) сақтайтын бөлігі. Ол – тілдік сананың үстірт деңгейі, адамның өзі сөйлейтін және түсінетін тіл туралы білімінің өрісі. Дәстүрлі түрде оның екі түрі бар: теориялық және қарапайым. Сана, тілдік және метатілдік сана, метатілдік рефлексивтер – тілдік рефлексияның тіл ғылымындағы бейнесін айқындаудың алғышарттары. Бұлар тұлға бойында оның туған сәтінен қалыптасып, дами бастайды. Солардың негізінде жеке тұлға өзін рефлексиялайды.

**Метатілдік рефлексия** – тіл мен сөйлеуді бақылайтын, бағалайтын қарапайым сананың тікелей көрінісі. Полифония – мәтінде берілген жағдаятқа қатысты бірнеше көзқарастың түйісуі, ол автордың, мәтін кейіпкерлерінің, қоғамдық пікірдің, оқырманның, т.б. тарапынан берілген өзіндік баға. Оқырман мәтінді, оның мазмұнын түрлі адамдар көзқарасы түрғысынан қарай білу үшін мәтін полифониясын түсінуі және оны дұрыс зерделеуі қажет. Бұл кезде қатар

жүретін рефлексия екі сипатта болады: оқырман мәтінді әуелі өзі түсінеді және басқалардың үққанын да ұғынады.

**Рефлексия** – жеке тұлғаның өзінің ойы мен идеяларына, пікірі мен түсініктеріне өзіндік талдау жасауы, менталды үдеріс.

**Рефлексив** – қабылданған ақпараттың ой елегінен өтіп, тіл арқылы материалдануы нәтижесінде қолданылатын тілдік бірліктер.

**Рефлексивтік акт** – ұғу және түсіну актісі.

**Рефлексивтілік қабілет** – адресаттың өзіндік таным, ішкі ойы арқылы авторлық ұстаным мен мағынаны менгеріп, өзіндік қабылдауы мен жеке көзқарасының қалыптасуы.

**Сана** – адам ойы, сезінуі мен ерік-жігері арқылы шындықты білдіру қабілеті, әрі сол шындықтың бейнелену үдерісі.

**Саногенді рефлексия** – жеке тұлғаның эмоционалдық жағдайын бақылау.

**Теориялық метатілдік сана** көсіби лингвистерге тән және тіл білімі саласына қатысты ғылыми теориялар мен концепциялармен бейнеленеді. Метатілдік сананың теориялық жүйеленбеген деңгейін құрайтын білім «қарапайым» деңгейін құрайды, бұл білім қарапайым ана тілінде сөйлейтіндердің метатілдік білімі болып табылады.

**Түсіну үдерісі** – мағына іздеу үдерісі, қисындық тұжырымдар жасап, метамағыналар табу үдерісі, басқаша айтқанда, жаңа деңгейде мағына тұзу. Метамағыналар оқырманның түйген ойының, қорытындысының негізінде қалыптасады.

**Тұлғалық рефлексия** – өзіндік «Мені» мен өзіндік санаға қол жеткізу.

**Тілдік рефлексия дегеніміз** – сөйлеуде бақыланатын және тілдік сананың өзін тануға бағытталған рефлексивтер.

**Тілдік рефлексия** – 1) тіл мен сана қызметінің бірлігі сапасында көрініс табатын құрделі құрылым, 2) тілге қатысы бардың барлығы және оның қолданылуы, 3) лексикалық бірліктің белсенді қолданылуы туралы түрлі талдаулар, комментарийлер.

**Тілдік сана** (сөйлеудегі ойлау) – сөйлеуді қалыптастыруды, қабылдауды, санада сақтауды қамтамасыз ететін психикалық механизмдердің жиынтығы.

**Филологиялық рефлексия** – әдіснамалық ұстаным, мәтінмен өз бетінше жұмыс істеуде қолданылады, өзіндік жаңалық ашуға жетелейді. Бұл рефлексия оқырманның мәтінде бейнеленген құбылыстар мен жағдаяттарға өзіндік құндылықтарын, ұстанымдарын, айналасына, әлемге деген көзқарасын сабактастырған сәтінде түзіледі. Филологиялық рефлексия үдерісінде ақылмен, саналы әрі эмоционалды қабылдау қатар орындалады.

**Экзистенциалды рефлексия** – өмірдің мәні туралы ойлау.

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Тілді оның иесімен, сөйлеушімен бірлікте зерттеу қазіргі кезде маңызды болып, тіл білімінің жаңа бағыттарының қалыптасуына ықпал етіп отыр. Тіл ғылымына елеулі серпін берген психология, информатика, лингвистика, философия мен нейробиологияда қолданылатын әдістердің жиынтығы қазіргі когнитивистика (таным теориясы) ғылымында адам санасының жұмыс жасау қағидаларын түсіндіруде қолданылады. Тілді антропоөзектік көзқарас түрғысынан зерттеуде оны ойлау жүйесімен бірге қарастыру қажеттілігі туындалады. Бұл жайында Гарвард университетінің профессоры, нейропсихолог С. Пинкер өзінің «Тіл – инстинкт» [1, б. 15] атты кітабында дәлелді де нақты тұжырымдар арқылы егжей-тегжейлі түсіндіреді. Ол тіл қабілетін зерттеген жаңа ізденістердің адамдар ұғымындағы тілге, оның адам өміріндегі рөлі мен адамзаттың оған деген түсінігіне төңкеріс жасағанын атап көрсетеді. Білімді адамдардың көшілігінің тіл туралы қалыптасқан өзіндік пікірі болатынын, тілдің адам мәдениетінің өте маңызды өнімі, тұлғалардың емеурін-белгілерінің, қарым-қабілетінің ең мәндісі (квинтэссенциясы) әрі хайуандардан ажырататын тенденсі жоқ табиғи феномені екенін тұжырымдаған. Сонымен бірге, тіл мен санасың сабактасып, қандайда бір тілдің белгілі бір сана қалыптастырытынын, соның салдарынан, әр тілде сөйлеушілердің өмірді түрліше түсінетіндерін баяндаған. Сөйлеушілердің өмірді түрліше түсінуінің құрамында олардың әрбірінің өз әрекетіне, сөзіне, айналасындағы болып жатқан қандай да бір құбылыстарға сынни көзқарасы мен өзіндік бағасы да бар. Бұл да тілде таңбаланады.

Тілдік рефлексия феномені – қазіргі кезде тіл біліміндегі өзекті, зерттеуді әлі де қажет ететін мәселенің бірі. Аталған феномен жайындағы білім ауқымының соңғы уақыттарда кеңеюі, рефлексияны жүзеге асырудағы тілдің маңызды құрал екендігімен байланысты. Бұл ғылыми зерттеулердегі тіл мен ой, тіл мен сана, сөйлеу қызметінің адамның өзін - өзі тануына, яғни рефлексия жасауына ықпал ететіні жайында айтылған пікірлермен ұштасады. Рефлексия арқылы адам өзіне терең бойлап, ішкі жай-күйіне назар аударатын болса, оның санасында орын алатын менталды үдерісті оның айтқан сөзінен, шығармасынан, белгілі бір тілдік белгілері арқылы айқындауға болады, тілдік рефлексия тілдік таңбаларда көрініс береді.

Рефлексияның тілде таңбалануын зерттеген қазақстандық ғалымдар: Л.М. Шайкенова, А.М. Ахметбекова, Г.А. Борибаева, А.Д. Жакупова, Ж.Т. Балмагамбетова, М.Т. Джакыпбекова, К.К. Оқушева, т.б.

Ұсынылып отырған диссертацияда тілдік рефлексия терминімен анықталатын құбылысқа дискурстық талдау жасалып, оның өзіндік ерекшеліктері, вербалдануы, метатілдік көрсеткіштері талданып жүйеленген. Ғылыми зерттеулердегі тілдік рефлексияны, метамәтіндік талдауды жасауда қолданылатын модельдер мен сызбалар сипатталып, қазақша және ағылшынша көркем мәтіндердегі рефлексивтердің, метамәтіндік элементтердің көрінуін салғастыра зерделеуде пайдаланылған. Сондай-ақ ғылыми-зерттеуде тілдік

тұлғалардың метатілдік рефлексиясының көрінісі сауланама арқылы анықталып, талданып, тұжырымдалған.

**Зерттеудің өзектілігі.** Қазіргі тіл білімінің антропоөзекті парадигмасы адамның сөзін зерттеуден «сөйлеуші адамды» зерттеуге ауысқаны [2, б. 5] тілдік тұлға мәселесін де туғызды. Тілдік тұлғаның психикасы, әлеуметтік, этикалық және өзге де қырлары тілі мен дискурсы арқылы танылады [3, б. 7]. Оны танытуға мүмкіндік беретін – тілдік сана. Ал тілдік сана тілдік тұлғалар өмір сүретін қоғамның өзгерісін тіл арқылы бейнелейді. Ол өзінің бейнелеу нысанын екшеуде рефлексияға сүйенеді.

**Рефлексия** деп отырғанымыз – жеке тұлғаның өзінің ойы мен идеяларына, пікірі мен түсініктеріне өзіндік талдау жасауы, менталды үдеріс. Тілдік тұлғаның рефлексиясы тілге және дискурсқа қатысты екі жақты сипатта орындалады: 1) тілдік тұлға – сөйлеуші (жағдаятқа сай сөз тұзуші), 2) өзінің сөйлеу әрекетін бағалаушы. Бұл тұста тілдік тұлғаның тілдік рефлексиясы көрініс табады. «Тілдік рефлексияға қабілетті болу – тілдік тұлға дамуының бір факторы. Тілдік рефлексия – ұлттық өзіндік сана мен мәдениеттің бөлігі болып саналады» [4, б. 6]. **Тілдік рефлексия** дегеніміз – сөйлеуде бақыланатын және тілдік сананың өзін тануға бағытталған рефлексивтер. Тілдік рефлексия – тіл мен сана қызметінің бірлігі сапасында көрініс табатын курделі құрылым. Тілдік рефлексивтер метамәтіндер арқылы вербалданатыны белгілі. Сондықтан да тілдік рефлексия мен метатілдік, метамәтіндік рефлексия және метатілдік сана, метамәтіндік сана, тілдік өзіндік сана тіркестері сабактаса, жарыса қолданылады. Метатілдік рефлексияның формалды (түрлі метакөрсеткіштер) және мазмұндық (тақырыбы, стереотиптері, мифтер) түрлері ажыратылады. Осы мәселелер қазақ тіл білімінде жеткілікті зерттелмеген. Оның үстіне XXI ғасырдағы жаңа ұрпақтың қарым-қатынас ұстанымында өзгеріс байқалады: XX ғасырдағы «бәріміз біріміз үшін» деген ұжымдық ой «әуелі өзім үшін» деген «өзімшілдікке» ауысқаны аңғарылады. Бұл да – тілдік тұлғалардың рефлексиясының нәтижесі. Өзгелермен қарым-қатынастағы бұл өзгерісті тілдік рефлексиямен сабактастыра зерттеу тіл ғылымының жаңа нысанының бірі деуге болады. Сондықтан зерттеу тақырыбы өзекті әрі маңызды деп есептейміз.

**Зерттеудің мақсаты.** Қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндерде көрінетін тілдік рефлексияға дискурстық талдау жасау арқылы рефлексияның қазақ, ағылшын тілдеріндегі (мәтінде) және қазақша, ағылшынша сөздегі (дискурстағы) вербалдану амал-тәсілдерін анықтау, салғастыра талдау, сипаттау.

Зерттеу мақсатына қол жеткізуде мынадай **міндеттерді** шешу алға қойылды:

- Рефлексия, тілдік рефлексия мәселелерін зерттеген теориялық ғылыми-зерттеулерге талдау жасау арқылы негізгі тұжырымдарды, басты мәселелерді, зерттеу бағыттарын айқындау, жүйелеу.
- Тілдік рефлексияның вербалдануын, өзіндік белгілерін анықтау.
- Г. Гиббс ұсынған рефлексияның циклдік моделіне және ғылыми айналымда жүрген метатілдік талдау сызбаларына сай қазақ және ағылшын

тіліндегі көркем мәтіндерді талдау, метамәтіндердің, рефлексивтердің өзіндік ерекшеліктерін, түрлерін, заңдылықтарын айқындау.

- Тілдік тұлғалар санасындағы рефлексияның тілдік рефлексивтерде таңбалануын респонденттермен жүргізілген сауалнамалар арқылы айқындау, алынған материалдарды талдау, қорытындылау, соның негізінде практикалық ұсыныс беру (мәтінге рефлексивті талдау жасау моделін ұсыну).

**Диссертацияның зерттеу нысаны** – тілдік рефлексияны таңбалайтын метамәтіндер, рефлексивтер.

**Зерттеу пәні.** Тілдік рефлексивтердің рефлексивті лингвистика, лингвистика теориясында көрсетілген ерекшеліктері.

**Диссертацияның теориялық және әдістемелік негізі.** Диссертацияның **теориялық және әдістемелік негізін** мына еңбектер құрады: рефлексивті лингвистика (Л.М. Шайкенова, К.К. Окушева, Г.А. Борибаева, Б.М. Гаспаров, Н.К. Рябцева, Т.В. Булыгина, Б.Ю. Норман, И.Т. Вепрева, Э.Л. Триказ, А.Д. Шмелев, Н.Д. Голев т.б.), тіл мен сана, тіл мен ойлаудың қатынасына байланысты (В. фон Гумбольдт, А.Н. Ростова, А.Ф. Колясева, Л.Х. Сарамотина, Э. Хасенов), тіл және сана, ойлау мен сана, мәдениет пен тілдің сабактастыры мәселелері (Э. Сепир, А.А. Леонтьев, А.А. Залевская, Л.В. Выготский, Л.В. Щерба, Е.Ф. Тарасов, А.Н. Леонтьев, А.А. Потебня, Н.В. Уфимцева және т.б.), лингвокогниология (А.Б. Әмірбекова, Қ.Ә. Есенова, А.О. Тымболова), рефлексияны философиялық аспектіде қараған (С.Л. Катречко және т.б.), педагогикада (А. Әлімов, М. Оспанбекова), психологияда (С.Л. Рубинштейн және т.б.), дискурс және мәтін териясы (О.С. Иссерс, К.А. Долинин, В.И. Карасик, И.А. Стернин, М.Н. Кожина, М.Л. Макаров, Т. Ван Дейк, Е.С. Кубрякова, Н.К. Рябцева, Ж.А. Исмаилова, Қ.К. Кенжеқанова, Б. Қалиұлы, Х.С.Мухамадиев, К. К. Садирова т.б.).

**Зерттеу дереккөздері.** Тілдік рефлексия мәселесін зерттеген теориялық материалдар, А. Құнанбайұлының «Қара сөздері» (45 қара сөзінің мәтіні, «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ойға тұстім толғандым» өлеңдерінің үзінділері), Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» көркем мәтіні, Ш. Мұртаза «Ай мен Айша» мәтіні, У. Сомерсет Мозмның «Ай мен ақша» (The Moon and Sixpence), Оскар Уайлдтің «Дориан Грейдің портреті» (The Picture of Dorian Gray), тілдік тұлғалардың ана тіліндегі мәтінді зерделеуінде көрінетін метатілдік түсіндірмelerіне (комментарийлеріне) талдау үшін сауалнамаға қатысуышыларға берілген мәтін, респонденттердің екі тілде (қазақша, ағылшынша) ұсынылған мәтінді зерделеуінде көрінетін метатілдік көрсеткіштер, рефлексивтерді талдау мақсатында ұсынылған мәтін, тілдік тұлғалардың рефлексиясына талдау жүргізу үшін жүргізілген сауалнама материалдары (2484 метамәтін), Google кесте форматындағы сауалнамаға қатысқан 208 респонденттің жауап материалдары. Рефлексивтерге лексика-семантикалық талдау жасауда, метамәтіндік және дискурстық талдау жасауда пайдаланылған қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері, ағылшын тілінің сөздіктері мен sozdikgor.kz, Merriam-Webster, Cambridge Dictionary электронды ресурстары.

**Ғылыми жұмыста жалпы ғылыми әдістер** – тілдік деректерді жинақтау, талдау, өндеу, сипаттау; арнайы лингвистикалық әдістер – дискурс талдау, метамәтіндік талдау, сөздерге лексика-семантикалық талдау, салғастырмалы талдау әдісі, когнитивтік модельдеу (G.Gibbs' Reflective cycle), интроспекция әдісі (өзіндік тілдік сананы зерттеу), психолингвистикалық эксперимент (сауалнама) әдістері пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының **ғылыми жаңалығы**. Диссертацияда алғаш рет қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндерде көрінетін тілдік рефлексивтер салғастырмалы аспектіде талданды, метамәтіндер мен олардың түрлері, вербалдану ерекшеліктері анықталды. Ғылыми зерттеулерде көрсетіліп жүрген талдау сызбалары мен модельдері қазақ және ағылшын тіліндегі көркем мәтіндерді талдауға қолданылды. Атап айтқанда, А. Құнанбайұлының «Қара сөздері» және ағылшын тіліндегі О. Уайлдтің «Дориан Грейдің портреті» мәтіндеріндегі тілдік рефлексияны талдауға алғаш рет Г.Гиббстің «Рефлексияның циклдік моделі» қолданылды. Бұл екі мәтіннің таңдалуының екі себебі бар:

1) жазылу уақытының сәйкестігі: А. Құнанбайұлының «Қара сөздері» 1890-1898 жылдар аралығында жазылса, О. Уайлдтің «Дориан Грейдің портреті» туындысы 1890 жылы жарияланған;

2) Талдауға алынған екі мәтіннің де жазылу стилі мен жанры әртүрлі болғанымен, екі автордың негізгі рефлексиясы жеке бас әрекетіне сын көзімен қарап талдау жасаудан асып, өздері өмір сүрген әлеуметтік орта мен қоғамдық қатынастарға сын көзімен қарауының анықтығы және оның тілдік рефлексивтерде айқын таңбалануы. А. Құнанбайұлының «Қара сөздері» мен О. Уайлдтің «Дориан Грейдің портреті» мәтіндерін аталған алты циклден тұратын модельге салып талдау арқылы авторлардың рефлексиясының вербалдануы, метамәтіндік комментарийлері мен метамәтіндік көрсеткіштер, синтаксистік құрылымдар, рефлексивтер сипаты анықталып, олардың метамәтіндік қызметтері анықталды.

Метатілдік рефлексияның мәтіндік (метатілдік айтылымдардан көрінетін), дискурстық (накты коммуникативтік жағдай мен оны реттеу амалдары), әлеуметтік (жеке тұлғаға не күллі қоғамға тигізер әсері) түрлерінің көрінісі талданып, жүйеленді. Тілдік рефлексияға метамәтіндік талдау жасау Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», У. Сомерсет Моэмның «Ай мен ақша» және Оскар Уайлдтің «Дориан Грейдің портреті» (The picture of Dorian Gray) көркем мәтіндері негізінде жүзеге асырылды.

Тілдік тұлғалардың тілдік рефлексиясын анықтау мен оны тасымалдайтын рефлексивтерді талдау мақсатында екі түрлі сауалнама жүргізілді. Оның біріншісі – тілдік тұлғалардың ана тіліндегі мәтінді зерделеуінде көрінетін метатілдік түсіндірмелерін (комментарийлерін) талдауды мақсат етсе, тілдік тұлғалардың рефлексиясына жалпы талдау жасап XXI ғасырдағы тілдік тұлғалардың XX ғасырда жазылған шығарманы зерделеудегі метамәтіндік комментарийлері арқылы айырмашылықтар анықталса, екіншісі – тілдік тұлғалардың мәтінді екі тілде (қазақша,

ағылшынша) зерделеуінде көрінетін метатілдік көрсеткіштерді, рефлексивтерді салғастырмалы талдауды мақсат етті.

Жұмыстың маңызды ғылыми жаңалығының бірі – қазақ тілі мен әдебиеті, филология білім бағдарламаларында білім алушылардың тілдік рефлексиясын қалыптастыру мен дамыту мақсатында «Мәтінге рефлексивті талдау жасау моделінің» алғаш рет ұсынылуы.

Ғылыми жұмыстың **теориялық маңыздылығы** рефлексивті лингвистика, дискурс теориясы, салғастырмалы және жалпы тіл білімін жаңа тұжырымдармен толықтырып, жаңа білім қосқанымен, алынған қорытындыларды жаңа ізденістер жасауда негізге алуға болатындығымен анықталады. **Практикалық мәні.** Диссертацияда қол жеткізген нәтижелерді жалпы тіл білімі, дискурс теориясы, рефлексивті лингвистика, лингвистика теориясы курстарын жүргізуде пайдалануға болады және Г.Гиббстің «Рефлексияның циклдік моделін», метамәтіндік комментарийлерді талдау сызбаларын пайдалану үлгісі осындай бағыттағы жұмыстарға қолдануға жарамды. Тілдік рефлексияны анықтау тәжірибесі осындай бағыттағы жұмыстарды жүргізуде үлгі-негіз бола алады. Қазақ тілі мен әдебиеті, филология білім бағдарламаларында білім алушылардың тілдік рефлексиясын қалыптастыру мен дамыту мақсатында ұсынылған «Мәтінге рефлексивті талдау жасау моделі» болашақ кәсіби лингвистер үшін пайдалы болады.

### **Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

1. Тілдік рефлексия – тілдік санада орын алған реакцияның тілдік таңба арқылы бейнеленіп, жеке тұлғаның ішкі пікірімен үндесетін үдеріс. Тілдік және бағалау рефлексиясы дискурста түзіліп тілдік бірліктер (рефлексивтер) арқылы мәтінде көрінеді. Мәтін – адресат танымына бағытталған, дискурста жанданатын, коммуниканттардың бір-біріне әсерін білдіретін коммуникация өнімі, дискурс бірлігі. Мәтіндегі автордың эмоциялары мен сезімдерін айшықтайтын ақпаратты адресаттың қабылданап, оны интерпретациялауда дискурстық жүйе түзіледі. Осы жүйеде адресат автордың санасындағы танымды (не білімді, ақпаратты) өз санасында қайта түзеді, автордың танымына сай таңдалған тілдік бірліктер метатіл және метамәтін ұғымдарымен сәйкеседі. Осы ұғымдар санада рефлекс туғызып, рефлексия үдерісіне қозгау салады, соның негізіндегі ақпаратты жеткізудегі тілдік құралдар рефлексивтер не метамәтін болып саналады. Рефлексияны сана компоненті деп қарастырсақ, санаға рефлексияны дискурста дискурстық бірлік тасымалдайды. Бұл ретте тілдік тұлғаның таным әлемі, көркемдік әлемі, жеке тіл әлемі тұтасып тілдік рефлексияның рефлексивтерде, метамәтінде тасымалдануын туғызады.

2. Тілдік рефлексия адамның тілі шығып, қалыптасып келе жатқанда пайда болады да, тілдік тұлға дамуының көрсеткіші болып табылады. Ол метамәтіндер арқылы вербалданады. Тілдік тұлғалардың рефлексияға қабілетті болуы – тілдік тұлға дамуының бір факторы. Тілдік рефлексия тілдік өзіндік санаға не метамәтіндік санаға сүйене отырып дискурста тілдің игерілуіне ықпал етеді.

3. Көркем дискурс пен мәтіннің рефлексивті лингвистикада көрінуін былайша сипаттасақ болады: автор мәтінді жазады және ол оқырманның танымына, түсінігіне бағыттала отырып, тілдік санасында реакцияға түседі (оқырманның аялық білімімен сәйкеседі); Тілдік санаға әсер еткен автор тарапынан берілген стимул сөздер (таңбалар) рефлексия барысында адресаттың метатілдік рефлексия жасауына мүмкіндік береді; осының нәтижесінде пайда болатын өнім – рефлексив немесе метамәтін.

4. А. Құнанбайұлының «Қара сөздері» мен О. Уайлд «Дориан Грейдің портреті» көркем мәтінінде рефлексияның тұлғалық, коммуникативті, интеллектуалды, әлеуметтік, экзистенциалды және саногенді түрлері бірдей, ал кәсіби рефлексия тек О. Уайлдтің көркем мәтінінде, кооперативтік рефлексия Абайдың екінші қара сөзінде кездеседі. Рефлексияның бір түрін таңбалайтын рефлексивтер қазақ және ағылшын көркем мәтіндерінде ерекшеленеді. Мысалы, саногенді рефлексияның Абай мәтініндегі көрінісін *ашулану*, *кулу*, *ызлану*, *қуану* етістіктері және *әлдекім* белгісіздік есімдігі тасымалдаса, О. Уайлдте *one else* (*birey*), *to influence* (*әсер ету*), *self-development* (*өзін-өзі дамыту*), *afraid of* (*қорқу*) рефлексивтері таңбалайды.

5. Қазақ және ағылшын көркем мәтіндерінде рефлексивтердің негізгі айырмашылықтары: а) ұлттық мәдени мазмұнға ие тілдік таңбалардан көрінеді (қазақша: «тажал», «ошақтағы қазан», «қара лашық», «сыбаға», «тегін білу» т.с.с. ағылшынша: «*ivory*» (*nіl сүйегіндей*), «*made of rose leaves*» (*раушан гүлінің жапырағынан жаралған*), «*olive coloured face*» (*зайтұн түсті жузі*) т.с.с.

ә) *Ағылшынша мәтіндердегі рефлексивтердің ерекшелігі*: 1) қыстырма сөз тіркестері мәтінде болымды тұлғада қолданылғанымен, мәнмәтінде теріс бағалауды білдіреді; 2) себеп-салдар, шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлемдер мен болымсыз тұлғалы етістіктің жұмсалу жиілігі жоғары. 3) субъект зат пен сапа предикат құрылымында келген сөйлемдер: *қызықты зат – суретшінің тұлғасы*; 4) жұп қолданылған антонимдес сөздерге бір сын есімнің ортақ қолданылуы: *exquisite joys* (*жсан тебірентерлік қуаныш*) and *exquisite sorrows* (*жсанға батарлық қайғы*). 5) Қалыптан тыс графика, арнайы метаоператор (смайлик) және түсіндірмелі құрылымдар. б) *Қазақша мәтіндердегі рефлексивтердің ерекшелігі*: 1) белгілі бір сөздердің қайталануы (*жасқа келгеніше/ жасқа келдік; енді, т.с.с.*), 2) сұраулы сөйлемдердің, болымсыз сөйлемдердің, антоним сөздердің жиі жұмсалуы 3) синтаксистік құрылым: *мезгіл бағыныңқылы сабактас құрмалас* (Кеш қарайып батқанша, көшеде балалармен ойнайтын едік); 4) арнайы метаоператорлардың қолданылмауы.

6. Респонденттерден алынған саулнама нәтижелері рефлексия жасау кезінде тілдік тұлғаның ана тілінде қалыптасқан тілдік тәжірибесі өзге тілдегі мәтіндерді рефлексиялауға негіз болатынын көрсетті. Тілдік тұлға санасында қабылданған мазмұнды рефлексиялауда әртүрлі тілдік кодтардың жарыса тандауға түсетінін (ағылшын тіліндегі сұраққа қазақша не орысша жауап беру, мазмұны басқа мәтінді алдыңғы мәтінмен сабактастырып жауап беру), яғни тілдік сананың рефлексиялауында қарсылық та орын алғатынын көрсетеді.

**Зерттеу аprobациясы.** Диссертацияда алынған нәтижелер отандық жоғары оқу орындарында және шетелдік ғылыми конгрессте тындалды: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің филология факультетіндегі қазақ филологиясы кафедрасы жанындағы докторанттар үшін ұйымдастырылатын «Ғылыми-танымдық жұма» ғылыми семинарына қатысып «Тілдік рефлексия – лингвистикалық нысан» тақырыбында баяндама жасалды (2022 жыл). Халықаралық 4-ші Анталия ғылыми және инновациялық зерттеулер конгресінде «Expression of linguistic reflection in fiction» тақырыбында баяндама жасалды (9-10 мамыр 2023 жыл). Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде ұйымдастырылған «Жас ғалымдар NETWORK-2022» форумына «Тілдік рефлексия және оның зерттелуі» тақырыбында спикер ретінде қатысты (22 сәуір 2022 жыл). «Lifelong learning paradigm in the system of Kazakhstani education for sustainable development: practice and perspectives» тақырыбында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 90 жылдығына арналған V халықаралық ғылыми және оқу-әдістемелік конференцияда «Көркем мәтіндегі тілдік рефлексия және танымдық үдерістер» тақырыбында баяндама жасалды (15 наурыз 2024 жыл). А.Құнанбайұлы шығармаларының интерпретациялауын анықтауға арналған сауалнама Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті студенттері арасында және қазақ, ағылшын тіліндегі көркем мәтіндер негізіндегі рефлексивтерді салғастыру мақсатындағы сауалнама электронды формада (Google forms) әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті студенттері арасында жүргізілді.

### **Зерттеудің жарияланымы мен мақұлдануы:**

Диссертацияның негізгі нәтижелері жарияланған басылымдар саны – 8.

Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған еңбектер:

1. Language Reflection: Metatextual Analysis // Journal of Psycholinguistic Research 20.03.2024. Процентиль 88%, Q 1.

ҚР ГжЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. Тілдік рефлексия, рефлексив терминдерінің анықталуы // «Қазақстанның ғылыми мен өмірі» халықаралық ғылыми журнал №4/2 2020. 369-372 б.б.

2. Тілдік рефлексия: сана мен тіл қызметінің қатынасы. // Тілтаным. Мерзімді ғылыми журнал. №4 (2023). 110-119 б.б.

3. Тілдік рефлексияның дискурспен, мәтінмен арақатынасы // Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. №1 (146) /2024. 119-129 б.б.

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. Тілдік рефлексияның лингвистикалық бейнесі // Филология

ғылымдарының докторы, профессор А. М. Алдаштың 70 жас мерейтойына арналған «Ауызша және жазба коммуникациядағы дәстүр мен белсенді үдерістер» халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Алматы, 2021. 110- 114 б.б.

2. Рефлексияның тарихи-философиялық сипаты // Студенттер, магистранттар, PhD докторанттар, оқытушылардың «Жастар, ғылым және инновация» XVIII Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. Ақтөбе, 12 сәуір, 2022 ж. 614-617 б.б.

3. Expression of Linguistic Reflection in Fiction // 4. International Antalya Scientific Research and Innovative Studies Congress. Antalya, 2023. 1155-1162 pp. ISBN - 978-625-367-097-9 (Ауызша баяндама жасалды. Сертификат.)

4. Көркем мәтіндегі тілдік рефлексия және танымдық үдерістер // «Lifelong learning paradigm in the system of Kazakhstani education for sustainable development: practice and perspectives» тақырыбында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 90 жылдығына арналған V халықаралық ғылыми және оқу-әдістемелік конференция. Алматы, 2024 ж. 240-242 б.б.

**Зерттеудің құрылымы мен көлемі.** Ғылыми жұмыстың құрылымын кіріспе, үш бөлім, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімі, анықтамалар, қосымшалар құрады. Зерттеу жұмысының көлемі – 143 бет.

# 1 РЕФЛЕКСИЯ ЖӘНЕ ОНЫ ЗЕРТТЕУ АСПЕКТИЛЕРІ

## 1.1 Рефлексияның анықталуы мен зерттелуі

Рефлексия – жеке тұлғаның өзінің ойы мен идеяларына, пікірі мен түсініктеріне өзіндік талдау жасауы, менталды үдеріс. Бұл мәселе философияда «тіл мен ойлау» арақатынасына қатысты, психологияда, педагогикада, оның ішінде лингводидактикада, машинамен аударма жасау негіздеріне байланысты ілімдерде танымның бір тетігі ретінде қарастырылған. Рефлексияның әлеуметтік, мәдени, тілдік және білім берудегі қырлары да арнайы қарастырылып, зерттеліп келеді. Оның себебі рефлексия жеке тұлғаның өмірінің барлық қырына қатысты болады. Сондықтан да рефлексия түрлі аспектіде талданады.

Рефлексияның тарихи-философиялық сипатына берілген анықтамалар психологиялық, философиялық-әдіснамалық зерттеулерде ұсынылған. Ежелгі философиядағы түсінік бойынша «Рефлексия» - талқылау құралы. Философиялық-әдіснамалық еңбектердегі аталған терминге берілген түсініктеге нақтырақ тоқталсақ, грек ойшылы Сократтың рефлексия түсінігін адамның өзін-өзі тануымен байланыстырып, адам өзінің ішкі әлеміне үңілу арқылы рефлексия жасап, өзін-өзі танитынын нақты көрсеткенін ұғамыз. Аристотель мен Платон зерттеулерінде рефлексия ойлаумен сай түседі және Құдай жіберген «ақыл-ой» деп түсіндіріледі. Мұнан аңғаратынымыз, рефлексия – ойлаудың жоғары деңгейдегі формасы. П.Тейяр де Шарден рефлексияның феномендік сипатын өзіндік сана мен сананың ішкі белсенділігін туғызатындығымен байланыстырады, оның ойынша, рефлексия адам санасының өзіне бағытталған зейіндік қабілеті, ол қабілет адамның танымына, жай ғана тану емес, өзін-өзі тануына және білуіне, оның ішінде жай ғана білу емес, нені білгенін зерделеуіне қызмет етеді [5, с. 86]. Бұл ой Сократ философиясында өзінің ештеңе білмейтіндігін білетіндігі туралы ойымен және өзін-өзі тану ережесімен сәйкес түседі. Философтардың бұл ойынан рефлексияның сананың өз-өзіне бағытталған, өзін тану әдісінің көрінісі екендігін аңғарамыз. Адам санасының өзіне бағытталуы оның жинақтаған білімі мен тәжірибесіне негізделеді, сонымен бірге адам сол білім мен тәжірибелі қандай деңгейде игергені, пайдаланғаны, нақты айтқанда, өз білімнің арасынан қайсысын терең білетінін түйсіне алу қабілеті көрінеді. Рефлексияға қатысты философиялық ойлардың дамуын «Рефлексияның тарихи-философиялық сипаты» [6, б. 615-616] мақаламызыда ұсындық (1-кестеде):

Кесте 1 – Рефлексияға қатысты философиялық ойлардың дамуы

Философиядағы дәуірлер	Философтар	Олардың ойлары
Ежелгі дәуірі	Сократ	Міндеті – өзін тану
	Платон, Аристотель	Рефлексия және ойлау – Құдайдан келген ой
Қайта өрлеу дәуірі	Р. Декарт	МЕН = ойлау/ойлаушы
	Дж. Локк	Эмпираикалық рефлексия Ойдың басты түрі, тәжірибе; Рефлексия – сананың талдауы нәтижесінде түзілген білім көзі
	Г. Лейбниц	Қисындық және рационалистік рефлексия Бұл - интеллектуалды процесс, ол ғылымға сүйенген біліммен байланысты интеллектуалды ақиқат деп қабылданады, ақиқатқа тең түсү үшін ғылыми білім тәжірибемен сабактасуы шарт, бұл эмпираикалық рефлексияның сипаттамасына тән.
Жаңа дәуір	И. Кант	Трансцендентальдық философия Рефлексия - заттың өзіне тікелей қатысты болмайды, сол затқа қатысты түсініктің, ұғымның қалыптасуына түрткі болатын субъективті шарттардың "оянуын" туғызатын "жанның күйі" немесе психикалық акт, сананың өз-өзіне бағытталуы, танымның формасы мен құралы.
	И.Г. Фихте	Өзін-өзі тану ілімі Рефлексия - «білімді білуші» не білімге қатысты білім, ол сананың өз ішіне, қызметіне бағытталады, бұл кезде ойлаудың басты нысаны – «Мен» ұғымы.
	В.Ф. Гегель	Рефлексивті ойлау ерекшелікке ие. Оған бейтаныс пен танысты түзу, ойфа таныс білімге негіздеп бейтанысты ашуудың негізгі кілті болу; адам рухының өзін тануының, өзін дамытуының қозгаушы күші; Рефлексия – адамның іс-әрекеттерінің механизмі мен құрылымдарын анықтауға әсер ететін факторлар.
	Э. Гуссерль	Рефлексияны психологиялық, трансцендентальды - феноменологиялық түрлерге жіктелген; Сананы адамның өткен өміріндегі қыншылығын талдауға бағыттап, оны талдап, одан ой түйіп, қайталамау жолын іздеуді көрсетеді.

Философияның классикалық ілімінде логикалық, трансцендентальдық, эмпирикалық, абсолюттік рефлексия көрсетіледі. Рефлексия ұғымы әуелгі философияда пайда болып, қайта өрлеу дәүірінде (Р. Декарттан бастап) әдіснамалық қағиданың бастапқы түрі деп танылды. Бұл түсінік рефлексия құрылымына қатысты ойды өзгерти:

1. Сана – рефлексияны анықтаудың алғышарты (философиялық категория ретінде);

2. «Мен» ұғымы – ойлау әрекетінің негізгі нысаны, өзіндік санасының деңгейін анықтайтын адамның өзіне, жан-дуниесіне өзіндік қатынасын таныту көрсеткіші» [6, б. 617].

*Философияда* С.Л. Катречко сана феноменін зерттеуде рефлексияны негізгі механизм ретінде екі бағытта (классикалық және редукционистік) қарастырды [7, б. 65]. Бұл зерттеу бойынша сана өзіне жүгінуді талап ететін менталдылықпен теңестіріледі. Осылайша, рефлексия философиялық талқылау құралы әрі ойлау қағидасы ретінде өзіндік ойды қорытуға бағытталады.

*Рефлекс* термині латынша «reflexus – шағылышқан» мағынасын беріп, ағзаның сырттай немесе іштей тітіркендіргіштерге қайтаратын жауабы, реакциясы ретінде түсініледі [8, б. 386]. Бұл адам санасының өзін ұғуға, ішкі әлемін, психикасын түсінуге ұмтылуы. Рефлекс – субъектінің өзінің жан-дуниесіндегі психикалық өзгерістерді, ішкі күйін өзінше саралауы.

*Рефлексия* (лат. reflexio - кейінге оралу) – ойлау, ішкі шоғырлану, өз уайымдарын талдауға бейімділік [9, б. 596]. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» мынадай анықтама берілген: «Рефлекс – тірі организмнің сырттан еткен әсерге жасайтын еріксіз қимылы. Рефлексия – өз психикасы (куйзеліс пен қуаныш) туралы ойлану» [10, б. 463]. Берілген анықтамалардан аталған терминдердің жаратылыштану және гуманитарлық ғылымдарға ортақ екенін аңғаруға болады. Яғни, рефлекс биологиялық ұғым ретінде ағзаның реакциясы болып келсе, рефлексия субъектіге қатысты, оның жай-күйіне байланысты термин деп білеміз. Бұл ретте рефлексия түсінігі философияда ғана емес, педагогика, психология саласында да талқыланып жүр.

Отандық зерттеуші А. Әлімов рефлексияны педагогикалық әрекетке қатысты анықтаған. Ол бүгінгі педагогика білімді әрі өзінше ой-толғаныс жасай алатын, сынни қабілетке ие (рефлексия жасай білетін) тұлғаны қалыптастыруға жұмыстану қажеттігін атап көрсетеді. Адам рефлексиялық білімге ие болса, оның өзіне қоятын талаптары жоғары болады, ойлау қабілеті артады, ол «тазаланады», өз әрекеттерін түзейді, өзін-өзі дамыта алады» [11, б. 25].

*Психологияда* рефлексияны сананың пайда болуымен байланыстырған ғалым С.Л. Рубинштейн: «Адамның өмірі мен әрекетінен орын алатын сансыз ойлар өз әлемі мен өзіне деген рефлексияны тудырады, мұндағы психикалық әрекет сана қызметін атқарады. Адам өміріндегі қобалжу, уайымдау, өзі мен өзгелерге рефлексия жасау қабілеті санага тікелей байланысты» [12, б. 260] - деп біледі.

*Тіл білімі саласында* рефлексияны зерттеу нысаны етіп алған отандық ғалым Л.М. Шайкенова рефлексияны зерттеудің ерекшелігін адамның өзін-өзі

тануымен, өз ойын, идеяларын, сезімдерін, арман-тілектерін ой елегінен өткізуімен, бағалау қабілеттерін зерттеумен байланыстырады. Ол ойлау мен тіл, интеллект пен тіл, қоғам мен тіл мәселелерін әлі де зерттеудің қажеттігін көрсетеді [13, б. 4].

Рефлексия деп қандай да бір ақпараттың санада қабылданып, оған өзіндік пікір қоса отырып тілде көрініс беруін, яғни сөз арқылы материалдануын айта аламыз. F. Clarac, B. Kang, С.Ю. Степанов, Н.А. Калашникова, С.Л. Катречко, И.Т. Вепрева сынды шетелдік ғалымдардың да бұл мәселе жайында еңбектері бар.

Рефлексия мәселесін әлеуметтік-психологиялық аспектіде қарастырган У. Джемс «Әлеуметтік МЕН» түсінігіне сүйене отырып, тұлғааралық қатынастар жүйесі болатынын, жеке тұлға сол жүйеге енетінін және әр жеке тұлғаның «Әлеуметтік МЕНі» сол жүйедегі өзге тұлғаларға қатысты туған саналы жауабы (реакциясы) екенін түсіндіреді [14].

Л.М. Шайкенова рефлексияны жүзеге асырудың негізгі каналы ретінде тілді алып, өз ойын сараптаудағы менталды үдеріс ретінде қарастырып, философия, психология және тіл білімінде анықталуын кесте түрінде көрсетеді [15, б. 58]. Біз бұл кестеге рефлексияның педагогика саласындағы қолданысын айқындалп қостиқ (2-кесте).

## Кесте 2 – Рефлексияның философия, педагогика, психология және тіл білімінде анықталуы

Философия	Психология	Педагогика	Лингвистика
Сананың өзіне жүгінуін талап ететін өзіндік ойды қорытындылауға бағытталған философиялық ойлау қағидасы	Адамның өзінің жан-күйіне (психикасына) талдау жасау қабілеті	Субъектілердің өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бағалауының дәрежесін және оларға не себеп болғанын анықтау процесі	Жеке тұлғаның тіл арқылы көрінетін өзіндік ой-пікіріне, көзқарастарына талдау жасаудан тұратын менталды үдеріс

Заманауи лингвистикада тілді танымдық түрғыдан қарастыру тіл біліміндегі когнитивті бағыттың сипатын көрсетеді. Тіл білімінің бұл бағытында адам және тіл мәселесі біртұтас жүйе ретінде антропоөзекті парадигма негізінде зерттеуге алынады. Бұл саладағы зерттеулерде қабылдау, ойлау, талдау, түсінік қалыптастыру, есте сақтау сынды когнитивті құрылымдарға мән беріледі. Аталған құрылымдармен қатар, тілдік кодқа салынған ақпараттарды игеру немесе ақпараттарды кодқа салу әрекеттері де назарға алынады.

Когнитивті лингвистикада қоршаған органды, адамзат қасиеттерін, жалпы жаратылысты тіл арқылы тану негіздері қарастырылып, адам когнициясына басты назар аударылады. Аталған салада тілдің қызметі танымдық жүйеде қарастырылса, адам танымындағы түсініктердің қалыптасуы үш деңгейдегі

психикалық қалыптың арақатынасы негізінде жүзеге асады: сезініп қабылдау, түсініктердің қалыптасуы, сөйлеу-ойлау үдерісі. Ақпаратты қабылдау, оны қорытып, қандай да бір түсінік қалыптастыра отырып, өзіндік пікірмен сәйкестендіру немесе салыстыру, сол арқылы жаңа түсініктің пайда болуы және оның сөйлеуде тілдік бірліктермен берілуі адам танымындағы рефлексия үдерісінің көрінісіне жатады. Бұл ретте тілді менгеру, пайдаланудың механизмдерін, тілдік сананың, тілдік тұлғаның әлем бейнесін түсінудегі деңгейлерінің үрдіс қатынасын қарастыру психолингвистика саласымен жүзеге асырылады.

Рефлексия – адамның өз әрекеттері мен ойларына қайта оралу қабілеттілігі, өзін бақылаушының орнына қоя алуы, өзінді танып-білуіңе талдау жасай білуі, адамның өзіне басқа субъектінің көзімен қарауы арқылы бір мезетте Мен-танушы, Мен-танылушы және осы екеуін бақылайтын Мен-бақылаушы рөлінде бола алуы. Демек, рефлексия өзіндік танымға жетудің формасы ретінде көрінеді.

Рефлексия – ақыл-естің, сананың, танымның, ойлау мен түсінудің, ұғынудың негізі, бұл кезде ол біріншілік ұғымға жатса, вербалданғанда екіншілік ұғымға айналады да, тіл ғылымында, оның жаңа бағыттарында когнитивті, әлеуметтік лингвистика, психолингвистика салаларында зерттеу нысанына айналына себеп болды.

## 1.2 Сана – рефлексия – тіл (көркем мәтін)

Рефлексия, тілдік рефлексия, рефлексив терминдерін анықтауда негіз болған тірек ұғым бар. Ол – сана. Адамның сөйлеу, өз ойын жеткізе алу қабілеті сананың тілмен, адамның тілмен қатынасын бейнелейді. Адам мен тіл қатынасы жөнінде Э. Бенвенист былай жазады: «Адамды тілсіз елестету мүмкін емес...Әлемде тек тілі бар адам, өзгелермен тілдесетін адам, сонымен қатар адамды анықтауға тиесілі тіл ғана бар» [16, б.293].

Лингвистикадағы антропоөзекті бағыттың адамды саналы, ойлай алатын, рухани-практикалық әрекет иесі ретінде біртұтастықта қарастыруы осы пікірмен үндеседі. Бұл қатарда адамның өзіне-өзі сынни тұрғыдан қарап, өз әрекетіне түзету енгізе алу қабілеті де ескеріледі. Сөйлеуші адамның осы қасиетін зерттеу нысанына алу тіл білімінің зерттеу парадигмасының ауысуына ықпал етті. Бұл тілді зерттеушілер көңілін сөйлеу бірліктері көмегімен орындалатын адамдардың күрделі тілдік қатынастарын зерделеуге аударды. Осының нәтижесі – бүгінгі тіл ғылымының жаңа бағыттарының бірі ретінде рефлексивті лингвистиканың пайда болуы.

Сана ұғымы философиялық, психологиялық, лингвистикалық зерттеулерде көрініс береді. Философияның зерттеу нысанына айналған бұл ұғымды анықтау үшін И.В. Дмитриевская, ең алдымен, оны құрайтын негізгі компоненттерді және сол компоненттердің орын алу тәртібін қарастыру қажеттігін айтады. Сана «білімнен» құралады, ал білім адам «әрекетінен» тұрады. «Әрекетке» ойлау жүйесін теңейтін болсақ, бұл айтылғандар

«қоғамдық табиғатқа» ие екендігін ескеріп, сана ұғымын «бейне» деп те қарастыруға болатынын мензейді [17, б. 5-18]. С.Л. Катречко сана болмысын зерттеудің классикалық және редукционистік бағытын көрсетеді. Классикалық зерттеуде сананы өзін құраушы менталдылықпен теңестірсе, сананы анықтауда басымдық береді деп түсінілген рефлексия зерттеудің негізгі механизмі ретінде алынады. Бірақ зерттеуге сананы құрайтын бөліктер негіз болады. Екінші бағыт бойынша сана материалдық ұғым ретінде қарастырылып, кейіннен екі бағыттың да негізгі талаптарды анықтамайтындығы байқалады. Осылайша, С.Л. Катречко сананың тікелей өзін зерттеуге арналған келесі парадигманы ұсынады. Аталған парадигма бойынша «сана» феномені екі түрлі занылыққа бағынады:

1. Жеке тұлға санасының дамуы адамзаттың «тариҳи» дамуынан хабар береді;

2. Рефлексияланатын сана сана-сезімнің даму генезисін сараптама барысында көрсетуі мүмкін. Зерттеудің негізгі талабы айқындылықты қажет етеді, яғни, сананы сараптау нәтижелері нақты көрінуі тиіс [6, с. 65]. С.Л. Катречко бойынша философия тарихында сана феноменін зерттеудің негізгі екі бағыты кездеседі. Бірі классикалық, екіншісі редукционистік бағыт. Классикалық зерттеу бойынша сананы өзін құраушы менталдылықпен тең дәрежеде қарайды. Зерттеудің негізгі механизмі ретінде рефлексия алынады, себебі рефлексия сананы анықтауда айқындық береді деп түсініледі. Дегенмен зерттеуге сананы құраушылар ғана негізге алынады. Екінші бағыт сананы материалдық ұғым ретінде қарастырғандықтан, көп ұзамай бұл екі бағыттың да негізгі талаптарды анықтамайтындығы байқалады [6, с. 64]. Әрине, ғалым атаған бұл занылықтар жалпы алғанда дұрыс, дегенмен «жеке тұлға санасының дамуы адамзаттың «тариҳи» дамуынан хабар беру үшін ол толыққанды, ешбір физиологиялық ауытқуы жоқ, «сau сана» исесі болғанда ғана орындалады деп ойлаймыз. Ал, сананы сараптау нәтижелері нақты көрінуі тиіс деген тұжырымында аталған «нақтылық» тек тілдік таңбалар мазмұнында ойдағы білімнің айқын бекітілуімен сабактасады деп түсінеміз.

Сана мен тіл – адам болмысының ең маңызды екі құрамдас бөлігі, бірі екіншісінің дамуы мен болмысын анықтайтындықтан, бір-бірін тану арқылы ғана ашылады. Ал тілдің барлық теориялары әртүрлі жолдармен сананың дамуына әсер етеді, оның қалыптасуы тілде және тілдің көмегімен жүзеге асады, соның нәтижесінде адам санасының қалыптасуын қадағалауға болады, әсіресе, оның құрылымының маңызды құрамдас бөлігі – өзіндік сана. Бұл компонент жеке адамның өз ойлары мен пікірлерін зерттейтін психикалық үдеріске әкеледі және ол «рефлексия» термині ретінде анықталады.

Рефлексияны таңбалайтын тілдік құралдарды атауда ғалымдар түрлі терминдерді пайдаланған: У. Лабов «тіл туралы түйсіктік пайымдау» (интуитивные суждения о языке), Г.В. Ейгер «метатілдік білім» (метаязыковые знания), С.Е. Никитина «тілдік өзіндік сана» (языковое самосознание), Б.С. Шварцкопф «сөз бағасы» (оценки речи), «метатілдік сана» (метаязыковое

сознание) – тілді дұрыс түсіну мен оның зерделенуін жүзеге асыратын тілдік сана компоненті [12, с. 260].

Рефлексия үдерісі көп өлшемділікпен және синкретизммен сипатталады: сөйлеуші қазіргі коммуникативті жағдайды ретроспективті түсінуді жүзеге асырады және сонымен бірге қарым-қатынастың одан әрі даму үдерісін болжайды және реттейді. Рефлексия қарым-қатынастың өзектілігіне, қарым-қатынас шарттарына және оған қатысуышылардың ниеттеріне байланысты жағдайдың бір құрамдас бөлігінен екіншісіне үнемі ауысып отырады. Көбінесе бейсаналық деңгейінде жүретін рефлексия үдерісі жүзеге асырылуы және оның субъектісімен ұтымды бақылауға алынуы мүмкін.

Зерттеуші Н.Н. Haladjian-ның пікірінше, тіл біздің психикалық өмірімізге қатысты өз-өзімізге беретін есептердің барлық түрлері үшін қажет, сондықтан ол саналы күйлерді хабарлау қабілеті үшін өте маңызды. Тілдік және когнитивтік сананың өзара тығыз байланысы мен синхронизмін мойындай отырып, кейбір ғалымдар соған қарамастан олардың аражігін ажырату қажеттігін айттып, тіл және онымен байланысты барлық нәрсе сананың бір бөлігі ғана, онымен бірдей емес дейді. Осы көзқарасты бөлісетін зерттеушілер ойдаң адам санасында және превербалды түрде болуы мүмкін дегенді айтады. Олар ойлау процесі барлық адамдарда бірдей формада – әмбебап «ойлау тілінде» (әмбебап пәндік кодта - содан кейін вербалданған немесе вербалданбаған сипатына қарай адамның әрі қарайғы іс-әрекеті) жүреді деп болжайды [18]. Осы көзқарасқа сәйкес, тілдік сана когнитивтік сана деңгейлерінің бірі болып саналады.

**Тілдік сана** (сөйлеудегі ойлау) – сөйлеуді қалыптастыруды, қабылдауды, санада сақтауды қамтамасыз ететін психикалық механизмдердің жиынтығы. **Метатілдік сана** – тілдік сананың үстірт деңгейі, адамның өзі сөйлейтін және түсінетін тіл туралы білімінің өрісі [19]. Дәстүрлі түрде оның екі түрі бар: теориялық және қарапайым. **Теориялық метатілдік сана** кәсіби лингвистерге тән және тіл білімі саласына қатысты ғылыми теориялар мен концепциялармен бейнеленеді. Метатілдік сананың теориялық жүйеленбеген «қарапайым» деңгейін құрайтын білім қарапайым ана тілінде сөйлейтіндердің метатілдік білімі болып табылады.

*Философияда* сананы қарапайым және ғылыми сана деп екіге бөліп қарастырады. Бұл тұста О.И. Блинова қарапайым сананы «қунделікті өмірдегі құбылыстардың түрлі жақтарын бейнелейтін көзқарас пен пікір, көріністен күралатын қоғамдық сананың, тәменгі, теориялық түрғыда жүйеленбеген деңгейі [20, с. 122-126] деп алға тартса, Л.Х. Сарамотина «қарапайым білімде мифтің қасиеттері кездесетінін айтады [21, б. 20]. Адамдар өзі өмір сүріп отырған орта мен қоғамдық құбылыстар жөніндегі ақпаратты ғылым негізінде алатын болғандықтан, ғылыми сана мен ғылыми таным қоғамдық өмірдің кез келген саласына түрлі деңгейде еніп отырады.

Психологияда «сана» ұғымы – адамға тән, объективті әрекетке қатысты амал. Оның сипаттамасы адамдардың бәріне ортақ қоғамдық және тарихи әрекет түрлерімен беріледі. Сана дүниенің объективті зандалықтары,

мүмкіндіктері мен қасиеттері туралы білім және өмірге қатысты көзқарас [22, с. 111-118].

А.Н. Леонтьевше [23, с. 232], сана – тілдік мағына әрі ақиқаттың көрінісі, ол қоғамдық сипатта қалыптасады, ұғымдармен түсініледі.

С.Л. Рубинштейн бойынша сананың пайда болуы рефлексиямен байланысты: «Адамның өмірі мен әрекетінен орын алатын сансыз ойлар өз әлемі мен өзіне деген рефлексияны тудырады, мұндағы психикалық әрекет сана қызметін атқарады. Сананың пайда болуы адам өмірінде болатын аландau, қобалжулар, өзіне және қоршаған ортаға бағытталған рефлексиялардың туындауымен тікелей байланысты. Сана – өзінен тыс орын алатын қандай да бір білім. Ол субъектінің объективті шынайылыққа деген қатынасын білдіреді [12, б.260]. С.Л. Рубинштейн сана танымнан, ал таным, ең алдымен, тілмен, тілдің пайда болуымен байланысты деп көрсетеді.

*Тіл білімінде* сана ұғымы сана және тіл, ойлау мен тіл, таным және тіл, тіл мен сейлеу қатынастарында қарастырылып келеді. Тілші ғалым Э. Хасенов сананы ойлаумен байланыстыра отырып, мынадай анықтама береді: «Сана – адам ойы, сезінүі мен ерік-жігерінің түрлерімен шындықты беру қабілеті, сол шындықты бейнелеу үдерісі» [24, б.20].

Тіл және сана, ойлау мен сана, мәдениет пен тілдің сабактастыры мәселелері А.А. Потебня, А.Н. Леонтьев, Л.В. Выготский, Э. Сепир, А.А. Залевская, А.А. Леонтьев, Н.В. Уфимцева, Л.В. Щерба, Е.Ф. Тарасов т.б. ғалымдардың зерттеулерінде ғылыми және әдіснамалық тұрғыдан түрліше ұғындырылып жүр.

Сана мазмұнын білдіретін негізгі құрал - тіл. Тіл білімінің бір бағыты психолингвистикада тіл әлемді бейнелейтіндіктен, адамдардың әлем жайлы ұғым-түсінігін қалыптастыратындықтан «тірі» құрал сапасында алынады. Ғылыми зерттеулердегі осы мәселеге қатысты тұжырымдар «тілдік сана» ұғымының құрделілігін көрсетеді. Бұл бағыттағы зерттеулердің біршама жүргізілгеніне қарамастан, тілдік сана теориясы әлі де зерттеуді қажет ететіндігі аңғарылады. Тілдік сананы зерттеу нысанына алған еңбектердің ортақ тұжырымдары көрсеткендей, тілдік сана тіл көмегімен танылады. А.А. Леонтьев *тілдік сана* мен әлем бейнесі ұғымдарына тоқталып, әлем бейнесінің жеке тұлға психикасындағы заттық мағыналармен сәйкес танымдық сыйбаларда және саналы түрде рефлексияға бағынатын заттық әлемнің бейнесі деп түсіндіреді [23, с. 287]. Е.Ф. Тараваша, тілдік сана – сөздер, еркін және тұрақты сөз тіркестері, сөйлем, мәтін және ассоциативтік өрістер негізінде көрінетін санадағы бейнелер жиынтығы. Ол адамдардың сөйлесу кезінде сөз тандауына ықпал ететін ілім, сезім мүшелері арқылы қабылданған (перцептивтік) ақпараттарды қайта өндеуде санада түзіліп тіл бірліктерінде (лексема, сөз тіркестері, фразеологизмдер, мәтіндер, ассоциативтік өрістер, ассоциативтік тезаурустар) таңбаланатын сана бейнелері [25, с. 24]. Е.Ф. Тараваштың бұл пікірін қолдай отырып, тілдік сана мазмұны тіл иелері реакцияларынан құралатын ассоциативтік өрістер екенін, оны анықтаудың бір жолы еркін ассоциативтік тәжірибе болып табылатындығын атайдыз.

Реакция дегеніміз: «(лат. *Re*... - қарсы, *action* – әрекет) (психологияда) – жеке жасушалардың биохимиялық әсерінен шартты рефлекске дейінгі ішкі және сыртқы ортадағы ағзаның кез келген жауабы. Бұл түсінікті психологияға енгізген бихевиоризм негізін қалаушы – Дж. Уотсон [8, б.384]. Осы тұста психологияда кездесетін «реакция» мен «рефлекс» ұғымдарын ажыратып алған жөн.

Рефлексия (латынның «кейінге оралу» деген мағынадағы *reflexio* сөзінен шыққан) – жеке тұлғаның өзін-өзі, өз санасын, белсенділігін сезінуі, оларға көніл бөлуі, ой таразысына салуы. Аңғарғанымыздай, «рефлекс – кез келген бір ағза реакциясы (жалпы ұғым), ал рефлексия – тек адамға байланысты қолданылатын термин, оның ұғымы салыстырмалы түрде алғанда тар [8, б.114].

«Рефлексия ақыл-еске сүйенсе, ал оның адамда болуы рефлексивті қабілеттің бар екенін көрсетеді», «әр рефлексивті акт – ұғыну және түсіну актісі» [26, б.13].

А.С. Moulyn: «Менталды құбылыстар мен рефлекстік механизмдер ұқсас, өйткені рефлекстер физикалық тұрғыдан бұрын болған оқиғамен анықталады, ал есте сақтау бейнелері шартты рефлекстердің барысын психологиялық тұрғыда бейнелейді», – дей келе, рефлексия механизмін менталды құбылыстармен ұқсас екенін көрсетеді [27, б. 246].

М.Р. Шумарина зерттеуіне сәйкес, рефлексияның сипаты мен қызметі «үнсіз» жүзеге асатын менталды жүйе дей келе, оның вербалды формада немесе интерпретациялы айтылым түрінде де орындалу мүмкіндігіне ие екендігін айтады [28, с. 42].

Психолог В.П. Зинченконың айтуы бойынша, адаммен қатынастағы бүкіл құбылыс немесе зат рефлексияланады: «Рефлексияға әлем бейнесі, ол туралы ойлау, адамның өзінің жүргіс-тұрысын, іс-қимылдын реттеудің негізі мен тәсілдері, рефлексия үдерістері және өзіндік жеке сана нысан бола алады» [29, с. 18].

Рефлексия XIX-XX ғғ. батыс философиясында орталықтанған ұғымға айналады, себебі «философия үнемі білім жайында рефлексия, ой туралы ой ретінде түсіндіріліп келген». «Басқаша айтқанда, рефлексия сананы тану әдісінің атауы болып табылады» [30, б. 21].

Зерттеуші Л.В. Таракановың «Виды и формы, основные функции рефлексии» зерттеуінде рефлексияның бірнеше түрлері ажыратылады:

- тұлғалық (өзіндік «Менін» тану мен талдау арқылы өзіндік санаға жету);
- коммуникативті (өзге жандармен тіл табысуын талдау);
- кооперативтік (бір мақсатқа жеткізетін бірлескен іс-әрекетті ой елегінен өткізу);
- интеллектуалды (тұлға білімін, іскерлігін, дағдысын дұрыс не бұрыс қолдануын саралау);
- әлеуметтік рефлексия (өзін өзгелердің берген бағасы бойынша сезінуі).
- қәсіби (қәсіби өсуін талдауы);
- оқу рефлексиясы (оқығанын терең игеруге апаратын әрекетіне талдау);
- ғылыми (ғылыми білімі мен дағдыларын таразылау);

- экзистенциалды (өмір мәнін түсінуге тырысуы, талдауы);
- саногенді (жеке тұлғаның эмоциясына қатысты талдауы)» [31].

Рефлексия (лат. reflexio - кейінге қарау, назар аудару) – адамдарды өзге тіршілік иелерінен ажырататын негізгі белгі, рефлексиялау қабілетіне сүйеніп адам өзі білім игеріп қана қоймайды, ол сол "білімді білуді" түсіндіре алады [32, р. 225]. Демек, адам жаңа мәтінді, ақпаратты қабылдау, түсіну барысында өз санасына жүгіне отырып, білмегенін үйренсе, білгенімен тілдік таңбалардың көмегімен бөлісуі тілдік рефлексия үғымымен сәйкеседі.

И.В. Сосновская рефлексияның филологиялық рефлексия деген түрін ұсынып оны былайша анықтайды: «Филологиялық рефлексия – әдіснамалық ұстаным, мәтінмен өз бетінше жұмыс істеуде қолданылады, өзіндік жаңалық ашуға жетелейді. Бұл рефлексия оқырманның мәтінде бейнеленген құбылыстар мен жағдаяттарға өзіндік құндылықтарын, ұстанымдарын, айналасына, әлемге деген көзқарасын сабактастырған сәтінде түзіледі. Филологиялық рефлексия үдерісінде ақылмен, саналы әрі эмоционалды қабылдау қатар орындалады» [33, с. 365]. Ғалымның белгілеген бұл рефлексия түрі көркем мәтінге қатысты деп айтуға болады, нақты айтқанда, ғалым көркем мәтінді оқу, қабылдау, түйсіну кезінде оны санада қабылдаумен қатар эмоционалды қабылдаудың да жүзеге асатынын айтады.

Көркем мәтін – ұлттық құндылықтар мен адамзаттың дүниеге көзқарасын, ақыл-ойын айғақтайтын, таным көкжиегін көрсететін күрделі құрылым. Көркем мәтінде автор танымдық, когнитивті ақпараттарды бере отырып, оқырманмен қарым-қатынас құруда жеке тұлғаның ішкі әлеміне енеді. Осылайша өз танымындағы ақпаратты оқырман танымында қайта түзіп, байланысқа түседі.

«Оқырманға жол тартқан көркем мәтін автор мен оқырман арасындағы қарым-қатынас сипатын әрқалай өрбітеді. Оқырманның дуниетанымын кеңейтіп, адресатты қарым-қатынастың жаңа деңгейіне шығаратын көркем мәтіндегі автордың бейнелеулері. Сондықтан жазушы көркем мәтінді жазуда оқырманмен тығыз қарым-қатынаста болып, автор мен оқырман арасында қатысымдық байланыс түзіледі. Оқырман мен автор ойша пікірлесіп отырады» [33, б. 11].

Көркем мәтінді, автордың ойын қабылдау, түсіну жайында зерттеуші А.С. Әділова көркем мәтінді қабылдау үдерісінде сол мәтінді түсінуге, интерпретациялауға мүмкіндік беретін түрлі тілдік маркерлерді тану қажеттігін атайды. Оның пайымдауынша, тану жаңаны бұрынғымен әруақыт байланыстырып салыстырудан туады. Оқырман осы үдерісте өзінің бұрын игергенін есіне алады, сол кезде образ жүйесі, оқиғалар желісі, жеке кейіпкерлер не автор сөздері өзектенеді, осылай жаңа мәтін (код) ақпараты ашылады, нақты айтқанда, мәтіндердің өзі бірімен-бірі байланысып, диалог орнайды [34, б.6]. Ғалым пікірі таным мен қабылдаудың байланысын көрсетеді. Жаңа мәтінді түсіну барысында оқырман өз санасындағы бұрынғы білімімен, тәжірибесімен салыстыру, ақпаратты өн бойынан өткізіп, саралау, өзіндік ой қосуы рефлексия үдерісімен сипатталады.

Көркем шығарманы қабылдау барысындағы автор мен оқырман арасындағы өзара байланысты, танымдық үдерістерді, реципиенттің автор пікірін құптауын, өзіндік ой қосуын сананың шығармашылық қызметімен байланыстырамыз. Академик Д. Лихачевтің зерттеуінде [35, б.284] өнер туындысының қабылдануы автормен шығармашылық әріптестікке тұсу деп есептеліп, өнер туындысын қабылдауға үлкен эстетикалық өзірлік, талғам, жанжақты, терең білім, эстетикалық талғамға ие саналылық қажеттігі көрсетілген.

Көркем мәтіннің мазмұны қабылдаушы санасында қайта жалғасып, дамиды. Көркем мәтінде таным нысаны шектелмей, ондағы ақпарат жалпыға бағытталады. Сол себепті де бір мәтінді бірнеше адам әртүрлі қабылдап, түрлі пікір танытуы мүмкін. Бұл ретте қабылдау үдерісі оқырманның жеке тәжірибесіне, дүниетанымына, біліміне байланысты сараланады. Адресаттың аялық білімі мен көркем мәтінді қабылдауы нәтижесінде оны түсіну мен санасында рефлекске ұшыраған ақпарат үштаса отырып, жаңа мазмұнды түзеді.

В.В. Савельеваша, көркем мәтін «өмір сүріп», қызмет атқару үшін қажетті шарт – оқырман тарапынан оқылуы мен қабылдануы. Көркем мәтінді қабылдау, түсіну кезеңдері бар және аталған үдерістің басты төрт компоненті – оқу, түсіну, талқылау (интерпретация), талдау – белгілі [36, б.19]. Бұл әр көркем мәтіннің оқылуы мен қабылдануы үдерістерінің бірлестікте орындалатынын танытады.

Рефлексия мен интерпретация көркем мәтіннен метамағыналарды табуға қызмет етеді. Г.И. Богиннің [37, с. 76] рефлексивті оқуға үйрету керектігін ұсынуы да осымен байланысты деп ойлаймыз. Оның түсіндіруінше, интерпретация – мәтін мағынасын тілдік таңбалармен жеткізетін, сөзben берілген рефлексия. Интерпретация мәтіндегі ойдан басталып, оқырманның өзіндік тәжірибесімен, жеке пікірімен түйікталады. Түсінгенінді рефлексивті талдауды интенциялау техникасы арқылы іске асыруға болады. Мәтінге қандайда бір көркемдік идея (метамағына) өзек болады, оқырман сол мәтінді оқу кезінде өзінің нені түсінгенін ой елегінен өткізу арқылы осы метамағынаны табады. Мәтінді рефлексиялаудағы маңызды кезең – **мәтін полифониясын түсіну**.

**Полифония** – мәтінде берілген жағдаятқа қатысты бірнеше көзқарастың түйісуі, ол автордың, мәтін кейіпкерлерінің, қоғамдық пікірдің, оқырманның, т.б. тарапынан берілген өзіндік баға. Оқырман мәтінді, оның мазмұнын түрлі адамдар көзқарасы түрғысынан қарай білу үшін мәтін полифониясын түсінуі және оны дұрыс зерделеуі қажет.

Ғалым Г. Богиннің мәтінді түсіну типологиясын негізге ала отырып, рефлексивті талдаудың қадамдық үдерісін (3-кесте) былайша көрсетуге болады:

Кесте 3 – Рефлексивті талдаудың қадамдық үдерісі (Г. Богиннің мәтінді түсіну типологиясы негізінде)

Талдау үдерісінің қадамы	Түсіну	Сипаттама
Қадамның біріншісі	мағынасын ұғу	физикалық таңба (сөз, түс, қарапайым форма) психофизиологиялық түрғыдан қабылданады; оны тануда (таныс /бейтаныс нысан ретінде); тілдегі жалпы мағына түсініледі.
Қадамның екіншісі	тәнім деңгейінде (когнитивті) ұғыну	Мәнмәтінде түсіну, жағдаяттар деңгейінің мәтінде таңбалануын айқындау.
Қадамның үшіншісі	кең мәнде ұғыну	жеке тұлға рефлексиясының метамағыналардан көрінуі

Демек, көркем мәтінді рефлексиялау талдау қадамдарының үшіншісінде (кең мәнде ұғыну) орындалатынын көреміз. Бірақ бұл алдыңғы деңгейлермен сабактастықта орындалады.

Көркем мәтінді оқып, қабылдаудың күрделі үдеріс екенін автор мен қабылдаушы арасындағы қатынастан көре аламыз. Мұнда мәтін автор мақсатына сай қабылданғанымен, оқырманның танымында шығармашылық әрекет негізінде түрленіп отырады. Адресаттың өзіндік таным, ішкі ойы арқылы авторлық ұстаным мен мағынаны менгеріп, өзіндік қабылдауы мен жеке көзқарасының қалыптасуы жеке тұлғаның рефлексивтілік қабілетін көрсетеді.

Санада көркем мәтін мағынасы түсініледі, тілдік санамен мәтіндегі оқиғалар өзара сабактастырылып ұғынылады, тілдік өзіндік сана арқылы мәтін мәніне оқырманның өзіндік бағасы, сол оқиғаны бастан кешкендей болуы, сезінуі, қайғыруы не қуанышы, кейіпкерге жаны ашуы не ашулануы, автордың негізгі ойын түсінуі мен мәтіндегі ақпараттың маңызын қорытуы жүзеге асады. Сондықтан сана көркем мәтіннің рефлексиялануында ондағы тілдік таңбаларды танып қабылдап, тілдік сана көмегімен оның мағынасын түсінуге ықпал етеді, тілдік өзіндік сана не метасана рефлексияның осы ретті қорытындылануына ықпал етеді. Сол рефлексия тілдік таңбаларға бекітіліп, көрінеді. Сондықтан «тілдік рефлексия» терминің анықталуы маңызды.

Рефлексияны, рефлексивті лингвистиканы Қазақстанда алғаш зерттегендердің бірі, рефлексивті лингвистиканың теориясын қалыптастырган Л.М.Шайкенованың айтуынша, «Рефлексия – іске асырудың негізгі каналы ретінде тіл болып табылатын және өз ойын талдау мен танудан тұратын жеке адамның менталды үдерісі ретінде түсініледі» [15, б.149-150].

### 1.3 «Тілдік рефлексия», «метатілдік рефлексия», «рефлексив» терминдерінің анықталуы және зерттелуі

«Тілдік рефлексия» термині Б.М. Гаспаров зерттеулерінде алғаш рет қолданылған. Ол тілді адамның өмір сүру ортасы ретінде сипаттап, бұл тілдік

ортада сөйлеуші өзінің тілдік түйсігі мен тілдік тәртібі арқылы өмір сүретіндігін тұжырымдаған [38, б. 18].

Тілдік рефлексияны анықтаудағы ғалымдардың көзқарастары әртүрлі. Э.Л. Трикоздың көрсетуінше, бұл термин кең мағынада да, тар мағынада да жұмысалады. Кең мағынада алғанда: «Тілдік рефлексия – тілге қатысы бардың барлығы және оның қолданылуы», рефлексияны осы мағынада қолданған зерттеушілер А.Д. Васильев, Б.М. Гаспаров, Е.И. Шейгал және т.б., тар мағынасында: «Рефлексия – лексикалық бірліктің белсенде қолданылуы туралы түрлі талдаулар, комментарийлер», рефлексияның бұл мағынасы А.Д. Шмелев, Б.Ю. Норман, Т.В. Булыгина, И.Т. Вепрева т.б. еңбектерінде пайдаланылған [39, б. 25]. Дегенмен, тілдік рефлексияны осылайша екі мағынада (тар және кең) түсінгенмен, екеуіне де ортақ белгі бар: ол – тілдің қолданылуы, кең мағынасында жалпы қолданылуы назарға алынса, тар мағынасында лексикалық бірліктің қолданылуы негізге алынады. Айырмасы – тілдік бірліктің қолданылу жиілігін, кең мағынада белсендерлік дәрежесі нақтыланбай, жалпы қолданысы алға шықса, тар мағынасында лексикалық бірліктің белсенде қолданылуы туралы пікірлер алға шығады. Біз өз зерттеуімізде осы екі бағытты да негізге аламыз. Себебі: біздің мақсатымызға сай көркем мәтіндегі рефлексияны дискурстық талдау арқылы анықтау үшін тілдің жалпы қолданылуы (қазақ, ағылшын көркем мәтіндерінде) да, қазақша, ағылшынша сөздегі (дискурстағы) вербалдануы да (рефлексияның нақты сөз жағдаятындағы мәнін тасымалдаушы лексикалық бірлік пен мәтінді интерпретациялау) да маңызды.

Э.Л. Трикоз тілдік рефлексияның лингвистикада зерттелуі метатіл, метатілдік қызмет, метамәтін, интермәтінділік мәселелерін талдаған еңбектерге сүйенілетінін айта келіп, ол зерттеулердің негізінде В. фон Гумбольдтың тілді әрекет ретінде қарау (деятельностный подход к языку) теориясы, Л.С. Выготскийдің ішкі сөз (теория внутренней речи) теориясы, Г.И. Богиннің түсіну теориясы (теория понимания) [39, б. 25] жатқанын көрсетеді.

Теренірек үнілетін болсақ, В. фон Гумбольдтың тілдік тұжырымдамаларының негізі – ой мен рефлексия қатынасының мәселесі. В. фон Гумбольдт тіл мен ойдың, тіл мен мәдениеттің әуелден біртұтас дүние екендігін алға тартады. Тілдің күрделену немесе жетілдіру барысында ғана дамитынын емес, керісінше әуелден адамда қалыптасқан тұтас, күрделі жүйе екенін сенімді түрде жеткізеді.

Л.С. Выготскийдің теориясына сәйкес, жеке тұлға өзін қоршаған орта мен өз мәдениеті байланысы негізінде дамиды. Ж. Пиаженің «өзіндік сөз (эгоцентрическая речь)» концепциясы Л.С. Выготский еңбегінде ішкі сөйлеудің бастапқы қадамы ретінде танылады. Ол бойынша ішкі сөйлеу теориясының екі функциясы бар: өзгелер үшін (әлеуметтік әрекетке бағытталған), қатысым немесе тілдесімге арналған функциясы бар; екінші «өзі үшін сөйлеу» яғни, өзінің жеке психологиялық әрекетіне бағытталған. Л.С. Выготский пікірінше, **ішкі сөйлеу** - ойдың құралы, коммуникативті және когнитивті үдерістерге қатыса отырып, сөйлеуден ойлауға немесе керісінше көрініс беретін ауыспалы форма. Ішкі сөйлеудің балалық шақтан басталатынын негізге ала отырып,

диалогтық құрылымдардың ішке бойлайтынын атап айтады. Осылайша, интерпсихикалық үдерістер интрапсихикалық үдеріске ұласады. Біз өз өзімізben сөйлескенде ол біздің бір бөлшегіміз немесе ойдағы портрет болуы мүмкін. Дж.Г.Мид «І» және «те» терминдерін ажыратады, «І» жете түсінілген «мен» екенін ал, «те» жалпыланған біреу екенін атайды [40, б.20].

Г.И. Богин және оның шекірттері түсіну әдістерінің бірі рефлексия болады деп есептейді, оны аталған ғалымдардың «Мен түсіндім» не «Мен не түсіндім?» деген нені білдіреді?» сынды сұрақтарға жауап іздеуінен көреміз. Бұл түсіну әдісінің (рефлексия) көмегімен тек көркем мәтіндер емес, өзге де өмір жағдаяттары түсініледі. Олардың пайымдаудың түсіну – бұл мағынаны ізде табу, қисынды тұжырымдар жасау, соған сүйеніп метамағыналарды тану, жалпылап айтқанда, мағынаны жаңа деңгейге көтеру. Оқырман ой түю арқылы, оқығаның қорыту негізінде метамағыналарды қалыптастырады.

Ғылыми зерттеулерде тілдік рефлексия «тіл мен сөз туралы қарапайым білімнің берілу ерекшеліктері» және «ғылыми танымда ой-елегінен өтіп, реттелген жүйе, тілдік материал» деп те түсініледі. Соңғысы тіл ғылымына қатысты ғылыми зерттеулерде көрінетін рефлексия деп саналады [39, б. 26] Мұнан аңғаратынымыз: тіл тұтынушылары мен тілдік тұлғалардың тіл туралы, тілге қатысты қарапайым білімі немесе «мына тілдік қолданыс дұрыс не бұрыс» деп ойлануы – тілдік рефлексия, сондай-ақ «тілдік заңдылықтарға сай тілдік қолданыстарды ғылыми талдау да – тілдік рефлексия. Бұл екеуінің айырмашылығы қарапайым тілдік рефлексияның қарапайым метатілдік санамен, ал ғылыми тілдік рефлексияның ғылыми метатілдік санамен сабактасатында болады. Мұны Н.Д. Голев қарапайым бейсаналы тілдік рефлексиядан ғылыми тілдік зерттеулердегі рефлексияға көшу деп, оның атауын «гносеологиялық қадамдар» деп көрсетеді. Ғалым «гносеологиялық қадамдарды» бірінен-біріне өтетін төрт деңгейге бөледі:

- Имплицитті метатілдік сана деңгейі: қажетті тілдік бірліктер бейсаналы түрде таңдалады.

- Рефлексияның түйсіктік (интуитивный) деңгейі: мысалы, «Қалай ойлайсыздар, бұл қай автордың мәтіні?» дегендеге, оған жауап берушілер санасында осыған қатысы бар деген мәтіндер тізбегі тізбектеледі (сөз әрекетінің квантты түзіледі).

- Метатілдік рефлексияның «анық өрістегі/светлом поле» деңгейі: нақты феноменге қатысты эмпирикалық рефлексия орын алады: жүйесіз бақылау, болжау, айқын көрінетін белгілер сараланады. Мысалы, «Сіз неліктен бұл мәтін сол авторға тиесілі деп ойлайсыз?» деген сұраққа жауап беруші санасындағы рефлексия.

- Тіл иесінің өз тіліне қатысты жеке бағасын беру деңгейі. Бұл қарапайым метатілдік санаға сай «дұрыс не бұрыс қолданыс» деген бағалау болуы мүмкін, не арнайы тілдік білімге, тәжірибеге сүйенілген ғылыми талдау болуы ықтимал [ 41, б. 12-13] .

Тілдік рефлексия тілді түсіну мен тіл туралы қарапайым және кәсіби білімнің көріну ерекшеліктерін бейнелейді. Тілдік рефлексияға қатысты

ғылыми зерттеулерде оны *саналы* және *бейсаналы* деп жіктеу де орныққан, бұл жіктемеге негіз болатын ұстаным – сөздің жазбаша не ауызша сипаты. Э.Л. Трикоздың айтуынша, жазбаша сөздегі рефлексия сипаты ауызша сөздегі рефлексияға қарағанда саналы сипатқа ие, себебі жазбаша сөз иесі өз сөзін әбден екшій алады, өз ойын дәл жеткізетін сөз берілгенде барынша талдалап, таңдайды. Сондықтан рефлексияның жазбаша сөздегі көрінісі эксплицитті болады, сөз иесінің ой елегінен өткізген пікірін, түйсігін, сезімдерін ашық көрсетеді. Ауызша сөз алдын ала дайындықсыз жүзеге асырылатындықтан, ондағы рефлексия адамның өз ойын жинақтау үдерісін бейнелейді, онда қателер мен сөз таңдаудағы жаңылулар көрініс табады, сөз автоматты түрде түзіледі, сол арқылы сөйлеушінің сөз сөйлеу құзыреттілігі, тілдік құзыреттілігі мен рухани мәдени деңгейін анықтауға мүмкіндік береді [39, б.26].

Профессор Ә. Хасенов тілдің санамен, ойлаумен байланысын тіл білімі философиясының діңгегі әрі басты мәселесі деп санаған және өз зерттеуінде осыған қатысты көзқарасын ұсынған. А.Б. Әмірбекова, Қ.Ә. Есенова, А.О. Тымболова сынды отандық ғалымдар адамның сөзімен қабылданатын пінденің өмірлік тәжірибесі кезінде кездескен жағдайларды, эмоционалдық күйлерді, заттардың, әрекеттердің, сөздер мен ұғымдардың бейнелерінің кешенін коммуникациялық жүйені лингвокогнитивтік зерттеулер қайта өмірге әкеледі деген пікір білдіреді [42]. Осы айтылғандарға сүйене отырып, санада қабылданып, тілде көрініс беретін ақпараттар, сөйлеу фактілерін бақылау, оған баға беріп, өзіндік ой қалыптастыру «тілдік рефлексия» ұғымының тіл білімінде қарастырылуына, зерттелуіне жол ашады деуге болады.

Тіл білімінде рефлексия менталды үдеріс ретінде қаралып, лингвистикалық тұрғыдан «тілдік сана» ұғымына негіз болады. «Тілдік сана» ұғымы ғылыми айналымға В. фон Гумбольдттың зерттеуі арқылы алғаш еніп, сипаттамасы берілген. Ғалым тілдік сана дамуының көрсеткіші – рефлексия жасау қабілеті», - дей келіп, тілдік сананы негізгі шығармашылық өзгеруші ұстаным деп атады [43, б.396].

Санада қабылданған ақпараттың әсер етуші факторлар негізінде қорытылып, тілдің көмегімен өзіндік пікір бере отырып, сөйлеуде жүзеге асатынын байқаймыз. Сөйлеу барысында қолданылған тілдік бірліктер рефлексияның нысаны ретінде зерттеуге алынатын объектілер болып табылады. Мысалы: субъект кез келген ақпаратты (көрген, естіген, оқыған) таным арқылы қабылдалап, осы қабылданған мәліметті өз санасында сактай отырып, талдайды, қорытындылайды. Осы қорытындының тілдік қабатқа түсіп түрлі талқылаулар мен айтылымдар арқылы берілуі тіл мен сана қатынасының тығыз байланысын құрайды. Мәселен, оқушыға «Денсаулыққа зиянды тағамдар» тақырыбында сабак өткізілді. Кері әсері бар тағамдар жөнінде ақпарат берілді, суреттер, бейнелер көрсетілді. Оқушы бұл мәліметті мектептен (қоршаған орта), мұғаліммен коммуникация барысында ала отырып, ойында бекітеді (осы уақытқа дейінгі білімі толығады) және бұл санада рефлекске үшірайды (бұрынғы білімімен сәйкестендіреді: бұрын фаст фудты жылдам,

жеңіл, дәмді тағам ретінде тұтынса, қазір оның азазаға қауіпті екенін білді). Осы тұста рефлекске ұшыраған ақпарат қорытылып (окушыда фаст фуд зиян тағам екен деген ой қорытылады), тілдің қызметі арқылы (рефлексив) оқушының өз ойымен пікір білдіруі (Менің ойымша, фаст фудпен тамақтану дұрыс емес, бұл денсаулыққа өте зиян) тілдік рефлексия көрінісіне жатады.

Тіл мен сананың қатынасы негізіндегі тілдік рефлексия үдерісін 4-кестеден көруімізге болады.

#### Кесте 4 – Рефлексияның тіл мен сана қатынасы негізінде жүзеге асуы

Тілдік рефлексия			
Сана	Ақпаратты қабылдау және қорыту	Коршаған орта (коммуникация) Мәтін (дискурс)	Рефлекс
Тілдік сана		Когнитивті аспект: Сөйлеу фактісін бақылау	
Тілдің қызметі	Қорытылған мәліметті таңбалап, тасымалдау	Өзіндік пікір Талқылау (айтылымдар, авторлық түсініктеме)	Рефлексив

А.Н. Ростова *тілдік сана құрылымын* ішкі деңгей (тілдегі ойлау) және сыртқы (үстіңгі, тіл туралы ойлау) деңгей ретінде жіктелген. Үстіңгі деңгей метатілдік деңгеймен теңестіріліп, оның өзі кәсіби және қарапайым деп бөлінеді. Тілдік сананың үстіңгі деңгейі сөйлеушінің тілді ұйымдастыру рефлексиясында, тіл туралы, жеке сөйлеу тактикалары туралы пайымдауларында көрініс табады. Үстіңгі деңгей «тіл туралы ойлау» жүйесімен байланысады және бұл кезде тіл объект рөлін атқарады [19, с. 194]. Яғни, қоғамда белгілі бір әлеуметтік топ тілді зерттеумен айналысып, ғылыми тілдесім жасайды. Тілдегі өзгерістер, оның құрылымы, тілдік бірліктер және т.б. мәселелерде тіл зерттеу объектісіне айналады. Ғалымдардың бұл мәселелер жөніндегі өзіндік пікірлері, айтылымдар метатілдік сипатқа (яғни тіл туралы тіл) ие болады. Мұнда ғалымның жеке дүниетанымы, жаңалығы, әдіснамалық ұстанымы көрінеді. Мысалы: сөздіктерде берілетін терминдерге әр автор өзінше анықтама береді немесе қандай да бір терминге балама әр зерттеушіде әртүрлі болып келеді, бұлар – метатілдік сана қызметінің сипаты. Бұл ретте тіл мен сана бірін-бірі зерттеуде ашылатынын көруімізге болады, тіл ойды білдіру құралы ретінде қабылданса, оның көмегімен сананың жұмысын бақылауға мүмкіндік туады.

Тілдік сананың бұл деңгейі метатілдік сана болып табылады. Сонымен, *метатілдік сана* – тіл жайындағы, тілдің құрылым элементтері, формалды және мағыналық арақатынасы, дамуы мен қызметі жөніндегі түсініктер мен пайымдаулар, білімдер жиынтығы [44, с. 48].

Л.Х. Сарамотина зерттеуіне сәйкес, тілдік сана көпдеңгейлі құрылым ретінде қарастырылып, метатілдік сана оның жоғары деңгейі болса, тілдік

сананың терең деңгейі деп анықтап, екеуінің арасында нақты шекара көрсетілмегенін атайды [21, с.35].

«Рефлексив» терминің тілдік рефлексияға белсенді қатынасына байланысты көптеген жұмыстарға сүйенуге болады (Шмелева, 1999; Васильев, 2000; Кормилицына, 2000; Шейгал, 2000 және т.б.). Аталған терминді И.Т.Вепрева «өзекті болған лексикалық бірлікті қолдану жайындағы метатілдік түсіндірме» [4, б.68] деп көрсетеді. Оның зерттеуіне сәйкес, рефлексивтер құрылуының жалпы занымдастырылған форманың жоқтығы туралы қорытынды жасайды. «Рефлексивтердің барлық жиынтығын объектінің ортақтығы біріктіреді – өз лексиконына қатысты тіл тасымалдаушысының рефлексиясы. Тілдің контексте авто-сілтеме жасау қабілеті дискурсивті маркерлердің, мета-операторлардың бірқатар ресми көрсеткіштерінен көрінеді. Рефлексивті анықтауға арналған ресми сигнал – бұл, ең алдымен, метаоператордың «сөз» лексикалық бірлігін, сонымен қатар «сөйлеу сөздерін» (В.Г. Гак), сөйлеу әрекеттерін білдіретін етістіктер мен зат есімдерді қамтуы: сөйлеу, атау, айтуда, таңдау, түсіну, қолдану, пайдалану т.б.» [4, б. 219].

Табиғи тілдерде орын алатын рефлексивтер жайлы В. Kang айтып өтеді: «Табиғи тілдер – рефлексивтерден тұрады, ол рефлексстер бір сөйлемде ғана емес, бір салада да ортақ құбылыстар бар екендігін білдіретін элементтерден күралады» [45, р.415].

Осылайша, рефлексив термині метатілдік сана жұмысының нәтижесі ретінде көрініс бере отырып, «метатілдік айтылым», «метатілдік көрсеткіш» терминдерімен қатар қолданылады. Бұл ретте тілдің рефлексивті құрамы, метатіл, метатілдік сана, метатілдік рефлексия ұғымдарына терең талдау қажет.

Жоғарыда аталған ғалымдардың теориясы мен тәсілдемесін ескере отырып, тілдік рефлексияның тіл біліміндегі бейнесін анықтауда сана, ойлауда мен тіл, сөйлеу және тіл, тілдік сана, метатілдік сана, метатіл, рефлексивтер (лексикалық бірліктер) алғышарт болады деп ойлаймыз.

Сөйлеуші өзгелермен тілдік қатынасқа түскенде сөз мәдениетіне мақсатты түрде мән берсе, ол – тілдік рефлексия, демек, сана мен тілдің арақатынасы арқылы орын алатын үдеріс. Тілдік сананың дамуының көрсеткіші – рефлексия жасау қабілеті болатынын атаған В.фон Гумбольдтің тілдік санаға қатысты идеялары А.А. Потебня, Г.Г. Шпет, Л.В. Щерба, Бодуэн де Куртенэ және т.б. зерттеушілер еңбектерінде жалғасын тапты [43, с. 112].

Адамның туған сәттен бастап, оның тілдік санаасы пайда болып, өмір бойы жетіліп, толысады. Тілдік сананың қалыптаса бастауын Ресей ғалымы Т.Н. Ушакова сәбидің бастапқы жылау, дыбыстау сәтімен байланыстырады. Сәби дыбыстар шығарып жылаудың көмегімен өзінің қарны ашқанын немесе ауырғанын, қорыққанын (психикалық жай-күйін) анғартып, өз санаасында орныққан адамдар мен бейнелерді танығанда гүлдей күліп өз санаасындағы түсініктерді, ақпаратты білдіреді. Бұл тілдік сананың алғашқы вербалды емес түрі [46, б.9]. Ғалымның зерттеуінде сананың дүниеге келгеннен бастап адам миында орын алатыны айтылған. Осылан сүйене отырып тілдік рефлексияның

қалыптасуы адам тілі шығып, сөйлей бастаған кезімен сай келетінін тұжырымдаймыз. Т.Н. Ушакованың айтуынша, психология мен тіл білімін байланыстыратын ұғым – тілдік сана. Ол адамның психологиялық қызметімен байланысты, әрі адам санасының және ішкі жан дүниесінің тілде, сөйлеуде бейнеленуін танытады. Тілдік сана психолингвистикада зерттелу қажеттігін көрсетіп, себебін тілдің лингвистиканың, ал сананың психологияның зерттеу нысаны болуымен түсіндіреді [46, б. 17].

Тілдік сананы психологиямен байланыста зерттей отырып, оның табиғатына назар аудару қажет. Сондықтан ғалымдар бұл ұғымды тілмен, санамен, ойлаумен, сөйлеумен байланыста талдауды қолдайды. Лингвокогнитивті жүйеге тіл мен сана, лингвокоммуникативті жүйеге сөйлеу мен ойлау, тіл мен ойлау енеді. И.Н. Стернинше, сананы ойлаудан айыра білу керек. Сана – ми бөлшегі, ойлау – ми қызметі, ол сана көмегімен орындалады. Ғалым сананы екіге ажыратуды (тілдік және коммуникативтік) жөн санайды. Тілдік санада сақталатын ақпараттар субъектіге бұрыннан таныс болады, мысалы, белгілі сәлемдесу формалары, сәлемдесу сөздері, оларды жағдаятқа сай орынды қолдану ақпараттары (саламатсыз ба, ассалаумағалейкум, сәлем, таңғы уақытта: қайырлы таң, тұскі уақытта: күн жарық, кешкі уақытта: кеш жарық, қайырлы кеш т.с.с.), ал коммуникативті санада қалай сәлемдесу керектігі (қол беріп амандасу, сүйіп амандасу, бірінші кімнің амандасуы керек, қол кетеріп амандасу, құшақтап амандасу, қашықтықта сәлемдесу, қандай көңіл-күймен амандасу, қандай кезде амандасу және т.б.) орныққан [47, с. 25].

Сананың анықтамалары көп бола тұра, М.А. Кравченко мен О.В. Кравченко пікіріне сәйкес, бұл термин оңай кодтауға түспейді. Барлық зерттеушілердің (психологтер, философтар, нейрофизиологтер т.б.) ортақ шешімі бойынша ешбір затқа немесе құбылысқа теңестіруге не алмастыруға келмейді. Сананы түсіндіретін кез келген анықтама оның басқа да маңызды тұстарынан ажырап, мағынасының толық ашылмауына әкеледі. Әрбір анықтама анықтауға қарағанда сұрақты көбірек туындарады». Аталған ғалымдар «О соотношений понятий «языковое сознание» и «метаязыковое сознание» [48] атты мақаласында тілдік сана мен метатілдік сана ұғымдарын ажыратуға тырысқан. Біз де осы ұғымдарды тарқата қарауды жөн көрдік.

Тілдің қарым-қатынас құралы екендігі мәлім. Қоғамдағы әлеуметтік топтар арасында тіл қарым-қатынас құралынан бөлек, ғылыми зерттеу жүргізу, іздену мақсатында да қолданылады, яғни, ғылыми тілдесім қызметінде пайдаланады. Демек, тілдің құрамындағы бұл тіл – метатіл. Ғалым F. Қалиевтің анықтамасына сәйкес, метатіл табиғи тілдің бөлшегі бола тұра, табиғи тілді сипаттайты. Тіл бірліктерінің негізінде жасалып, күрделі құбылыс сипатына ие: жалпы ғылыми лексика (тілді зерттеуде қолданылатын сөз тіркестері мен сөздер) және терминалық жүйелі қатынастар оның негізін құрайды. Метатілді метасөйлеуде анық байқауға болады (ғылыми қатынас құралы ретінде). Белгілі бір терминдерге түсіндірме беру үшін сөздікке метасөйлеудің үзінділері қолданылады, бұдан метасөйлеу мен метатілдің өзара арақатынасын лексикографиялық құралдар жасауда көрінетінін аңғарамыз. Мәселен,

«мағына» термині метасөйлеуде қолданылатын мынадай сөз тіркестерімен беріледі: «ауыспалы мағына», «тілдік мағына», «сөз мағынасы» т.б. Аталған терминнің мәні метатіл жүйесіндегі тіл бірлігі сапасында нақты сөйлеу қызметінде толықтай ашылады» [49, б. 213]. А.Х. Азаматованың зерттеуінде, «метатіл» ұғымының ғылыми метатіл және ғылыми емес метатіл болып екі мәнде қолданылатынын айтады [50]. Метатілдік аспекті жайындағы зерттеулер тіл білімінде Р.О. Якобсон еңбектерінен көрінді. Зерттеуші тілдің коммуникативті, экспрессивті, фатикалық, аппелятивті және поэтикалық қызметтерімен бірге метатілдік қызметті де атайды [51, с. 193-230]. Тілдің бұл қызметтің іске асуына ықпал ететін алғашқы ұғым – ақпарат коды, екіншісі – ақпаратты талқылау. Ұшіншісі – метатіл; тіл жайында сөйлейтін тіл. Метатілдің аталған қызметтерін ескере отырып, оның тек қана зерттеушілер жұмысына қатысты емес, сондай-ақ құнделікті өмірде де үлкен маңызға ие екенін көреміз. Яғни, метатілді қолданып жатқанымызды сезбестен жүзеге асып отыратын үдеріс. Мысалы: *Шындығында, бұл ең жақсы ұсыныс.* Метасөз ретінде «шындығында» оқшау сөзін алып қарайтын болсақ, бұл ұсыныстың расында да ең жақсы екеніне күмән туғызады. Аталған сөйлемде метасөз ретінде қолданылған қыстырма сөздің астарында олай емес екендігі жасырын түр. Яғни, метасөздер арқылы сұхбаттасуышының шынайы бейнесін анықтауға болады. *Еш күмәнсіз біздің тауарымызды тұтынуыңызға болады.* (Еш күмәнсіз метасөзінен-ақ құдікtenуге негіз бар). Яғни, сұхбаттасуышының шындықты жасыруын немесе әңгімені басқа арнаға бұрғысы келгенін осы метатілдік деректер арқылы анықтауға болады. Жоғарыда аталып өткен сана, тілдік сана, метатіл негізінде метатілдік сананы анықтауға мүмкіндік бар. **Тілдік сана** – сөйлеу әрекетінің механизмдерін қамтамасыз ететін сананың бір бөлігі: сөйлеу қызметі, сөйлеуді қабылдау және тілдің санада сақталуы. Ал, **метатілдік сана** қарапайымдылығымен ерекшеленеді, себебі мұнда жеке тұлға өзінің өмірлік тәжірибесіне сай, естіген, көрген ақпараттарын ғылыми негізсіз өзіндік ойымен талдайды (тіл зерттеушілерінен басқа тұлғалардың тілдік санасы). Осы орайда, А.А. Белобородов пікіріне тоқталсақ: «Қарапайым тіл иесі позициясынан лингвист позициясы несімен ерекшеленеді? Лингвист білікті зерттеуші позициясы мен қарапайым тіл иесі позициясы міндеттін қатар атқара алады, яғни, тілдік таңбаларды пайдалану білімімен (сөйлеуші ретінде) қоса тіл жүйесі жайындағы білімін (зерттеуші ретінде) де қолдана алады [52, б.37]. Метатілдік сананың әрекеті ретінде метатілдік рефлексия анықталып, түрлі формада көрініс табады, яғни метатілдік рефлексивтер пайда болады. Сөйлеуші өзіне таныс емес немесе түсініксіздеу сөздерді кездестіргендеге метатілдік рефлексия іске қосылады. Түсініксіз сөздерді өзінің санасында бекітіп рефлексиялауда тіл иесі сөзді денотатпен сәйкестендіруге тырысып, ойында түрлі ассоциациялар пайда болады. Сөзді талқылау ерекшелігі сөйлеушінің метатілдік әрекетінің арнайы бір түрі екендігінен хабардар етсе, ал талқылаудың түрлі формада берілуі метатілдік сананың күрделі құрылымды феномен екендігін анфартады.

R. Berry өз еңбегінде метатілдің тек тіл мамандары мен логиктердің зерттеу құралы болып қана қоймай, кез келген адамның құнделікті тілінде

улken маңызға ие екендігін түсіндіреді. Аталған ұғымға «language about language» (тіл туралы тіл) деген сипаттама береді [53, р. 28]. Біздің түйіндеуімізше, метатіл белгілі бір топқа тән. Ол топ тілді зертте, оның қырысын түсінбесе де, олардың бір-біріне түсінікті қарапайым тілдесу құралы бар. Тілдік рефлексияны, тілдік сананы зерттеу үшін, алдымен, метатілдік сананы зерттеу нәтижесінде ғана тілдік сананың өзіне тән ерекшеліктерін ұғынуға болады деп пайымдаймыз. Зерттеушілердің пікірлерін саралай келе, тіл біліміндегі тілдік рефлексияның көрінісін анықтау үшін тілдік сана, сана, метатілдік рефлексив және метатілдік сананы алғышарт ретінде қарастырамыз. Бұл категориялар адамның өмірге келген кезінен бастап қалыптасып, дамып отырады. Осылардың негізінде жеке тұлға өзіне рефлексия жасау қабілетіне ие.

Отандық зерттеуші Г.А. Борибаева: «Әрбір тіл иесіне метатілдік рефлексия тән. Оны сананың ең маңызды қызметтерінің бірі – тіл мен сөйлеу фактілерін жіті бақылау, оны бағалау және ой елегінен өткізу әрекеттері дәлелдейді» - деп айтады [54, б.36]. Адамның қоршаған ортаға қатынасының, әлем бейнесінің тілде көрініс табуы – тілдік сана әрекетінің жемісі. Тілдік сана, өз кезегінде, сөйлеу әрекетінің механизмдерін қамтамасыз ететін сананың бір бөлігі бола отырып, сөйлеудің тууына, сөйлеуді қабылдауда және тілдің санада сақталуына қатысады. Әртүрлі мағынадағы тілдік бірліктер адам санасында сақталып, тілде көрініс беріп отырады. Сөйлеушінің өзінің тілдік әрекетіне мән беріп, өздігінен тілдік фактілерді зерттей отырып, сөз мағынасын анықтап, оған қорытынды жасай алуы метатілдік рефлексия болып табылады.

Метатілдік рефлексия сөйлеушінің метатілдік сана әрекеті ретінде анықталып, түрлі формада көрініс табады: бағалаушы айтылым мен пайымдаулар түрінде, тіл жөніндегі вербалданған және бейвербалданған ұғым ретінде, сонымен қатар мәтін құрауда және оларды әртүрлі пайымдау түрінде қабылдауда көрініс береді [55, б. 30].

Бағалаушы формада қандай да бір пікірге немесе көзқарасқа қатысты құптайтын және келіспейтін жағдайларда субъектінің тілдік бірліктерді қолдана отырып берген өзіндік ішкі пікірі – тілдік рефлексияның көрінісі (Мысалы: Сіздің ойыңызben келісемін, пікірің орынды, дұрыс, дұрыс емес). Яғни, индивид белгілі бір ақпаратты қабылдау барысында оны өзінің санасында қалыптасқан мәліметпен сәйкестендіріп, дұрыс немесе бұрыс екендігін анықтап, ой қорытады және оны сөз арқылы жеткізеді. Қабылданған ақпараттың ой елегінен өтіп, тіл арқылы материалдануы нәтижесінде қолданылатын тілдік бірліктерді рефлексив деп атайды. Осылайша, тілдік санаға әсер етуші фактор ретінде рефлекс алынса, рефлексия процесінің жүзеге асуында қолданылатын тілдік бірліктерді рефлексив атауымен сәйкестендіре аламыз.

«Рефлексив» терминін И.Т. Вепрева өзекті лексикалық бірлікті қолдану жағынан метатілдік айтылым ретінде сипаттай келе: «Рефлексивтер тұтастай тілдік тұлғаның санасынан көрініс бере отырып, адамның қазіргі әлемдегі әлеуметтік психологиялық бағдарымен байланысты тілдік сананың белсенді бөлігінде жүзеге асады» [4, б. 77] - деген анықтама береді.

Өзге де зерттеушілердің бұл терминге қатысты берген баламалары төмендегі 5- кестеде көрсетілген:

Кесте 5 – Рефлексив terminінен қатар қолданылатын терминологиялық бірліктер

Зерттеушілер	Олардың қолданған терминдері
Б.С.Шварцкофф	Сөйлеуді бағалау
Н.А.Лукьянова	Мәнмәтіндік пікір
А.Д.Шмелев, Т.В.Булыгина	Метатілдік айтылым
О.И.Блинова	Метатілдік сананың көрсеткіші
М.В.Ляпон	Сөзбен өзін-өзі модельдеу
А.Н.Ростова	Метамәтін

*Рефлексив* terminі тілдік сананың өзін тануға бағытталған негізгі сипаты тілдік рефлексияны айқындаиды. Е.С. Кубрякова зерттеуі бойынша индивидтің санасының әрекеті нәтижесін, адамның ішкі жай-күйінің мазмұнын білдіретін рефлексивті әрекетті, рефлексияны талдау бірліктерін «менталды репрезентация» [56, б. 384] деп атайды.

Зерттеуші М.Р. Шумарина санада жүзеге асатын бұл әрекетке мынадай анықтама береді: «Рефлексия – бұл «ұнсіз» орын алатын менталды жүйе, дегенмен вербалды формада немесе интерпретациялы айтылым түрінде іске асуы мүмкін» [28, б. 42].

М.Р. Шумарина пікірін С. Пинкердің мына көзқарасымен толықтыруға болады: «Тілдің жұмыс істеу қағидаты мынадай: әр адамның басында сөздер жиынтығы мен олар білдіретін ұғымдар (менталды сөздік), сондай-ақ ұғымдар арасындағы қатынастарды (менталды грамматика) жеткізу үшін сөздерді тіркестіруге қажетті ережелер жиынтығы бар» [1, б. 68]. Демек, рефлексияны айқындауда вербалды формада менталды сөздік пен менталды грамматика қолданылатын болса, менталды жүйе қатарына менталды тілдік қызметті де қатар енгіземіз. Өзіндік менталды жай-күйіді анықтаудың тұра, эксплицитті тәсілі ретінде менталды лексиканы алар болсақ, менталды грамматика жанама, имплицитті тәсілі болмақ. Таным субъектісі мен оның рефлексивтілігі ғылыми мәтіндерде де көрініс береді. Мұны ғылыми мәтіннің міндетті компоненті менталды модуспен байланыстыруға болады. Менталды модусты Н.К. Рябцева төртке жіктеп қарастырады: нысанды жіктейтін (интенсиялы), ниетті жіктейтін (интенциялы), әрекетті сипаттайтын (операциялы), мазмұндау жолын айқындаитын немесе коммуникативті [57, б. 65]. Эксплицитті коммуникативті модус жеке тұлғаның өз сөзіне, мазмұнның үйымдастырылуына қарай анықтама ретінде орын алады (Жоғарыда атап өткенімдей, бұл мәселеге арнайы тоқталатын боламын, айтқым келгені, бұдан әрі қарастыратыным т.с.с.). Мысалы: Айтқым келгені, мәселені зерттеуде табандылық танытқан жән.

Эксплицитті интенсиялы модус адамның интенсиялы жай-күйінің рефлексиясын, мақсатын, қажеттілігін көрсетеді: Мысалы: Теориялық еңбектерге сүйене отырып, *пікірімді білдірдім*.


Осылайша, менталды модус арқылы сипатталған түсініктемелерде *эксплицитті рефлексивтердің* қолданылғанын аңғаруға болады. Бұл тілдік бірліктер сөйлеушінің өзіндік ойларын тұжырымдауда, оқырманмен қарым-қатынас (коммуникация) жасай отырып, өзіндік ішкі жағдайды білдіруде, рефлексия нәтижесінде туындағанын көреміз.

*Имплицитті рефлексивтер* өзін-өзі бақылау барысындағы автордың мәтінді оқырман тарапынан бағалап, қай сөзге немесе тіркеске басымдық беріп, **ерекшелегеу** (қалың қаріп, бас әріптер, жақша т.с.с.) жөнінде шешім қабылдағанынан байқалады. Мұндай графикалық ерекшелегеу кез келген стильдегі және жанрдағы мәтінде кездесіп, автордың бұл фрагменттің маңыздылығын өзінше түсінгенін көрсетеді.

Тілдік сананың екі формасы ретінде тілдік сананың өзі және метатілдік сана ұсынылады. Метатілдік санада тіл иеленушісі субъект рөлінде тілді және өзін сөйлеуші ретінде таниды. Мұны Н.В. Шафтельскаяның метатілдік сананы анықтаудағы мына пікірі дәлелдейді: «Кең мағынада алғанда метатілдік сана – адамның өз тілі туралы білім аясы. Метатілдік сана – қоғамдық сананың бір түрі, ол екі теориялық деңгейде көрінеді: жүйелі сана (лингвистика ғылым ретінде) және жүйесіз сана (қарапайым сана)» [58, с. 125]. М.Р. Шумарина зерттеулеріне сүйенген Е.Б. Иванников метатілдік сананың интернет-коммуникация жағдайында әртүрлі уш деңгейде көрінетінін анықтады:

1. Графикалық ерекшелегеу (мәтінде *ciltteme*, *жақша*, *қалың қаріптің* кездесуі – автордың рефлексияны графикалық ерекшелегеу арқылы түсіндіруі).
2. Коммуникативті pragматикалық (автордың өзі таңдаған тілдік бірлігіне баға беріп, түсіндірме жасауы) Мысалы: Біз бұл жерде метатіл терминін қолданамыз, себебі метатіл дегеніміз – тілді сипаттайтын тіл.
3. Лингвокреативті (рефлексия субъектісі объектіні танып қана қоймай, оны айқындалп шығармашылық тұрғыдан түрлендіреді). Мысалы: Біздің ойымызша, метатіл термині тілді сипаттайтын тіл болғандықтан, ол сана мен тіл қатынасының негізінде жүзеге асады [59, с. 37].

Г.А. Борибаевың «Қарапайым метатілдік сана бейнесіндегі топонимдік рефлексия» [54, 6.42] тақырыбындағы докторлық диссертациясында сана терминінің онтологиялық негізdemесі бойынша лингвистикалық табиғатын ашуға тырысып, топонимдік рефлексияны анықтау моделін көрсетеді. Сызба бойынша, метатілдік сана метатілдік рефлексияны туыннатса, метатілдік рефлексия тілдік санамен байланысады және оған әсер ететін фактор ретінде рефлекс ұсынылады. Осы рефлекстің тілдік немесе тәжірибелік бағалауға ұшырап пайда болған үдеріс метатілдік рефлексияны тудырады. Ал, метатілдік сана ғылыми және қарапайым болып жіктеле отырып, тілдік сананың бөлігі ретінде алынған. Осыған сүйене отырып, біз *тілдік сана* негізінде *тілдік рефлексияның* орындалу моделін 1- суретте ұсындық.



Сурет 1 – Тілдік сана негізінде тілдік рефлексияның орын алу моделі

Суреттегі тілдік сана мен тілдік рефлексия қатынасының қадамдық үдерісі нысан (сөз) мен индивид байланысы негізінде орын алады. Тілдік сананы зерттеуге алу арқылы сананы сөз арқылы бақылаймыз десек, осы сөзді құраушы ретінде авторды (индивидуид) *тілдік тұлғага* теңестіре аламыз. Автор мәтін құрауда санасында рефлекске түскен ақпарат өз өмірінен, яғни тәжірибелік бағалауы арқылы рефлексияны тудырады. Рефлексия барысында автордың өз ойын білдіруге қажет деп тапқан тілдік бірліктері алдымен санасында сараланады (бақылау), сөйтіп, рефлексивтердің көмегімен тілдік рефлексия жүзеге асады. Мысалы, А.Құнанбайұлының өлеңінен мына үзіндіні алсақ:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.  
Көкірегі сезімді, тілі орамды,  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.  
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұгар,  
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін [60].

Бұл өлеңнің үзіндісін ақынның өмірлік тәжірибесін, өзіндік ой толғанысын сана (рефлексия) мен тіл қызметінің байланысуынан шығарылған тілдік рефлексияның көрінісі дей аламыз. Бұл тұста жоғарыда берілген тілдік сана негізінде тілдік рефлексияның моделіне сүйене отырып, ақынның тілдік санасына қозғалыс жасаған рефлекс – «өлең жазу» тіркесінен көрінеді деп есептейміз (өзінің өлеңге қатысы, өлең жазу мақсаты туралы өз ойы), тілдік, тәжірибелік бағалауы (өлең жазу – ермек емес, жоқ-барды, ертегіні термек емес), рефлексиясы өлең мақсатының жазылуы туралы пікірі (өлең – жастарға үлгі), сөйлеуді бақылауы – ақынның жастарды, өлең сөзді ұғышыларды топқа бөлуі (көкірегі сезімді, тілі орамды жастарға үлгі, сөзді ұгатын – тасыр емес, көңіл көзі ашық, сергек, талапты), рефлексивтер – өзекті лексикалық бірліктер мен олардың өзара грамматикалық байланысқа түсүі (мен жазбаймын/өлеңді ермек үшін, жоқ-барды, ертегіні термек үшін) // жаздым үлгі жастарға / көкірегі сезімді, тілі орамды /бермек үшін// Бұл сөзді /тасыр/ ұқпас, /талапты/ ұгар /көңілінің көзі ашық, сергек үшін). Ақынның өлең үзіндісіндегі тілдік рефлексиясы осы рефлексивтер арқылы, солардың мағынасы мен тіркесу

ерекшеліктері арқылы беріліп тұр. Бұл тұста ақынның тілдік рефлексиясында нысанды жіктеу (ермек үшін жазылған өлең /ұлғі үшін жазылған өлең), ниетті жіктеу (ермек үшін өлең жазу, ұлғі үшін өлең жазу/ тасырдың ұқпауы/талаптының ұғуы), әрекетті сипаттайтын (жазу/жазбау, ұғу/ұқпау), мазмұндау жолын айқындастырын (тасыр/талапты) менталды модустарын анықтауға болады.

Рефлексия қандай аспектіде қарастырылса да, оны танытатын – сол рефлексияны тасымалдаушы тілдік таңбалар. Рефлексияны тасымалдала, танытатын, таңбалайтын тілдік құралдарды зерттеу, дәлірек айтқанда, рефлексияның лингвоменталды феномендік сипатын тану, таныту – тіл ғылымиң зерттеушілер үлесіне тиесілі. Рефлексия рефлексивті лингвистиканың зерттеу нысанына кіреді.

Адамның интеллектуалды әрекетінің берілу жолының бірі ретінде түсіндірмелі құрылымдарды атап, оның тілдік рефлексивтік сипатын ғылыми мақала мәтіндерін талдау негізінде зерттеген – К.К. Окушева. Ол түсіндірмелі құрылымдардың ғылыми мәтіндердегі рөлі мен зерттеушінің креативті-аналитикалық әрекетін бейнелейтін рефлексивтер жіктемесін ұсынады: анықтау рефлексивтері (рефлексивы обнаружения), өзектендіру рефлексивтері (рефлексивы актуализации), пікір рефлексивтері (рефлексивы мнения), білім рефлексивтері (рефлексивы знания), операциялық (процедуралық) рефлексивтер, эвристикалық рефлексивтер (нәтиже, қорытынды, тұжырым), білім мен пікірді сөзбен білдіру рефлексивтері [61, б.52-128].

Тіл білімінде «Рефлексивті лингвистика теориясы» тақырыбында арнайы ғылыми зерттеу жүргізген қазақстандық ғалым – Л.М. Шайкенова. Ол рефлексивті лингвистика теориясының негізгі ұстанымы антропоцентризм мен когнитивизм екенін атая отырып, рефлексияның тілдік құралдар арқылы берілуін талдаудың тіл иесі-адамнан және тұлғаның тілдік санасынан бөліп алғып жасау мүмкін еместігін тұжырымдайды. Рефлексивті лингвистика теориясының негізгі категориялы-ұғымдық аппаратын *рефлексия, коммуникативтік ниет (намерение), менталды репрезентациямен сабактасатын метатілдік сана құрайтының нақтылап*, ол ұғымдарға анықтама береді. Л.М. Шайкенова жұмысының негізгі ерекшелігі – рефлексивті лингвистика теориясының интегративті коммуникативті-когнитивті моделін ұсынуы. Ғалымның көрсетуінше, тілдің интегративті коммуникативті-когнитивті моделі мен рефлексия – рефлексивті лингвистика теориясының нысаны болса, оның зерттеу пәні: тілдің рефлексияны негізгі тасымалдаушы екендігі. Теориялық базасы тіл мен ойлаудың рефлексивті болмысы туралы В. фон Гумбольдтың лингвофилософиялық концепциясына, сөз түзу әрекетінің креативтік сипаты туралы генеративті грамматиканың идеясына, сөз қарым-қатынасы теориясында аталатын айтылымның интенциясы туралы түсінікке, тілдік когницияның рефлексивтілігі туралы когнитивтік лингвистиканың ұстанымдарына сүйеніледі. Рефлексивті лингвистиканың талдау бірлігіне сөздің субъективті компоненті, ментальды перформативтер, рефлексивтер

жатқызылады. Талдау әдістеріне психолингвистикалық эксперимент, семантикалық талдау, дискурстық талдау аталады [15, б. 218].

Қазақ тіл білімінде Г.А. Борибаева «Қарапайым метатілдік сана бейнесіндегі топонимдік рефлексия» [54, б. 133-152] тақырыбында диссертация қорғап, топонимдік рефлексияны анықтап, оны оронимдік, ойконимдік, гидронимдік рефлексия түрлеріне жіктеген. Қарапайым метатілдік сана жүйесіндегі топонимдік рефлексияны анықтау моделін ұсынған.

Тілдік әрекеттің коммуникативтік рухани-шығармашылық аспектін зерттеген Б.М. Гаспаров тілдік тәжірибелің түйсікпен танылышп игерілетінін және оның тілдік рефлексиямен ажырамас бірлікте болатынын былай атап көрсетеді: «тілдік тәжірибелің интуитивті қозғалысы тілдік рефлексиядан бөлінбейді; сөйлеуші әрқашан тіл туралы бір нәрсені «біледі», оны үнемі түсінеді немесе ойлап табады» [38, с. 18]. Б.М. Гаспаровтың пайымдауында, тілдік рефлексия метатілдік әрекет кезінде айқын көрініс табады, оған тілге қатысты «мына қолданыс дұрыс, былай айту дұрыс емес» деген тәрізді қарапайым ой-пікір талқылаулар жатады [38, с. 18].

Н.К. Рябцева рефлексияның тілдегі ерекше рөлі тілдік қарым-қатынаста айқын көрінетінін атап көрсетеді. Оның түсіндіруінше, қарым-қатынас барысында кез келген қажетті ақпаратты бейсаналы деңгейде тек тілдік рефлексия алып шығады және шет тілін оқып үйрену барысында өзге тіл иесінің айтқанын (метамәнін, әңгімелесушінің ниетін) түсінуге қабылдаушының өзіндік тілдік рефлексиясы ғана көмектеседі. Ғалымның тұжырымынша, рефлексия табиғи тілдің құрылымын да, сонымен бірге оны туғызған адам интеллектісінің ерекшелігін де түсінуге мүмкіндік бере алады. [57, с. 36].

Тілдік рефлексияны коммуникативтік және концептуалдық аспектіде зерттеген ғалым И.Т. Вепрева рефлексияны сөзбен ойлаудың ерекше тетігі деп анықтайды, оның вербалданған түрін, яғни сөзбен, тілдік бірлікпен таңбаланған түрін – рефлексивтер деп атап, рефлексивтер – метатілдік сананың вербалданған көрінісі деген анықтама ұсынады [4, б. 76]. Біз өз жұмысымызда рефлексивтер терминін И.Т. Вепрева анықтamasы негізінде түсінеміз. Сонымен бірге рефлексивтердің дискурста, мәтінде вербалдануына жеке тоқталамыз.

#### **1.4 Тілдік рефлексияның дискурспен, мәтінмен арақатынасы**

Қазіргі тіл білімінде дискурс түсінігі әртүрлі бағыттағы зерттеулерде көпаспектілі мәнге ие. Антропоөзекті парадигмамен бірге тілдік қолданысқа енген бұл ұғымға сан түрлі анықтамалардың берілуі, оны зерттеу тәсілдерінің де біржақты болмауы бұл мәселенің өзекті екендігін аңғартады. Л.М. Макаровтың пайымдауы бойынша, тіл білімінде антропоөзекті бағыттың қалыптасуы гуманитарлық ғылымдағы дискурстық төңкеріс деп аталады [62]. Ғалым Б. Момынова антропоөзекті парадигманың классикалық әдістемелік зерттеулерден айырмашылығы ретінде аталған парадигманың таным объектісінен таным субъектісін (адам) зерттеуге ойысуымен байланыстырады. Бұған себеп: адамның бойына жинақталған әлеуметтік және ұлттық белгілер оның тұлға ретінде, қайшылық пен ізгілікten құралған жай ғана образ емес

екендігімен сәйкеседі. Сол себепті этнопсихология, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, этнопедагогика, когнитивті лингвистика және психолингвистика – адам танымы мен санасын, оның терең қатпарларын, адамның ойы мен түсінігінің, ойлауының тіл арқылы бейнеленген нәтижелерін зерттейді [63], - деп көрсетеді. Демек, дискурстық лингвистиканың антропоөзекті лингвистикамен ұштасуының негізінде адам санаы мен танымы, дүниеге қозқарасы, оның әлемі туындыларда немесе шығармаларда сөз арқылы біртұтас қарастырылып, көрініс табатындығында жатыр.

«Дискурс» терминін алғаш қолданған француз ғалымы Э. Бенвенисттің сипаттамасына сай бұл ұғым сөйлеушінің айтатын сөзі (речь) ретінде сипатталады [16, б. 447].

Т. Ван Дейктің зерттеуінше, дискурс коммуникативті акт тұрғысынан қарастырылатын тілдік форманың құрделі бірлігі [64]. Бұл тұрғыда «Орыс тілінің стилистикалық энциклопедиялық сөздігінде» [65] дискурсқа мынадай анықтама беріледі: «Белгілі бір когнитивті және типологиялық негізделген коммуникативтік кеңістікте жүзеге асатын жазба мәтінде не ауызша сөйлеу тілінде орнығып отыратын коммуникативтік оқиға» [65, б. 696 ]. Т. Ван Дейк дискурсты мәтіннен бөлек білім (әлем туралы), тұжырымдамалар, адресат мақсаты, ой-пікірден (экстралингвистикалық факторлардан) құралатын құрделі коммуникативтік құбылыс ретінде анықтайды [64, б. 312]. В.И. Каасик түсінігінде дискурс әлеуметтік-мәдени, экстралингвистикалық-прагматикалық, психолингвистикалық және өзге де факторлардың жиынтығынан тұратын байланыстағы мәтін; арнайы әлеуметтік іс-әрекетке бағытталған; адамдардың арақатынасындағы және олардың санаындағы (когнитивтік үдерістегі) компонент; өмірге ендірілген сөз [66]. Бұл ретте Ж.И. Исмаилова «мәтін» ұғымын қарастырмай «дискурсты» зерттеудің мүмкін еместігін айта келе, қазіргі анықтамалардың дені мәтінді салыстыруға бағытталғанын, мәтін – жүйе бірлігі сапасында көрінсе, дискурсты сөз құбылысымен теңестіру; мәтін – виртуалды абстрактілі болмыс болса, осы болмыстың жүзеге асуы «дискурс» ұғымына саяды; мәтінді «өнім» деп алсақ, дискурс – үдеріс ретінде қарастырылады [67].

Жоғарыдағы ғалымдардың берген анықтамаларынан көргеніміздей, дискурс пен мәтінді қатар қарастыру немесе олардың өзіндік ерекшеліктерін ашып, зерттеулер жүргізуің маңызды екендігін байқаймыз. Бұл сұрақ төңірегіндегі ғалымдардың пікірі де сан алуан. Мәтінді монолог түріндегі, ал дискурсты диалог ретіндегі тілдік әрекетке теңеген зерттеуші – Х.С.Мухамадиев. Ғалым тілдік әрекеттің дыбысталу формасын дискурсқа, ал графикалық формасын мәтінге балайды; белгілі бір мақсатқа бағытталып, арнайы өндөлген тілдік әрекет – мәтін, вербалды және бейвербалды құралдардың қатысымен жүзеге асатын сөйлеу (дайындықсыз) – дискурс; коммуникацияға қатысушылардың байланыс орнатузы дискурстың міндетті шартына айналса, жеке қатысымдық байланыс мәтінде қарастырылмайды; әңгіме немесе пікірталас кезінде жалпы немесе жеке мақсатқа орай тындаушы мен сөйлеушінің рөлдерінің алмасып отыруы дискурспен сипатталса,

коммуникативтік жағдаяттың толық жүзеге аспауын мәтіндегі автордың жалғызырымен байланыстырады; тілдік әрекеттің уақыт пен кеңістік шенберінде орындалып, санада қабылдануы – дискурс, ал әртүрлі уақыт аралығында тілдік әрекеттің орнауы мен жадта қабылдануы – мәтін деп көрсетіледі [68]. Ғалымның берген анықтамасына сүйенсек, мәтін мен дискурс арақатынасы мәтіннің статикалық, ал дискурстың динамикалық қалпында болатынанан байқалады. Бұл дегеніміз – дискурстың қарым-қатынаста тындаушы мен сөйлеуші, адресат пен адресант арасында байланыс орнап, коммуникативтік жағдаятта бір-бірімен ақпарат алмасу болады, ал мәтінде керісінше, оқырман жанды қатынасқа түсіп талдау жасай алмағандықтан, тек автордың логикалық ой тізбегін өзінше саралау мүмкіндігіне ие. Яғни, дискурс коммуникация құрудагы форма ретінде көрінсе, мәтін осы дискурстың бірлігі (мәтін дискурста жанданады) болып саналады.

Дискурсты коммуникация тұрғысынан қарастыруда *код* мәселесіне назар аударған жөн. Мәтіндегі тілдік таңбаларды кодтар жүйесі ретінде қарастырсақ, автор өзінің айтпақ болған ойын тілдік бірліктер арқылы кодқа салса, оқырман бұл туындыны өз санасынан өткізіп түйсінуі үшін сол кодты аша алатындей білімі (тәнген-білу қоры) болуы тиіс. Автор мен оқырман екеуі де бір тілдің субъектісі болса, тілдік нормалар екеуіне де ортақ болып табылады. Алайда, мәтін түзуші тілдік бірліктерді өз мақсатына қарай таңдап алатынын ескерсек, сол тілдік таңбаларда салынған мәдени немесе когнитивті кодты ашу қабылдаушының санасында шиеленіс тудыруы мүмкін. Мысалы, автор өз туындысында қашықтық өлшемді білдіру мақсатында қозы көш жер деген тілдік кодты пайдаланды. Оқырман бұл этнографиялық атау жайында тілдік білімі болмағандықтан, оның мазмұнын ұқпауы ықтимал. Бұл түсінбеушілік оқырманың санасында халықтық атауға қатысты дәстүрлі білімнің жоқтығымен айқындалады. Яғни, қарым-қатынасқа түсушілер бір ұлттың тілдік жүйесінде болуымен қатар, сол ұлттың кодтық жүйесін де білуі қажет. Сонда ғана коммуниканттардың арасында ақпарат дұрыс қабылданып, коммуникация өрбиді. Бұл сөзімізге профессор Б. Қалиұлының пікірі дәйек бола алады. Ол тілдік қарым-қатынастың өрбүіне үш нәрсенің болуы қажет деген шарт қояды: біріншісі – таңба (ұлттық тіл); екіншісі – адресант (осы таңбаны қолданушы), үшіншісі – адресат (қабылдаушы). Осы үшеуі тұтастықта болғанда, коммуникативтік қызмет толықтай жүзеге асады [69].

Ал керісінше басқа оқырманың санасында бұл атау жайында қандай да бір ақпарат болса, ол өткен замандағы ақиқат дүниеден хабар береді, қабылдаушы оны өзіндегі біліммен сәйкестендіреді, яғни реакцияға ұшырайды, осылайша автор мен оқырман арасында диалог басталады. Мәтіндегі тілдік таңбалардың жеке тұлға санасында оның «әлем» жайындағы біліміне «қозғау салатының» ғалым Н. Уәлидің [70] еңбегінен кездестіреміз. Ғалым оқырман санаңдағы білімнің мән алуын (актуалдануы) «реакция» ұғымымен ұштастыrsa, тілдік таңба стимул болып саналады. Осылайша, мәтін арқылы «суреткер тілдік тұлға» мен «оқырман тілдік тұлға» арасында өзара диалог басталады. Адресант пен адресат (сөз субъектілері) арасында диалогтың болуы

үшін когнитивтік код пен тілдік код ашылуы тиіс [70, б. 62]. Е. Кубрякова ойынша, адресат санасында мәтінде берілген тілдік кодты аша алатында тілдік білімінің болуы тиіс. Себебі, адресант өз ойын тілдік таңбалар көмегімен кодқа салады, осылайша мәтін – ерекше тілдік код болып табылады [71].

Ғалымдардың пікірін басшылықта ала отырып, жоғарыда келтірген мысал бойынша екі оқырманның арасындағы айырмашылықты *тіл тұтынушысы* және *тілдік тұлға* болуымен байланыстырамыз. Этномәдени кодпен берілген тілдік таңбаны (қозы көш жер) түсіне алмаған оқырман тек тіл тұтынушысы болып қала берді (ұлттың танымы сақталған «мәдени кодты» аша алмауы, аталған ұғымға қатысты ақпараттар легі жоқ). Ал, екінші оқырман тілдік мәдени құзыреті қалыптасқан тілдік тұлға (ұлттың кодтық жүйесін менгерген, атау жайында білімі бар). Бұл жағдайды дискурсты арнайы зерттеуші ғалым К. Садирова түсіндіруінше, тілдік тұлға мен тіл тұтынушысының айырмашылығы біреуінің тек лингвистикалық құзыреттілікке (тіл тұтынушысының), ал екіншісінің (тілдік тұлғаның) лингвистикалық құзыреттілікпен қатар, тұтынатын тілдегі мәдени семантика мен мәнділікті жете менгеруінде» [72].

Тіл тұтынушысының тілдік мәдени құзыреті дискурстық тәжірибеде қалыптасады десек, ғалым К. Садирова дискурсты мәтін арқылы қалыптастыратын коммуникативтік ортадағы қатысымға сәйкес танымдық үдеріс ретінде сипаттайты [72, б. 198]. Дискурстың танымдық сипаты туралы профессор Э.Д. Сулейменова шындық болмыс, тіл мен ойлау арақатынасының мәселелері тілдің мазмұндық жағын интерпретациялаумен тығыз байланыста екенін баса көрсетеді. Бұл жағдайдың негізіне танымдық және тілдік түсініктерді талқылау мен оған қызығушылық танытууды жатқызады [73]. Ендеше, дискурсты когнитивті түрғыдан қарастыруда қарым-қатынасқа түсушілердің менталды, жеке тұлғалық, ішкі әлемін де зерделей аламыз. Адамның жиған тәжірибесінің негізінде этномәдени таңбалар санада сақталады және белгілі бір түсінік қалыптастырып, ол білім қоры әлеуметтік психологиялық жағдаяттарда көрініс береді. Бұл ретте дискурстың когнитивтік қырын пәнаралық ғылым саласы аясында зерттеудің маңыздылығы білінеді. Зерттеуші Т. Ван Дейк пен В.Кинч [74, б.165-175] құрған пәнаралық модельді кесте (б-кесте) түрінде ұсынуды жөн көрдік:


#### Кесте 6 – Пәнаралық модель компоненттері

Когнитивті	Контекстуальды
Модельдің пресуппозициялы негізі (когнитивті, ішкі ақпаратты пайдалану)	Мәтінді өңдеу моделінің прагматикалық негізі (мәтіннің мәнін түсінудің әлеуметтік мәнмәтінде көрінуі)
Модельдің стратегиялық негізі (ментальды түсініктердің тиімді құрастырылуы)	Тыңдаушы мен сөйлеуші әрекетіндегі интерактивті үрдіс

Кесте бойынша коммуниканттардың жекелеген танымдық аясының қылысыу немесе түйісу нүктесі коммуникативтік жағдаяттың когнитивті аспектісі болып саналады. Мұнда коммуникант санадағы ішкі ақпаратты пайдалану арқылы менталды түсінігін құрастырып, өзінше қорытады. Осылайша, модельдің стратегиялық негізі осы түсініктерді дұрыс қалыптастыруды мақсат етеді. Қабылданған мәтінді өндеуде тындаушы мен сөйлеушінің өзара әрекеттері әлеуметтік мәнмәтін ретінде қалыптаса отырып, прагматикалық негізді құрайды. Осылайша, индивидтің санасы мен әрекетіне байланысты тілдің қолданылуы немесе жүмсалуы прагматика ұғымымен үштасады. Тілді зерттеуші ғалымдардың сана, ой, менталды кеңістік, менталитет сынды ұғымдарды пәнаралық сипатта зерттеу объектісіне айналдыруы коммуникацияға қатысушылардың тілдік қабілетін толыққанды зерттеуге мүмкіндік береді.

Когнитивті аспекті тұрғысынан пресуппозиция мен мәнмәтін коммуникацияның астырт та терең компоненттеріне (глубинные компоненты) жатады. Олар сөйлесім арқылы коммуникативтік жағдаяттың ерекшелігін (специфика) айқындаиды [75]. К.А. Долининнің көрсетуінше, мәтін адресант (автор) пен адресатқа (оқырманға) бағытталған хабарлама, коммуникативтік жағдаят параметрлері тұрғысынан (адресат, адресант, код, хабарлама, байланыс каналы, белгілі бір жағдайлар) элементтер тізбегінен құралатын мағыналық тұтастық [76].

Коммуникативтік жағдаят дискурстың өзегі болып саналса, М. Фуко дискурсты авторлық ұстаныммен байланыста қаастырады [77]. Автор мен оқырман арасындағы коммуникация әлеуметтік, психологиялық факторлардың өзара әрекеттесуі нәтижесінде көрінеді. Автор туындысы, соның ішінде көркем мәтін, ең алдымен, адам танымына бағытталады, оқиғалар және шешімдер көркем сөздермен жеткізіледі. Көркем мәтіндердің ерекшелігі – шынайы өмірдегі автордың тілдік бірліктердің көмегімен ішкі сезімдерін, сырын дискурстық жүйеде қалыптастыруы. Адресант тілдік тұлға ретінде өз санасындағы танымын қабылдаушы санасында қайта түзеді. Осылайша, көркем мәтін «автор – мәтін – оқырман» қатынасында дискурстық сипатта зерттеледі. Зерттеуші Қ.К. Кенжеқанова «Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша)» [78] атты диссертациялық жұмысында ғалым F. Энестің мәтіннің тіл жүйесіндегі байланысын Л.В.Бабенко сыйбасына (2-сурет) сәйкес сипаттағанын көрсетеді [78, б. 47]:



Сурет 2 - Мәтіннің тіл жүйесіндегі байланысы [78, б. 47]

Суретте тіл жүйесіндегі мәтіннің арақатынасы автордың ақиқат шындықты бейнелеп құрастырған көркем мәтіннің адресатқа жетіп, оның санаасына әсер ету (реакция) арқылы оқырман автордың ойын түсініп, оның шығармашылық әлеміне баруға тырысатыны бейнеленген. Оқырман жазушының суреттеген ақиқат шындығын өзінше пайымдауға мүмкіндік алады. Адресат адресанттың таным әлемі мен тіл әлеміне бойлайды. Яғни, автор көркем мәтінді құруда оқырманға түсінікті жеткізуудің жолдарын іздейді. Бұл жайында ғалым Н. Уәлидің пікіріне жүгінsek, адресат өз санаасындағы вертикал түзуден (тілдік парадигма) тілдік таңбаны ой елегінен откізіп талғайды, таңдан алған бірліктер синтагмалық тізбекке түседі. Осылайша, коммуникацияның алғашқы кезеңі мәтінге дейінгі автордың ойша сөзі («нені айтсам?», «кімге айтсам?», «қалай айтсам?») объективтеніп, «коммуникацияның» екінші кезеңіне айналады [70, б.56], - деп ой білдіреді. Берілген суретте де, ғалым Н. Уәли пікірінде де автордың тілді өз мақсатына сай таңдан, талғап, өз әлемінде ақиқат шындықты мәтінмен беруі, сол мәтін арқылы автордың әлеміне оқырманның енуі дұрыс көрсетілген. Дегенмен мәтінді қабылдау үшін, түсіну үшін оқырман ортақ таңбаны (тілді) білуі шарт, сол кезде ғана мәтін өз мағынасында, мәнінде ұғынылады. Суретте осы оқырманның да автор пайдаланған тілді білуі сызылмаған. Сондықтан біз Л.В. Бабенко сызбасын жетілдіру керек деп санаймыз. Біз автордың да, оқырманның да пайдаланатыны ортақ бір тіл екенін көрсету үшін тіл мен оқырман арасын суретте (5-3) айырықшалап белгіледік.

Ғалым Г. Әзімжанова көркем мәтінді код (белгі), байланыс, менгеру, дүниетаным, тезаурус, қатынасушылардың тарихи, әлеуметтік және ұлттық ерекшеліктері, интенцияның коммуникативті, прагматикалық қарым-қатынас талаптарына сай келетін коммуникация формасы деп анықтайды. Бұдан көркем мәтіннің экстралингвистикалық (когнитивті) аспекті (прагматикалық және ақпараттық мазмұндық деңгейдегі) коммуниканттардың әлеуметтік және тілдік тәжірибесіне негізделіп, олардың мақсаты мен ақпараттық дүниетанымына сай келеді. Мәтін жүйесіндегі лексикалық бірліктердің коммуникативті әлеует

негізінде басқа да элементтермен тығыз байланысуынан қалыптасып, сөздің эстетикалық мәні жайында сөз қозғайды [79]. Бұдан біз қарым-қатынас стиліне қарай дискурстың *көркем дискурс* болып ажыратылатынын аңғарамыз. Мұны ғалым А.Н. Приходьконың дискурсты орта, қарым-қатынас режимі және қарым-қатынас стиліне қарай топтастырганынан да байқауға болады [80].

Ғалым Ж. Манкеева тұжырымына сай, прагматика кеңістік пен уақыт мәнмәтінінде тілді оның иеленушісі санасы мен әрекеті төңірегінде қолдану деп танылса, психолингвистикада әрбір ұлттың түсініктерді қабылдаудағы, сезіп, танып, тұшыну мен ақпаратты жеткізу және тарату кезіндегі ерекшеліктерін тілдік санада таңбалашу болып шығады [81]. Бұл пікірден коммуникативтік жағдаятқа байланысты (автор мен оқырман) көркем мәтін авторының оқырманға өз мақсатына сай ниетін көрсете отырып, әсер етуі дискурстық прагматика ұғымына саятынын көреміз. Бұдан қандай да бір ұғымды қабылдап ой елегінен өткізуде *тілдік сана* термині қолданылатынын байқаймыз. Тілдік сананы И.А. Стернин тілдік бірліктердің семантикасы арқылы зерттеуге алынады десе, ал семантика номинациялау үдерісі мен коммуникация барысында ашылады деп көрсетеді [47, б.44-51]. Демек, тілдік санада тілдік ойлау әрекетімен қатар сөйлеушінің коммуникация барысындағы автоматты әрекеті де көрініс табады. М.Р. Шумарина пікіріне сәйкес, тілдік сана «мәтіннің, тілдік сана-сезімнің, одан кейін метатіл мен метамәтіннің пайда болуына тікелей ықпал етеді» [28, б. 40].

Қазіргі уақытта бұл ұғымдар кеңінен рефлексивті лингвистика аясында зерттеліп жүр. Көркем дискурстағы мәтіннің, тілдік сана сезімнің жандануы, оқырман тарапынан қабылданып, интерпретациялануы *метатіл* және *метамәтін* түсініктерімен қатар келетінін аңғарамыз. Бұл ретте Н.К. Рябцева мынадай анықтама береді: «метатілдің өзінен басқа тілге деген, оның ауызша, жазбаша, арнайы, әдеби және т.б. сөйлеу түрлерінде өзара байланысқан ойлау, сөйлеу-ойлау үдерістері мен біршама рәсімдерді қолдану секілді рефлексияның тілдік құралдар типі мен түрлерінен тұрады» [57, б.65]. Анықтамаға сәйкес, метатілдің бір тілдік таңбаны екінші тілдік таңба көмегімен интерпретациялаудағы құрал ретінде сипатталғанын байқаймыз. Мысалы, Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» атты шығармасынан мына үзіндіні алайық: Қораның бұрышын айнала бергенім сол еді, көзім есік алдындағы *тажалға* тұсті. Тажал деп отырғаным — сыры көше бастаған, жағал-жағал үш дөңгелекті, көкшіл көне мотоцикл [82, б.11]. Автор *тажал* деген лингвистикалық таңбаға өзінің тарапынан түсініктеме беруде екінші қатардағы тілдік таңбалар көмегіне (сыры көше бастаған, жағал-жағал үш дөңгелекті, көкшіл көне мотоцикл) жүгінген. Автордың ой елегінен өткен бұл тілдік бірліктер (метатіл) мотоциклді тажалға теңей отырып, оның тек ескі сипаттын беруді ғана көзdemеген, оған деген өзінің жағымсыз көзқарасын аңғартуда оқырманның танымына бағытталған. Адресант метатілдік санасына сүйене отырып, көркемдеуіш құралдарды сәтті пайдаланылғанын көре аламыз. Ал, оқырман өз кезегінде осы мәтінді қабылдап, интерпретациялауда тілдік санаында рефлекске түскен ескі мотоциклдің «тажал» сөзімен жағымсыз

мәнде ассоциациялануында метатілдің маңыздылығы айқын көрінеді. Бұл жағдайда адресат санасында метатілдік рефлексия орын алады (тілдік ақпараттан бөлек, автордың эмоциясын, мотоцикл иесіне деген ішкі ызасын түсіну).

Бұл жайында ғалым Н.Б. Глотова «метатілдік рефлексияға» мынадай анықтама береді: «Метатілдік рефлексия өзінің дайындықсыз сөйлеу, интуитивті, бейнелі, поэтикалығымен ерекшелене тұрып, қарапайым адам санасында қалыптасқан әлем бейнесінің тілде көрініс табуы» [83].

Метатілдік рефлексия функциялары жайлы зерттеулерді қарастыра келе, М.Р. Шумарина функцияларды жалпы үш топқа жіктейді: а) мәтіндік; б) дискурсивті; в) әлеуметтік [28, б.455]. Мәтіндік функциялар мәтін құраудағы метатілдік айтылымдардың рөлімен анықталады; дискурсивті функциялар нақтылы коммуникативті жағдай мен оны реттеу амалдары негізінде көрінеді; әлеуметтік функциялар метатілдік қызметтің жеке тұлғаларға не құллі қофамға тигізер әсеріне тиесілі.

Метатілдік рефлексия терминін анықтауда ғалымдар екі басты мәселеге басымдылық танытады:


1) қарым-қатынас кезіндегі сәтсіздік немесе оның туу қаупін сезіну рефлексияның пайда болуына стимул бола алады [84];

2) тілдік тұлға рефлексия үдерісінде екі жақты рөл атқарады: сөйлеуші, яғни сөз авторы ретінде және де өзінің сөйлеу әрекетін бағалайтын сыншы ретінде [85].

Көркем дискурста автор үнемі оқырманына ақпаратты сәтті жеткізуі дойлап отырады десек, біздің мысалымыздағы *тажсал* сөзіне берілген анықтама адресанттың бұл ұғымды адресаттың түсінуіндегі қауіпті сезіну барысында рефлексияның пайда болуына стимул болған бірлік ретінде қарастыра аламыз. Демек, автор коммуникация кезінде сәтсіздік орын алmas үшін метатілдік рефлексия үдерісінің субъектісіне айналды. Оқырман санасында да *тажсал* сөзі жағымсыз мәндегі термин ретінде қабылданады. Сондай-ақ, ескі мотоциклдің «*тажсал*» сезімен үштастырылуын адресат кейіпкер Қожаның өз аласын мотоцикл иесінен қызғануынан, оның иесіне деген теріс көзқарасынан туындаған ұғым деп түсіне алады. Аталған терминге қатысты өзінің білім қорындағы ақпаратқа жүгініп, оның ежелден келе жатқан негативті мәнде жұмсалатын бірлік екенімен сабактастырады. Сонымен қатар, эксплицитті тілдік ақпараттан бөлек, автордың метатілдік бағалау әрекеті негізінде метатілдік қызметтің дискурсивті табиғаты көрінеді («*тажал*» сөзіне берілген авторлық анықтама). Яғни, бір ғана стимул *тажсал* сөзі екі коммуникант (автор мен оқырман) арасында көркем дискурста санада реакцияға ұшырап, өз кезегінде метатілдік рефлексияны тудырып, рефлексивті лингвистиканың объектісіне айналғанын байқаймыз. Бұл орайда, метатілдік рефлексия жоғарыда көрсетілген М.Р.Шумарина жіктемесіне сәйкес, мәтіндік және дискурсивті функцияны аткарып тұр.

Стимул → реакция (*S* → *R*) сызбасы негізінде ассоциациялану арқылы концепт термині орын алса, бұл ұғым рефлексивті лингвистикада *рефлексив*,

*метамәтін* терминімен сәйкес келеді. Бұл терминдер метатілдік сана жұмысының өнімі, нәтижесі ретінде сипатталады. Осы үдерісті сурет түрінде былай (3 сурет) ұсынсақ болады:



Сурет 3 - Тілдік рефлексияның мәтінмен, дискурспен арақатынасы

Көркем дискурстың рефлексивті лингвистикада көрінуін былайша сипаттасақ болады: автор мәтінді жазады және ол оқырманның танымына, түсінігіне бағыттала отырып, тілдік санасында реакцияға түседі (оқырманның аялық білімімен сәйкеседі); Тілдік санаға әсер еткен автор тарарапынан берілген стимул сөздер (таңбалар) рефлексия барысында адресаттың метатілдік рефлексия жасауына мүмкіндік береді; осының нәтижесінде пайда болған өнім рефлексив немесе *метамәтін* деп аталады.

Ал тілдік тұлғаның рефлексия үдерісінде екі жақты рөл атқаратынын аталған шығарманың төмендегі бірліктерінен аңғара аламыз:

Жанар, сені сағындым,  
Келші, келші тезірек  
Жатпай-тұрмай ойлаймын,  
Іші-баурым елжіреп.

Бірнеше қайталап оқымын, жаман шықпаған тәрізді. Мүмкін, көркемдігі пәлендей жүйрік бола қоймас, бірақ шындық бар, сезім бар. Әлде көптен қолыма қалам ұстамағандықтан, кеудем жырға толып кеткен бе, әлде Жанарға деген сағыныш сезімінің тасқынданап құйылған түрі осы болды ма, шүпілдеген екі бет өлеңді тапжылмастан, ешбір қиналыссыз жазып таstadtым. Өте-мөте сәтті шыққаны соңғы қорытынды шумағы болды:

Жанар, сендей жан тумас,  
Туса, туар, артылmas.  
Бір өзіңнен басқаға  
Сағынышым айтылmas [82, б. 52].

Автор кейіпкер Қожаның Жанарға арнап шығарған өлеңі жайында өз көзқарасын білдіру арқылы өз ойына баға беріп тұр. Мұнда авторға стимул болған өлең жолдары автордың тілдік санасында рефлекске түсіп, адресант өзіне сынышы ретінде оң бағалауыштық сипатта пікір білдірді (*жаман шықпаған тәрізді; шындық бар, сезім бар*), осы ойды жеткізуде қолданылған тілдік құралдар рефлексив (метамәтін) ретінде жұмсалады. Бағалауыштық және интерпретативті компоненттер *аутодиалог* (басты кейіпкердің өз-өзімен тікелей сөйлесуі) арқылы көрініс бергенін байқауға болады.

Сонымен қатар, туындыдан автордың ішкі ойын беретін сөйлемдерді де аңғаруға болады: Эрине, мен бұл повесті ойдан шығарып немесе басқа біреу туралы жазып отырсам, онда тағы қанша жазарымды, оның немен тынарын да күні ілгері тұспалдап білген болар едім ғой. Менің қазіргі мүмкіндігім ондай емес. Өз басымнан кешкен оқиғаларды тізбектеп отырған хатшы тәріздімін. Бірақ сол іркес-тіркес оқиғаларды біріне бірін қалай болса, солай матап, жapsыра бергенмен, ол көркем шығарма бола ма. Эрине, болмайды. Сыншылар айтатындей, оны жазушылық елекten өткізіп өндеуім, сұрыптауым, бір желінің бойына маржандай етіп тізе білуім қажет. Творчествоның еңбектің осы нәзік жақтары менің қолымнан келіп жатыр ма, келмей жатыр ма? Құрметті оқушымды жалықтырып жіберген жоқпын ба, неғұрлым ілгерілей түскен сайын, мені осы жай қатты толқытып, жүрексіндіреді [82, б.75]. Бұл мысалдан біздің жоғарыда атап көрсеткен көркем туындыға тән ерекшелік ретінде автордың тілдік бірліктерді орынсыз алмай, оны таңдап, өндейтінін автордың өзі растайды (авторлық модальдылық, авторлық бағалау категориялары). Сонымен қатар, қаламгердің шығармаға қатынасын білдіретін таңбалар автор интенциясы терминімен астасады. Бұл таңбалар арқылы оқырман қаламгердің түпкі ойына бойлай алады. Яғни, адресант тек коммуникативтік ниетін ғана емес, оқырманның да эмоционалды күйіне алаңдаған жағдайын аңғартады. Демек, екі коммуникант арасында көркем туынды арқылы дискурстық жүйе орналасып, зерттеу объектісі арқылы субъектінің танымына жол ашасын, оның санасында әрекеттесетін ақпараттар легі, қорытылған ойдың сөзде көрінүі рефлексия ұғымымен анықталып, рефлексияның дискурстық жүйемен арақатынасы көрініс береді.

**Қорытындылай келе, тілдік рефлексия** – тілдік санада орын алған реакцияның тілдік таңба арқылы бейнеленіп, жеке тұлғаның ішкі пікірімен үндесетін үдеріс. Тілдік және бағалау рефлексиясы тілдік бірліктер (рефлексивтер) арқылы мәтінде көрінеді. Мәтін – адресат танымына бағытталған, дискурста жанданатын, коммуниканттардың бір-біріне әсерін білдіретін коммуникация өнімі, дискурс бірлігі. Мәтіндегі автордың эмоциялары мен сезімдерін айшықтайтын ақпаратты адресаттың қабылдап, оны интерпретациялауда дискурстық жүйе түзіледі. Осылайша, адресат автор санасындағы танымын өз санасында қайта түзеді, автордың танымына бойлауда қолданылатын тілдік бірліктері *метатіл* және *метамәтін* ұғымдарымен сәйкеседі. Ал, бұл ұғымдар өз кезегінде санада рефлекске ұшырап, рефлексия үдерісінің негізіндегі ақпаратты жеткізу degi тілдік құралдар болып саналады. Рефлексияны сана компоненті деп қарастырсақ, санадағы рефлексияның дискурста дискурстық бірлік арқылы ұғынылатынын көреміз. Бұл ретте тілдік тұлғаның таным әлемі, көркемдік әлемі, жеке тіл әлемі атап ғана ұғымдардың аясында жан-жақты ашылып, пәнаралық сипатта зерттелуі өзге бағыттағы ізденістерге негіз болады деп топшылаймыз.

## **Бірінші бөлім бойынша тұжырым**

Бірінші тарауда рефлексия ұғымының анықталуы, пайда болуы мен даму генезисі философиялық аспектіде қарастырылып, рефлексияның философиялық талқылау қуралы мен ойлау қағидасы ретінде өзіндік ойды қорытуға бағытталатыны баяндалды. Рефлекс, рефлексия терминдерінің сөздіктердегі мәні мен өзара сабақтастыры, педагогикада, психологияда, әлеуметтік-психологиялық аспектіде және тіл білімі саласында анықталуы зерделенді.

«Сана – рефлексия – тіл (көркем мәтін)» үштігінің өзара байланысы талданып, рефлексияны таңбалайтын тілдік құралдарды атайтын терминдердің әртүрлілігі («тіл туралы түйсікті пайымда», «метатілдік білім», «тілдік өзіндік сана», «сөз бағасы», «метатілдік сана») талданып, рефлексияны тілді дұрыс түсіну мен оның зерделенуін жүзеге асыратын тілдік сана компоненті деп танитыны баяндалды. Жеке тұлғаның менталды үдерісі ретінде пайда болатын тілдік рефлексия үдерісінің жүзеге асуы зерттеушілердің теориялық еңбектері негізінде салыстырыла отырып сараланды. Рефлексияны анықтаудың алғышарты болып табылатын сана, тілдік сана терминдеріне когнитивті және психолингвистикалық сипатта анықтамалар берілді. Тілдік сана құрылымының деңгейлері жайында түсініктеме беріле отырып, оның үстінгі деңгейі метатілдік сипатқа ие болатыны анықталды. Осылайша, метатілдік сана ұғымының туындауы, оның тіл туралы, тілдің қызметі мен дамуы жайындағы түсініктер мен білімдер жиынтығы екені айқындалды.

Ғалымдар пікіріне сүйене отырып, рефлексияның түрлері ажыратылып, оларға сипаттама берілді: тұлғалық, коммуникативті, кооперативті, интеллектуалды, әлеуметтік, кәсіби, ғылыми, экзистенциалды, саногенді, филологиялық.

Көркем мәтіннен метамағыналарды табу интерпретация арқылы жүзеге асатыны, ал интерпретацияның (Г. Богин тұжырымына сай) мәтін мағынасын вербалды түрде жеткізетін, сөзбен айтылған рефлексияға жататыны, мәтінді рефлексиялау мәтін полифониясын түсінумен сабақтасатыны зерделенді.

Г. Богиннің мәтінді түсіну типологиясын негізге ала отырып, рефлексивті талдаудың қадамдық үдерісі кестеленді: 1-қадамы – мағыналық түсіну, 2-қадамы – танымдық (когнитивті) түсіну, 3-қадамы – кеңейтілген түсіну, 3-қадамда көркем мәтінді рефлексиялау жүзеге асады.

«Тілдік рефлексия», «метатілдік рефлексия», «рефлексив» терминдерінің анықталуы мен зерттелуіне шолу жасалды. «Тілдік рефлексия» терминінің алғаш Б.М. Гаспаров еңбегінде қолданылғаны баяндалып, оның кең және тар мағынасы айқындалды: кең мағынада: «Тілдік рефлексия – тілге қатысы бардың барлығы және оның қолданылуы» болса, тар мағынада: «Тілдік рефлексия – лексикалық бірліктің белсенді қолданылуы туралы талдаулар, комментарийлер». Тілдік рефлексия – тілдік сананың рефлекс негізінде қозғалысқа түсіп, тілдік және бағалау рефлексиясының нәтижесінде сөйлеуде көрінген рефлексивтер жиынтығы. Тілдік рефлексивтер – тілдік бірліктер. Ол бірліктер – субъектінің не индивидтің өзіндік пікірі мен тұжырымын, өзіндік

«менін» таңбалайтын бірліктер. Олар тілдің лексикалық, грамматикалық деңгейінде айқын көрініс табады. Сондықтан да тілдік рефлексия сана мен тілдің қызметінің өзара сабактасуы нәтижесінен туындаиды.

Тілдік рефлексия рефлексивтер арқылы менталды модус мазмұнындағылыми мәтіндерден көрініс береді. Бұл ретте аталған термин эксплицитті және имплицитті болып жіктеледі. Эксплицитті рефлексивтер мәтінде автордың тілдік, тәжірибелік бағалауы, жеке пікірі негізінде тілдік бірліктермен беріледі. Имплицитті рефлексивтерде рефлексия графикалық ерекшелену (курсив, тырнақша) сипатында байқалады. «Рефлексив» терминімен қатар қолданылатын «мәнмәтіндік пікір», «метамәтін», «метатілдік сананың көрсеткіші», «метатілдік айтылым» сынды терминологиялық бірліктер бар. Алайда, «рефлексив» термині ғана тілдік сананың өзін-өзі тануына бағытталған метатілдік түзілімдердің негізгі сипаты болып саналатын «тілдік рефлексияны» айқындаиды.


Тіл мен сана қатынасына негізделетін тілдік рефлексия үдерісі кестеленді. Тілдік сана негізінде тілдік рефлексияның орын алу моделі ұсынылды. Бұл А.Құнанбайұлының «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңінен келтірілген үзіндіні талдау нәтижесінде дәйектелді. Бұл тарауда сонымен қатар тілдік рефлексияның дискурспен, мәтінмен арақатынасы айқындалып, ол Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» мәтінінен алғынған үзіндіні талдау арқылы расталды.

## **2 ТІЛДІК, МЕТАТИЛДІК РЕФЛЕКСИЯНЫ ТАЛДАУ СЫЗБАЛАРЫ МЕН МОДЕЛЬДЕРИ**

### **2.1 Г. Гиббстің «Рефлексияның циклдік моделінің» сипаты мен әмбебаптығы**

Рефлексияны ойлау, медитация немесе толғану деп түсінуге болады және тәжірибе арқылы білімді қалай алатынымыз туралы философиялық түсінік [86] деп қабылдауға болады. Осы ұғыммен рефлексияны оқыту саласында білім алушыларды ойлауга үйрету мақсатында түрлі модельдер мен сызбалар ұсынылып жүр. Соның бірі – D. Schön модельі. Бұл модельді ұсынуда D. Schön 5 түрлі кәсіп иелерінің (инженер, сәулетші, менеджмент, психолог, қаланы жоспарлаушылар) өз кәсібіне қатысты ойлау әрекеттің зерттеген. Нәтижесінде «The Reflective Practitioner: How Professionals Think in Action» [87] еңбегін жариялаған. D. Schön модельі екі бөлімнен тұрады: 1) әрекетті бейнелеу (оқиға өтіп жатқан сәт, яғни тәжірибелі өзі, сол сәттегі ойлау, шешім қабылдау, әрекет ету), 2) әрекет туралы ойлау (өткен оқиғаны ой елегінен өткізіп зерделеу: не өткенін, қалай өткенін, басқаша өту мүмкіндігін ойлау т.б. зерделеу) [87, б.9].

Осындай модельдердің ғылыми зерттеулерде ерекше аталып жүргені және практикалық қолданыс тауып жүргені – ағылшын ғалымы Грейм Гиббстің 1988 жылы жарық көрген «Learning by doing» [88] атты еңбегінде ұсынған «Рефлексияның циклдік моделі». Ғалым рефлексия нәтижесінде өткеннен білім алуға болатынын рефлексивті цикл моделі ретінде түсіндірген. Аталған модель бойынша тәжірибелі талқылай отырып, одан сабак алыш, қорытынды жасау ұсынылады. Ғалымның моделін мынадай алты элемент құрайды:



Сурет 4 – Г. Гиббстің рефлексивті цикл моделі [88, б. 49]

- *Сипаттау* (бастаң өткен оқиғаны немесе тәжірибелі)
- *Сезіну* (оқиға жайындағы ойлар мен сезімдер)
- *Бағалау* (мән жайға оң немесе теріс баға беру)

- *Талдау* (жағдайға еніп, ойлану)
- *Қорытынды* (сабак алу, басқаша жолын қарастыру)
- *Iс-әрекет жоспары* (болашақта осыған ұқсас жағдайда қалай әрекет ету керектігін түсіну) [88, б. 49].

Г. Гиббс бұл рефлексияның циклдік моделін білім алушылардың жүйелі түрде абстрактілі ойлаудың түрткі жасау үшін ойлап тауып ұсынған. Рефлексия құнделікті тәжірибе арқылы оқып үйрену үдерісі ретінде қарастырылған [89].

Аталған модельдер ойлау арқылы оқытуға қолданылған. Бірақ рефлексияға әмбебаптық тән: «Рефлексия – универсальный признак собственно человеческого мыследействования, она течет непрерывно, она «размазана по всем тарелкам», но по воле человека она останавливается (фиксируется) и объективируется, превращаясь в другие организованности (инобытия, ипостаси)» [37, с. 63]. Соған орай біз аталған модельдердің әмбебап сипаты бар деп тұжырымдаймыз. Оған мынадай дәлелдерді ұсынамыз: 1) Рефлексияны адамның қалыптасуына әсер ететін үдеріс деп түсінсек, әр адам өзіне, сөзіне сын көзben қарап, есеп беруі керек. Ол ойлау арқылы жүреді. Ойлау үдерісінің реті мен ғалымдар ұсынып отырған модельдегі әрекеттер сай түседі. Әр тұлғаның өз-өзіне үңілуі, өзіндік санасы арқылы өз әрекетін талдауды мен бағалауды, сол арқылы болашаққа жоспар құруы тек арнайы оқу барысында ғана жүрмейді, сондай-ақ құнделікті жүріп отыратын үдеріс; 2) рефлексия адамның санасына түсетін сигналдарға жауап ретінде (рефлекс) орындалатын, тәжірибеге сүйенілетін когнитивтік әрекет болғандықтан, ол адамның барлық әрекет саласына да, оның ішінде тілдік сана арқылы орындалатын тілдік рефлексияға да қатысты болады. Сондықтан Г. Гиббстің модельін біз көркем мәтіндердегі тілдік рефлексивтерді, метамәтіндерді анықтау мақсатындағы талдауға жарамды әрі тиімді модель деп таныдық. Г. Гиббстің «Рефлексияның циклдік моделіне» сай талдауды Абайдың «Қара сөздеріне» және О. Уайлдтің «Дориан Грейдің портреті» мәтіндеріне жүргіздік, ол бізге авторлардың рефлексиясы мен оны таңбалаган рефлексивтерді жүйелі анықтауға мүмкіндік берді. Бұл модель санадағы когнитивтік құрылымдардағы мазмұнның тілдік таңбаларға ауысуын анықтауға, сипаттауға тиімділігін танытты.

Ғылыми зерттеулерде тілдік рефлексияны, метамәтіндік талдауларды жүргізуің сызбасы пайдаланылады. Біз зерттеуімізде М.Р. Шумаринаның метатілдік талдаудың формалды сызбасын пайдаландық. Бұл сызба бойынша «астарлы рефлексия (свернутая рефлексия)» мен «анық сана (светлое сознание)» бір-біріне оппозициялық қатынаста қойыла отырып, нәтижесінде метатілдік сананың формалды маркерлері (сигналдары) көрініс береді деп есептеледі. Бұл метатілдік сананың үш деңгейіне сай анықталған: біз астарлы деп аударып қолданып отырған (свернутая) рефлексия – М.Р. Шумаринаның түсіндіруінше, бейсаналы (бессознательный) деңгей, бұл кезде сөзге өзіндік бақылау бейсаналы немесе автоматты түрде жасалады, бұл тілдік сана мазмұндындағы сөз бірліктерінің семантикасында және оларды пайдалану ережелерінде орнықсан, екінші деңгей – «анық сана» (светлое сознание), бұл кезде метатілдік рефлексия саналы түрде вербалданады, қателер түзетіледі. Бұл

деңгейге қалыптылық (стандарттық) тән. Бұл кезде қарапайым метатілдік сана алға шығады. Үшінші деңгей – шығармашылық деңгей. Бұл кезде тіл не сөз терең зерделенеді, саналы түрде жоғары талғампаздықпен пайдаланылады. Бұл деңгейге қалыптан тыс (стандартты емес), әртүрлі жанрдағы, түрлі стильдегі тілдік ойындар мен сөз қолданыстар жатады [28, б. 65].

Метатілдік рефлексия екі түрлі көрініске ие болады: 1) формалды (түрлі метакөрсеткіштер), 2) мазмұндық (тақырыбы, стереотиптері, мифтер).

Ғалым метатілдік сананың формалды маркерлері (сигналдары) көрінісін – метакөрсеткіштер (метапоказателей) деп атайды. Метаоператор, метаұйымдастыруши (А. Вежбицканың метаорганизаторы деген қолданысы) деген атаулармен де аталады. Метакөрсеткіш (метаоператор не метаұйымдастыруши) – мәтінде метатілдік рефлексияның бар екенінен хабар беретін орфографиялық, лексикалық, пунктуациялық т.с.с. тілдік белгілер [90, б. 47]. Ғылыми зерттеулерде метаоператорлар түрлері көрсетіліп жүр, соларды негізге ала отырып былайша кестелеуге болады (7-кесте):

Кесте 7 – Метаоператор түрлері

Меншікті метаоператорлар	Метаоператорлар аналогы немесе жанама метатілдік сигналдар	Нөлдік метаоператорлар	Арнайы метаопера-торлар
Семантикасында метатілдік сипаты бар бірліктер (сөздер, сөз тіркестері)	Сөйлеммен мағынасы тең түсітін семантикалық конструкциялар. Бұл конструкцияда бастауыш – метатілдік сипатқа ие нысан, ал баяндауыш – сол сипатты білдіреді.	Метатілдік пайымдау ашық көрінбейді, мәнмәтіннен (контекстен) танылады (имитация, пародиялау, стилизация)	Метатілдік реакцияны танытатын суреттер, смаиліктер, стикерлер
Қыстырма сөздер	Сұрақ-жауап тұтастыры		
Бөгде сөзді танытатын тырнақшалар	Одағайлар		
Әріп таңбалардың айырықшалануы	Бағалауыштық мәндегі сөздер		
Тілдік ойын (жағымсыз баға бергенде)			

Г. Гиббс моделі мен М.Р. Шумаринаның метатілдік талдау сыйбасын өзіміз тандаған көркем туынды мәтіндердердегі рефлексивтерді (метамәтіндерді) анықтауға, талдауға, сипаттауға және өзара салғастыруға пайдаландық.

## **2.2 Тілдік рефлексияны Г. Гиббстің циклдік моделі бойынша талдау (А. Құнанбайұлының «Қара сөздері» мен О. Уайлдтің «Дориан Грейдің портреті» мәтіні негізінде)**

«Лингвистикалық рефлексия – адамның қоғамдағы іс-әрекетінің тілдік көрінісі, жеке тілдік аргументтерді және тіл құрылымын тану, тілдік нормаларға сәйкес адамның сөйлеуі арқылы өзіндік тіл мәдениеті мен этикетін қалыптастырады» [91; 92].

Рефлексивті лингвистикада тілдегі рефлексияны зерттеу адамның ойы мен оның тілге қатынасын түсінуге мүмкіндік береді. Рефлексивті лингвистиканың зерттеу пәні ретінде жеке тұлғаның өз ойына, пікіріне, көзқарасына талдау жасау арқылы адамның өзін ойлау субъектісі деп тануы жатады. Бұл тұрғыда қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы – өз дәүірінде өзіндік пікірі қалыптасқан, өзіндік идеясы ғасырдан ғасырға тасымалданып келе жатқан дара тұлға, соңдықтан оның тілдік рефлексиясы шығармаларында айқын көрінеді. Сол себепті зерттеу нысанына ұлы ақынның еңбектерін алдық.

Абай еңбектеріндегі зерттеудің негізгі объектісі және оның рухани дүниесі «Адаммен» байланысты. Кез келген елдің тұрақты өркендеуін қамтамасыз ететін ең басты фактор болып табылатын тұлға мәселесі ақынның шығармаларына арқау болды. Әр өлеңінде, әр қара сөзінде ақын адам бойындағы адамгершілік қасиеттерді, мінез-құлықты тәрбиелеуді негізгі идея етіп алғып, жақсы мен жаманды айыра білу алгоритмін жасаған. Адамның өз-өзіне, өз сөзіне, іс-әрекетіне есеп беру А. Құнанбайұлы еңбектеріндегі басты категория саналады. Абай Құнанбайұлы өз заманының сыншысы, философы, ақыны болды. Ақынның сынни тұрғыдан ойлау қабілеті оның тілдік қолданысы мен шығармаларынан байқалады. Оның шығармалары жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған, терең философиялық сипатқа ие, танымал және әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. Оған дәлел ретінде қазақ өмірінің өзекті мәселелерін өзіндік философиялық ой-толғамдарымен жеткізетін «Қара сөздер» атты еңбегін алуға болады. «Абай адам жанының қызмет етуші үш қасиеті бар» [93] деп есептеген, соның бірі, ақынның ойынша, адамның өз-өзіне сынмен қарап, рефлексия жасауы деп түсінуге болады. Білімділер өз өмірін ой елегінен өткізсе, надандар болмашы нәрселермен айналысады». Абай «Қара сөздер» жазудағы мақсатын елді түзеумен, қазақы мінезді сынаумен, адамның өзіне есеп беруімен, ұлтты түзу жолға салумен байланыстырады. «Қара сөздер – қазақ әдебиетінің қабылдауға, пікір алмасуға пайымдау мен сынни ойлауды арттыруға арналған баға жетпес қазынасы» [94, б. 10]. Соңдықтан автордың «Қара сөздеріндегі» ой-толғамдарын, оның рефлексиясын, қабылдаушы санасындағы пікірлерін талқылау мақсатында ғылыми зерттеудің нысаны ретінде А. Құнанбайұлының «Қара сөздері» алынды. А. Құнанбайұлы шығармаларының тілі филология, әдебиеттану, аударматану, лингвистика сияқты салаларда талданғанымен, рефлексивті лингвистика тұрғысынан алғаш рет талданды.

Тіл ғылымы тарапынан саралайтын болсақ, бұл үдеріс *тілдік рефлексия ұғымы* негізінде қарастырылады. Тілдік рефлексия ұғымының зерттелуіне лингвистикадағы жаңа ағым, өзге ақпараттар, тілдің басқа ғылым салаларымен бірлестікте қаралуы себеп болып отыр. Сөйлеушінің немесе тіл иесінің өз тіліне, сөйлеу әрекетіне, мінез-құлқына және интерпретация мүмкіндігіне үнілуі, өзінің немесе басқа адамдардың сөзіне, ой-пікіріне сынни тұрғыда қарауы тілдік рефлексияға жатқызылады. Тілдік рефлексия үдеріс сапасында адамның сөздік қорын дамыта отырып, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Кез келген қоғамда адам өзіне және басқаларға қандай да бір әрекеттерді талдау мен оны тілдік бірліктерде таңбалап тасымалдау арқылы, сөздің ықпалымен әсер ете алады. Ол үшін, ең алдымен, ол өз әрекетіне үнілуі тиіс.

Тіл білімі ғылымында антропоөзектік бағыттың қалыптасуы субъект мәселесіне баса назар аударған ғылыми ізденістерден бастау алады. Солардың қатарына В.А. Петровский [95], В.В. Знаков [96], Е.А. Сергиенко [97], А.В. Брушлинский [98] сыңды ғалымдардың еңбегін жатқызуға болады. Субъект болуда адам өзіне-өзі себеп бола отырып дамытады, өзін жетілдіреді, өзіндік болмыстың иесі (яғни, өзін жетілдіру үшін қандай да бір бейне қалыптасады). Бұл ойымызды В.А. Петровскийдің субъект болуды өзін-өзі жаңғырту, өзінің болмысының өмір сүруіне себеп болу, философиялық тілмен айтқанда - «өзіңе себеп» болу [95, с. 176] деген түсініктемесімен дәйектейміз. А.В. Брушлинский ойы бойынша, сана иесі ретінде рефлексия барысында адамға мақсат қоюдың тән екенін байқаймыз: «Сана субъектісі ретінде адам үшін оның рефлексия барысында өзінің мақсаттарын (іс-әрекеті, қарым-қатынас, мінез-құлқы пен ойлау және т.б.) қалыптастырып, дамытатыны ерекше маңызды. Осы кезде ол өзіне тұрткі болған жағдайларды, жасаған іс-әрекеттері мен оның салдарын және т. б. түйсінетін болады» [98, с. 249].

«Рефлексия - бұл адамдар өз тәжірибесін қайталайтын, ол туралы ойланатын, ой елегінен өткізетін және оны бағалайтын маңызды адам әрекеті. Дәл осы тәжірибемен жұмыс істеу оқуда маңызды» [99, б. 19]. Психолог ғалым С.Жақыпов рефлексияның адамға тән құбылыс екенін айта келіп: «Рефлексия адамның білімін өзіне, ішкі әлеміне, психикалық ерекшеліктеріне және жағдайына бағыттайты» [100, б. 203], - деп пікір білдіреді.

Рефлексия индивидтің санасындағы жағдайды немесе әрекетті қабылдау және түсінуді білдіреді. «Осылайша, интеллект рефлексияның негізі болып табылады; адамның ақыл-ойының болуы оның ақыл-ойдың рефлексиялық қабілетінің бар екенін білдіреді», «әрбір рефлексия әрекеті пайымдау, түсіну әрекеті» [26, с. 28]. Яғни, жағдайды түсіну, оған баға беру, өз пікірін қосу және өз ойын саралау. Тіл біліміндегі рефлексия құбылысы деп адам санасына әсер ететін және оны тілде бейнелейтін кез келген затты немесе құбылысты қарастыруға болады.

Сөйлеу-ойлау әрекетіндегі және тіл құрылымындағы рефлексияның рөлі туралы Н.К. Рябцева «Тіл және табиғи интеллект» еңбегінде баяндайды, онда автор: «Рефлексия табиғи тілдің құрылымын ғана емес, сонымен бірге оның

оны тудырған адам интеллектісінің ерекшеліктеріне сәйкестігін түсіну үшін негізгі болып табылады» [101, с. 36] деген қорытындыға келеді.

Н.К. Рябцева рефлексияның тілдегі көрінісін зерттей отырып, адамның өзі, оның психикалық әлемі, ішкі дүниесі туралы мәлімет алуға болады дейді. «Рефлексия ерекше психикалық күй ретінде әрекет, мінез-құлық, белсенділік, таным, ойлау, мәдениет, сөйлеу және қарым-қатынастың интенционалдылығында көрінеді. Тіл – рефлексияның ең маңызды құралы, тіл, сөйлеу, тұлғааралық қарым-қатынас, мәдениет және қарым-қатынас туралы рефлексия ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі рефлексиялау» [101, с. 36].

Тілдегі рефлексияны қарастырудың коммуникативті және концептуалды аспектілері И.Т. Вепреваның «Языковая рефлексия в постсоветскую эпоху» монографиясында талданған. Бұл еңбекте когнитивтік-сөйлеу әрекетінің рефлексивті маркерлерін метатілдік дискурстың негізгі бірліктері ретінде қараған. Рефлексияны сөйлеу-ойлаудың ерекше механизмі ретінде түсіне отырып, оның вербалды формасы рефлексивті болып табылатын автор метатілдік айтылымдарды аспектілік интерпретациялау мүмкіндіктерін көрсетеді, рефлексивтерді метатілдік сананың вербалданған сөйлеу материясы ретінде қарастырады және рефлексивті терминологиялық қырынан анықтауға тырысады [4, б.108].

Пьер Тейяр де Шарден [5, б.86] рефлексия жайлар ой-түйінінде адамдардың хайуандардан айыратын индикаторы ретінде сипаттауы және өзінің де, өзгенің де білімін «тексеруді», «есеп беруді» айтса, ұлы ойшыл Абай даналығындағы ой да осымен тұстас. Яғни, Абай Құнанбайұлының «Толық адам» қагидасында адам бойында болуы керек және пендениң бойын аулақ ұсташаға тиісті мінез-құлықтарды тізіп айта отырып, күніне адамның өз -өзіне, істеген ісі мен айтқан сөзіне зерсалып, есеп беруін абзал санайды. А. Alejandro және E Knott [102] құнделікті қолданатын сөздерге көңіл бөлу туралы жазып, тілге қатысты рефлексивті жұмысты жүргізуге арналған жаңа «Рефлексивті шолу» әдісін әзірледі және тілді өз бетінше қолдануда жұмыс істеу жолдарын суреттеді. А. Alejandro рефлексиялық дискурсты талдауды әзірледі және тілдік рефлексивтіліктің тәжірибесін жасады [103].

Бұл ретте Б. Габдуллин [104, б. 75] У. Джеймстің рефлексияға қатысты тәжірибелік зерттеу жүргізіп, оны адамның әлеуметтік түрғыдағы «мен» ұғымымен байланыстырғанын айтады. Жаңа дәуірдегі пәлсапалық ойлар да осы «мен» түсінігіне негізделеді. Демек, адамның ішкі өзіндік «меніне» үңіліп, өзіне сыни көзben қарауы арқылы тілдік рефлексиясын дамытады. Бұл жайында айтулы зерттеушілер мен ізденушілердің құнды жазбаларынан аңғара аламыз. А. Құнанбайұлы адам бойындағы қасиеттер жайында айта келе, «Толық адам» категориясына сай келетін қасиеттерді «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде сипаттайды. А. Құнанбайұлы мақсаты айқын тұлға ретінде өз шығармаларында «Толық адам» қагидасына тән негізгі қасиеттерді ерекше атап көрсетті. Бұл оның тілдік рефлексиясының толық қалыптасқанын дәлелдейді. Бұл тарауда ақынның «Ойға тұстім, толғандым», «Бірінші қара сөз», «Он бесінші қара сөз» шығармаларының нәтижелеріне талдау жасалды. Тілдік рефлексияны

коммуникативті-концептуалды аспектіде қарастырған ғалымдардың ғылыми еңбектерін ескере отырып, бұл зерттеу мәтіндердегі тілдік рефлексияның көркем әдебиет стиліндегі көрінісін анықтау арқылы осы аспектілерді толықтырады.

Рефлексивті лингвистикада өзіндік тілдік сананы зерттеу болып табылатын интроспекция маңызды рөлге ие. Merriam-Webster сөздігінде интроспекцияға мынадай анықтама берілген: *introspection: a reflective looking inward : an examination of one's own thoughts and feelings* (Адамның өз ойлары мен сезімдерін тексерудің рефлексиялық ішкі көрінісі) [105]. Жеке тұлғаның өз белсенділігінің, әрекетінің әртүрлі аспектілеріне өзінше үңіліп, зерттеуін осы ұғыммен байланыстырамыз. Бұл әдісті алғаш Рене Декарт (1998) негізделеп, адамның өз санасын зерттеудің практикалық мақсаты бар екенін айтқан. Джон Локк (1847) та осындай қозқарасты ұстана отырып, адам тәжірибесінің ішкі және сыртқы сипаты бар екенін көрсетті.

Тәжірибе барысында тұлға түйген ойларын тіл арқылы жеткізеді. Ол ауызша да, жазбаша да қолданылатын, таңбалардан құралған мәтін. Бұл пікірімізді S. Shaumyan [106, p. 27] зерттеуіндегі мына ой дәлелдейді: «Ойлау – тіл арқылы мәтінмен ұсынылады, яғни ауызша және жазбаша таңбалар легінен құралған дискурс. Мәтінді тікелей бақылауға алуға болады. Мәтінді бақылау арқылы тіл мен ойлаудың бір-бірімен байланысын анықтаймыз. Ойлау тікелей бақылауға алынатын тәуелсіз нысан емес. Бірақ, тіл тек ойлаумен байланыстаған және оның көрінісі ретінде өмір сүреді» [106, p. 27].

Тіл арқылы сананы бақылайтын болсақ, тіл иесінің санасын тілдік сана ұғымымен байланыстырамыз. С.Е. Никитина [107, с. 187] зерттеуіне сәйкес: «Тілдік сана мәтінді, тілдік сана-сезім метатіл мен метамәтінді тудырады» дейді. Бұны ескерсең, біздің жұмысымыздағы тілдік сана иесі А. Құнанбайұлы мен О. Уайлдтің сана-сезімі нәтижесінде туындаған еңбектерін **метамәтін** ретінде қарастыра аламыз.

Қарапайым сана, ең алдымен, тілдік таңбаны қабылдау мен интерпретациялауға бағытталған. Сөйлеуші өзінің сөйлеу әрекетін түсінуге, сөз мағынасын анықтап, лексикалық бірліктер арасындағы логикалық байланысты орнатуға тырысады. Осылайша тіл мен сөйлеуді бақылауды, оны бағалауды сананың маңызды қызметтерінің бірі деп қарасақ, **метатілдік рефлексияның** әрбір тіл иесіне тән екенін аңғарамыз.

Абайға метатілдік рефлексияның тән екендігін оның қара сөздеріндегі, өлең туындылары мазмұнынан аңғарылатын өз-өзінің өміріне есеп беруі дәйектейді. «Сыни тұрғыдан ойлау тәжірибелі қорытындылау, оқиғадан сабақ алу және болашақ тәжірибе үшін іс-әрекет жоспарын құру үшін білім мен түсінік береді» [108]. Рефлексияны әлеуметтік «мен» ұғымымен ұштастырып, ішкі «меніне» үнілуі Абай өлеңінде де орын тапқан. Атап айттар болсақ, «Ойға түстім толғандым» өлеңінде автордың өз ісін саралау қадамдары тілдік бірліктер арқылы көрінеді. Демек, автор өзіне сұрақ қою арқылы өз санасында бекіген ақпаратты тілдің, сөздің көмегімен жеткізуі – **тілдік рефлексияның** орын алуды.

М.Р. Шумарина [28, с. 69]: «Метатілдік рефлексия – рефлексив түрінде вербалды формада экспликацияланатын менталды әрекет» - дей келе, метатілдік рефлексияны екі жақты қарастырады: «біріншісі - сананың қандайда бір құбылысты не затты қабылдауы, түсінуі, ішкі ойлаумен қабыса отырып, санада қалыптасқан ұғымдармен сәйкес не қарсы келуін анықтау үдерісі; екіншісі – қабылданған ақпаратты қорытып тіл арқылы, сөз арқылы, сөйлеу арқылы жеткізу, яғни материалдануы. Материалдану үдерісінде қорытылып шыққан ақпаратқа метатілдік бояу қоса енеді. Бұл нәтижені – метатілдік **мәнмәтін немесе рефлексив** деп атауға да болады». Мысалы, орыстілді қазақ отбасының баласы қазақ балабақшасына барып, ұстазынан «қояншық» деген сөзді естиді. «Қояншық» – кенеттен есінен танып қалуды тудыратын ұстама ауруы [109, б.368]. Бала «қояншық» сөзіндегі «қоян» сөзін орыс тіліндегі «заяц» сөзімен сәйкестендірді. «Заяц» (қоян), оның санасында орнықкан және зат есімнен зат есім тудыратын -шық жүрнағы орыс тіліндегі кішірейткіш -чик жүрнағы арқылы мұғалім мені «зайчик» деп атады деп ойлады. Баланың «қояншық» сөзінің мағынасын санасында қабылдауы және оны «зайчик» сөзі арқылы анасына жеткізуі М.Р. Шумарина көрсеткен метатілдік рефлексияның екі жақтылығын көрсетеді. Бұл қорытылған нәтиже **метатілдік мәнмәтін немесе рефлексив** деп аталады. Тілдің көмегімен адам өзіне қажетті ақпарат пен танымдық, қарым-қатынастық, өмірлік қажеттіліктерге қол жеткізе алады. Бұл пікірді мына ғалымдардың ойлары дәлелдейді: «Тілде бейнеленетін дүние бейнесі – тілдік сананың терендегі туындысы. Метатілдік рефлексивтер – метатілдік сана қызметінің нәтижесі» [28, с. 80].

"Метатілдік рефлексия сөйлеуші бейтаныс немесе түсініксіз сөздерге тап болған кезде іске асады. Түсініксіз сөздерді ой елегінен өткізу кезінде сөйлеуші сөзді денотатпен сәйкестендіруге тырысады және әртүрлі ассоциациялар пайда болады. Сөзді талқылаудың ерекшелігі оның сөйлеушінің метатілдік іс-әрекетінің ерекше түрі екенін, ал талқылаудың әртүрлі формада берілуі метатілдік сананың құрделі құрылымды құбылыс екенін көрсетеді» [55, с. 31].

М.Р. Шумарина метатілдік рефлексия функциялары жайлы еңбектерді қарастыра келе, оларды жалпы үш топқа жіктейді:

- а) мәтіндік (мәтінді құраудағы метатілдік айтылымдардың рөлі);
- б) дискурсивті (сөйлеудің нақты коммуникативті жағдаймен арақатынасы және қарым-қатынас процесін реттеу);
- в) әлеуметтік (метатілдік әрекеттің адамдардың әлеуметтік өзара әрекеттесуіне және қарым-қатынас құралы ретінде тілді дамытуға әсері) [28, б. 455]. Осы жіктелім бойынша Абай өлеңдеріндегі метатілдік рефлексиялар дискурсивті қызметте жүмсалғанын көреміз.

Зерттеушілер метатілдік рефлексия феноменін анықтауда оның болмысы мен себептерін, іске асу шарттарын жіті қарастырады. Бірқатар ғалымдар екі мәселеге басымдық танытады:

- 1) қарым-қатынас кезіндегі сәтсіздік немесе оның туу қаупін сезіну рефлексияның пайда болуына стимул бола алады [110, с. 63-65; 111, с. 160; 112, с. 384].

2) тілдік тұлға рефлексия үдерісінде екі жақты рөл атқарады: сөйлеуші, яғни сөз авторы ретінде және де өзінің сөйлеу әрекетін бағалайтын сыншы ретінде [111, с. 81].

Зерттеуші И.Т.Вепрева рефлексивтердің екі түрлі жіктемесін ұсынады: «*метамәтіндік түсіндірме (комментарий)*» сөйлеу субъектісі сөзге немесе оның осы контексте қолданылуына түсініктеме бере отырып, ол туралы кейбір ақпаратты хабарлап, адресаттың ақпараттық қорын толықтыруға ықпал етеді; *метатілдік интерпретация* сөзге өз көзқарасын білдіретін, бірақ адресаттың пікіріне жүгінетін рационалды немесе эмоционалды реакциясы басым аксиологиялық айтылым немесе сөйленім ретінде бағаланады. Мысалы: Абайдың «Бірінші қара сөзінде» : «Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Мұндасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – *bіr тез қартайтатұғын күйік*» Білгенінді кімге үйретерсін, білмегенінді кімнен сұрапсың? Ақынның «ғылым» сөзіне берген анықтамасы оны осы тұрғыда дұрыс түсінуді мақсат етіп, анықтама беру арқылы адресаттың ақпараттық қорына мәлімет қосады. И.Т.Вепреваның жіктеуіне қарағанда, бұл метамәтіндік түсіндірме ұғымымен ұштасады, бұл мысалда «Егер кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі» автордың өз ойымен бірге адресатқа таңдау қалдыратын *метатілдік интерпретация* ретінде анықталады. Сондай-ақ, И.Т. Вепреваның класификациясы респонденттердің жиырма бірінші ғасырдағы ақын өлеңдерін түсіндіруге берген жауаптарын талдауда (3-тарауда) және Абай Құнанбайұлы мен О. Уайлдтің еңбектеріндегі тілдік рефлексивтерді модельдеуге және арнайы алынған сауалнама нәтижелері бойынша тілдік рефлексивтерді топтастыруға академиялық негіз ретінде алынды.

Рефлексияны адамның қалыптасуына әсер ететін процесс деп түсінсек, әр адам өзіне, сөзіне сын көзben қарап, есеп беруі керек. Бұл туралы ақын Абайдың шығармаларынан кездестіреміз. Сонымен қатар, Г. Гибbs [88, б. 49] сынни көзқарас арқылы адам өткен өмірінен үйренуге болатынын айтып, циклдік модельді ұсынды. Осы пікірді қолдаған ғалым В. Reid [113] осы циклге сүйене отырып, рефлексия адамның өз тәжірибесі арқылы үйренуі деген қорытындыға келеді. Осы тұста ақын Абай мен О. Уайлдтің көркем мәтіндеріндегі тілдік рефлекстердің Г. Гибbs ұсынған ұлгіге сәйкес келетіні анықталып, негізге алынды. Ой толғау процесінің нәтижесінде ақын санасындағы ойды сөзben жеткізу рефлексив ретінде зерттеу нысанымызға алынды.

А. Вежбицка [114] тіл білімінде алғашқы болып *метамәтінді* зерттеді. Зерттеушінің «Мәтіндегі метамәтін» мақаласы барлық басқа лингвистикалық зерттеулерге негіз болды. А. Вежбицканың пікірінше: «Метамәтін – бұл белгілі бір мәтінге сілтеме жасайтын және сөйлемнің тақырыбын, мәтін үзінділері арасындағы байланысты көрсететін сөздер мен сөз тіркестері; Сөйлеу процесінің өзін айқын немесе жанама түрде айтту. Бұл мета ұйымдастырушылар және метамәтін компоненттері» [114, б. 410]. А.Н. Ростова «метәмәтінге» «тілдік кодқа назар аударатын мәтін түрі» [115, с. 55] деген анықтама береді. Л.Г. Ким [116] «метамәтінді» екі аспектіде қарастырады. Біріншісі мәтіннің

шынайылығын түсіну нәтижесінде таниды, ал екіншісі түсіну нәтижесінде коммуникативтік шынайылықты таниды. Н.К. Рябцева метамәтінге мәтіннің айтылу тақырыбын, ұйымдастырылуын, құрылымдылығын, үйлесімділігін көрсететін коммуникативті «дейксис» [117, с. 90] деп анықтама береді.

Кейіннен метамәтін функционалдық-стилистикалық [118], [119], коммуникативті және лингвистикалық [120-125] аспектілері тұрғысынан зерттелді. Ғалымдар дискурс кезінде коммуникацияға түсушілердің әртүрлі мета-құралдарын қалай қолданатынын зерттеді. Метамәтіндегі «анық және жасырын маркерлерді (эксплицитті және имплицитті)» зерттеу негізінде коммуниканттардың тілді қолдану туралы рефлексиялық қабілеттілігі ашылады.

Н.Б. Мечковскаяның топшылауынша: «Метатілдік қызметке тіл туралы оның лексика-грамматикалық құралдар көмегімен берілетін тілдің ерекше қабілеті рефлексивтілік кіреді». А. Құнанбайұлының өлең туындысындағы рефлексивтер фразеологиялық тіркестермен, өткен шақтағы етістікке I жақ жекеше түрдегі жалғау жалғану арқылы жасалып, метатілдік қызметті атқарып тұратыны байқалады. Метатілдік бояуы бар «Ойға тұстім, толғандым» өлеңінде автордың рефлексиясы лексикалық бірліктер мен олардың өзара грамматикалық байланысы арқылы көрініс береді (ойға тұстім, толғандым; өзіме-өзім жақпадым; жүргімді байқасам; өз мінімді қолға алдым; мінезіме көз салдым; тексеруге ойландым; қалайша қылып тыя алдым; мінді санасам; ұміт үзіппін; меруерттей тізіппін; т.с.с.).

Абайдың метатілдік рефлексиясы оның өзі қолданған етістіктердің мағыналық сипаты арқылы көрініп тұр, оларды былайша топтастыруға болады (8- кесте):

Кесте 8 – Метатілдік қызметті айқындайтын етістіктер тобы

Тілдік рефлексияның ақын санасында жүзеге асу әрекетін таңбалайтын ойлау операциясын көрсететін бірліктер	Ақынның өзін бағалау әрекеті
Ойға тұсу Толғану Көз салу Тексеру Байқау	Өзіме-өзім жақпадым, Ақымақ болғаным Әділетін бұзыппын Ұміт үзіппін Айла менен амалды Меруерттей тізіппін. Жалмауыздай жаландап Ар-ұяттан күсіппін Кұлық пенен сұмдыққа Құладында үшыптын Күнге күйіп, пісіппін Мақтанбасқа мақтанып Деп жүріппін пысықпын

Абай шығармаларын талдау нәтижесінде оның тілдік тұлға ретінде рефлексия үдерісінде екі жақты рөл атқарған сипаты көрінеді: сөйлеуші, яғни сөз авторы ретінде және де өзінің сөйлеу әрекетін бағалайтын сыншы ретінде. Өлең құрылышында өзін бағалау мағынасында жұмсалған құрылымдар басым.

### 2.2.1 А. Құнанбайұлы «Қара сөздері» мәтініндегі тілдік рефлексияның циклдік моделі

Біздің зерттеу жұмысымыздың нысаны болып отырған Абай мәтіндеріндегі тілдік рефлексияны айқындау – когнитивті лингвистиканың, психолингвистиканың өзекті мәселелері қатарына жатады. Ақын Абайдың өзі өмір сүрген ортасымен қатынасы негізінде әлемді танып, оны өз оймен талқылап, қорытынды жасауы – рефлексия үдерісінің көрінісі. Бұл ретте ақынның санаасында қалыптасқан түсінік тілдік бірліктердің көмегімен оқырманға жол тартқан туындыларынан аңғарылады. Әсіресе, өз-өзіне сынни тұрғыда қарап, өзі өмір сүрген қоғам жайындағы ойлары «Қара сөздер» жинағында айқын көрінеді. Осы тұрғыда ұлы Абайдың «Қара сөздеріндегі» тілдік рефлексивтерді анықтап, оларға мазмұндық және танымдық тұрғыдан рефлексивті лингвистика тұрғысынан жаңаша талдау жасауды көзdedік. Ұлы ақынның дүниетанымын жаңа қырынан зерттеудің маңыздылығын абаитанушы М. Мырзахметов Абайдың дүниетанымы мен әдеби мұрасын тану үшін жүргізілетін бүгінгі зерттеулер қай бағытта болатындығын анықтауға баса мән беру керектігін айтады. Зерттеушінің пікірінше, осы жаңа бағыттар тұрғысынан қарауда, 125 жыл көлеміндегі Абайтану саласындағы жүргізілген ғылыми шығармашылық зерттеудердегі кемшіліктер мен жетістіктерді ескеріп, сынни көзбен қарап, баға бере аламыз. Бұның қын жұмыс екенін білсек те, айналысуға тиіс міндеттіміз деп көрсетеді [126, 6.32]. Абай Құнанбайұлының «Қара сөздеріндегі» тілдік рефлексия көрінісін талдап, айқындау осындай зерттеушілер алдындағы парызындың бірі деп түсінеміз.

А. Құнанбайұлының «Қара сөздеріндегі» рефлексивтерді, мәнмәтіндік пікірлерді табуда сипаттау, синтез, анализ, мәнмәтіндік, лексика-семантикалық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеуші Г.Т. Әбікенова философиялық мазмұнға бай туындыдағы (поэтикалық және қара сөзben жазылған) ұлттық тілдің табиғатын ашу мен тілдік жүйе құрылымын танудың екі жолын көрсетеді: 1) тілдің зандылықтары, ережелері бойынша тілдік бірліктерді, оның элементтерін, мазмұндық және тұлғалық жағын қарастыру; 2) ойлау, ақықат өмір сияқты тілдік емес құндылықтарымен, яғни танымдық тұрғыда байланыстыра қарастыру. Көркем поэтикалық және қара сөзben жазылған туындыдағы тілдік таңбалар тіл мен ойлауды ұштастыратын категория тұрғысынан танылады. Ғалым түсіндіруінше, ойлау арқылы адамның танымдық дүниесі көрініп, ойды білдіретін негізгі белгі «тіл» деп анықталады [127]. Осы пікірге сүйене отырып, Абай тіліне рефлексивті лингвистиканың зерттеу ұстанымының бірі болып саналатын когнитивтік, дискурстық талдау жасау арқылы ақынның санаасындағы әлемнің бейнесін, тілдік тұлғасын, қоғам мен қоршаған ортаның

болмыс-бітімін толық тануға болады. Бұл жоғарыда аталған антропоөзекті парадигма бағытының тіл мен адамды біртұтас жүйе ретінде қарастыру принципімен сәйкеседі.

Адамның когнитивті әлемі ойлау әрекетінен көрініп, ол тілде танылатынын ескерсек: «Ойлау – тұлға рефлексиясының қажет компоненті және рефлексия нысаны болып табылады» – деген пікір даусызы [128]. Ендеше, ұлттымыздың ұлы ойшылы А. Құнанбайұлының мәтіндеріндегі ақынның өзіндік ойларын, толғамдарын өзінің талдауы мен тануын тілдік рефлексияның көрінісі ретінде қарастыра аламыз.

Ғалым, абайтанушы Р. Сыздықова Абайдың тілінің зерттелуін екі бағытта қарастырады: 1) ұлы ақынның тілі жайында жалпы ой білдіру; 2) қаламгердің туындылары тілінің өзін талдау [129]. Біз жұмысымызды Абай қара сөздеріндегі тілдік бірліктерді саралап, когнитивті, дискурстық және рефлексивті лингвистика түрғысынан қарастырдық.

Ақын Абайдың шығармаларындағы тілдік рефлексивтердің Г. Гиббс ұсынған ұлгіге сәйкес келетіні анықталып, негізге алынды. Г. Гиббс зерттеулерінде ойлау процесі адамның ойлау әрекетінің циклдік моделі ретінде ұсынылған. Тілдік рефлексивтілік – мұндай ойлау процесінің құрамдас бөлігі, адамның өз іс-әрекетін немесе тәжірибесін сынап, өткеннен сабақ алу фактісінің тілдік материалдануы. Сондықтан зерттеу Г. Гиббстің идеясына негізделген. Ой толғау процесінің нәтижесінде ақын санасындағы ойды сөзге айналдыру зерттеу жұмысының нысаны ретінде алынып, 9, 10-кестелерде осы үлгі бойынша кезең-кезеңімен берілген.

А. Құнанбайұлының бірінші қара сөзінің циклдік моделіне сәйкес келетін сөздер мен тіркестерді (тілдік рефлексивтерді) былайша топтастыруға болады:

1) сипаттау элементіндегі ақынның өмір тәжірибесіне сүйенген ойын не өткен өміріне қатысты ойды тасымалдап тұрған бірліктер: жасқа келгенше, әйтеуір, бірталай, өткіздік, жақсы, жаман.

2) сезіну элементіндегі тілдік рефлексивтер: әурешілік, енді, жер ортасы жасқа келдік

3) бағалау элементіндегі тілдік рефлексивтер: қоршылық, қалған өмірімізді қайтіп, не қылыш өткіземіз?

4) талдау элементіндегі тілдік рефлексивтер: Ел бағу? Мал бағу? Ғылым бағу? Дін бағу? Балаларды бағу? Бағым жоқ, баға алмаймын, бағусыз, не бол деп бағам?

5) қорытынды элементіндегі тілдік рефлексивтер: ақыры ойладым: ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін

6) іс-әрекет жоспары элементіндегі тілдік рефлексивтер: ақ қағаз, қара сия, ермек қылайын, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ, керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі.

Рефлексияның осы циклдік моделіне сүйенетін болсақ, А. Құнанбайұлы «Қара сөздерінде» [93, б. 6] рефлексия үдерісі осы модельге сай қадамдармен берілгенін аңғаруға болады (9-кесте):

Кесте 9 – А.Құнанбайұлының бірінші қара сөзінің циклдік моделі

Циклдік модель элементтері	Откенге қайта оралу
Сипаттау	Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік <i>pe</i> , жаман өткіздік <i>pe</i> , әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік
Сезіну	Алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық - әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажсыдық, жалықтық
Бағалау	Қылыш жүрген ісіміздің <i>баянсызын</i> , <i>байлаусызын</i> көрдік, бәрі <i>қоришилық</i> екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді <i>қайтіп, не қылыш өткіземіз?</i> Соны таба алмай өзім де қайранмын.
Талдау	<p><i>Ел бағу?</i> Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын!</p> <p><i>Мал бағу?</i> Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмайтығын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған аз ғана өмірімді қор қылар жайым жоқ.</p> <p><i>Ғылым бағу?</i> Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретерсін, білмегенінді кімнен сұрарсың?</p> <p>Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұндасып шер тарқатысадар кісі болмаған соң, ғылым өзі - бір тез қартайтатұғын қүйік.</p> <p><i>Софылық қылыш,</i> <i>дін бағу?</i> Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көнілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елге, осы жерде не қылған софылық?</p> <p><i>Балаларды бағу?</i> Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпенен көрерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам? Оны да ермек қыла алмадым.</p>
Қорытынды	<i>Ақыры ойладым:</i> осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін
Іс-әрекет жоспары	<i>Ақ қагаз бен қара сияны ермек қылайын,</i> кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, <i>өз сөзім өзімдікі дедім де,</i> <i>акыры осыған байладым,</i> енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ.

Бұл бірліктердің циклдік модель элементтеріне сай келетін тілдік рефлексивтер екенін олардың лексика-семантикалық және грамматикалық сипаты дәлелдей түседі:

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «ЖАСҚА КЕЛГЕНШЕ — өмір сүрген қандай да бір уақыт, жылдар бойында» деген мағынаны білдіретіндігі көрсетілген [130, б.752], демек бұл жасқа келгенше тілдік рефлексиві ақынның өткен өмір тәжірибесінен түйген ойын сипаттауға қызмет етіп тұрса, *әйтейір* бірлігі өмірінің қалай болғанда да өткенін немқұрайлы көрсетеді. Бұл бірліктің қазақ әдеби тілі сөздігіндегі мәні «ӘЙТЕУІР — ұстеу. 1. Қалай болғанда, қайткен күнде» [131, б.744] деп берілген. *Әйтейір* бірлігі ақынның өз өмірінің өткеніне көнілі толмауын көрсетеді. Сонымен бірге өткен өмірінің аз еместігін бірталай сөзімен таңбалайды. Қазақ әдеби тіліндегі тіркелген мағынасы: «БІРТАЛАЙ — ұ с т е у. Бірсыптыра, біршама көп» [132, б.752]. Бірталай сөзінің синонимдері: бірсыптыра, бірқыдыру, бірқатар, біраз, біргауым, біршама, әжептәуір, талай, пәленбай. Білдіретін ортақ мағынасы: көлем жағынан аз емес, саны әлденеше, көбірек [133, б.640]. Сипаттау элементіндегі қайталап қолданылған сөз – өткіз сөзі. Ақынның қолданысында бұл сөз жедел өткен шақта (-ді – етістіктің жедел өткен шақ жүрнағы) және 1-жақ көпше түрде жіктеліп және пе сұраулық шылауымен тіркесіп жұмсалған (өткіздік пе). Өткіз сөзінің мағынасы сөздікте былайша беріледі: ет. 1. Бір бетінен екінші бетіне шығару (тесіп, кесіп шығару). 2. 2. ауыс. Өмір сүру, күн кешу. 3. Атқару. 4. ауыс. Артта қалдыру. 5. ауыс. Тапсыру, табыстау. 6. ауыс. Сату. 7. ауыс. Сайлату, тағайыннату. 8. ауыс. Жүргізу, жүзеге асыру [134]. Ақынның қолданысында бұл бірлік «өмір сүру, күн кешу» ауыспалы мағынасында тұр. Ақын өз өмір тәжірибесін талқылауда жаман өткіздік пе, жақсы өткіздік пе – деген ой тастайды. Жаман – жақсы бірліктері өзара антонимдес бірліктер. Антонимдес бірліктерді қатар қолдану арқылы ақын өз өткен өмірінің ой талқысына оқырманын да тартады. Бұл тілдік рефлексивтердің сөздікте тіркелген мағыналары мынадай: «ЖАҚСЫ — с ы н. 1. Көңілге ұнайтын онды, тәуір. ЖАМАН — с ы н. 1. Ескі, тозығы жеткен» [135, б.752]. Жаман өткіздік пе, жақсы өткіздік пе тілдік рефлексивтің циклдік модельдегі сипаттау элементіндегі мәні – өмірімді қалай өткіздім деген ой талқыны тасымалдап тұр. Аталған элементте қолданылған бірліктердің негізгі тірегі – өткіздік етістігі болса, оның мәнін ашуда ұстеу (әйтейір, бірталай) мен сын есімдердің (жақсы, жаман), барыс септігіндегі зат есім мен -ше жүрнақты есімше етістіктің тіркесімен (жасқа келгенше) жұмсалуы, олардың лексикалық және синтаксистік тіркесімділігіне негізделген.

Сезіну элементіндегі әурешілік, енді, жер ортасы жасқа келдік тілдік рефлексивтердің сөздіктең мағыналарына тоқталайық: *зат*. Әуре болушылық, әурелік [131, б.744]. Синонимдері мен олардың ортақ мағыналары: ӘҮРЕ, САРСАҢ, ӘБІГЕР, ӘҮРЕШІЛІК — Бос мاشақат, нәтижесіз іс [133, б.640]. Ақын өткен өмір тәжірибесіндегі алысадың, жұлысадың, айтисадың, тартысадың бос машақат, нәтижесіз іс екенін сезгенін әурешілік сөзімен таңбалаған. ЕНДІ — үст. 1. Бұдан былай, осыдан кейін 2. ф о л ь к. Бірінен кейін

бірі болған көп қымылды сипаттағанда, әсерін қүшейту үшін әрқайсысынан кейін қолданылатын сөз. 3. Жаңадан ғана, жаңа ғана. 4. Тағы, тағы да, бұдан басқа. 5. Нақ қазір, дәл осы кезде. 6. Олай болса, әйтпесе. 7. сөйл. экспр. Сонда, басқа деген мағынадағы қарсылық, сұраулық мәнде қолданылатын сөз. 8. сөйл. экспр. Тіпті, тіптен, тегі. 9. сөйл. Әрине, әлбетте, қалайда. 10. Осымен, сөйтіп. 11. Қайтадан, қайыра. 12. экспр. Ал келіп, үдетіп. [135, 6.752]. Ақын қолданысындағы *енди* бірлігінің мағынасы *нақ қазір, дәл осы кезде* деген мәнде жұмсалған. «ЖЕР ОРТАСЫ ЖАСҚА КЕЛДІ - Егде тартты, кәрілікке бет алды» [134]. Ақын өз өміріне, өткеніне ой жүгіртіп отырған сәтті қартайғанын, егде тартқанын, сондықтан қажығанын, жалықканын аталған тілдік таңбаларды жұмсаумен білдірген.

Бағалау элементіндегі тілдік рефлексивтердің сөздіктегі мағыналары былай тіркелген: «ҚОРШЫЛЫҚ — з а т. Қорлық өмір, ауыр азап, қыншылық, бейшаралық, сорлылық» [136, 6.752]. Ақын өткен өміріне көз жүгірте отырып, өз өмір тәжірибесін бағалайды және оны қоршылық деген бірлікпен таңбалайды. Бұл тұста ескеретін жайт – ақын тек өз өмір тәжірибесіне ғана баға беріп отырған жоқ, ол өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі қазақ ортасының өмір тәжірибесіне баға беріп отыр. Сондықтан да ақынның циклдік моделдегі элементтерді сипаттайтын етістік сөздер, негізінен, бірінші жақ көпше түрде жұмсалған: өткіздік, алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық, келдік, қажыдық, жалықтық, білдік, қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз?

Ақынның өткен өмірін бағалауы қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? деген риторикалық сұраулы сөйлем құрылымы арқылы жағдайға еніп, ойлануға ұласады. Бұл тілдік рефлексивтің сөздіктегі мағыналары: «ҚАЛҒАН — сын. 1. Бұдан кейінгі. 2. Басқа, басқасы» [134]. «ӨМІР – өмір сұру, адамның дүниеге келуінен ақыретке аттануына дейінгі өткізген кезеңі» [137, б. 60]. Сонда ақынның қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіzemіз деген қолданысының мағынасы – ақыретке аттануға дейінгі өмірімізді қалай өткізуіміз керек дегені, өткені өмірін ой елегінен өткізіп, бағалап, талдауға көшеді. Өз өмір тәжірибесінен өзі білім игереді.

Талдау элементіндегі тілдік рефлексивтердің негізгі тірегі – *бағу* сөзі ( ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, дін бағу, балаларды бағу. Бағым жоқ, баға алмаймын, бағусыз, не бол деп бағам?). Бұл сөздің сөздіктегі тіркелген мағынасы мынадай: «БАҒУ – Бақ етістігінің қымыл атауы» [134].«БАҚ — ет. малды құту, қарау, өсіру» [134]. «Бұл қолданыста бағу тұра мағынасында (мал бағу, балаларды бағу) және ауыспалы мағынада (ел бағу, ғылым бағы, дін бағу) жұмсалған, ортақ мағынасы – құту, қарау, өсіру, дамыту. Ақын қолданысында бұл бірліктер тәуелдік жалғауының 1-жағында, болымсыз тұлғада (бағым жоқ), жіктік жалғауының 1-жағында, болымсыз тұлғада (баға алмаймын) және болымды тұлғада (не бол деп бағам?) жұмсалған. Тағы бір ерекшелігі – ақын өз өмірін талдауда өз-өзіне сұрақ қояды, қолданған сұраулы сөйлемдердің жасалуы түрліше: интонация арқылы (Ел бағу? Мал бағу? Ғылым бағу? Дін бағу? Балаларды бағу?), сұрау есімдіктері арқылы (не бол деп бағам?) жасалған.

Ақынның талдау элементіндегі сұраулы сөйлемдердің қолданылуы оқырманның назарын аудару мақсатын да жүзеге асырады.

Корытынды элементіндегі тілдік рефлексивтердің - *ақыры ойладым*: *оýыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін* – лексика-семантикалық, грамматикалық сипаты да ақынның негізгі өмір тәжірибесінен сабак алу мен оның мазмұнын өзгертудің басқаша жолын қарастыруын нақты білдіреді. Тілдік рефлексив құрамындағы «ақыры» сөзінің мағынасы «АҚЫРЫ - ұст.1. Соңында, ақыр аяғында [138, б.752] дегенді білдіреді және бұл сөзді ақын іс-әрекет жоспары элементінде де (*ақыры осыған байладым*) қолданған. Ал «ОЙЛАУ – Ойла етістігінің қимыл атауы. 1. Пайымдау, топшылау. 2. Армандау, қиялдау. 3. Қамтамасыз ету. 4. ф и л о с. Объективті қоршаған дүниені субъектінің мақсатқа бағындыра заттың және құбылыстардың маңызды байланыстарын және қатынастарын белсенді бейнелеудің жоғарғы түрі. 5. ғ ы л ы м т а н у. Мақсатқа сәйкес және жалпыланған субъектілік танымалдың өмір сүрерлік байланыстары мен құбылыстарының және заттар қатынасының объективті болмысындағы жоғары формасының белсенді көрінісі. 6. б и о л. Адамның алдында тұрған міндеттерді орындауға не тығырықтан шығудың жолдарын саналы түрде табуға бағытталған әрекеттері кезіндегі ми қыртысы қызметінің ең күрделі түрі. 7. п с и х. Ақиқат дүниенің мида жанама түрде ұғымдар арқылы барлық қасиет, байланыс, қатынастармен бейнеленуі. 8. ә л е у м. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс-қатынастарының миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі [139, б. 752] деп анықталады. Сөздіктерде тіркелген мағыналарының ортақ тұсы – ойдың мида және адамның сөзі арқылы әрі өмір тәжірибесіндегі сыртқы дүние заттары мен құбылыстарын байланыстыра адамның міндеттерін орындауға, тығырықтан шығудың жолдарын саналы түрде табуға бағытталған қызметі екендігі. Абай Құнанбайұлының қолданысына ойлау сөзінің сөздіктегі 8-мағынасы сай келеді. Өз өмір тәжірибесін сипаттап, сезіне отырып бағалап, талдап, соның нәтижесінде өткенінен сабак алыш, алдағы өмірінің басқаша жолын таңдайды (қағазға жаза берейін). Сәйкесінше бұл түсіндірмелі салалас сөйлем құрылымымен берілген (ақыры ойладым: ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін). «ЖАЗУ – 1. графикалық элементтер арқылы хабарды (информацияны) сақтап, белгілі бір қашықтыққа жеткізілуін қамтамасыз ететін белгілер жүйесі. 2. ЖАЗУ — зат. Әріптер арқылы қағазға түсірілген ой, пікір» [134].

Іс-әрекет жоспары элементіндегі тілдік рефлексивтердің лексика-семантикалық мағыналары да ақынның бірінші қара сөзінің циклдік моделінің алдыңғы элементтеріне сай қолданған *ақыры*, *енди* бірліктерін қайта жұмсай отырып, өзі жасаған қорытындысына сай жазуды жүзеге асыратын зат атауларын пайдаланады: *ақ қағаз, қара сия*. Бұл сөздердің сөздіктерде тіркелген мағынасы: «АҚ ҚАҒАЗ - а) полигр. Тегіс, ақ түсті, баспа бояуы жақсы жүгітін, жазу-сызуға арналған қағаз түрі. ә) Қағаздың жазылмаған таза беті. б) поэт. Жерге түскен қар» [138, б. 752]. Ақын қолданысында «қағаздың жазылмаған таза беті» мағынасы жатыр. «СИЯ – зат. Қаламұшты матырып, жазу жазуға

арналған бояулы сұйық зат» [140]. «ҚАРА- сын. күйенің, көмірдің түсіндей (түс, бояу) [134]. Ақынның қолданысында *ақ қазаң бен қара сия* тіркесіндегі *ақ* пен *қара* антоним сын есімдер.

Сөздікте «ЕРМЕК ҚЫЛДЫ- Алданыш қылыш, уақыт өткізді» [141, б. 752] деп көрсетілген, ал «БАЙЛАУ – зат. байlam, тоқтам» деген мағынаны береді. Осыған сүйенсек, *ермек қылайын, осыған байладым* – тілдік рефлексивтері ақынның болашақтағы іс-әрекет жоспарының мазмұнын дәл таңбалап түр: ол – өз тәжірибесіне сай ойын қағазға түсіріп, оқырманға ұсыну. Бұл ойын оқырманға қаратады, бұл ақынның *керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі* деген қолданысынан анық көрінеді. Ақынның тілдік рефлексиясы циклдік модель элементтерінде белгілі бір сөздердің қайталануымен (сипаттау/ сезіну элементінде: *жасқа келгение/ жасқа келдік; сезіну/іс-әрекет жоспары элементінде: енді), сұраулы сөйлемдердің, болымсыз сөйлемдердің, антоним сөздердің жұмсалуымен, сипаттау, сезіну, бағалау элементтерінде етістіктердің 1-жақ жіктік жалғауының көпше түрде, жедел өткен шақта, ал талдау, қорытынды, іс-әрекет жоспары элементтерінде 1-жақ жекеше түрде жұмсалуымен сипатталады. Циклдік модель элементтерінде жіктік жалғауының осындай көпше және жекеше түрде жұмсалуының себебін біз былай түсінеміз: сипаттау, сезіну, бағалау элементтерінде етістіктердің жіктік жалғауының көпше түрде 1-жақта жұмсалуы ақынның өз заманындағы өмір тәжірибесін тұтас алып, философиялық ой тулоғымен, ал талдау мен қорытынды, іс-әрекет жоспары элементтерінде етістіктің жіктік жалғауының 1-жақта жекеше қолданылуы – белгіленген іс-әрекетке жеке жауапкершіліктің басым болуымен түсіндіріледі. Осы циклге сүйенген ғалым B. Reid [113, б. 14] рефлексияны сипаттау, талдау, бағалау және ақпараттану мақсатында тәжірибелі қайталау және үйрену деп көрсетеді.*

Кесте 10 – А. Құнанбайұлының он бесінші қара сөзінің циклдік моделі

Циклдік модель элементтері	Откенге қайта оралу
1	2
Сипаттау	Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім.
Сезіну	Өуелі - пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Соңда есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен дағы, күнінде айтса құлак, ойланса көніл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен.

## 10 – кестенің жалғасы

1	2
Бағалау	<p>Есеп кісі орнын таптай, не болса сол бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады еken дағы, күнінде өкінгені пайда болмай-ды еken. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімсіп, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп, бірер қызықты қуғанда-ак мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады еken.</p> <p>Үшінші - әрбір нәрсеге қызықпақтық. Ол өзі бойға құмарлық пайда қылатын нәрсе еken. Әрбір құмарлық өзіне бір дерт болады еken, әртүрлі құмар болған нәрсеге жеткенде, яки әне-міне, жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады еken.</p>
Талдау	<p>Әрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлан, төніректегі қараушылардың көзін ашып, «кананы-мынаны» дегізіп, бойды сыннататұғын нәрсе еken. Сол уақытта есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сыннатпай жүріп ізденеді еken. Есеп кісілер ер-тоқымын тастап, бөркі түсіп қалып, етегі атының к...н жауып кетіп, екі көзі аспанда, жынды кісіше шаба беруді біледі еken, соны көрдім.</p>
Қорытынды	<p>Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзінен өзің есеп ал!</p>
Іс-әрекет жоспары	<p>Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің еken, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылышып өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгенінді өзің де білмей қалыптысың?</p>

Сондай-ақ Л.В. Тараканова ұсынған жіктемедегі рефлексияның тұлғалық, коммуникативті, интеллектуалды, әлеуметтік, экзистенциалды және саногенді түрлерінің Абайдың қара сөздерінде кездесетінін талдау нәтижесінде анықтадық.

Абайдың «Бірінші қара сөзінде»: Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бір талай ғұмырымызды өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді дер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің байлаусызын, баянсызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын [93, 6.3]. Абайдың осы жасқа дейінгі өміріне қайта оралып, уақытын қалай өткізгендігіне өзінше талдау жасағанын аңғарамыз. Ақынның өзіне рефлексия жасауы қарама-қарсы мәндегі жақсы, жаман тілдік бірліктері арқылы, алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық сынды синонимдік қатар арқылы берілсе, өмірінің кезеңін сипаттауы, оған талдау жасауы (қылып жүрген ісіміздің байлаусызын, баянсызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік), қорытындыға келуі (Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз?) тілдік рефлексияны анықтайды. Мұндағы тілдік рефлексивтердің таңдалуы

ақынның сөз саптау шеберлігіне, оқырманның өзінің ойын жете түсінуін, яғни кодқа салынған ақпаратты ашуын мақсат еткендігімен түсіндіріледі. Өмірінің үш кезеңін (*бұл жасқа келгенше, жер ортасы жасқа келдік, қалған өмірімізді*) ажырату арқылы рефлексивті дағдысының қалыптасқанын аңғаруға болады. Осылайша, өмірін сарапал, қорытынды жасап, ендігі жерде қандай әрекет жасайтынына шешім шығарғанын мына сөздерінен байқай аламыз: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» [93, б. 3]. Ақынның ойын бейнелейтін тілдік рефлексивтер сипаттау, сезіну, талдау, баға беру, қорытынды жасау және жоспарлау сынды ойлау үдерісінің белгілі бір сатысын танытатын когнитивтік құрылымдардан көрініс табады. Ақпаратты қабылдау мен оны ой елегінен өткізу және өзгелерге жеткізу үшін ой түзу, сөз түзу когнитивтік үдеріс деп алсақ, сол ақпаратты тудырушы Абайдың ойлау қызметінде рефлексияның реттілікпен (бұл жасқа келгенше, жер ортасы жасқа келдік, қалған өмірімізді, ақыры ойладым, өз сөзім өзімдікі, ақыры осыған байладым) берілгенін аңғаруымызға болады. Зерттеушілер «Хабарды өндөлу сатылары мен оны пайдалануға мүмкіндік беретін тетіктер жинағын тілдік модуль ұғымымен сәйкестендіреді» [142, б. 39]. Ақпаратты когнитивті өндеудегі маңызды механизмдердің біріне лексиконды жатқызысақ, Абайдың бірінші қара сөзіндегі анықталған рефлексивтердің лексикалық құрамы қазақ тілінің төл, жалпы халықтық сөздерінен турады.

«Кез келген ортада адам өзін де өзгені де ой елегінен өткізуі керек және ол үшін алдымен өзінің іс-әрекеттеріне үңілгені аbzal» [143, р. 88]. Екінші қара сөзінде: «Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты қөрсе, құлуші еді «ененді ұрайын, кең қолтық, шұлдіреген тәжік, Арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт деген осы» деп. Сонда мен ойлаушы едім: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антүрган, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп, әлгі айттылмыш сөздерді бір ұлken қызық қөріп, қуанып құлуші едім. Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмелеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, құлген сөздеріміз қайда?» [93, б.6]. Бұл қара сөзінде ақын тағы да өткен өміріндегі балалық шағына көз тастап, салыстырмалы түрде ой қорытады. Бұл үзіндіде Абай өз ортасында жеке басына ғана рефлексия жасап қоймай, қазақ ұлты мен басқа ұлттарға, олардың іс әрекеттеріне баға бере отырып сипаттайды. Мұны ақынның басқа халық жайындағы жаман, антүрган және ең тәуір деп сынни көзқарас берген тілдік бірліктерінен бағамдауға болады. Ақынның бұл қара сөзінен жоғарыдағы жіктемеге сәйкес ортақ мақсаттағы бірлескен іс әрекетті түсіну **кооперативтік рефлексия** түрімен сәйкеседі. Бұл тілдік рефлексивтердің де қарама-қарсы мәндегі сипатымен анықталады.

Ушінші қара сөзі: «Қазақтың бірінің-біріне қасқунем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтүғының, рас сөзі аз болатуғының, қызметке

талақыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Һәммағаламға белгілі данышпандар әлдекашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» [93, 6.8]. Абай бұл сөзінде ұлттың сипатын анықтап, оның себебін іздеуде жағымсыз бағалауыштық мәндегі рефлексивтерді (қаскунем, қорқақ, рас сөзі аз, қайратсыз, мақтаншақ, ақылсыз, надан, жалқау, арсыз, қызметке талақыш, тойымсыз, өнерсіз) қолданады. Осы орайда, Абай тілінің менталды үйимдасуы басқа адамдардың қарым-қатынасын талқылауда **коммуникативті және әлеуметтік рефлексия** түрімен анықталып, этнос табиғатын сипаттауда тілдің күрделі когнитивтік қызметінің нәтижесі бол саналады.

Төртінші қара сөзден: «Әрбір байқаған адам білсе керек: құлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил көп өтетүғынын да, әрбір мастың сөйлеген кезінде бас ауыртатұғынын. ... Әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек. Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұл дүниенің рахатының кайда екенін білмей, бірін-бірі андып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылышпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды» [93, 6.13]. Бұл қара сөзінде адамның екі дүние арасындағы өміріне сынни көзқараспен қарап (**экзистенциалды рефлексия**), ахиретке дейінгі өмірді адамдардың жарамсыз пайдалануын синонимдердің (қор етіп, ескерусіз, жарамсыз қылышпен, босқа) көмегімен сипаттайтын.

Шетелдік зерттеушілер: «Тілді қолдану адамдардың нақты әлемдегі әртүрлі нысандарды қалай түсінетінін шешуші сынни шектеу», - деген пікір білдіреді [144]. Абайдың келесі бесінші, алтыншы және жиырма тоғызыншы қара сөздерінде ақын қазақтың мақал-мәтелдеріне («Тұстік өмірің болса, күндік мал жи», «Өзінде жоқ болса, әкен де жат», «Мал – адамның бауыр еті», «Малдының беті – жарық, малсыздың беті – шарық», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Берген перде бұзар», «Алаған қолым – береген», «Мал тапқан ердің жазығы жоқ», «Байдан үмітсіз – құдайдан үмітсіз», «Қарның ашса, қаралы үйге шап», «Қайраны жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без», «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік») сынни талдау жасағанын аңғарамыз. Әр ұлттың өзіне тән дүниетанымы, болмысты қабылдаудағы түрлі көзқарасы субъектінің санасында көрініс тауып, жеке тілдегі жүйелі қатынас негізінде әлемнің ұлттық бейнесіне ұласады. Осылайша, қазақ ұлтының өзіндік ерекшелігін, басқаға ұқсамайтын қасиетін, өмір сұру қалыбын А. Құнанбайұлы тіл арқылы сынни тұрғыдан кескіндеп, ұрпақтан-ұрпаққа сақталып келе жатқан когнитивтік код арқылы қазақ халқының танымынан, тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінен хабар береді. Ұлы ойшылдың келесі қара сөздеріндегі тілдік рефлексивтерді кесте түрінде ұсынуды жөн көрдік (11-кесте):

Кесте 11 – А. Құнанбайұлының қара сөздеріндегі тілдік рефлексивтер және рефлексия түрлері

Қара сөздердің реттік саны	Тілдік рефлексивтер және рефлексия түрлері (Л.В. Тараканова жіктемесіне сәйкес)
1	2
Бесінші қара сөз	Қазақтар: «Ә, құдай, жас баладай қайғысыз қыла гөр!» деп тілек тілегенін өзім көрдім. Бірақ, жас бала қызыл ошақтан қоркушы еді, бұлар тозақтан да қорықпайды екен. Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді, бұлар нeden болса да ұялмайды екен. Ақынның адамдар арасындағы қарым-қатынасты талқылауы рефлексияның коммуникативті түрімен сәйкеседі.
Жетінші қара сөз	«Кайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз тұк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлертірілерімізді білмей, куре тамырымызды адырайтып кетеміз». Тұлғаның білімі мен іскерлігін дұрыс немесе бұрыс қолдануы жөніндегі талдауы интеллектуалды рефлексияның көрінісі.
Тоғызыншы қара сөз	«Осы мен өзім - қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін. Әншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе? - еш білмеймін. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалышты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Құлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі». Мұнда ақын Абай өзінің эмоционалдық жағдайына бақылау жасап, ашулану, құлу, ызалану, қуану секілді етістіктерді қолданғанын көре аламыз. Бұл рефлексияның саногенді түрімен сәйкессе, өзім, қазақпын, өзіме-өзім бірліктері тұлғалық рефлексияны айқындаиды.
Он тоғызыншы сөз	«Адам ата-анадан тұғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дұниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады». Бұл сөздерден жеке тұлғаның өмір сүру кезеңінде білім үйреніп, жақсы мен жаманды ажырататындей қабілетке ие болатынын рефлексия жасау үдерісімен мүмкін болатынын түсіне аламыз. Тұлғаның білімі мен іскерлігі, дағдысы жайындағы ойлары интеллектуалды рефлексия түрімен анықталады.

## 11 – кестенің жалғасы

1	2
Жиырмасыншы қара сөз	<p>«Дүние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бірқалыпты тұрмайды. Әрбір мақлұққа құдай тагала бірқалыпты тұрмақты берген жоқ. Енді көніл қайдан бірқалыпты тұра алады? Бірақ осы жалығу деген әрнені көрем деген, көп көрген, дәмін, бағасын, бәрінің де баянсызын біліп жеткен, ойлы адамнан шығады. Соншалық ғұмырының баянсызын, дүниенің әрбір қызығының ақырының шолақтығын көрген-білгендер тіршіліктен де жалықса болады. Бұлай болғанда ақымақтық, қайғысыздық та бір ғанибет екен деп ойлаймын». Өмірдің мәні, дүниенің баянды, баянсыз екендігі жөніндегі ой-толғамы рефлексияның экзистенциалды түрімен анықталады.</p>

Ақынның қара сөздерді жазу кезеңдерін (1890-1898 жж.) ескеретін болсақ, рефлексия үдерісінің тәжірибе арқылы қалыптасатын, адамның көрген-білгенін, өмірлік түйгенін, санадан өткізіп, өзіндік қорытынды жасап, өмір бойы жүзеге асатын процесс екендігін дәлелдейді. Мұны төмендегі 12-кестеден аңғарамыз:

### Кесте 12 – Абай «Қара сөздерінің» жазылу кезеңдері

Кезеңдер	Қара сөздер
1890 жыл	Бірінші, екінші сөздер
1891 жыл	Үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші сөздер
1892 жыл	Тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші сөздер
1893 жыл	Он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы сөздер
1894 жыл	Жиырмасыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші сөздер
1895 жыл	Жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші сөздер
1896 жыл	Отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші сөздер
1897 жыл	Отыз тоғызыншы, қырқыншы, қырық бірінші сөздер
1898 жыл	Қырық екінші, қырық үшінші, қырық төртінші, қырық бесінші сөз

Ақын туындыларындағы рефлексиясы жоғарыда аталғандай, белгілі бір реттілікпен, сипаттау, сезіну, бағалау, талдау, қорытынды жасау және келесі әрекетін жоспарлау элементтерінен тұратыны аңғарылады. А.

Құнанбайұлының он бесінші қара сөзінде кездесетін тілдік рефлексивтерді аталған элементтер негізінде топтастыруға болады:

1) сипаттау элементіндегі тілдік рефлексивтер: ақылды кісі мен ақылсыз кісі, менің білуімше, парқын көрдім.

2) сезіну элементіндегі тілдік рефлексивтер: пенде, адам, қызықты нәрсе, қызықты уақыт.

3) бағалау элементіндегі тілдік рефлексивтер: есті адам, орынды іс, есер кісі, орнын таппай, баянсыз, бағасыз нәрсе, итқорлықпен өткізіп алу, қайрат қылуға жарамау.

4) талдау элементіндегі тілдік рефлексивтер: мастық, бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, бойды сынататұғын нәрсе, есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен, есер кісілер, жынды кісіше шаба беруді біледі екен, соны көрдім.

5) қорытынды элементіндегі тілдік рефлексивтер: Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!

6) іс-әрекет жоспары элементіндегі тілдік рефлексивтер: алдыңғы есеп, өмірді қалай өткіздің, жарамды, өкінбестей қылықпен өткізіппісің? не қылып өткізгенінді өзің де білмей қалышпсың?

А. Құнанбайұлының он бесінші қара сөзіндегі тілдік рефлексивтердің лексика-семантикалық және грамматикалық сипаты ақынның ой түзу, сөз түзу ниеті мен мақсатына сәйкес келеді. Он бесінші қара сөзінің сипаттау элементіндегі ой *акылды* кісі мен *акылсыз* кісіні қарама-қарсы қою арқылы жүзеге асқан. Аталған тілдік рефлексивтердің сөздіктегі мәніне тоқталсақ: «АҚЫЛДЫ – сын. Есті, парасатты, сана сезімі жоғары», «АҚЫЛСЫЗ – сын. 1. Ессіз, санасыз, ойсыз. 2. Ой-өрісі тар, ақымак» [138, б. 752]. «КІСІ – зат. 1. Адам, пенде, жан. 2. Барлық адам баласы, адам атаулы. 3. Адамдық қасиеттердің нақты бір тұлғада жүзеге асу деңгейін көрсететін шама. 4. филос. Дүниемен тікелей немесе жанама қатынаста болып, іс-тәжірибелік және рухани мәселелерді шешу барысында өз болмысын өзгерте алатын адам, субъект. 5. Бөтен біреу, бөгде адам. 6. ауыс. Конак, мейман. 7. ауыс. Қол, әскер» [145]. Сипаттау элементінде қолданылған *кісі* сөзінің мағынасы адамдық қасиеттердің нақты бір тұлғада жүзеге асу деңгейін көрсететін шама дегенге сай келеді. Сол себепті кісі сөзін ақын «кісінің парқы» деген тіркеспен береді. «ПАРЫҚ – «ажырату, айырмашылығын білу», «айырмашылық, өзгешелік» деген мағынаны білдіреді [146]. Ақын ақылды кісі мен ақылсыз кісінің айырмашылығына қатысты ойын сипаттап, өз пікірін *менің білуімше* тілдік рефлексиві арқылы таңбалайды. Сипаттау элементіндегі негізгі ой жедел өткен шақта, 1-жақ жіктік жалғауымен келген көрдім етістігіне шоғырланған. «КӨРУ - Көр етістігінің қимыл атауы. 1. Тарау, көз тігу. 2. ауыс. Қызықтау, қасында болу. 3. ауыс. Кездесу, жолығу» мағыналарын білдіреді [138, б.752]. Ақын *парқын көрдім* деген тіркесте көрдім етістігін *білдім, анықтадым* (айырмашылығын білдім, анықтадым) деген мағынада жүмсаған.

Сезіну элементіне сай келетін тілдік рефлексивтер *пенде*, *адам*, *қызықты нәрсе*, *қызықты уақыт*. Оларға жеке-жеке тоқталсақ: «ПЕНДЕ – [ир.]зат. 1. Тірі жан, адам, адамзат. 2. діни. Құдайдың құлы. 3. Алланың құлы» [140, б.816]. «АДАМ – зат. 1. филос. Ойлау және сөйлеу қабілеті зор, еңбек құралдарын жасап, оларды өз игілік қажетіне жарата біletін қоғамның саналы мүшесі. 2. Адамзат өкілі, кісі. 3. псих. Генетикалық жақтан өмірдің басқа формаларымен байланысты және ол формалардан еңбек құралдарын өндіру қабілетінің арқасында бөлініп шыққан, түсінікті сөйлей, ойлай алатын, саналы био-әлеуметтік тіршілік иесі. 4. діни. Алланың жаратқан құлы, пенде. 5. Өзіндік мінез-құлқы, ой-өрісі, түр-түрпаты бар ерекше жеке тұлға. 6. экспр. Рухани толысқан, жан-дүниесі бай, ақыл- парасат иесі. 7. Тірі жан, тіршілік иесі, кісі атаулы. 8. Кім болса да, қайсыбір, қандай да бір кісі. 9. Өлшем, бірлік мағынасында. 10. ауыс. Халық, жұрт, көпшілік. 11. ауыс. Қандай да бір міндет жүктеген, осы міндетін атқарушы кісі немесе біреудің, бір нәрсенің құзырындағы тұлға, қызмет, кәсіп иесі, қандай да бір топ өкілі» [138, б.752]. *Пенде*, *кісі*, *адам* сөздерінің мағыналары жуық, олар синоним сөздер. Бірақ ақынның пенде адам болып жаратылған соң деген тіркесінде *пенде* мен *адам* сөзінің мағынасын ажыратып қолданғаны байқалады. Адам сөзінің бұл элементке сай мағынасы өзіндік мінез-құлқы, ой-өрісі, түр-түрпаты бар ерекше жеке тұлға дегенге саяды. Олай деуіміздің себебі ақынның адамның қызықты нәрсесін іздейген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады деген тұжырымы. Адам қызықты нәрсені іздейді, ол сол адамның өмірінің қызықты уақыты болып саналады. «ҚЫЗЫҚТЫ – с ы н. Көнілді, тартымды, қызғылықты» [136, б.752] деген мағынаны білдірсе, «НӘРСЕ – з а т. 1. ф и л о с. Қандай да бір затты, әлдебір құбылысты білдіретін ұғым. 2. д е р е к т і. Бұйым, зат. 3. Дүние-мұлік. 4. д е р е к с і з. Ұғым, түсінік. 5. Жағдай, себеп, мәселе » [139, б. 752] дегенді, ал «УАҚЫТ – [а р. ] з а т. 1. ф и л о с. Материяның үздіксіз дамуы мен өмір сүруінің объективті бір формасы; мезгіл, мерзім. 2. Сэт, кез, мезет. 3. а у ы с. Заман, дәуір» [136, б.752] мағынасын білдіреді. Ақынның қызықты нәрсе деген тіркесінің мағынасы «*көңілді жағдай*», ал қызықты уақыт тіркесінің мағынасы «*қызықты өмір сүру*» дегенге сай келеді.

*Бағалау* элементіндегі тілдік рефлексивтер: есті адам, орынды іс, есер кісі, орнын таппай, баянсыз, бағасыз нәрсе, итқорлықпен өткізіп алу, қайрат қылуға жарамау.

Ақын өз өмір тәжірибесіне сүйене отырып, өмірінің қызықты кезеңіне тандаған қызықты ісіне қарап адамдарды екі түрге бөліп бағалайды: есті адам, есер адам. Сезіну элементінде қолданған *ақылды* кісі мен *есті адам*, *ақылсыз* кісі мен *есер адам* өзара синонимдес болады, ал *есті* мен *есер* сөздері өзара антоним мағынада жұмсалып тұр. Аталған тілдік рефлексивтің сөздікте бекітілген мағыналарына көз салсақ: «ECTI – с ы н. 1. Ақылды, парасатты, саналы. 2. Білімдар, ойшыл. 3. Көкейге қонымды, дұрыс айттылған» мағынасын білдірсе, «ЕСЕР – с ы н. 1. Ойна келгенін істейтін әумесер, тентек, есірік. 2. Ақымақтау, әңгілеу» [141, б. 752] мағынасын білдіреді. Абай Құнанбайұлының бағалауынша, есті адам орынды іс жасайды, есер адам орнын таппайды.

«ОРЫНДЫ – сын. 1. Орны бар. 2. Жөнді, ретті, қисынды» [135, 752]. Ақын қолданысындағы орнын таппай тіркесі қазақ тіліндегі орнын тапты тұрақты тіркесінің болымсыз мәнде жұмсалған түрі. Сөздікте «ОРНЫН ТАПТЫ - а) Сәтті орналасты, қалыптасты. ә) Теңін тауып, тұрмысқа шықты» деген мағынада тіркелген. Ақын есер адамның өмір жолының дұрыс қалыптаспайтынын атап отыр. Есер адам баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығады. «БАЯНСЫЗ – тұрақсыз», «БАҒАСЫЗ – с ы н. 1. Бағасы қойылмаған, бағасы жоқ 2. а у ы с. Арзан, татымсыз, маңызсыз, мәнсіз. 3. а у ы с. Аса қымбат, баға жетпес» деген мағыналарды білдіреді. Ақын есер адамның тұрақсыз, арзан, маңызсыз істермен айналысуы дұрыс емес деген баға береді. Есердің өмірі итқорлықпен өтетінін атайды. Бұл қолданыстағы «ИТҚОРЛЫҚ» сөзінің мағынасы – зат. Азап, мехнат, қиыншылық. Есер адам қайрат қылуға жарамайды. Ақын қазақ тіліндегі қайрат қылды тіркесін болымсыз мәнінде қайрат қылуға жарамады деп қолданады. «ҚАЙРАТ ҚЫЛДЫ – Күш жұмсады, қарсыласты» деген мағынаны білдіреді, ал есер адам күш жұмсауды білмейді. Қайрат сөзінің синонимдік қатарына мына бірліктер кіреді: күш, қуат, әл, қайрат, дәрмен, қажыр, жігер, қауқар, қару, мұрша, дымак, шама, шарық, қаумет. Ортақ мағынасы: адамның, жан-жануардың қимыл-қозғалысын, сыртқы ортаға физикалық әсер етуін қамтамасыз ететін ықпалы, әсері» [133, б.640].

Талдау элементіндегі тілдік рефлексивтердің сөздікте тіркелген мағыналары мынандай:

«МАСТЫҚ – зат. 1. Арақ-шарап сияқты сусын ішіп мас болушылық, қызуулық. 2. ауыс. Табысқа, жақсы өмірге, қарны тоқтыққа, қамсыздыққа т.б. бас айналушылық, дандайсушылық» [139, б. 752], ақынның қолданысында «мастық – табысқа, жақсы өмірге, қарны тоқтыққа, қамсыздыққа т.б. бас айналушылық, дандайсушылық» мағынасында қолданылған. Эрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, бойды сынататұғын нәрсе деген тіркестегі ақынның ойы «қарны тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын» деген ойымен үндеседі. А. Құнанбайұлының бұл тіркесіндегі «ОФАТ – с ы н. 1. Өрескел, ерсі, 2. Бөтен, бөгде, 3. Өрескел іс, өкініш» деген мағынаны білдіреді [139, б.752], демек жақсы табысқа дандайсушылық өрескел іс жасауға аппаратындығын түйіндейді. Ол мастықтың салдарынан ақылдың көзін байлауға экеледі. Бұл жерде «АҚЫЛДЫҢ КӨЗІН БАЙЛАДЫ — Еш нәрсені ойлатпады, андатпады, пайымдатпады» деген мағынада жұмсалып тұр. Есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен» дегені – ақылдылар өкінетін іс жасамайды, ал есер кісілер, жынды кісіше шаба беруді біледі екен деген тіркестегі «ЖЫНДЫ – есінен, ақылынан ауысқан, шайтандық» мағынасында жұмсалып тұр. Ақын өз талдауында есті мен есерді қарала-қарсы сипаттап, олардың негізгі айырмашылығын саралайды. Өз талдауын «соны көрдім» тіркесімен түйіндейді. **Соны** – табыс септік жалғауымен келген сол сілтеу есімдігі, ақынның есер мен естіге қатысты ойын, талдау сонында тұжырымдал тұр, әрі алдыңғы ойды сөйлемнің соңғы бөлігіне

тасымалдап, олардың грамматикалық-семантикалық байланысын жүзеге асырып тұрған анафора.

*Қорытынды элементіндегі тілдік рефлексивтер*. Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен езің есеп ал! деген сөйлем мазмұнында шоғырланып, *есеп ал* предикатында бекіген. «ЕСЕП АЛДЫ – а) Бас-аяғын түгендеді, санын шығарды. ә) Тексерді, байқады. б) ресми. Иерархиялық қатынаста тұрған мекемелер мен адамдардың жоғарғысының төменгісінен есеп сұрауы, қабылдауы» деген мағыналарға ие. Ақынның сөзінде бұл, өзіңді өзің *тексер*, бақыла деген мағынада жұмсалған. Ақынның ой-қорытындысы бойынша есті кісілердің қатарында болудың шарты – күнінде *бір рет*, не жұмасында *бір рет*, ең болмаса айында *бір рет өзіңнен өзің есеп алу*. Ақынның қара сөзінің циклдік моделінің іс-әрекет жоспары элементінде өзіңнен өзіңнің есеп алуынның қалай жүзеге асатыны көрсетілген, ол мына тілдік рефлексивтер мағынасына бекіген: «ЕСЕП – зат. 1. Бір нәрсе туралы ой-пікір, болжам. 2. Ойлау арқылы шешуді қажет ететін мәселе. 3. пед. Төрт амалға негізделген пән» [141, б. 752]. Ақынның қолданысында бұл – «әр адамның өз өмірін өзі қалай өткізгенін анықтау мақсатындағы ой-пікір, болжамы» мағынасында қолданылып тұр. Ол ойын таңбалалауда ақын тағы да сұраулы сөйлем күрылымын пайдаланғаны байқалады: Өмірді қалай өткіздің? Өкінбестей қылышпен өткізіп пісің? Не қылышпен өткізгенінді өзің де білмей қалышпышың?

Тіл – рефлексияны негізгі тасымалдаушы, таңбалалаушы жүйе. Ал рефлексия мен коммуниканттың тұлғалық сипаты бір-бірінен ажырамайды. Рефлексияның тілдік көрінісі сөйлеушінің не жазушының тұлғалық сипатымен тікелей байланысты болады және өзінің әлеуметтік ортасына, қоғамдық құбылыстарға, басқаша айтқанда, әлемге қатысты ақпараттарға жасаған рефлексия қорытындысымен сабактасады. Абайдың «Қара сөздеріндегі» рефлексивтер – ақынның интеллектуалды әрекетінің және тұлғалық сипатының тілдік көрінісі. Олар сипаттау, сезіну, бағалау, талдау, қорытынды жасау және келесі әрекетін жоспарлау әрекеттеріне сай таңдалған тіл бірліктері арқылы таңбаланған.

Абайдың «Қара сөздеріндегі» тілдік рефлексивтер «автордың айтқысы келгені» мен «автордың нені айтқанын» оқырманының дұрыс қабылдауына, дұрыс түсінуі мен зерделеу барысындағы тілдік рефлексивтердің түзілуіне ықпал етеді. Сол арқылы Абайдың «Қара сөздері» оқырманның ішкі әлемінің күрамдас бөлігіне, біліміне айналады.

## 2.2.2 О. Уайлдтің «Дориан Грейдің портреті» мәтініндегі тілдік рефлексияның циклдік моделі

Оскар Уайлдтің «Дориан Грейдің портреті» мәтінінің зерттеу нысаны ретінде алынуы – автордың рефлексиясы үш кейіпкердің негізінде автобиографиялық бейнесін суреттеуімен сәйкеседі. Бұл жөнінде автордың осы туындыға қатысты жазған хатындағы мына үзінді дәйектейді:

«I am so glad you like that strange coloured book of mine: it contains much of me in it. Basil Hallward is what I think I am: Lord Henry what the world thinks me: Dorian what I would like to be — in other ages, perhaps» [147, б. 585] (Сізге менің біртүрлі кітабымның ұнағанына өте қуаныштымын: онда мен туралы көп нэрсе бар. Бэзил Холлвард — мен өзімді кім деп санайтын; лорд Генри — әлемнің мені қалай ойлайтыны; Дориан — басқа заманда менің қандай болуым мүмкін екені). Демек, автордың өзіне рефлексиясы, өзіндік ойлары көркем мәтіндегі Бэзил Холлвардтың кейпінде ұсынылады. Автор тек жеке басына ғана өзіндік пікірін беріп қоймай, өзі жайындағы қоғамның пікірін де келесі кейіпкердің (лорд Генри) тілімен бейнелейді. Бұл автобиографиялық аспект жайында Joseph Carroll: «Aestheticism, Homoeroticism, and Christian Guilt in The Picture Of Dorian Gray» [148] еңбегінде былай жазады: «Wilde invests part of his identity in each of the three characters, and the relations among them reveal the divisions within that identity. Lord Henry is what the world thinks Wilde is because in his own essayistic writings Wilde actually says many of the same things that Lord Henry says. Lord Henry often sounds like Wilde, but unlike Wilde, Lord Henry is not himself an artist. His creativity limits itself to the formulation of epigrams. Basil is a moralist, not a wit, but he is also a true artist. For Wilde, the central enigma of personal identity is that the creative spirit, as it is embodied in Basil, is fundamentally divided against itself. Basil is devoted to Dorian as the embodiment of purely sensual beauty, but he also believes in the "soul"; he believes, that is, in the continuity of moral identity—in the bonds we have with others that form part of our own inner selves» (Уайлд өзінің жеке болмысының бөлігін үш кейіпкердің әрқайсысында көрсетеді және олардың арасындағы қарым-қатынас осы болмыстың ішіндегі қарама-қайшылықтарды ашады. Лорд Генри — әлемнің Уайлдты қабылдауы, өйткені Уайлд өзінің эссеистік еңбектерінде кейіпкер лорд Генри айтқандай, көптеген нәрселерді айтады. Лорд Генридің тілінен Уайлд сезіледі, бірақ Уайлдтен айырмашылығы, лорд Генри өзі суретші емес. Оның шығармашылығы эпиграммаларды берумен шектеледі. Бэзил — моралист, тапқыр емес, бірақ ол нағыз суретші. Уайлд үшін жеке тұлғаның басты құпиясы — шығармашылық рухтың Бэзилде бейнеленгендей, өзіне қарсы түбегейлі болінуі. Бэзил Дорианға таза сезімтал сұлулықтың бейнесі ретінде жан-тәнімен берілген, сонымен қатар ол "жанға" сенеді: яғни, моральдық сәйкестіктің сабактастығына – біздің ішкі болмысымыздың бір бөлігін құрайтын басқаларымен байланыстарымыз) [148, б.298]. Осылайша, автордың рефлексиясы кейіпкерлер тілінде жағымды, жағымсыз бағалаулар, ішкі қарама-қарсы ойлар, өмірлік тәжірибеге сүйенген кеңестер, қоршаған ортаның пікірі сынни тұрғыда көрініс береді.

Автордың өмірлік ұстанымдары, адамгершілік мораль, сұлулыққа құштарлық, адалдық пен қиянат сынды мәселелер, өнерге деген құрмет мәтінге арқау болады. Адамның сыртқы келбеті мен ішкі әлемінің сәйкесе бермейтінін, сыртқы сұлулықтың жан дүниедегі қунәні, қателіктерді жасырып қала алмайтынын, қоғамдағы жамандық пен жақсылықтың қарама-қайшылығын автор шебер жеткізген. Өзі өмір сүрген қоғамдағы әлеуметтік, саяси

мәселелерді қозғап, викториандық дәуірдегі Англияның элиталық топ өкілдерінің қылмыстарына көз жұма қарағанын өткір сынға алады.

О. Уайлдтің «Дориан Грейдің портреті» [149] – кейіпкердің ар-ожданы мен рухының көрінісі. Әрбір жасаған қателігі мен қунәсі Дорианның жүзінде із қалдырмай, тек салынған портретте өзгеріске ұшырауы – адам жанының өмірлік тәжірибесі оның санасында, рухында өзіндік із қалдыратынын мензейді. Адамның өткен шаққа ойша оралып, әркімнің жасаған ісіне жауапты болатынын, қателіктерден сабак алу қажеттігін автор осы көркем мәтін арқылы жеткізеді. «Дориан Грейдің портреті» – кейіпкердің ішкі әлемін көрсететін, рефлексиясының нәтижесінде өзгеріске ұшырайтын адам жанын бейнелейді. Мұны сыртқы әлем сезбегенімен, осы портретте бейнеленген Дориан өзінің ішкі хәлінің, рухани әлемінің құлдырауын барынша жасыруға тырысты. О. Уайлд Дорианның портреті арқылы жеке адам болмысындағы екі жақты (ішкі және сыртқы) құбылысты бейнелейді, бұл автор рефлексиясының нәтижесі. Көркем мәтінде бұл рефлексия кейіпкерлердің сөзіндегі тілдік рефлексивтер арқылы таңбаланады. Осы рефлексивтерді Оскар Уайлдтің көркем мәтінінен Г. Гиббстің циклдік моделіне сәйкес (13-кесте) былайша топтастырдық:

1) сипаттау элементіндегі жазушының өткен шағына қатысты ойды, жағдайларды білдіретін тілдік рефлексивтер: two months ago (екі ай бұрын), poor (бейшара), ourselves (өзіміздің), savage (жабайы), in society (қоғамда), from time to time (ара-тұра).

2) сезіну элементіндегі тілдік бірліктер: I felt that I was growing pale growing pale (бозғылт тартып бара жатқанымды сездім), a curious sensation of terror (қызық қорқыныш сезімі).

3) бағалау элементіндегі тілдік рефлексивтер: mere personality (көркінің өзі), fascinating (танғаларлық), whole nature, whole soul (бүкіл жан-дүниемді).

4) талдау элементіндегі тілдік рефлексивтер: external influence (сыртқы әсер), in my life (өмірімде), how independent (қашалықты тәуелсіз), by nature (табиғатымнан), always (әрқашан), my own master (өз-өзіме қожайын), so (солай), till (дейін).

5) қорытынды элементіндегі тілдік рефлексивтер: Then (садан кейін), I was on the verge of a terrible crisis in my life (менің өміріндегі қорқынышты дағдарыстың алдында тұрганымды, fate had in store for me exquisite joys and exquisite sorrows (тағдыр маған жан тебірентерлік қуаныш пен жанға батарлық қайғы дайындал қойған).

6) іс-әрекет жоспары элементіндегі тілдік рефлексивтер: I grew afraid and turned to quit the room (Мен қорқып, бөлмеден шығуға бұрылдым), It was not conscience that made me do so: it was a sort of cowardice (Мені мұндай әрекетке итермелеген ар-ұждан емес: бұл қорқақтық еді), I take no credit to myself for trying to escape (Мен қашуға тырысқаным үшін өзімді мақтан тұттаймын).

Кесте 13 – О. Уайлд көркем мәтінінің циклдік моделі

Циклдік модель элементтері	Откенге қайта оралу
1	2
Сипаттау	<p>Two months ago I went to a crush at Lady Brandon's. You know we poor artists have to show ourselves in society from time to time, just to remind the public that we are not savages.</p> <p>Екі ай бұрын мен Леди Брэндонның үйіне бардым. Білесіз бе, біз бейшара суретшілер өзіміздің жабайы емес екенімізді жүртшылықтың есіне салу үшін қоғамда ара-тұра өзімізді көрсетуіміз керек.</p>
Сезіну	<p>Well, after I had been in the room about ten minutes, talking to huge overdressed dowagers and tedious academicians, I suddenly became conscious that someone was looking at me. I turned half-way round and saw Dorian Gray for the first time. When our eyes met, I felt that I was growing pale. A curious sensation of terror came over me.</p> <p>Бөлмеде он минуттай болған соң, үлкен киімдегі жесірлермен және жалықтыратын академиктермен сейлесіп тұрғанымда, кенеттен біреудің маған қарап тұрғанын түсіндім. Мен жарты жолда бұрылып, Дориан Грейді бірінші рет көрдім. Көзіміз түйісіп қалғанда бозарып бара жатқанымды сездім. Мені бір қызық қорқыныш сезімі биледі.</p>
Бағалау	<p>I knew that I had come face to face with someone whose mere personality was so fascinating that, if I allowed it to do so, it would absorb my whole nature, my whole soul, my very art itself.</p> <p>Көркінің өзі соншалықты таңқаларлық адаммен бетпе-бет келгенімді білдім, егер оған рұқсат берсем, ол менің бүкіл болмысымды, бүкіл жан-дуниемді, өнерімнің өзін жұтып жіберер еді.</p>
Талдау	<p>I did not want any external influence in my life. You know yourself, Harry, how independent I am by nature. I have always been my own master; had at least always been so, till I met Dorian Gray.</p> <p>Мен өмірімде ешқандай сыртқы әсерді қаламадым. Менің табигатымнан қаншалықты тәуелсіз екенімді өзінің де білесіз, Гарри. Мен әрқашан өзіме қожайын болдым; кем дегенде Дориан Грейді кездестіргенге дейін әрқашан солай болды.</p>
Қорытынды	<p>Then—but I don't know how to explain it to you. Something seemed to tell me that I was on the verge of a terrible crisis in my life. I had a strange feeling that fate had in store for me <u>exquisite joys and exquisite sorrows</u>.</p> <p>Содан кейін, бірақ мен оны сізге қалай түсіндірімді білмеймін. Бірдене менің өмірімдегі қорқынышты дағдарыстың алдында тұрғанымды айтып тұрғандай болды. Мен біртүрлі сезімде болдым, тағдыр маған <u>жан тебірентерлік қуаныш</u> пен <u>жанга батарлық қайғы</u> дайындал қойған.</p>

## 13 – кестенің жалғасы

1	2
Iс-әрекет жоспары	<p>I grew afraid and turned to quit the room. It was not conscience that made me do so: it was a sort of cowardice. I take no credit to myself for trying to escape.</p> <p>Мен қорқып, бөлмeden шығуға бұрылдым. Мені мұндай әрекетке итермелеген ар-ұждан емес: бұл қорқақтық еді. Мен қашуға тырысқаным үшін өзімді мақтан тұттаймын.</p>

Ағылшын тілінің сөздігінде «AGO (бұрын) – adv. үстей, аяқталған және өткен кезеңнен қазіргі шаққа дейінгі уақыт, ілгергі уақытта» деген мағынаны білдіреді [150]. Зат есіммен тіркесіп (two months ~), көп жағдайда өткен шақта қолданылады. AGO сөзінің синонимдері: in the past, before the present, back, since (осы уақытқа дейінгі аяқталған оқиғаның уақыт көрсеткіштері) [151]. Ago (бұрын) тілдік рефлексиві жазушының қазіргі уақытқа дейінгі тәжірибесіндегі болған оқиғаны баяндаудынан көрінсе, two months ago тіркесіндегі мазмұны екі ай бұрын аяқталған іс-әрекет жайында сипаттама береді; POOR – adj (~er, ~est) сын есім; Сөздіктердегі мағыналары: 1. Тұрмысы нашар, кедей, жарлы, жарлы-жақыбай, пақыр, ғаріп, мұқтаж (opp: rich) 2. **the ~ n** Кедейлер, дүние-мұлкі аз адамдар, кедей-кепшік, жарлы-жақыбай (opp: **the rich**) 3. Байғұс, бейшара, сорлы 4. Сапасыз, нашар, жаман [150]. Автордың қолданысына сөздіктегі 3-мағынасы сәйкес келеді. POOR artists (бейшара суретшілер) тіркесінде жазушы өмір тәжірибесіне сүйеніп сол дәуірдегі қоғамның суретшілерді мәдениеттен алыс бейшара санап, оларды басқалармен қарым-қатынас жасауға қауқарсыз ретінде сипаттаған бағасы көрінеді. OURSELVES (өзіміздің) – pron. есімдік 1. Өзіміз 2. Бізді . 3. (idm) идиома \*(all) **by ourselves** өзіміз (ғана), ешкімсіз, ешкімнің көмегінсіз \*(all) **to ourselves** өзіміз ғана, біз ғана [150]. Автордың тілдік рефлексиясы өздік есімдігінің (reflexive pronoun) 1-жак көпше түрінде суретшілер тобын сипаттауға жұмсалған. SOCIETY – n зат есім; 1.Қоғам, әлеумет, жәмиғат, қауым, жұрт, көпшілік 2. (abbr Soc.) (ұйым) Қоғам(дастық), қауым(дастық), ассоциация 3. Жоғарғы тап/ класс (formal) жұртпен/ елмен/ көпшілікпен араласу (syn: company). Сипаттау элементіндегі ourselves in society тіркесі өзіміздің қоғамдағы орнымыз дегенді мензеп, сөздіктегі 1-мағынаға сай қолданылған. SAVAGE – adj, сын есім 1. Жабайы (адам), тағы (syn: primitive) 2.жауыз, аяусыз, қатыгез; өршеленген (syn: brutal) [150]. Ағылшын тілінің Merriam-Webster сөздігінде тіркелген мағыналары: 1. Қолға үйретілмеген немесе адамның бақылаудын тыс, тағы 2. Өркениетті адамдарға тән шектеулердің жоқтығы, жабайы, мәдениетсіз 3. Дөрекі, тұрпайы [105]. Жазушының жабайы тілдік бірлігін өздік есімдігімен (өзіміздің) тіркестіріп беруі – өздеріне қоғамда қалыптасқан ойды, суретшілерге деген сынды суреттеуімен байланысады. We are not savages тіркесіндегі қолданыста автор жіктеу есімдігінің көпше түрін қолданып, savages (жабайы) сөзін болымсыз мәндегі not тілдік бірлігімен біз жабайы емеспіз деген мәнде басқалардың пікірін терістейді. Сол себепті ақынның циклдік моделдегі элементтерді

сипаттайтын сөздері бірінші жақ көпше түрде жұмсалған (біз, бейшара суретшілер, өзімізді, жабайы емеспіз, көрсетуіміз керек). FROM TIME TO TIME (ара-тұра) фразалық тіркесіндегі тірек сөз – TIME. Ағылшынша- қазақша сөздіктегі аудармасы: « 1. Уақыт, шақ, кезең, мерзім, мезгіл, кез, сағат, мезет; заман, дәуір; жас» [150]. Бұл бірліктің Merriam-Webster сөздігіндегі тіркелген мағыналары: 1. Әрекет, процесс немесе жағдайдың жалғасу ұзақтығы; 2. Бір нәрсенің орын алу кезеңі; 3. Бір нәрсенің орын алуы, басталуы немесе аяқталуы үшін белгіленген, бекітілген сәт немесе сағат; қолайлыш сәт (about time тіркесінде жиі қолданылады) 4. Тарихи кезең, қазіргі уақыттағы немесе белгілі бір кезеңдегі жағдайлар (әдетте көпше түрде қолданылады: times are hard) 5. Өмірлік кезең (оқу кезеңі, әскери қызмет мерзімі, бас бостандығынан айыру жазасын өтеу уақыты) 6. Мезгіл (time of year жылдың мезгілі) 7. Жылдамдық, ритм 8. Күнтізбе арқылы көрсетілген сағат, күн немесе жыл 9. Қайталаңатын іс-әрекеттердің жиілігі (you've been told many times) [105]. From time to time тілдік рефлексивтің циклдік модельдегі сипаттау элементіндегі мәні – автордың өткен кезеңдегі жұртшылықпен кездесу жиілігін білдіруі.

Сезіну элементіндегі тілдік рефлексивтер: became conscious, felt that I was growing pale, a curious sensation of terror. «ВЕСАМЕ CONSCIOUS (түсінді) – саналы түрде түсінді, ұқты» деген мағынаны білдіреді. «CONSCIOUS –сын. 1. Ес-түсін білетін, есі бар 2.~ of smth/that ... Білетін, сезетін, саналы 3. Әдейі жасалған, саналы түрде істелген 4. Саналы, ұғатын. Бұл бірліктің өсімдіктердің өткен шақ формасымен жұмсалуы автордың өткен өміріндегі жай-күйінен, санасында орын алған үдерістен хабар береді. FELT(сөздім) – feel етістігінің өткен шақтағы формасы, сезіну мағынасында қолданылған бірлік. Сөздікке сүйенсек: «FEEL – етістік. 1. linking verb сезу, сезіну, көріну мағынасын үстейді. 2. Сезу, білу, сезіну (syn: sense). Cambridge Dictionary сөздігінде тіркелген мағыналары: Етістік. 1. Т ә ж і р и б е. Физикалық немесе эмоционалды нәрсені сезіну. 2. П і к і р. Бір нәрсе туралы белгілі бір пікірге немесе көзқарасқа ие болу. Зат 1. **the** ~ сезім, сезу(шілік). 2.әсер, сезім [152]. Felt that I was growing pale тілдік рефлексивтері сөздіктегі 1-мағынаға сәйкес жазушының өмір тәжірибесінен басынан кешкен сезімін лексика-семантикалық, грамматикалық сипаты тұрғысынан айқындаиды. A CURIOUS SENSATION OF TERROR (қызық қорқыныш сезімі) рефлексивтерінің сөздіктегі мағыналарына тоқталайық: «CURIOUS – adj. сын 1.~ (**about smth/to do smth**) (a) (оң мағ.) қызыққыш, білуге құмар (b)(теріс мағ.) сұғанақ, тіміскі, бөгденің ісі жайлы білуге құмар 2. Оғаш, қызық, біртүрлі. SENSATION – зат. 1. Сезім, сезу, сезіну (syn: feeling). 2. Сенсация, сенгісіз/ наңғысыз/ таңғаларлық/ таңырқатарлық/ аныртарлық оқиға, дүрлігіс». «TERROR – зат. 1. Шошу, қорқыныш, үрей, зәресі ұшу, зәре-құты қалмау. 2. Террор, терроризм (syn: terrorism)». Автордың ішкі жан дүниесіндегі көңіл-күйін, үрейін сипаттауда curious (қызық) сөзі қорқыныш сезімінің мәнін ашуға жұмсалса, same (come) over me тіркесі жазушының ішкі әсерін таңбалап, сезіну элементінің негізін құрайды. Бұл элементтегі рефлексивтердің грамматикалық сипаты бірінші жақтың жекеше түрінде ұсынылуымен, автордың жеке

басындағы сезіну құбылысын атап көрсетеді. Қазақ тілінде «қызық» сөзі «қорқыныш» сөзімен лексикалық тіркесімге түспейді. Қазақ танымында «қорқыныш» қызық болмайды, ол «зәре құты қалмау, қорыққаннан төбе шашы тік тұру, көзі адыраю» сипатында беріледі.

Циклдік модельдің бағалау элементіндегі тілдік рефлексивтер: *mere personality, so fascinating, my whole nature, my whole soul, my very art itself. «MERE* (болмашы) сын. 1. Небәрі, тек ... ғана/қана, ә(н)шайін, бар-жоғы. 2. Бірнәрсенің, т.с.с.... өзі; болмашы». «PERSONALITY – зат (pl -ties) 1. Кіслік, кісі, адам, тұлға, адами қасиеттер/ ерекшелік 2. Тұлға, адами қасиеттер, кіслік, кіслік келбет; мінезді/ мықты/ қарымды адам 3. Әйгілі/ атақты/ танымал кісі, «жүлдyz» (syn: celebrity) 4. (зат не орын) Келбет, ерекшелік (syn: character) [150]. Сөздіктегі 4-мағынасына сай, кісінің ерекшелігі, келбеті жоғарыда көрсетілген болмашы бірлігімен бірге келуі тек қана көркінің өзін ерекшеледеуін аңғартады. «FASCINATING – сын. Қызықты, еліктіретін, таңдандыратын, таңырқататын, таңқалдыратын». Синонимдері мен олардың ортақ мағыналары: appealing, charismatic, attractive, charming, interesting, enchanting – тартымды, көрікті, қызықты, баурап аларлық, сымбатты [105]. «SO – adv үстене. 1. Сонша(ма), осынша(ма), бұлай, былай, сондай, соншалықты, ондай, онша». Fascinating сөзінің әсерін күшету үшін автор so рефлексивін тіркестіріп береді. My whole nature, my whole soul, my very art itself тіркесіндегі қайталана қолданысқа ие болған my whole бірліктерінің сөздіктегі мағыналары былай тіркелген: «MY – (the possessive form of 'I') менің». Бірінші жақты білдіруші, өзін-өзі көрсетуші жіктеу есімдігіне тәуелдік жалғауы -нің тіркесімен келуі автордың менің болмысыма әсер етерлікей деп адамның көркіне баға беруін тасымалдайды. «WHOLE – сын. 1. Тұтас немесе бөлінбейтін (syn: entire) 2. Бір нәрсені баса көрсету үшін қолданылады [152]. Жазушының сымбатты адамды көргендегі таңғалысы оның бейнесін бағалауда whole nature (бүкіл болмыс), whole soul (бүкіл жан-дүниемді), my very art itself (өнерімнің өзін) тілдік рефлексивтерін қолдануы оның қатты әсерленіп, барлық болмысымен берілгенін баса көрсету мақсатына қызмет етіп тұр.

Талдау элементінде автор өз өмірінің өткен бөлігіне көз тастай отырып, осы кезеңге дейін сыртқы әсерді қаламағанын жеткізеді. Бұл оның external influence in my life тіркесінде анық байқалады. Бұл рефлексивтердің сөздіктегі мағыналарына көз жүгіртсек: «INFLUENCE – зат. 1. ~ (**on/upon sb/sth**) Әсер, Іқпал ~ (**over sb/sth**) Her parents no longer have any real influence over her. 2. (idm) \***under the influence** әсерінен». «LIFE – зат. 1. Өмір, ғұмыр, тіршілік, тірлік, тұрмыс, құнгеріс "life and death – өмір мен өлім. 2. Қауырт тіршілік/тірлік (syn: vitality) 3. Адамға не затқа қарап сурет салу(шылық) 4. Өмірбаян, біреудің өмірі жайлы әңгіме (syn: biography). 5. «Өмір» (балалар ойынындағы мүмкіндіктер саны) "He's lost two lives, so he's only got one left. – Ол екі «өмірін» жоғалтып, біреу ғана қалды. 6.(idm) \***be sb's life** Біреудің «өмірі, жаны» болу (ең маңызды нәрсесі болу) "Writing is his life. – Жазу – (оның) өмірінің мағынасы. \***bring sb/sth to life** серпілту, сергіту, жан бітіру, ширату, бой жаздыру». «INDEPENDENT – сын. 1. ~ (**from/of sth**) (мемлекет) Тәуелсіз,

дербес, еркін, ерікті (syn: **self-governing**) 2. Тәуелсіз, дербес, өзінше; бөлек, бейтарап “an independent inquiry/witness – тәуелсіз/дербес тергеу (зерттеу)/куә 3. ~ (**of sb/sth**) Тәуелсіз, бейтарап, дербес, еркін, өзінше, бөлек 4. Тәуелсіз, үкіметтік емес, жеке 5. ~ (**of sb/sth**) Еркін, (өзіне) сенімді, батыл (opp: **dependent**) 6. ~ (**of sb/sth**) (қаржылай) Өзінше, дербес (opp: **dependent**) 7. Тәуелсіз, бейтарап (ешбір саяси партияның мүшесі емес)» [150]. Бұл сөздің автор тілінде берілуі – өзінің бұрынғы сезімдерін талдау барысында белгілі бір уақытқа дейін өз еркінің өзінде болғандығын аңғартады. Өмірлік кезеңінде кездескен оқиғалардың оған әсер етуін өзінің ішкі табигатына (by nature) үніліп, рефлексия жасағанын байқатады. Сонымен қатар, always (әрқашан) тілдік бірлігінің қайталануы жазушының өмір бойғы тәжірибесіне сүйенген қазіргі сәтке дейінгі жағдайларды ой таразысына салуымен сипатталады. Бұл талқыны till (дейін) шылауының көмегімен тасымалдайды.

Қорытынды элементіндегі тілдік рефлексивтер: Then (садан кейін), I was on the verge of a terrible crisis in my life (менің өміріндегі қорқынышты дағдарыстың алдында тұрғанымды), fate had in store for me exquisite joys and exquisite sorrows (тағдыр маған керемет қуаныш пен қайғы дайындал қойған). «THEN – үстене. 1. (C)ол уақытта/ кезде, (c)онда. 2. Сосын, содан соң, содан кейін. 3. (егер сондай болса/ өйтсек) (c)онда, (c)o(l) жағдайда. 4. Және де, оның үстіне, оған қоса, сондай-ақ, содан кейін. 5. (formal) Сөйтіп, осылай, осымен, жалпы. 6. Жә, жақсы, бопты, жақсы онда, жарайды. 7. (idm) \*...and then some (informal) Одан да көп, тағы басқалар, тағы сол сияқты [150]. Бұл тілдік бірлікten автор ойының бір тоқтамға келіп, басынан өткен жағдайларды саралап, қорытуда қолданғанын байқаймыз. I was on the verge of a terrible crisis in my life (менің өміріндегі қорқынышты дағдарыстың алдында тұрғанымды) сөйлемінде автордың ойлана келе өзінің дағдарыстың алдында қалғанын түсінуіне, саналы түрде ой қорытқанынан білінеді. Мұны тағдырмен байланыстыра отырып сипаттауындағы fate рефлексивінен анық көруімізге болады. «FATE – зат. 1. Тағдыр, тәлей, пешене, несібе. 2. Хал, жай-күй, тағдыр. 3. (idm) \*a fate worse than death (often humorous) Өлімнен де бетер несібе (әзіл мағ.)». JOYS (куаныш) and SORROWS (қайғы) өзара антонимдес сөздер арқылы өмірден көрген қуанышы мен қыншылықтарын баяндайды. Бұл бірліктердің сөздіктердегі мағынасына тоқталсақ: «JOYS – 1. Шаттық, бақыт, қуаныш, рахат(шылық) (syn: **delight**). 2. (BrE, informal) no ~ Дұрыс болмау, көңілінен шықпау. 3. (idm) \*full of the joys of spring Өте қуанышты, көңілді» [151]. Joy (куаныш) сөзін көптік жалғауымен (-s) беруі – өмірінің барлық кезеңіне шолу жасап, сол сәтке дейінгі көрген қуаныштарын түйіндеуі. «SORROWS – зат. 1. ~ (**at/for/over smth**) (rather formal) Қайғы, мұн, аза (syn: **grief**) 2. Көңілсіз/ мұнды жағдай/ жайт» [150]. Бұл сезімдерді бейнелеп, мәнін ашуда exquisite сөзін қатар ұсынады. «EXQUISITE – 1. Көркем, аса шебер жасалған 2. (formal) (сезім жайлы) Қатты сезілген, білінген (syn: **acute**) ‘exquisite pain/pleasure – қадалған шаншу/жан рахаты 3. (formal) Сезімтал, нәзік, шебер, мұқият; an exquisite sense of timing – уақытқа келгенде өте мұқият [150]. Қуаныш пен қайғының сезілуін жанға батарлықтай деп беруі, сөздіктегі 2-мағынаға сай-

куанып немесе мұңайғанда қатты әсерленгенін байқатады. Ағылшын тілінде өзара антонимдес сөздерге бір сын есімнің ортақ қолданылуы ерекшелік болып табылады: қазақ тілінде жан тебірентерлік куаныш, жанға батқан қайғы мағынасында қолданылды.

Ic-әрекет жоспарындағы тілдік рефлексивтер: turned to quit the room (бөлмеден шығуға бұрылдым), It was not conscience that made me do so: it was a sort of cowardice (Мені мұндай әрекетке итермелеген ар-ұждан емес: бұл қорқақтық еді), I take no credit to myself for trying to escape (Мен қашуға тырысқаным үшін өзімді мақтан тұттаймын). «QUIT – етістік. 1. (informal) (жұмысын, оқуын, тб.) Таставу, кету. 2. (informal) Таставу, тоқтату, дөғару. 3. ~ (smth) (бір жерден) Кету. 4. ~ (smth) Компьютер программасын, т.б. жабу» [150]. Бөлмеден шығу мақсатында жоспарлы түрде бұрылғанын және бұл әрекеттіңін қорыққанынан (it was a sort of cowardice) болғанына, ол үшін енді өзіне көнілі толмайтынына (take no credit to myself) талқылау жасайды. Сөздіктегі мағынасы: «COWARDICE – зат. (жақтырмау) қорқақтық, сұжүректік» [150]. Осылайша автор өз-өзіне рефлексия жасап, өмірінің бұрынғы кезеңдеріне бойлауын тілдік рефлексивтермен таңбалайды: бұл тілдік бірліктер лексика-семантикалық сипатына қарай циклдік моделдің элементтерімен сәйкесетіні анықталды.

Зерттеуші Л.В. Таракановың жіктемесі бойынша О. Уайлдтің көркем мәтініндегі рефлексияның түрлерін төмендегі кестеде ұсындық:

Кесте 14 – О. Уайлдтің көркем мәтініндегі рефлексияның түрлері

Рефлексия түрі	Рефлексивтер
1	2
Тұлғалық рефлексия	<p>«Every portrait that is painted with feeling is a portrait of the artist, not of the sitter. The sitter is merely the accident, the occasion. It is not he who is revealed by the painter; it is rather the painter who, on the coloured canvas, reveals himself. The reason I will not exhibit this picture is that I am afraid that I have shown in it the secret of my own soul».</p> <p>«Сезіммен салынған әрбір портрет суретін салдырушуның емес, суретшінің портреті болып табылады. Суретін салдыруши – бұл жайғана кездейсоқтық. Суретші түрлі-түсті кенепте суретін салушыны емес, өзін көрсетеді. Бұл суретті көрмеге қоймауымның себебі, мен онда өз жанымның сырын көрсеттім деп қорқамын.</p>
Коммуникативті рефлексия	<p>«Yes; horribly unjust of you. I make a great difference between people. I choose my friends for their good looks, my acquaintances for their good characters, and my enemies for their good intellects. A man cannot be too careful in the choice of his enemies. I have not got one who is a fool. They are all men of some intellectual power, and consequently they all appreciate me. Is that very vain of me? I think it is rather vain».</p>

## 14 – кестенің жалғасы

1	2
Коммуникати вті рефлексия	«Иә; саған өте әділесіз. Мен басқа адамдардан өте ерекшемін. Мен достарымды тартымды сыртқы келбеті үшін, таныстарымды мінез-құлқы үшін, дұшпандарымды ақыл-ойы (интеллектісі) үшін таңдаймын. Адам өз дұшпандарын таңдауда тым сақ бола алмайды. Менде ақымақ адам жоқ. Олардың барлығы интеллектуалды күшке ие адамдар, сондықтан бәрі мені бағалайды. Бұл менің тарапымнан бекер ме? Менің ойымша, бұл өте бекер».
Әлеуметтік рефлексия	I suppose it comes from the fact that none of us can stand other people having the same faults as ourselves. I quite sympathize with the rage of the English democracy against what they call the vices of the upper orders. The masses feel that drunkenness, stupidity, and immorality should be their own special property, and that if any one of us makes an ass of himself, he is poaching on their preserves. When poor Southwark got into the divorce court, their indignation was quite magnificent. And yet I don't suppose that ten per cent of the proletariat live correctly.” Менің ойымша, бұл біздің ешқайсымыз басқа адамдардың өзіміз сияқты кемшіліктеге ие болуына тәзе алмайтындығымыздан туындейды. Мен ағылшын демократиясының жоғары таптардың жаман әрекеттер деп атайдын нәрсеге деген ашуын толық қолдаймын. Көпшілік маскүнемдік, ақымақтық, азғындық олардың ерекше меншігі болуы керек деп есептейді, ал егер біреуіміз өзімізді ақымақ (есек) етіп көрсетсек, бұл олардың қорына қол сұққанмен тең. Кедей Саутуорк ажырасу сотына жүгінгенде, олар қатты наразы болды. Бірақ мен пролетариаттың он пайызы да дұрыс өмір сүреді деп ойламаймын».
Интеллектуал ды рефлексия	«Now, the value of an idea has nothing whatsoever to do with the sincerity of the man who expresses it. Indeed, the probabilities are that the more insincere the man is, the more purely intellectual will the idea be, as in that case it will not be coloured by either his wants, his desires, or his prejudices. However, I don't propose to discuss politics, sociology, or metaphysics with you. I like persons better than principles, and I like persons with no principles better than anything else in the world. Идеяның құндылығы оны білдіретін адамның шынайылығына еш қатысы жоқ. Шынында да, адам неғұрлым шыншыл болса, идея соғұрлым таза интеллектуалды болуы мүмкін, өйткені бұл жағдайда оның қалауы, тілегі немесе оның теріс пікірлері берілмейді. Дегенмен, мен сізben саясатты, әлеуметтануды немесе метафизиканы талқылауды ұсынбаймын. Маған принциптерден гөрі жеке тұлғалар ұнайды, ал принциптері жоқ адамдарды әлемдегі барлық нәрселерден артық жақсы көремін.

1	2
<p>Экзистенциалды рефлексия</p>	<p>«I believe that if one man were to live out his life fully and completely, were to give form to every feeling, expression to every thought, reality to every dream—I believe that the world would gain such a fresh impulse of joy that we would forget all the maladies of mediævalism, and return to the Hellenic ideal—to something finer, richer than the Hellenic ideal, it may be».</p> <p>Менің ойымша, егер бір адам өз өмірін толықтай әрі мағыналы өткізетін болса, әрбір сезімге, әрбір ойға, көрініске, әрбір арманға, шындыққа мән беретін болса - әлем қуаныштың жаңа серпінін алатынына сенемін, біз ортағасырлық дертердің барлығын ұмытып, әллиндік идеалға – әллиндік идеалдан ғері жақсырақ, бай нәрсеге оралар едік.</p> <p>«When your youth goes, your beauty will go with it, and then you will suddenly discover that there are no triumphs left for you, or have to content yourself with those mean triumphs that the memory of your past will make more bitter than defeats. Every month as it wanes brings you nearer to something dreadful. Time is jealous of you, and wars against your lilies and your roses. You will become sallow, and hollow-cheeked, and dull-eyed. You will suffer horribly.... Ah! realize your youth while you have it. Don't squander the gold of your days, listening to the tedious, trying to improve the hopeless failure, or giving away your life to the ignorant, the common, and the vulgar. These are the sickly aims, the false ideals, of our age. Live! Live the wonderful life that is in you! Let nothing be lost upon you. Be always searching for new sensations. Be afraid of nothing.... But we never get back our youth. The pulse of joy that beats in us at twenty becomes sluggish. Our limbs fail, our senses rot. Youth! Youth! There is absolutely nothing in the world but youth!”</p> <p>«Жастық шағың өтіп кетсе, сұлулығың да бірге кетеді, содан кейін кенеттен сенде жеңістер қалмағанын байқайсың немесе өткенінді еске алу жеңілістен ғері аңы болатын сол елеусіз жеңістерге қанағаттануға тұра келеді. Әрбір азайып бара жатқан ай сізді қорқынышты нәрсеге жақыннатады. Уақыт сізді қызғанып, лалагул мен раушан гүлдеріңізben соғысада. Беттерің шұнқыр, көздерің күнгірттеніп, сұр болып кетесің. Қатты қиналасың.... Колда барда жастық шақтың рахатын көр. Алтын уақыттарыңызды зеріккен адамдарды тыңдал, үмітсіз сәтсіздікті түзетуге тырысып, өміріңізді надан, қарапайым, арсыз адамдарға арнамаңыз. Бұл заманымыздың азапты мақсаттары, жалған мұраттары. Өмір сүріңіз! Өзіңізге тән керемет өмір сүріңіз! Ештеңе босқа кетпесін. Әрқашан жаңа тәжірибелер ізденіз. Ештенеден қорықпаңыз.... Бірақ біз ешқашан жастығымызды қайтара алмаймыз. Жиырмада біздің ішімізде соққан қуанышты тамыр соғысы баяулайды. Аяқ-қолымыз істен шығады, сезімдеріміз әлсірейді. Жастық! Жастық! Дүниеде жастық шақтан басқа ештеңе жоқ!»</p>

1	2
Кәсіби рефлексия	<p>“Basil, my dear boy, puts everything that is charming in him into his work. The consequence is that he has nothing left for life but his prejudices, his principles, and his common sense. The only artists I have ever known who are personally delightful are bad artists. Good artists exist simply in what they make, and consequently are perfectly uninteresting in what they are. A great poet, a really great poet, is the most unpoetical of all creatures. But inferior poets are absolutely fascinating. The worse their rhymes are, the more picturesque they look. The mere fact of having published a book of second-rate sonnets makes a man quite irresistible. He lives the poetry that he cannot write. The others write the poetry that they dare not realize.”</p> <p>Менің қымбатты Бэзилім жұмысына өз бойындағы бар жақсы қасиетін салады. Соның салдарынан онда өмірлік көзқарастарынан, ұстанымдарынан және парасаттылығынан басқа ештеңе қалмады. Мен танитын, жеке таңданатын жалғыз суретшілер – нашар суретшілер. Жақсы суретшілер өздері жасаған нәрселерінде ғана өмір сүреді, сондықтан олардың кім екеніне мұлдем қызығушылық танытпайды. Ұлы ақын, нағыз ұлы ақын – барлық жаратылыстардың ішіндегі дарынсызы. Бірақ нашар ақындар қатты таңдандырады. Олардың үйқастары (рифмалары) неғұрлым нашар болса, соғұрлым олар көркем көрінеді. Екінші дәрежелі сонеттер жинағын шығарудың өзі адамды қайтпас қайсар етеді. Ол өзі жаза алмайтын поэзиямен өмір сүреді. Басқалары олар түсіне алмайтын өлең жазады».</p>
Коммуникативті, әлеуметтік рефлексия	<p>«The reason we all like to think so well of others is that we are all afraid for ourselves. The basis of optimism is sheer terror. We think that we are generous because we credit our neighbour with the possession of those virtues that are likely to be a benefit to us. We praise the banker that we may overdraw our account, and find good qualities in the highwayman in the hope that he may spare our pockets. I mean everything that I have said. I have the greatest contempt for optimism. As for a spoiled life, no life is spoiled but one whose growth is arrested».</p> <p>«Біздің барлығымыз басқалар туралы жақсы ойлауды ұнататынымыздың себебі - бәріміз өзіміз үшін қорқамыз. Оптимизмнің негізінде таза қорқыныш жатыр. Біз өзімізді жомартпыз деп есептейміз, өйткені біз өзімізге пайдалы болуы мүмкін жақсы қасиеттерге көршілерімізді лайықты көреміз. Біз банкирді біздің есепшотымызды қаржыландырғаны үшін мақтамыз, қалтамызды аяmas деген үмітпен қарақшыдан жақсы қасиеттерді табамыз. Мен ойымдағының бәрін айтып отырмын. Мен оптимизмге деген ең үлкен жеккөрушілікті сезінемін. Ал бұзылған өмірге келер болсақ, дамуы тоқтаған адамнан басқаның өмірі бұзылмайды.</p>
Саногенді рефлексия	“Because to influence a person is to give him one's own soul. He does not think his natural thoughts, or burn with his natural passions. His

1	2
Саногенді рефлексия	<p>virtues are not real to him. His sins, if there are such things as sins, are borrowed. He becomes an echo of some one else's music, an actor of a part that has not been written for him. The aim of life is self-development. To realize one's nature perfectly—that is what each of us is here for. People are afraid of themselves, nowadays. They have forgotten the highest of all duties, the duty that one owes to one's self. Of course, they are charitable. They feed the hungry and clothe the beggar. But their own souls starve, and are naked. Courage has gone out of our race. Perhaps we never really had it. The terror of society, which is the basis of morals, the terror of God, which is the secret of religion—these are the two things that govern us. And yet».</p> <p>«Өйткені адамға әсер ету – оған жаңынды беру деген сөз. Ол өз табиғи ойларымен ойланбайды, табиғи қалауларымен шабыттанбайды. Оның ізгі қасиеттері ол үшін шынайы емес. Оның күнәлары, егер олар бар болса, біреуден алынады. Ол біреудің музыкасының жаңғырығына, өзіне жазылмаған рөлді сомдаған актерге айналады. Өмірдің мақсаты – өзін-өзі дамыту. Өз табиғатымызды мінсіз жүзеге асыру үшін әрқайсымыз осындамыз. Бұл күндері адамдар өздерінен қорқады. Олар барлық парыздың ең жоғарғысы, адамның өз алдындағы парыздарын ұмытты. Әрине, олар мейірімді. Олар аштарды тамактандырады, кедейлерді киіндіреді. Бірақ олардың жаны аш, жалаңаш. Ерік-жігер біздің қалпыныңда жоқ. Мүмкін бізде ол ешқашан болмаған шығар. Адамгершіліктің негізі болып табылатын қоғамнан қорқу, діннің сыры болған Құдайдан қорқу, бізді басқаратын екі нәрсе. Сонда да...</p> <p>Soul and body, body and soul—how mysterious they were! There was animalism in the soul, and the body had its moments of spirituality. The senses could refine, and the intellect could degrade. Who could say where the fleshly impulse ceased, or the psychical impulse began? How shallow were the arbitrary definitions of ordinary psychologists! And yet how difficult to decide between the claims of the various schools! Was the soul a shadow seated in the house of sin? Or was the body really in the soul, as Giordano Bruno thought? The separation of spirit from matter was a mystery, and the union of spirit with matter was a mystery also.</p> <p>Жан мен тән, тән мен жан - олар қандай жұмбақ еді! Жан дүниесінде хайуандық болды, ал денеде рухани сәттер болды. Сезімдер тазартылып, ақыл-ой (интеллект) нашарлауы мүмкін. Тәндік импульстардың қай жерде тоқтап, психикалық импульстардың басталғанын кім айта алады? Қарапайым психологтардың ерікті анықтамалары қаншалықты үстірт болды! Дегенмен, әртүрлі мектептердің талаптарын таңдау қаншалықты киын болды! Жан күнәнің көлеңкесі болғаны ма? Әлде дene шын мәнінде Джордано Бруно ойлағандай жан дүниесінде ме? Рухтың денеден бөлінуі де қосылуы да жұмбақ болды.</p>

О. Уайлдтің экзистенциалды рефлексия түріне жіктелген өмір туралы ойлары А. Құнанбайұлының он бесінші қара сөзінің циклдік моделінің бағалау элементіндегі жастық шақты сипаттауымен сәйкеседі:

«Есер кісі орнын таппай, не болса сол бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен дағы, күнінде өкінгені пайда болмай-ды екен. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімсіп, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп, бірер қызықты құғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен» [93].

«When your youth goes, your beauty will go with it, and then you will suddenly discover that there are no triumphs left for you, or have to content yourself with those mean triumphs that the memory of your past will make more bitter than defeats. Every month as it wanes brings you nearer to something dreadful. *Time is jealous of you*, and wars against your lilies and your roses. You will become sallow, and hollow-cheeked, and dull-eyed. You will suffer horribly.... Ah! *realize your youth* while you have it. Don't squander the gold of your days, listening to the tedious, trying to improve the hopeless failure, or giving away your life to the ignorant, the common, and the vulgar». (Жастық шағың өтіп кетсе, сұлулығың да бірге кетеді, содан кейін кенеттен сенде жеңістер қалмағанын байқайсың немесе өткенінді еске алу жеңілістен гөрі аңы болатын сол елеусіз жеңістерге қанағаттануға тура келеді. Әрбір азайып бара жатқан ай сізді қорқынышты нәрсеге жақындалады. Уақыт сізді қызғанып, лалагул мен раушан гүлдерінізben соғысуда. Беттерің шунқыр, көздерің күнгірттеніп, сүр болып кетесің. Қатты қиналасың.... Колда барда жастық шақтың рахатын көр. Алтын уақыттарыңызды зерікken адамдарды тыңдалап, үмітсіз сәтсіздікті түзетуге тырысып, өмірінізді надан, тым қарапайым, талғамсыз, арсыз адамдарға арнамаңыз). Адамдарды қасиеттеріне қарай топқа бөлу А. Құнанбайұлы енбегіндегі *estم, есер, ақылды, ақымақ* деген тілдік бірліктерді қолдануымен көрінеді.

Сонымен қатар, А. Құнанбайұлының «Толық адам» категориясына сай өмір сүру талаптары О. Уайлдтің мәтінінде де көрініс бергенін байқауға болады: «I believe that if one man were to live out his life fully and completely, were to give form to every feeling, expression to every thought, reality to every dream—I believe that the world would gain such a fresh impulse of joy that we would forget all the maladies of mediævalism, and return to the Hellenic ideal—to something finer, richer than the Hellenic ideal, it may be». (Менің ойымша, егер бір адам өз өмірін толықтай әрі мағыналы өткізетін болса, әрбір сезімге, әрбір ойға, көрініске, әрбір арманға, шындыққа мән беретін болса - әлем қуаныштың жаңа серпінін алатынына сенемін, біз ортағасырлық дерттердің барлығын ұмытып, эллиндік идеалға – эллиндік идеалдан гөрі жақсырақ, бай нәрсеге оралар едік»).

Шартты түрде бұл рефлексивтердің түрлерін жіктеп көрсеткенімізben, көркем мәтінде бұл тілдік бірліктерде қатар көрініс табады. Мысалы, Абайдың тоғызынышы қара сөзінде әрі саногенді, әрі тұлғалық рефлексия *мен өзім, өзім тірі болсам, өзіме-өзім ыза болғаным ба* т.с.с. рефлексивтер бойынан, ал О. Уайлд көркем мәтінінде коммуникативті, әлеуметтік рефлексия барлығымыз

басқалар туралы жақсы ойлауды, бәріміз өзіміз үшін қорқамыз, өзімізді жомарттыз деп есептейміз, өзімізге пайдалы болуы мүмкін жақсы қасиеттерге, ең үлкен жеккөрушілікті сезінемін т.с.с. рефлексивтерден қатар танылады және мәнмәтінде қабылданады. Мұның себебі: саногенді рефлексияда екі автордың да жеке тұлғаның эмоционалдық жағдайы бақыланады, бірақ оның нәтижесін беруде тандаған тілдік рефлексивтері әртүрлі.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі рефлексияның таңбалану ерекшеліктерін салғастыра талдау нәтижесінде тәмендегідей айырмашылықтар анықталды:

*Ағылшиныша мәтіндердегі рефлексивтердің ерекшелігі:* 1) қыстырма сөз тіркестері мәтінде болымды тұлғада қолданылғанымен, мәнмәтінде теріс бағалауды білдіреді: «And if I may judge from the reviews, many of these books are well and carefully written». *Егер мен пікірлерге сүйенсем, бұл кітаптардың көбісі жақсы әрі мүқият жазылған;* (оң пікір) «I have read this work with a good deal of amusement, and upon this I congratulate myself, since it is colourless and dull» (*Мен бұл жұмысты үлкен ықыласпен оқыдым, сондықтан мен өзімді құттықтаймын, өйткені ол түссіз және қызықсыз*); теріс пікір; 2) себеп-салдар, шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлемдер мен болымсыз тұлғалы етістіктің жұмсалу жиілігі жоғары. *This I meant to do, not from wilfulness, but because I wished to leave Strickland setting out with I know not what fancies in his lonely soul for the unknown islands which fired his imagination* (*Мен мұны қасақаналықтан емес, Стрикленден бірге тастап кеткім келгендейтен істемек болдым, оның жалғыз жсан дүниесінде белгісіз аралдарга оның қиялын өршіткен қандай арман барын білмеймін*); 3) субъект зат пен сапа предикат құрылымында келген сөйлемдер: қызықты зат – суретшінің тұлғасы; 4) жұп қолданылған антонимдес сөздерге бір сын есімнің ортақ қолданылуы: *exquisite joys* (*жсан тебірентерлік қуаныш*) *and exquisite sorrows* (*жсанға батарлық қайғы*). 5) Қалыптан тыс графика, арнайы метаоператор (смайлік) және түсіндірмелі құрылымдар.

б) Қазақша мәтіндердегі рефлексивтердің ерекшелігі: 1) белгілі бір сөздердің қайталануы (*жасқа келгеніше/ жасқа келдік; енді, т.с.с*), 2) сұраулы сөйлемдердің, болымсыз сөйлемдердің, антоним сөздердің жиі жұмсалуы 3) синтаксистік құрылым: *мезгіл бағыныңқылы сабактас құрмалас* (*Кеш қарайып батқанша, көшеде балалармен ойнайтын едік*); 4) арнайы метаоператорлардың қолданылмауы.

### 2.3 Тілдік рефлексия: метатілдік талдау (У. Сомерсет Моэмның «Ай мен ақша», О. Уайлдтің «Дориан Грейдің портреті» көркем мәтіндері негізінде)

Мәтіндегі кез келген тілдік көріністерге қатынас ретінде түсінілетін тілдік рефлексияның ерекшеліктерін зерттеу өзектілігі күн тәртібінен түскен жок. Бұл

құбылысты В.И. Карасик, З.С. Санджи-Гаряева, И.Т. Вепрева, М.В. Ляпон, Б.С. Шварцкопф, Л.М. Шайкенова және т.б. сиякты жетекші ғалымдар зерттеді.

Қазіргі заманғы бұқаралық ақпарат құралдарындағы сез туралы бағалаулар мен пайымдауларға арналған И.Т. Вепреваның зерттеуінде тілдік рефлексия құбылысы барынша толық қарастырылған. Автор метатілдік түсіндірмelerді аспектілік интерпретациялау мүмкіндігі туралы айтады. «Осылайша, психолингвистика және когнитивтік ғылым жеке тұлғаның сөйлеу-ойлау қызметі арқылы метатілдік сананы зерттейді; әлеуметтік лингвистикалық бағыт ішкі және сыртқы факторлардың өзара әрекеттесуінің жемісті идеясын дамыта отырып, тілдің дамуына әсер ететін негізгі кілт ретінде метатілдік сананы бөліп көрсетеді, рефлексивті қазіргі тіл өмірінің әлеуметтік параметрлерінің экспликаторы ретінде қарастырады; лингвистика рефлексивтерді метатілдік сананың вербалданған сөйлеу материясы ретінде таниды» [4, б.7]. Автордың тілдік рефлексияны зерттей отырып, метатілдік дискурстың ерекше түрін бөліп көрсететініне назар аударып, оның бірлігі рефлексив деп аталатын метатілдік түсіндірме болып табылады.

Тіл білімінде метатілдік рефлексия термині тек менталды метатілдік операцияларды ғана емес, олардың жазбаша және ауызша сөйлеудегі вербалдануын да білдіреді. Сөйлеу әрекетіндегі метатілдік рефлексия, зерттеушілердің пікірінше, тілдік сананың бір бөлігі ретінде қарастырылып, яғни «күнделікті вербалды және менталды әрекетті басқаратын практикалық сана» [41, б. 34] ретінде метатілдік сананың қызметі ретінде әрекет етеді.

Метатілдік рефлексияны зерттеумен айналысатын лингвист ғалымдар «метатіл», «метамәтін» және «метатілдік түсіндірме (комментарий)» терминдерінің өзара байланысы мәселесіне назар аударған. Тіл мен сөйлеудің метатілдік аспектісін зерттеудегі маңызды кезең А. Вежбицканың «Мәтіндегі метамәтін» мақаласы болды, ол Р. Якобсон белгілеген метатілді зерттеу мәселесі – метатілдік функцияның формальды құралдарының жүйесін тағы да өзекті етті. Метамәтін – «сөйлемнің өзі туралы сөйлемдер» - бүгінде бірқатар зерттеушілер еңбектерінде сөйлеушінің өз жұмысына бағытталған метатілдік рефлексияның ерекше түрінің көрінісі ретінде түсіндіріледі.

Қазіргі тіл білімінде «метамәтін» термині көркем әдебиеттен ғылымға дейінгі әртүрлі мәтіндерді талдауда белсенді қолданылады. Алайда, метамәтіннің "мәтін туралы мәтінді" білдіретін көпфункционалдылығымен байланысты екішты терминологиялық негізdemелері бар. Метамәтін ұғымы метатілге қарағанда әлдеқайда кең: «Метамәтін – бұл шындықтың виртуалды сипаттамасы» [153].

Метамәтін анықтамасының тар және кең мағынасы бар. Бірінші жағдайда метамәтін тек «пікірді вербализациялау – логикалық операция» ретінде түсініледі [154]. Бұл тәсіл арқылы метамәтін сөйлеушінің өз тілі туралы түсініктемесінде материалданған пайымдау ретінде көрінеді, ол «тілдік сананың құрамдас бөлігі болып табылатын сөйлеушінің метатілдік санасын білдіреді. Ал, тар мағынасында «тікелей бақылау тек үстірт деңгейдің метатілдік көрінісі болуы мүмкін» [155] деген түсінікпен сипатталады,

сондықтан «метамәтін сөйлеушінің интерпретациясына бағытталған мәтіннің құрамдас бөлігі ретінде түсініледі, сөйлеушінің тілдік шындықты түсіндіруіне бағытталған қосалқы мәтін» [156].

А.Н. Ростова метамәтінді тар мағынада қарастырады: «Метамәтін - сөйлеушінің өз тілі туралы түсініктемесінде материалданырылған, графикалық, аудио немесе бейнежазбада бекітілген пайымдау» [19, б.187]. Дәл осындағы көзқарасты М.В. Ляпон, Б.Ю. Норман және т.б. зерттеушілер ұстанады. Сондықтан метамәтіндер белгілі бір сөзді таңдаудың түсіндірмесін қамтиды. Сонымен бірге метамәтін сөйлеушінің тілдік сананың құрамдас бөлігі болып табылатын метатілдік санасын білдіреді.

Автордың кез келген шығармасы – құрделі, көп өлшемді және көп функциялы таңбаның қалыптасуы, шығармашылық идеяны жүзеге асыру, оны жасау автордың мағыналарын тілдік түрғыдан жүзеге асырудың нұсқаларын әдейі және саналы түрде таңдауды және олардың ең онтайлысын пайдалануды қөздөйді. Басқаша айтқанда, әдеби шығарманың авторы мәтін құру процесінде айқын аналитикалық сипатта болатын және хабардың pragmatikaлық әлеуетінің және адресатқа сәйкестендірудің маркері қызметін атқаратын метатілдік рефлексияны үздіксіз жүзеге асырады.

Көркем мәтін бастапқыда автор мен оқырман арасындағы диалогтік бағдар мен коммуникативті қарым-қатынасты болжайтындықтан, автордың немесе айт羞ның өз тілін түсіндіруі мақсатты әлеуетті оқырманға бағытталуы табиғи болады. Метатілдік сананың өнімі – жазушы қойған әртүрлі мәселелерді шешетін шығарма негізіндегі метамәтін. Эрине, әр жазушы шындықты әртүрлі көріп, суреттейді.

Көркем әдебиет мәтіні вербалды метатілдік рефлексияны зерттеу түрғысынан қызықты объект болып табылады, өйткені жазушының тілдік тұлғасы өзінің кәсіби іс-әрекетінің нәтижесінде, әдетте, сөйлеу материалына сезімталдығының жоғарылауынан көрінетін дамыған метатілдік санаға ие және қарапайым ана тілінде сөйлеушінің тілдік тұлғасынан гөрі адресатқа көбірек көңіл бөледі. Дискурс ережелерінің сақталуын және көркем мәтінді жасау процесінде өз ниетін білдірудің тілдік құралдарын таңдауды қамтамасыз ететін сана автордың коммуникативті көзқарастары мен мотивациясына қатысты айқын хабармен толықтырылады. Ол нақты коммуникативті жағдайда осы адресатқа бұл түсіндірмені не үшін және қандай мақсатта жіберетінін түсіне алады. Осылайша, әртүрлі сөйлеу тәжірибесі арқылы шындалып дамыған тілдік инстинкт, әлеуетті оқырманның психикалық күйлерін модельдеу және бағалау қабілеті ағылшын көркем мәтінінің авторына болашақ оқуда оны қабылдау және түсіну қындықтарын болжауға мүмкіндік береді. Осындағы болжамға сүйене отырып, реципиенттің сана-сезім моделіне назар аудара отырып, автор тілдік фактілерге немесе сөйлеу әрекеттеріне метатілдік түсіндірме беру қажеттілігі туралы шешім қабылдай алады және бұл метатілдік кірістірулер, әдетте, неғұрлым нәзік және құрделі болады, ал метатілдік түсініктемелердегі метатілдік білім қарапайым ағылшын тілінде сөйлеушінің метатілдік іс-

әрекетінің фактілерімен салыстырғанда анағұрлым толық және шығармашылықпен баяндалады.

Көркем мәтінге қатысты рефлексивтердің сөздің мағынасын нақтылау, контексте рефлексивтердің қызмет ету ерекшеліктерін көрсету, бағалау мәндерін енгізу, белгілі бір ұғымның уақыттың тілдік жағдаятының немесе әлемнің авторлық бейнесі мәнмәтініндегі маңызын көрсетуде бір сөздің семантикасының коннотативтік компоненттерін жаңарту сияқты ерекше функциялары ажыратылатынын айта кеткен жөн [157]. Көркем мәтіндегі метатілдік мәнмәтіндерді (контексттерді) зерттеудің үш негізгі бағыты бар [28, 6.455]:

1) «рефлексивтен» - ортақ тақырыппен біріктірілген немесе құрылымы бірдей бір немесе бірнеше шығармадан алынған метатілдік түсініктемелер корпусын зерттеу; бұл талдаудың мақсаты құрылымдық-семантикалық және функционалдық типологияларды құру болып табылады (мысалы, металексикалық түсініктемелерді зерттеу бойынша жұмыстар [158], авторлық жазбалар [159], графикалық рефлексиялар [160]).

2) «мәтіннен» - бір нақты шығарма шенберіндегі метатілдік мәнмәтіндерді талдау; мұндай талдаудың мақсаты – әдеби шығарманың бейnelі жүйесін құрудағы және авторлық ойын жүзеге асырудағы метатілдік пайымдаулардың (түсініктемелердің) рөлін анықтау;

3) «тақырыптан» - белгілі бір көркем образды жасаудағы немесе белгілі бір мотивті жүзеге асырудағы метатілдік тұжырымдардың рөлін бір немесе бірнеше шығармалар шенберінде ашу; зерттеудің мақсаты, бұл жағдайда, олардың мазмұны мен қызметіне байланысты метатілдік түсініктемелердің түрлерін анықтау болып табылады.

Біз өз жұмысымызда екінші бағытты ұстанамыз. Мәтін жазғанда автор болашақ оқырманға үміт артады, ол үшін метамәтіндік конструкцияларды қолданады және түсініксіз болуы мүмкін лексемаларды түсіндіреді; оқырман өз кезегінде мәтіндік кодты ашады. Жазушы мен оқырман арасында қарым-қатынас актісі орын алады, оның негізгі буыны – Н.С. Болотнованың пікірінше, *автор – мәтін – оқырман* [161]. Сонымен, көркем мәтіндегі метамәтіннің негізгі қызметтерінің бірі коммуникативті қызмет болып табылады.

Дәстүрлі түрде коммуникативті қызметтің үш түрі бар: тіл ең алдымен танымдық немесе ақпараттық функцияны орындауды деп есептеледі: идеяларды, ұғымдарды, ойларды білдіру және түсіндіру және оларды басқа коммуниканттарға жеткізу. Әдетте ерекшеленетін екінші функция бағалаушы: жеке бағалаулар мен көзқарастарды білдіру, үшіншісі аффективті: эмоциялар мен сезімдерді беру [162, с. 21]. Осы зерттеу аясында W. S. Maugham-ның (У.С. Моэм) «Ай мен ақша» және Oscar Wilde (Оскар Уайлд) «The picture of Dorian Gray» (Дориан Грейдің портреті) көркем мәтінінде метатілдік контексттерді талдау нәтижелері жоғарыдағы екінші тәсілге сай топтастырылды.

У. Сомерсет Моэмның «Ай және ақша» материалы негізіндегі метамәтіннің коммуникативті қызметін қарастыра отырып, оның келесі түрлерін ажыратамыз: **ақпараттық, аффективті және бағалаушы**.

Жазушы ақпаратты беретін немесе белгілі ақпаратқа баса назар аударатын жағдайда **ақпараттық тілді** (функцияны) пайдаланады. Мысалы: «Tiare – her father had called her by the name of the white, scented flower which, they tell you, if you have once smelt, will always draw you back to Tahiti in the end, however far you may have roamed» [163] (Тиаре – әкесі оны ақ, хөш іісті гүлдің атымен атаған еді, егер сіз бір кездері иіскеген болсаныңыз, қанша алыс жүрсөніз де сізді Таитиге қайтып оралтады). Автор қыздың аты-жөнін ғана емес, гүл туралы да мәлімет беріп, оны сипаттайды.

«Who now, for example, thinks of George Crabbe? He was a famous poet in his day, and the world recognized his genius with a unanimity which the greater complexity of modern life has rendered infrequent» (Мысалы, қазір Джордж Краббты кім ойлайды? Ол өз заманында атақты ақын болды және әлем оның данышпандығын қазіргі өмірдің күрделілігі сирек көрсететінін бірауыздан мойыннады). Жазушы Джордж Крэббті өткендегі атақты ақын ретінде сипаттайды, осы сөздерден оқырман Джордж Крабб есімді адам өз заманында дарынды ақын болғанымен, қазіргі кезде белгісіз екенін хабардар. Төменде рефлексивтердің ақпараттық қызметінің басқа мысалдары келтірілген:

«The son - his name was Robert - was a boy of sixteen at Rugby; and you saw him in flannels and a cricket cap, and again in a tail-coat and a stand-up collar» (Ұлы - оның есімі Роберт - регбиде он алты жасар бала болған; және сіз оны фланель мен крикет қалпақшасында, пальто мен тік жағада көрдініз). «He was a man of forty, not good-looking, and yet not ugly, for his features were rather good, but they were all a little larger than life-size, and the effect was ungainly» (Ол қырық жастағы ер адам еді, ол әдемі де емес, бірақ ұсқынсыз да емес еді, өйткені оның бет-әлпеті өте жақсы болды, бірақ олардың барлығы өз жастарынан сәл үлкенірек болды). «It is here that I purposed to end my book» (Дәл осы жерде мен кітабымды аяқтауды мақсат еттім; жазушы оқырманға әңгімені аяқтайтыны туралы ақпарат береді).

**Бағалаушы функциясы** оң немесе теріс пікірлерді білдіру үшін қолданылады. Автор адамдардың мінез-құлқындағы аспектілерді бағалау үшін жағымды немесе жағымсыз мәндегі тілдік бірліктерді пайдаланады. S. Hunston және G.Thompson У. Лабов зерттеуіне сүйене отырып, негізгі баяндау синтаксисінен кез келген ауытқулар бағалаушы күшке ие екендігін және оны бағалауыш грамматикалық құрылымды түсіндіру үшін пайдалану қажеттігін атайды [164]. «Мәтін» айдары бойынша авторлар бағалау қатынасы бар екі параграфқа мысал келтіреді; сондай-ақ жағдайды сипаттайтын абзац, баяндау эпизодындағы оқиғалар тізбегі, одан кейін жағдайды бағалауды білдіретін бір параграфқа жалғасады». Біздің зерттеуімізде «Ай мен ақша» романының мәтінін бағалау функциясын білдіретін метамәтіндерді анықтадық:

«And if I may judge from the reviews, many of these books are well and carefully written (Егер мен пікірлерге сүйенсем, бұл кітаптардың көпшілігі жақсы және мұқият жазылған). There was another thing I liked in Mrs. Strickland» (Миссис Стрикландте маған ұнайтын тағы бір нәрсе болды). «This I meant to do, not from wilfulness, but because I wished to leave Strickland setting out with I know

not what fancies in his lonely soul for the unknown islands which fired his imagination» (Мен мұны қасақаналықтан емес, Стриклендпен бірге тастап кеткім келгендіктен іstemек болдым, оның жалғыз жан дүниесінде оның қиялын өршіткен белгісіз аралдарға қандай арман барын білмеймін). «I think he must have read the verse of these young men who were making so great a stir in the world, and I fancy he found it poor stuff» (Менің ойымша, ол дүниені дүр сілкіндірген осы жігіттердің өлеңін оқыған болуы керек, және ол оған нашар нәрсе болып көрінді). «I have read this work with a good deal of amusement, and upon this I congratulate myself, since it is colorless and dull» (negative opinion). «Мен бұл жұмысты улкен ықыласпен оқыдым, сондықтан мен өзімді құттықтаймын, өйткені ол түссіз және қызықсыз (теріс пікір). «To my mind, the most interesting thing in an artist is the personality of the artist...» (author's point of view); «Менің ойымша, суретшідеги ең қызықты зат - суретшінің тұлғасы...» (авторлық көзқарас). «I do not believe that there was in that genteel Bohemia an intensive culture of chastity, but I do not remember so crude a promiscuity as seems to be practiced in the present day» (Мен бұл асыл Богемияда тектіліктің қарқынды мәдениеті болғанына сенбеймін, бірақ қазіргі кездегідей өрескел азғындық есімде жоқ). «I despaired of ever expressing myself with such aptness or with such fluency», «but I do not suppose I should ever have set down my recollections if the hazards of the war had not taken me to Tahiti» (Мен өз ойымды осындай қабілетпен және еркін білдіруден үмітім үзілді, бірақ егер соғыс қаупі мені Таитиге апармаса, мен ешқашан өз естеліктерімді жазбас едім деп ойлаймын).

«For my part, I should be sorry to think that there was nothing between Anthony and Cleopatra but an economic situation» (the writer's opinion); «Өз тарапымнан, Энтони мен Клеопатраның арасында экономикалық жағдайдан басқа ештеңе болған жоқ деп ойлағаныма өкінер едім» (жазушының пікірі). «Personally, I think it was rash of Mr. Strickland, in refuting the account which had gained the belief of a certain "unpleasantness" between his father and mother...» (Менің ойымша, бұл Стрикленд мырзаның әкесі мен шешесінің арасында белгілі бір «жағымсыздық» бар деген сенімге ие болған әңгімені жоққа шығарудағы акымақтық болды...). «The moral I draw is that the writer should seek his reward in the pleasure of his work and in a release from the burden of his thought; and, indifferent to aught else, care nothing for praise or censure, failure or success» (Мен жазатын мораль – жазушы өз сыйын өз шығармасының ләззатынан, ой жүтінен күтылудан іздеуі керек; және мақтауға немесе кінәлауға, сәтсіздікке немесе сәттілікке мән бермей, басқаның бөріне немкүрайлы қарауы керек). «I confess that when first I made acquaintance with Charles Strickland I never for a moment discerned that there was in him anything out of the ordinary». (Мойындеймын, мен Чарльз Стриклендпен алғаш танысқан кезде мен оның бойында ерекше бірдене бар екенін бір сәтке де байқамадым).

**Аффективті функцияны білдіретін тірек сөздер:** көніл, ұят, сезім; Көнілімді білдіруге ұялып, көнілім қалды (фразеологизмдер), бей-жай көрінуге тырысу; Ыңғайсыз сезіндім, жалғызысырау, қызғаныш сезімімен; Шынайы

күмарлық: ырқымнан тыс таңданым, жанның күйін білдіру, қатты таң қалдырган нәрсенің түсіндірмесін іздеу.

Аффективті функцияны тасымалдайтын бірліктер эмоцияларды, сезімдерді және көңіл-күйді жеткізу үшін қызмет етеді: «Too shy to express my sympathy, I turned to say good-bye to the Colonel» [163] (Көңілімді білдіруге үялып, полковникең қоштасуға бет бұрдым; автордың сезімін көрсетеді). «I wasn't quite sure if you expected me," I said, trying to seem unconcerned» (Мені күткенізге сенімді емес едім», - дедім мен бей-жай көрінуге тырысып). «There was real passion in his voice, and in spite of myself I was impressed» (Оның дауысында шынайы күмарлық бар еді, мен өз ырқымнан тыс таңданым). «I was more interested than distressed» (Мені қиналғаннан гөрі қызықтыруды). «The final impression I received was of a prodigious effort to express some state of the soul, and in this effort, I fancied, must be sought the explanation of what so utterly perplexed me» (Мен алған соңғы әсер жанның қандай да бір күйін білдіру үшін керемет талпыныс болды және бұл әрекетте мені қатты таң қалдырган нәрсенің түсіндірмесін іздеу керек деп ойладым). «I am disappointed that I cannot report any extravagances in his opinions on the old masters» (Мен оның ескі шеберлер туралы пікірлерінде ешбір артықшылықтарды айта алмайтыншама көңілім қалды). «Everyone seemed to be talking, and I, sitting in silence, felt awkward» (Бәрі сөйлем түрғандай болды, мен үнсіз отырып, өзімді ынғайсыз сезіндім). «I was perhaps a little lonely, and it was with a touch of envy that I thought of the pleasant family life of which I had a glimpse» (Мен аздап жалғызыраған шығармын, қызғаныш сезімімен көз алдынан өткен бақытты отбасылық өмір туралы ойладым).

Метамәтін, әдетте, автордың көзқарасын білдіретін мәтіннің кез келген бөлігі ретінде түсініледі, автордың көзқарасы метамәтіннің функцияларын бөліп көрсетуге жеткілікті болғандықтан зерттеу материалына «Ай мен ақша» романы таңдалды. «Ай мен ақша» романындағы метамәтіндер қызметтері әртүрлі, оларды таңбалаған тіл бірліктерінің сипаты да әрқилы. 1) Бағалауыштық мәнге ие сөздер: жақсы және мұқият, нашар, түссіз. 2) Бағалау он болғанымен, бағалаушының ойы одан алшақ жатқанын көрсететін қыстырма компонентпен беріледі: «егер мен пікірлерге сүйенсем...» (Егер мен пікірлерге сүйенсем, бұл кітап жақсы әрі мұқият жазылған; Мен бұл кітапты оқып шыққаныма өзімді құттықтаймын, өйткені ол түссіз және қызықсыз) деген қыстырма компонент. 3) Бағалауыштық мәндегі сөздер ғана емес, бағалау сөз тіркесі мен сөйлем күрылымында да беріледі. 4) Себеп-салдарлық қатынастағы құрмалас сөйлемдермен берілген, болымсыз тұлғалы етістіктің жұмсалу жиілігі жоғары (қасақаналықтан емес, білмеймін). 5) Субъект зат пен сапа предикат құрылымында келген сөйлемдер: қызықты зат – суретшінің тұлғасы. 6) Шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлемдер. 7) Бағалауыштық мәнге ие етістіктер мен есімдіктердің тіркесі арқылы берілген: маған ұнайтын, маған олар ұнамайды, тәнтімін, үмітім үзілді (тұракты тіркес), ойлағаныма өкінуім керек, мойындаимын, байқамадым, өкінуім керек. 8) Антоним сөздер де жұптап қолданылады: мақтау мен айыптау, жақсы мен нашар. 9) Болымды-болымсыз

мағынадағы зат есімдер: сәттілік пен сәтсіздік. 10) Синонимдес зат есімдер: ептілік, еркіндік, жағымсыздық, ақымақтық.

Мұндай метамәтіндер қызметін Oscar Wilde (Оскар Уайлд) «The picture of Dorian Gray» (Дориан Грейдің портреті) мәтінін талдауда да анықтадық. Бұл мәтіндең бағалауыштық қызмет атқаратын метамәтіндер: «I really can't see any resemblance between you, with your rugged strong face and your coal-black hair, and this young Adonis, who looks as if he was made out of ivory and rose-leaves. Why, my dear Basil, he is a Narcissus, and you -well, of course you have an intellectual expression and all that» (Мен сенің қатал, өрескел жүзіңмен, көмірдей қара шашыңмен және піл сүйегі мен раушан жапырақтарынан жасалғандай көрінетін жас Адонистің арасында ешқандай ұқастық көре алмаймын. Неге, қымбаттым Бэзил, себебі ол – Нарцисс, ал сізде - әрине, интеллектуалды өрнек және осының бәрі бар). Your mysterious young friend, whose name you have never told me, but whose picture really fascinates me, never thinks (Аты-жөнін ешқашан айтпаған, бірақ суреті мені қатты қызықтыратын жұмбақ жас досың ешқашан ойланбайды). «Look at the successful men in any of the learned professions. How perfectly hideous they are!» (Зерттелген кез келген кәсіптегі табысты ер адамдарды қараңыз. Олар қандай жексүрын!). "Always! That is a dreadful word. It makes me shudder when I hear it. Women are so fond of using it. They spoil every romance by trying to make it last forever. It is a meaningless word, too ("Эрқашан! Бұл қорқынышты сөз. Оны естігенде жүрегім дірілдейді. Эйелдер оны қолданғанды жақсы көреді. Олар оны мәңгілікке қалдыруға тырысып, кез келген махаббат романын бұзады. Бұл да мағынасыз сөз). This silly boy doesn't really want it, and I really do." (Бұл ақымақ бала мұны шынымен қаламайды, мен шынымен де қалаймын) "He is very good-looking," assented Lord Henry («Ол өте әдемі», - деп қосты лорд Генри). He was brilliant, fantastic, irresponsible (Ол тамаша, қияли, жауапсыз болды). Oh, she was so shy and so gentle (О, ол сондай үялшак, сондай сыпайы еді). I never talk during music—at least, during good music (Мен ешқашан музыка кезінде, кем дегенде, жақсы музыка кезінде сөйлеспеймін).

Бағалауыштық қызмет атқаратын бірліктер: өрескел қайратты жүзіңмен, көмірдей қара шашыңмен зәйтүн түсті жүзі мен піл сүйегі мен раушан жапырақтарынан жасалғандай көрінетін жас Адонистің арасында ешқандай ұқастық көре алмаймын. 1) Қазақ тілінде «өрескел» сөзі қайратты сөзімен тіркесімге түспейді, себебі қазақ тілінде «өрескел» жағымсыз реңкке ие сөз болса, (сөздіктегі мағынасы сөлекет, ерсі, оғаш [141, б. 657] «қайратты» жағымды (сөздіктегі мәні: 1) қайраты мол, күшті, қуатты; 2) жігерлі, қажырлы; 3) жұмсақ емес, қатты [141, б. 483]. Қазақы танымда «қайратты» сөзі «қыран құстай қайратты» тіркесінде жұмсалса, ағылшын тілінде бұл тіркес (өрескел қайратты) қалыпты болып қабылданады. Сондай-ақ, ағылшын тілінде жастықты раушан жапырақтарынан жасалғандай деп теңесе, қазақ танымында жастық «гүлдей жайнаған» деп, тек раушан гүліне ғана емес, жалпы гүл атаулыға теңестіреді. Жастықты піл сүйегімен теңеу қазақ танымына тән емес. Бұл ағылшындардың өз мәдениеті мен дүниетанымына сай ерекшелігі деп

санауға болады. Тек ағылшын тіліне тән бағалауыштық мәндегі бірліктер: піл сүйегі мен раушан жапырақтарынан жасалғандай көрінетін, өрескел қайратты жүз, интеллектуалды өрнек, зәйтүн тұсті жүзі, қандай жексүрын (қазақ тілінде қандай сұрау есімдігі жириңішті сезімен тіркесімге түсіп қолданылады).

#### **Ақпараттық қызмет атқаратын метамәтіндер:**

«But beauty, real beauty, ends where an intellectual expression begins. Intellect is in itself a mode of exaggeration, and destroys the harmony of any face» (Бірақ сүлүлік, нағыз сүлүлік, интеллектуалды көрініс басталған жерде аяқталады. Интеллект өз алдына әсірелеу тәсілі және кез келген тұлғаның үйлесімділігін бұзады).

«Conscience and cowardice are really the same things, Basil» (Ар-ождан мен қорқақтық шынымен бірдей нәрсе, Бэзил).

«Laughter is not at all a bad beginning for a friendship, and it is far the best ending for one» (Күлкі достықтың жаман бастамасы емес, ал бұл достық үшін ең жақсы аяқталу).

«Unconsciously he defines for me the lines of a fresh school, a school that is to have in it all the passion of the romantic spirit, all the perfection of the spirit that is Greek» (Ол маған бейсаналы түрде жаңа мектептің, онда романтикалық рухтың барлық құмарлығын, грек рухының барлық кемелділігін көрсететін мектептің желісін анықтайды).

«Poets are not so scrupulous as you are. They know how useful passion is for publication» (Ақындар сен сияқты ұқыпты емес. Басылымға деген құмарлықтың қаншалықты пайдалы екенін біледі).

«One's own soul, and the passions of one's friends— those were the fascinating things in life» (Адамның жан дүниесі, достарының құмарлықтары бұл өмірдегі ең қызықты нәрселер еді).

«This is Lord Henry Wotton, Dorian, an old Oxford friend of mine» ( Бұл лорд Генри Воттон, Дориан, менің Оксфордтағы ескі досым).

«Because you have the most marvellous youth, and youth is the one thing worth having» (Өйткені сізде ең керемет жастық бар, ал жастық шақ - бұл ие болуға лайық нәрсе»).

«Be always searching for new sensations. Be afraid of nothing.... A new Hedonism—that is what our century wants» (Әрқашан жаңа сезімдерді ізденіз. Ештеңеден қорықпа.... Жаңа гедонизм — біздің ғасырымыз қалайтыны осы).

«The son, who had been his father's secretary, had resigned along with his chief, somewhat foolishly as was thought at the time, and on succeeding some months later to the title, had set himself to the serious study of the great aristocratic art of doing absolutely nothing» (Әкесінің хатшысы болған ұлы сол кезде ойлағандай ақымақтықпен бастығымен бірге отставкаға кетіп, бірнеше айдан кейін бұл атаққа қол жеткізіп, ұлы ақсүйектер өнерін байыпты зерттеуге кірісті).

«His own neighbor was Mrs. Vandeleur, one of his aunt's oldest friends, a perfect saint amongst women, but so dreadfully dowdy that she reminded one of a badly bound hymn-book» (Оның көршісі миссис Ванделер еді, тәтесінің ең ескі

достарының бірі, әйелдер арасындағы мінсіз әулие, бірақ соншалықты үқыпсыз, шіркеу әнұрандарының нашар жинағына үқсайды).

«I find that, ultimately, there are only two kinds of women, the plain and the colored. The plain women are very useful. If you want to gain a reputation for respectability, you have merely to take them down to supper. The other women are very charming. They commit one mistake, however. They paint in order to try and look young» (Мен, сайып келгенде, әйелдердің екі түрі бар екенін байқадым, қарапайым және боянған. Қарапайым әйелдер өте пайдалы. Егер сіз құрметті атаққа ие болғыңыз келсе, оларды кешкі асқа апарыңыз. Басқа әйелдер өте сүйкімді. Алайда олар бір қателік жасайды. Олар жас көріну үшін боянады).

«A great poet, a really great poet, is the most unpoetical of all creatures» (Ұлы ақын, нағыз ұлы ақын – барлық жаратылыстардың ішіндегі ең поэтикасызы).

Ақпараттық қызмет атқаратын метамәтіндер деп шартты түрге бөлуге болғанымен, ол метамәтіндер құрамындағы бірліктер бағалауыштық қызметті атқаратын бірліктермен тіркесіп жұмсалып, тілдік рефлексияның айқындығын арттырады. Әсіреке бұл сөз қайталау мен күшейткіш ұстеулердің не есімдіктердің тіркесуі арқылы (сондай ұялшақ, сондай жұмсақ, сұлулық, нағыз сұлулық, ең ескі, өте сүйкімді, нағыз ақын, ең поэтикасызы, жаңа мектеп, мектеп желісі, романтикалық рух, грек рухы, керемет жастық, жастық шақ, жаңа сезім, жаңа геодонизм) жүзеге асады. Ағылшын көркем мәтінінде О. Уайлдтің әйелдерге қастысты көзқарасында да ерекшелік байқалады: Қарапайым әйелдер өте пайдалы, басқа әйелдер өте сүйкімді. Алайда олар бір қателік жасайды. Олар жас көріну үшін боянады. Талданып отырған көркем мәтіндеңінде метамәтіндер құрамында қыстырма сөздер мен сөз тіркестері кездеседі: әрине, кем дегенге, сайып келгенде, алайда, т.с.с.

#### Аффективті қызмет атқаратын метамәтіндер:

«I had a strange feeling that fate had in store for me exquisite joys and exquisite sorrows. I grew afraid and turned to quit the room» (Мен біртүрлі сезімде болдым, тағдыр маған жан тебірентерлік қуаныштар мен жанға батарлық қайғыларды дайындаған қойған. Мен қорқып, бөлмеден шығуға бұрылдым).

«I hate them for it,» cried Hallward (Мен оларды сол үшін жек көремін, - деп айғайлады Холлвард»).

"I know he likes me. Of course I flatter him dreadfully. I find a strange pleasure in saying things to him that I know I shall be sorry for having said. («Мен оның мені ұнататынын білемін. Әрине, мен оған қатты жағымпазданамын. Мен оған ұнайтынымды білемін. Әрине, мен оған қатты жағымпазданамын. Мен оған кейін екінетін нәрселерді айтудан біртүрлі ләззат аламын»).

He felt intensely interested. He was amazed at the sudden impression that his words had produced, and, remembering a book that he had read when he was sixteen, a book which had revealed to him much that he had not known before, he wondered whether Dorian Gray was passing through a similar experience. (Ол қатты қызығушылық танытты. Ол өз сөздерінен кенеттен пайда болған әсерге таң қалды және он алты жасында оған бұрын білмеген көп нәрсені ашқан кітапты

оқығанын есіне түсіріп, Дориан Грей осыған ұқсас тәжірибеден өтіп жатыр ма деп ойлады).

«His romantic, olive-colored face and worn expression interested him» (Оның романтикалық, зәйтүн түсті жүзі мен тозған өңі оны қызықтырыды.)

«But he felt afraid of him, and ashamed of being afraid» (Бірақ ол одан қорқып, қорқатынан ұялды).

A look of joy came into his eyes, as if he had recognized himself for the first time. He stood there motionless and in wonder, dimly conscious that Hallward was speaking to him, but not catching the meaning of his words. The sense of his own beauty came on him like a revelation. He had never felt it before. (Өзін алғаш рет танығандай көзіне қуаныш нұры келді. Ол сол жерде қозғалмай, таңғалып тұрды, Холлвардтың онымен сөйлесіп жатқанын сезді, бірақ оның сөздерінің мағынасын түсінбеді. Өз сұлулығының сезімі оған аян сияқты келді. Ол мұны бұрын-соңды сезбеген еді).

«He seemed quite angry. His face was flushed and his cheeks burning» (Ол әбден ашулы болып көрінді. Беті қызарып, жағы күйіп кетті).

«I adore simple pleasures,» said Lord Henry (Мен қарапайым ләззаттарды жақсы көремін, - деді лорд Генри).

«I like Wagner's music better than anybody's» (Маған басқалардан гөрі Вагнердің музыкасы ұнайды).

«You filled me with a wild desire to know everything about life» (Сіз мені өмір туралы бәрін білуге деген құштарлықпен толтырыңыз).

«I must admit that I was rather annoyed at the idea of seeing Shakespeare done in such a wretched hole of a place» (Шынымды айтсам, Шекспирдің осындай аянышты жерде қойылғаны мені біраз ренжітті).

Сонымен, көркем мәтіннің материалы негізінде метамәтіндік конструкцияларды талдау көркем мәтінде метамәтін атқаратын үш негізгі функцияны бөліп көрсетуге мүмкіндік берді: коммуникативті, оның ішінде 1) ақпараттық 2) аффективті 3) бағалауыштық. Автор ақпарат беретін немесе белгілі ақпаратқа баса назар аударатын жағдайда ақпараттық тілді (функцияны) пайдаланған. Бағалау функциясы оң немесе теріс пікір білдіру үшін қолданылады. Аффективті функция жазушының эмоциясын, сезімін, көңіл-күйін жеткізуде қызмет атқарады.

### **Екінші бөлім бойынша тұжырым**

Екінші бөлім тілдік, метатілдік рефлексияны талдау сызбалары мен модельдерін сипаттауға және сол сызба, модельдерге сай зерттеу нысанына алынған мәтіндерге талдау жасауға арналды. D. Schön-нің екі бөлімнен тұратын (әрекетті бейнелеу, әрекет туралы ойлау) моделі мен Грейм Гиббстің «Рефлексияның циклдік моделінің» сипаттамасы беріліп, оның әмбебаптық сипаты негізделді.

М.Р. Шумарина ұсынған метатілдік талдаудың формалды сызбасы сипатталып (бір-біріне оппозициялық қатынаста қарастырылатын «астарлы рефлексия» мен «анық сана»), метатілдік сананың формалды маркерлері көрініс

беретіні және метатілдік сананың үш деңгейі (бейсаналы деңгей, «анық сана» деңгейі, шығармашылық деңгей) сипатталды.

Мәтінде метатілдік рефлексияның бар екенінен хабар беретін лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық және т.с.с.тілдік белгілер – мәтаопператорлар жіктемесі (меншікті, жанама, нөлдік, арнайы) беріліп, сипатталды.

Г. Гиббстің «Рефлексияның циклдік моделін» негізге ала отырып, Абай Құнанбайұлының «Ойға тұстім толғандым», «Қара сөздеріне» және Оскар Уайлдтің «Дориан Грейдің портреті» көркем мәтініне талдау жасап, авторлардың рефлексиясы мен оны таңбалаган рефлексивтер анықталды. Ақынның метатілдік рефлексиясы оның өзі қолданған етістіктердің мағыналық сипаты арқылы көрінетіні талданып, жіктемесі берілді (ақынның ойлау операциясын көрсететін бірліктер: ойға тұсу, толғану, көз салу, тексеру, байқау; ақынның өзін бағалау әрекетін таныттын бірліктер: өзіме-өзім жақпадым, ақымақ болғаным, т.с.с.). Абайдың «Қара сөздеріндегі» және О. Уайлдтің «Дориан Грейдің портреті» мәтініндегі Г. Гиббс моделінің алты элементімен (сипаттау, сезіну, бағалау, талдау, қорытынды, іс-әрекет жоспары) сай келетін тілдік рефлексивтер топтастырылып, жіктеліп, оларға лексика-семантикалық талдау жасалды.

Сондай-ақ бұл бөлімде тілдік рефлексияға метатілдік талдау У. Сомерсет Моэмның «Ай мен ақша», Оскар Уайлдтің «Дориан Грейдің портреті» көркем мәтіндері негізінде жүргізілді. Талдау нәтижесінде метамәтіннің коммуникативті қызметі – ақпараттық, аффективті және бағалауыштық – талдау нысанына алған мәтіндерден айқындалды, оларды тасымалдайтын бірліктерге сипаттама берілді, лексика-грамматикалық белгілеріне сай топтастырылды.

### **3 ТІЛДІК РЕФЛЕКСИЯ: ЭКСПЕРИМЕНТТІК ТАЛДАУ**

#### **3.1 Тілдік тұлғалардың ана тіліндегі мәтінді зерделеуінде көрінетін метатілдік түсіндірмелеріне (комментарийлеріне) талдау**

Абайға рефлексияның тән екендігі оның қара сөздеріндегі, өлең туындыларындағы өз-өзіне есеп беруі арқылы аңғарылды. Сондай-ақ, ақынның өлең үзіндісін XXI ғасырдағы тілдік тұлғалар қалай интерпретациялайтынын психолингвистикалық эксперимент арқылы анықтады.

Психолингвистикалық эксперимент жүргізудің мақсаты - ақын шығармаларының XXI ғасыр өкілдерінің интерпретациялауын рефлексивті лингвистика аясында анықтау. Индивидтің тілдік санасын зерттеу тілдік сана феноменінің өзіне, оның жеке компоненттері арасындағы танымдық байланыстарды орнату және зерттелетін нысан туралы тілдік сананың айғақтарын жалпылау арқылы тіл құбылыстарын тануға бағытталатын эксперименттік тәсілдер арқылы жүзеге асады. Психолингвистикада бұл тәсілдерді қолданудың өзіндік тәртібі В.В Левицкий [165], И.А. Стернин [47] және Е.И. Горошко [166] еңбектерінде көрсетілген. Аталған салада тілдік материалды тіл иеленушісі тарапынан субъективті интерпретациялауды ғылыми талдау және интерпретация есебінде қарастырады. Олардың көрсетуінше, тәжірибеге қатысушылар санының ең төменгі шектік саны – 30 болса, біздің саулнамаға жауап бергендер саны – 44. Е.И. Горошконың: «Жеке тұлғаның тілдік қабілеті, оның комбинаторлық мүмкіндігі өмір бойына өзгеріссіз қалады» [166, с. 287], - деген пікірін ұстана отырып, 18-58 жас аралығындағы қатысушылардан жауап алдық. Психолингвистикалық экспериментті жеке немесе топтық формада жүргізуге болады. Е.И. Горошко ойынша: «Эксперимент жүргізген кезде респонденттер танымдық тапсырманы шешуді эксперимент жүргізушінің көмегінсіз өздері орындауды керек, өйткені көмек берілсе, эксперимент нәтижелері тілдік тұлғаның өзіндік болмысын таныта алмайды, соның нәтижесінде ақпарат аз болады» [166, с. 283]. Осы көзқараспен келісе отырып, біз өз жағдайымызда эксперименттің жеке формасын таңдадық.

**Қатысушылар.** Тілдік рефлексияның метатілдік сана бейнесіндегі көрінісін ашу мақсатында 18-58 жас аралығындағы әлеуметтік топтар арасында саулнама жүргізілді. Саулнама сұрақтары электронды түрде Google кесте арқылы жасалып, таратылды. Талдауға алынған метатілдік мәтіннің жалпы саны – 352 (8 сұрақ 44 респондент). Саулнамаға барлығы 44 респондент қатысты, оның 11-і – ер адам (25%) және 33-і – әйел адам (75%). Респонденттердің мамандықтары түрлі болып келеді, соның ішінде басымдыққа студенттер ие. Жалпы көрсеткіштің 36 (82%) студенттер үлесінде болса, мұғалімдер мен тәрбиешілер үлесінде 6 (13,5%), қызметкер 2 (4,5%). Респонденттер арасында 18-24 жас аралығындағы қатысушылар саны – 37 (84%) бірлікпен басымдылық танытты. 25-58 жас аралығындағы респонденттер 7 (16%) құрады.

## Нәтижелер

Алғашқы сұрақ жоғарыда талдауға түскен Абай Құнанбайұлының тілдік рефлексиясын айғақтайдын «Ойға тұстім толғандым» өлеңінен үзінді беріліп, олардың бұл шумаққа көзқарасы ( Ойға тұстім толғандым, Өз мінімді қолға алдым, Мінезіме көз салдым, Тексеруге байланым өлең жолдарын қалай түсінесіз?) сұрағы беріліп, алынған 43 (1 респондент сұраққа жауап бермеді) жауап метатілдік мәтіндер ретінде талданды.


Респонденттердің жауабы семантикалық сипатына қарай мынадай топтарға (14-кесте) жіктелді:

Кесте 14 – Метатілдік мәтіндердің топтастырылуы (респонденттер жауаптары негізінде)

Ақынды сипаттау немесе қосымша деректер келтіру	Өз-өзімен жұмыс	Үәж	Мінезбен жұмыс	Жағымды бағалау
4	26	4	8	1
Бұл жерде ақын өзінің бойындағы жақсы-жаман қасиеттің барлығын сарапал, ненің ұнап, ненің ұнамағанын, бойындағы жамандықты дұрыстау керек екенін жазған; Туынды ақынның өзі өмір сүрген дәуір сырына терең үңіліп, жүріп өткен жолына ойланған, кемелденген шағында туған; т.с.с.	Өз-өзін тексеру, бағалау, сарапау; Өз езімізді реттеу! Біреудің мінін көргенше, өз езімен жұмыс жасау !; Өз өзін қолға алу; өз өзін түзету; т.с.с	өз өмірің өз қолында; қателікті біреуден емес, өзіңден ізде; қандай да бір шешім қабылдар алдында ой елегінен өткізе білген үтүмді; және т.б.	Мінезін дұрыстау; Өзімнің мінезімнің, бойымдағы жаман қасиеттердің жақсы жаққа өзгертуге жұмыс жасауға ойлану деп түсінемін; Өз мінезін өзгерту; Өз мінезінді дұрыстау	жақсы түсінем

Кестеде көрініп тұрғандай, ақынның өлеңін қабылдауда реципиенттің танымында бейнеленген лексикалық бірліктердің қолданысы жиілігі жағынан өз-өзімен жұмыс (26) және мінезбен (8) жұмыс жасауға қатысты жауаптар


басым болды. Мұны сауалнаманың сандық көрсеткіші бейнеленген төмендегі диаграммадан (5-сурет) анғаруға болады.



Сурет 5 - Семантикалық топтардың сандық көрсеткіші

Бұл тұста ақынның өзіне-өзі жасаған тілдік рефлексиясының басты ұстанымы немесе идеясы өз-өзімен жұмыс және мінезге көніл бөліп, жақсы жағынан қалыптастыру болса, адресат осы өлеңді оқи отыра оның түпкі мағынасын интерпретациялауды Абай дәүіріндегі оймен сәйкеседі.

Қазіргі заман өкілдерінің өмірінде рефлексияның қаншалықты маңызды екенін анықтау мақсатында екінші сұрақ (*Ciz өз-өзіңізге сынни көзбен қарайсыз ба?*) берілді. Жауаптардың талдауының сандық көрсеткішпен (6-сурет) ұсынамыз:



Сурет 6 - Жауаптар талдауының сандық көрсеткіші

Сұраққа жоқ деп нақты жауап бергендердің жалпы саны – 17, иә жауабына – 23, кейде – 3, байқамадым – 1. Рефлексияға тұсуде басымдылық танытқан әйелдер болды (иә - 17, жоқ - 13, кейде - 3), «өзімді сынамаймын» деген ер адамдар – 4, «өзіме сынни тұрғыда қараймын» деген – 6, «байқамадым»

деген 1 жауап жинақталды. Бұл жауаптардан күнделікті өмірде қазіргі заман өкілдерінің өзіне сыншы ретінде қарайтынын байқаймыз.

Келесі сұрақ осы рефлексияға түскен тұлғалардың өз бойынан қандай кемшілік қоретінің тексеру үшін қойылды. Мына қасиеттер бойынша басым жауаптар іріктелді: жалқаулық, еріншектік – 10, ашушандық – 8, ренжігіш – 4, сенгіштік – 2. Қатысушылардың 8-і ешқандай кемшілігім жоқ дегенді айтады (15-кесте).

**Кесте 15 – Респонденттердің өз бойынан тапқан теріс қылықтары мен олардың саны**

Жауаптар саны	Респонденттердің өз бойынан тапқан теріс қылықтары
10	Еріншектік, жалқаулық
8	Ашушандық
4	Ренжігіш
2	Сенгіштік
Дара берілген жауаптар (1)	Өзімшіл, сенімсіздік, қырсық, тиянақсыз, көп сөйлеймін, ұялшақ, тұра айту, өкіну, бағаламау, ойын бұгу т.с.с.
8	Ешқандай

Абайдың заманында (XIX ғасыр) теріс қасиет ретінде бейнеленген еріншектіктің қазіргі уақытта та сақталғаны байқалады. Оған ақынның адамның жалпы қасиеттерін жіктең, екі топқа бөліп көрсеткен мына екі өлеңінен алынған үзінді дәлел:


Өсек, етірік, мақтаншақ,  
**Еріншек**, бекер мал шашпақ  
 Бес дұшпаның, білсеңіз.  
 Талап, еңбек, терең ой,  
 Қанағат, рақым, ойлап қой –  
 Бес асыл іс, көнсеңіз [167].

Сабырсыз, арсыз, **еріншек**,  
 Көрсे қызар, жалмауыз,  
 Сорлы қазақ сол үшін,  
 Алты бақан алауыз [168].


Ұлттың психологиялық қалпы немесе ұлттық мінез деген ұғымдарды С.М. Арутюнян ұлттың тарихи даму ерекшелігімен байланыстырып, материалдық өмір әсерінен қалыптасатын, оның мәдениетінен көрініс беретін эмоция мен сезімдер, әрекет пен ойлар, ұлттық әдеттер мен дәстүрлердің ерекше көрінісі деп сипаттайды [169, с. 23].

С. Тер-Минасова еңбегінде классикалық көркем әдебиетте ұлттық мінездүйнештың сипатталуы анық байқалатынын жазып, мұндай туындылардың қандай да бір ұлттың ішкі жан дүниесі мен ақыл-ойына ықпал еткен, уақыт сыйнынан өткен жоғары дәрежеде болатынын айтады [170, с. 175]. Осы тұста

респонденттерден «Қандай мінезізді немесе қасиетізді «ұлттық мінезбен» байланыстырысыз? – деген сауалға жауаптар алынды. Талдау нәтижелерін төменде көрсете отырып (басымдық танытқан жауаптар бойынша), **еріншектікті** ұлттық мінезбен байланыстыратын респонденттер санының көп екенін аңғарамыз. Жас шамасына қарай 18-24 жас аралығындағы студенттер екені анықталды (7-сурет):



Сурет 7 - Ұлттық мінезбен байланыстырылатын қасиеттер үлесі




Сурет 8 - «Еріншектікті» ұлттық мінезбен байланыстырған респонденттер

Sozdikqor сайтында «еріншек» сөзіне мынадай түсіндірме береді: «Мойны жар бермейтін кежір, жалқау». Сонымен қатар, енжар, бойкуйез, керенау, шабан, еріншек, қырсау, жалқау, кежір синонимдері беріледі

[134]. Қазақ халқының мақал-мәтелдерінде («Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті», «Еріншектің бір міnezі – еміншек», «Еріншектік ерді аздыраар», «Еріншектің ертеңі бітпес», «Ерінген екі істейді», «Ерінбеген елге жетеді», «Жаманға жан жуымас, жалқауға мал жуымас», «Ер еңбегімен озады, еріншек езілүмен тозады») бұл қасиеттің ұнамсыз екені айтылып, ұлттық тілдік санада оған қарсы мәнде «еңбеккор» ұғымы орныққанын көреміз. Бұл ойымыз Абайдың туындыларында анық көрінеді: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздыраар адам баласын», «Өуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсан, қара жер де береді, құр тастамайды».

А. Құнанбайұлы: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: олар - надандық, еріншектік, залымдық. Еріншектік - күллі дүниедегі өнердің дүшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұтсыздық, кедейлік - бәрі осыдан шығады» [93, б. 72] - деп, жалқау болудың неге соқтыратынын нақты сеніммен айтады. С.Г. Тер-Минасоваша, кез келген халықтың ұстанатын өмір салтын, тәртіп ережелерін, этикалық нормаларын, өзге ұлт мәдениетіне деген көзқарасын адами қасиеттердің бағалауыштық сипаттағы идиомалар жүйесінің көрсеткіштеріне қарап білуге болады [170, с. 181] Осы пікірді басшылыққа ала отырып, еріншектік сипатты қазақ тілі өкілдерінің тілдік санасында жағымсыз бағалауыштық мағынада бейнеленген бірлік ретінде қарастырамыз. Деректерге сүйеніп, жалпы көрсеткіш 44 – респонденттің 31% екендігін ескерсек, қазақ халқының ұлттық міnezін «еріншек» қасиетімен сәйкестендіруге (сабактастыруға) негіз жок деп түйеміз.

Ендеше, «Осы ұнамсыз қасиеттерден арылу үшін немесе өзінізді түзеу үшін не істейсіз?» – деген сұраққа берілген жауаптар былайша сараланды (9-сурет):



Сурет 9 - Респонденттер көрсеткен ұнамсыз қасиеттен арылу жолдары

### Талқылау

Тілдік рефлексия саласында ғалымдар берген теориялар мен анықтамаларға сүйене отырып, психолингвистикалық эксперимент

нәтижесінде алынған метамәтін, сөздік материалдар метамәтін ретінде қарастырылып, *метамәтіндік талдауда* пайдаланылды. Тіл рефлексияның және өзіндік рефлексияның ең маңызды құралы ретінде анықталды. Саулнама нәтижесіне сүйене отырып, өзіне рефлексия жасаған тұлғалардың кері қылыштарын түзетуі үшін *өзімен жұмыс* жасайтыны белгілі болды (Өз өзімнің әрекетімді қунделікті тексеріп отырамын; Өз өзімді қадағалау; Өз өзіммен жұмыс істеймін көп ашуға берілмеуге тырысамын; Өз-өзімді қолға алып, барынша кемшиліктерімнен арылуға тырысамын т.с.с.). Бұдан адамның өз бойынан кемшілігін тауып және оны түзетуде өзіне үңілетінін көре отырып, аталған әрекеттердің рефлексияның орын алудың жүзеге асатынын айта аламыз. Оны тілдік бірліктердің көмегімен анықтаймыз және рефлексивтердің типологиясына сай жіктең, топтастырамыз. Бұл тұрғыдан алғанда, біз жоғарыдағы И.Т. Вепреваның рефлексивтерді классификациялауын негізге алдық. **Метамәтіндік комментарий** ретінде респонденттердің Абай өлеңіне (метамәтін) деген көзқарасын білдіруде қолданған тілдік бірліктердің жатқызамызы: *менің ойымша, үл өлең жолдарында адамның өз мінезін қолға алуы, түзетуге тырысуы керек екені айтылады. Яғни, Абай атамыздың айтқанындағы әр адам өзінің тәртібін, мәдениетін сынни көзбен қарап бағалап, дұрыстауы қажет; Өз мініңді дұрыстау; Өз мінезіңді дұрыстау; Қателікті біреуден емес, өзіңнен ізде; Адам өмірде өзін ғана дұрыстаумен, өзін ғана қамишилаумен өту керек. Өмірге бейімделу үшін мінез керек. Мінезің дұрыс болмаса мінің шыға береді. Әр мініңді дұрыстауға тырыссаң, жетістікке жетесің.* Ал, **метатілдік интерпретация** сөйлеушінің өз пікіріне жүгінген эмоционалды және рационалды реакциясы басым сөйлемдерді аламыз: *іс-әрекетім мен сөйлеген сөзіме ойланып барып әрекет етемін; Әрдайым өзімді бақылауда ұстаймын; Әр қателігім үшін өзімді бір әдіс-тәсілмен жазатын едім; Өзімді сабырлыққа шақырып, мінезімді дұрыстауға тырысамын.*

Осыдан көргеніміздей, Абай өлеңдеріндегі рефлексивтер мен саулнама сұрақтарына берілген жауаптардағы лексикалық бірліктер семантикалық сипатына қарай ұқсас: *өзімен жұмыс, мінезін дұрыстау, өзіне есеп беру, сынни көзбен қарау*. Саулнама сұрақтары арқылы рефлексиялауда адамның сөйлеу-ойлау әрекетіндегі рөлін және әрекетіне сай лексика-грамматикалық құралдарды пайдаланатынын анықтадық. Коммуникативтік ниеттің грамматикалануы мен лексикалануы сөйлеушінің өз сөзі туралы рефлексиясын көрсетеді.

### 3.2 Тілдік тұлғалардың екі тілде (қазақша, ағылшынша) берілген мәтінді зерделеуінде көрінетін метатілдік көрсеткіштер, рефлексивтерді талдау

D. Duncker тілдің рефлексивтілігін зерттеп, «тілдік мәселелерді талқылаудың жалғыз жолы болып жатқан лингвистикалық процестерде» екенін атап өтті [171, р. 31]. Зерттеуші бірінші және екінші ретті құбылыстардың арақатынасы туралы жазып, былай деп баяндады: «Екінші ретті құбылыс


біріншінің интерпретациясы және осылайша интерпретациялаушы адамды қажет етеді. Екінші қатардағыны ойлап табу арқылы біз біріншіні анықтаймыз және бір мезгілде екіншісін де анықтаймыз, өйткені ол біріншіден тыс болуы мүмкін емес» [171, р. 31]. Осы пікірге сәйкес біз зерттеуімізде саулнамаға қатысушыларды екінші ретті құбылыс, ал ақын шығармаларын (өлең, қара сөздерін) интерпретациялаушы (оқырмандар) қажет ететін бірінші ретті құбылыс деп анықтадық.

Тілдік рефлексияның қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндер негізіндегі көрінісін, тілдік тұлғаның қалыптасуындағы ықпалын анықтау мақсатында 18-41 жас аралығындағы респонденттерге (студенттер мен магистранттар арасында) саулнама жүргізілген болатын. Саулнама сұрақтары электронды түрде Google кесте арқылы жасалып, таратылды. Жалпы есеппен 164 респонденттен 2 132 метамәтін алынып, талданды. Саулнамада қазақ тілінде 5, ағылшын тілінде 5 және қосымша 3 сұрақ (жасыңыз, жынысыңыз, үлтүңыз) қойылды. Саулнамаға жауап берушілердің орфографиясы мен пунктуациясы сол қалпында сақталды. Сұрақтар жауабы бойынша жекелей қарастырылып, көрсеткіш мәліметтері диаграммалар мен кестелер түрінде берілді.

Саулнамаға қатысушылар арасында 18-20 жас аралығындағы респонденттер саны – 140 (85%) бірлікпен басымдылық танытты. Оның себебі саулнама сілтемесі студент, магистранттарға таратылды (К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті).

Саны жағынан екінші сатыда 21-30 жас аралығындағы қатысушылар (15/9%) мен 41 жас аралығындағы қатысушыны (1/1%) құрады. Есепке алынбаған жауаптар саны – 8 (5%).

Респонденттердің жас ерекшелігінің жалпы көрінісін суретте ұсынамыз (сурет 10).



Сурет 10 – Респонденттердің жас ерекшеліктері

Респонденттердің жалпы көрсеткішінде әйелдер 112 бірлікпен алға шыкса,

ерлер көрсеткішінің жалпы саны – 52. Саулнаманың келесі сандық көрсеткіші қатысушылардың ұлтын анықтауға бағытталған. Жауап берушілер арасында бірінші сатыда 160 бірлікпен 98% қазақтар тұрса, қалған ұлт өкілдерінің саны – 4 (сурет 2). Өзге ұлт өкілдерінің ішінде орыстар саны – 2 (1%), өзбек және түркімен ұлтынан 1 қатысушыдан екені анықталды.



Сурет 11 - Ұлт өкілдерінің көрсеткіштері

Алғашқы сұрақ бойынша Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша» мәтінінен үзінді беріліп, оны мазмұндау бойынша респонденттердің жауабы талданды.

*«Пайғамбар жасына жақындаsam да, кейде менің бала болып кеткім келеді. Өзім құралпы, өзімнен кіши, көңілі жақын жандармен алысып-жүлсіп, күресіп, белдесіп ойнағым келеді. Кейде тіпті ауылға барғанда, кішкентай балалармен кәдімгідей асыққа таласқым да кеп кетеді. Мұным қалай деп өзіме-өзім тыйым саламын. Бірақ кейде өз құрбы-құрдастарыммен қалай алыса түскенімді байқамай қаламын. Жатып алып ойласам: мұның бәрі өмір заңының бұзылуынан екен. Өмір заңы: бала – бала болуы керек. Балаға тән аз дәуреніді басынан кешіру керек. Егер балалық дәуренің шала болса, сол жетіспей қалған сыбагаңды кейін есейгенде аңсан тұрасың. Ал жасы, қай жаста болсаң да кей-кейде бала болып, балалық шаққа оралғанның ерсілігі жоқ па деймін. Сәби шағын мүлде ұмытып кеткендер, артына бұрылып бір қарамағандар – тегін білмес топастар ма деп қаламын. Олар тұған анасын да, Отанын да тез ұмытып кететін опасыздар сияқтанады да тұрады.*

*Сорымызга қарай, балалық шағымыз соғыс жылдарына тап болды. Сол шақтың өзінде де, өзегіміз талып жүрсе де, анда-санда біз де ойнайтынбыз. Ойынымыздың түрі – киіз доп. Немесе қашпа доп. Ол былай: көктемнің көк өзегі өтіп, майысып мамыр айы келеді. Мамырдың аяғын ала сиырлар түлей бастайды. Көкке тойғаны гой. Дәл сол кездे зеңгі баба баласы құтыра бастайды. Таңертең жайбарақат еріне басып, бұзауын қимай артына мойнын бұрып, мөңіреп қойып өріске кеткен мал сәске тұс кезінде жын қаққандай, құйрықтарын шанишып алып, көздері алара ақшиып, жолында не*

кездессе де соның бәрін жапырып, жайпап, ошақтагы қазанды төңкеріп, қайнап тұрған самаурынды құлатып, кейбіреудің қара лашығын таптаң, тас-талақаныңызды шығаратаң» [172].

Көркем шығарма мазмұнын баяндаудағы жауаптар ерекшелігіне қарай былайша топтастырылды (16-кесте):

Кесте 16 – Көркем мәтін мазмұнын баяндаудағы жауаптар ерекшелігі

Балалық шақ (мәтін мазмұны)	87
Балалық кезеңге қатысты пікірлері	57
Автордың психологиялық портреті	1
Мәтінді тарихпен, киіз үймен байланыстырған	3
Бағалауыштық мән	3
Жарамсыз жауаптар	13

*Балалық шақ мазмұнындағы метамәтіндер жиыны:*

Мәтінде соғыс кезіндегі және уақыт өте келе балалық шақтың қалай өтіп жатырғаны мазмұндалады; Ақын балалық шағының тәтті, уайымсыз болмағанына өкінеді, себебі оның балалық шағы соғыс жылдарына тап болды;

Автордың өзінің өміріндегі балалық шағына саяхат жасағысы келетіні туралы, ішкі өмірінде кішкентай бала әлі күнге шейін өмір сүріп жатырғаны жайлы айтылған. Эр шақтың өзінің зандағылыштары мен ерекшеліктері бар, әр шақты өзіне сай сұру қажет; негізгі ой: балалық шақты еске түсіре білу және оның маңызы, және неліктен бала кезде өз орнымен ойнап қалудың қажеттілігі туралы;

Менің ойымша бұл балалық шақ туралы айттылған. Балалық шақты есте қалаларлықтай өткізу. Сәби болғым келеді деген сөз бар ғой;

Автордың балалық шағы өте қызықты өткендіктен, сағынышпен еске алады; мәтін мазмұны балалық шаққа негізделген. Балалық шақтың естен кетпес қызықтары және оның ешқашан ұмытылмайтындығы, есейсекте сол балалық дәуренге оралғымыз келетіндігі; т.с.с),

*Мәтін мазмұнын балалық шаққа қатысты жеке пікірін білдіріп, кеңес берген сипаттагы метамәтіндер:*

Эр тұлғаның заманына сай балалық шағы болуы міндетті және әр адамның бойында балалықтың ізі кетпеген;

Өмір заңы: бала-бала болуы керек; ішіндегі баланы қай жасында болсаңда шығарып тұру керек; Өмір заңы: бала-бала болуы керек. Балаға тән аз дәуренді басынан кешіру керек. Егер балалық дәуренің шала болса, сол жетіспей қалған сыбағанды кейін есейгенде аңсап тұрасың; Эр кезеңінің өз қалыпты, ерекшелігі болады; Эрбір адам есейген жасқа да келсе де, өз балалық шағына бас тарта алмайды; Өмір заңының бұзылуы, балалық шақты есте қалатындей, жақсылап өткізбеуі; Өмір заңы: бала-бала болуы керек. Балаға тән аз дәуренді басынан кешіру керек (8); Эркімнің балалық шағы әртүрлі, біреу бақытты, біреу бақытсыз; Адам балалық шағын дұрыс өткізе білуі қажет; Балалық шақ-алтын

кез; Балалық шақ қайта келмес шақ; Бала балалық шағын бала болып өткізуі керек. Әр кезең өз кезегімен келеді; Кішкентай кездерді, бала күнді ешқашан қайтарып ала алмайсың. Мұқағали өзінің әндерінің арасында сәби болғым келеді деп әндеткен болатын; балалық кезді дұрыс өткізу керек; Бала бала болу керек. Балалық шақты жұмыспен, шаруамен өткізетін болсақ есейгенде ол өз әсерін шығарады; Және бізді құғанда қашып қызық болу шеді; Ойнап-куліп, жайдары болғанға не жетсін, шіркін. Ауылда еркін өскен бала, өз елінің ертеңін ойлайтын, бауырмал, жанашыр болып өспек; Балалық шағында бала болу керек; Балалық шақ адам өмірінде маңызды орын алады; Адам жас кезінде өз өмірін сүріп алуы керек. Балалық шақты жоғалтып алмай; Балалық шаққа қайтып бара алмаймыз, бірақ жан дүниеміз әлі бала сияқты; Кейбір ересек адамдар кейде алаңсыз ойнап, жауапкершіліктен босатылған кезде балалық шаққа оралғысы келеді. Балалық шақпен байланысты бақытқа деген үмтүлісты көрсете алады; Бала бала болуы керек, себебі ол адамға аз ғана берілетін уақыт; Балалық шағын бала сияқты ойнап құліп өткізбеген адам, кейін есейгенде соны аңсап тұрады; Егер балалық дәуренің шала болса, сол жетіспей қалған сыбағанды кейін есейгенде аңсап тұрасың; Әр кезеңді өз уақытысымен өту керек. Мысалы, балалық шақты мейлінше ойын-сауыққа арнау қажет; Балалық шақты жақсылап өткізу керек;)

**Автордың берген ойын сол күйінде қайталаған жауаптар саны – 8**  
(Өмір заңы: бала-бала болуы керек. Балаға тән аз дәуренді басынан кешіру керек).

*Автордың психологиялық портретіне қатысты метамәтін:*

Мұнда оның бар өмірі, барлық жансыры, барлық махаббаты, сезімдері, ұғым-түсініктері, идеалдары да айқын көрініс тапқан. Мұнда Ш. Мұртаза өз тұлғасын ең толық тұжырымды, келісті мінездейтін тұсын түгелдей алған, сонымен қазақ оқырмандарының қаламгер Ш. Мұртазаның психологиялық портретін айқын елестетуіне мүмкіндік туғызған;

Мәтіннің мазмұнын тарихпен, киіз үймен, көктемдегі сиыр ауруымен байланыстырыған З жауап жинақталды.

*Бағалауыштық мәнде (білмеймін, өте дұрыс, керемет үзінді) З жауап алынды.*

*Жарамсыз 13 жауап алынды (көп нүкте, әріптер, бос орын).*

**Саудаламаның екінші сұрағы** (*Автордың балалық шағы қалай өткен?*)  
*Сіз оның балалық шағына қатысты қандай сезімді бастан кешірдіңіз?*)  
レスポンデントтердің автордың балалық шағы мен өз балалық шақтарының санадағы естеліктерін сезінудегі, оны тілде бейнелеудегі тілдік рефлексивтері талданды.

**Автордың балалық шағын сипаттау мәніндегі метамәтіндер саны – 102.**  
(Автордың балалық шағы нағыз ауылдың тіршілігіне, және қызықты ежелгі ойындарға толы болған; Автордың балалық шағы соғыспен өткен; Соғыс кезінде өтіп кеткен балалық шақ болған соң әрине сәл қындау екен. Шаттанып, қуанып әрқашан жүре алмайсың. Дегенмен ол кісі өз қолынан келген ойынын ойнап қызықты өткізуге тырысқан; Жазушының балалық шағы сұрапыл

соғыспен тұспа-тұс келіп, өмір ерте есейтеді. Бұғанасы қатпастан еңбекке араласып, ересектермен бірге жұмыс істеді).

Жазушының бала кезеңіне қатысты әртурлі бағалауыштық мәнде берілген метамәтіндер саны – 28. (Автордың балалық шағы өте әсерлі, қызықты, ұмтылмастай өтті. Ол балалық шағында киіз доп деген ойынмен ойнады. Сол ойын соншалықты қызық болғанымен есте қалып қойды; Шала откен, себебі соғыс кезінде өткен; Оте қызықты өткен деп ойлаймын, өте керемет бұрынғы балалық шақ сондай қызықты; Балалық шағы жақсы өткен; Қашпа доп ойнаған, еске алып сағынып тұр. Өте ыстық болғын соң еске алып тұрған шығар; кәдімгідей балалық шағы кушті болған; Автордың балалық шағы соғыс кезінде өтседе оған қарамастан жақсы өткізген; Мениң ойымша заманның қыншылығына қарамастан өте қызық өткен).

Метамәтіндердің сипатына қарай эмоциялық қүйді білдіретін бірліктер саны – 17.

**Эмоциялық қүй** (Автордың балалық шағы соғыс уақытына тұспа-тұс келіп, өзге балалар секілді асыр салып ойын ойнай алмаған. Балалық шақтың шала өткендігі қазіргі жағдайына әсер етуде. *Мениң бұл мәтінді оқығанда жанашырлық сезімім оянды*. Өйткені, барлық әлемде бейбітшілік орнап, соғыстың дауыстары жойылса деп тілеймін; Балалық шағы соғыс кезімен тұспа-тұс келген. Бұндай кез қорқынышпен ассоциация тұғызады; Соғыс жылдары болды, сондықтан аса керемет балалық шағы болмады. *Таңдану сезімін бастан кешірдім*; Оның балалық шағы соғыс заманына дәл келген. Оның балалық шағына қатысты *сағыныш сезімін бастан кешірдім*; Автордың балалық шағы соғыс уақытында өткен. Мениң сезінгенім - баланың бұл уақытта *бала болмауы өте өкінішті*. Ол балалық шақты көрмеген; Балалық шағы әрбір қарапайым адамның балалық шағына ұқсас, Мен бұл кезде *ностальгия сезімін кешірдім*; Автор соғыс кезеңінде өмір сұрген, бала болып ойнай алмауы *өкініш сезімін тудырады* т.с.с).

Респонденттер автордың шығармасында берілген ойды өз саналарында қорытып, эмоциялық қүй мен сезімдерін білдіруде мына тілдік бірліктердің кездесу жиілігі байқалды: *сезіндім, сезімім оянды, сезімін бастан кешірдім*. Ескеретін жағдай, бұл тілдік бірліктер бір мағынаны бергенімен, респонденттердің мәтінді қабылдауы мен оны сезінуі әр алуан (таңдану сезімі, өкіну сезімі, жанашырлық, аяныш, ностальгия, сағыныш). Бұл индивидтің өз санасына (балалық шағына) оралғандағы рефлексияның көрінісін айқындауды, ортақ мәтінді қабылдауда әр түлғаның рефлексия жасау үдерісінің әр түрлілігінен хабардар етеді.


Автордың шығармасы арқылы мәтіннің мазмұнын емес, өзінің балалық шағы жайында жазған респонденттер – 13.

Автордың балалық шағынан *тура өзімнің балалық шағымды көрдім; Қызықты. Менде сол сияқты ойындар ойнагым келді;*

Ұмытылмастай, *менің де балалық шағым да есте қаларлыштай өтіп жатыр; Кіші отанымдағы туыс балалармен ойын ойнаганым есіме туседі*; Оның бала кезінде дұрыс бала секілді ойнап күлмеген болу керек/ ерте есею де себеп

булуды мүмкін. Мен автордың ойын өзіме жақын түсіндім. Менде іштей жып-жылы естеліктер көз алдым елестеді; Автордың балалық шағын оқып өзімнің балалық шағым есіме түсіп, ойнауга деген құштарлық тудырды; Өзімнің балалық шағым есіме түсті; Балалық шағындағы ауылын сипаттағаны, мамыржыған жаз айы, төрт-түлік маған сондай жылы сезілді. Мен өз ауылымды, өз балалық кезімді елестеттім).

Сонымен бірге, **ешқандай** сезімге түспедім деп жауап берген қатысушылар саны – 3. (Балалық шағы өте жақсы өткен, *ешқандай сезім бастан кешірмедім; ешқандай*). **Білмеймін** деген жауап – 1. Метамәтіндердің жиілігіне қарай сипаттау және бағалауыш мәнде қолданылғанын төмендегі гистограммадан (12-сурет) байқаймыз.



Сурет 12 - Метамәтіндердің жиілігіне қарай сипаттау және бағалауыш мәнде қолданылуы

**Үшінші сұрақ бойынша (Сіздің балалық шағыңыз қалай өтті?)** қатысушылар өз балалық шағына ой жүгіртіп, оған оң бағалауыш мәнде **жағымды естелік** ретінде берілген метамәтіндер – 152 (респонденттер пунктациясы сақталды):

Менің балалық шағымды тіпті қай ертегімен теңестіретінімді білмеймін. *Менің балалық шағым өмірімнің соңына дейін ұмытылмастай, ерекше сезім калдыратындағы өзімнің өмірлік кітабыма қыр қаламмен бастырылды; Таңғажайып әсер қалдыратын кезең десем де болады. Менде барлығы болды не ішем, не киемін, не жеймін еш уайым болмады, қарным тоқ өмірім бал болды; Менің балалық шағым ауылда, өте қызық, әрі көңілді өтті; Менің балалық шағым өте керемет болды. Әртүрлі ойыншықтармен, қуыршақтармен ойнап, неше түрлі ертегілер оқыдым. Әртүрлі жерлерді аралап, отбасымен уақыт өткіздім.*

Респонденттер сұраққа жауап беру барысында балалық шағын баяндағанда белгілі бір кезең ретінде қарастырып, өмірдің бір сатысы ретінде

көрсетеді. Бұл рефлексия үдерісінің адамның өмірлік тәжірибесімен астасып жататын ұғым екендігін дәлелдейді. Сондай ақ алғашқы сұрақта берілген мәтін үзіндісінен автордың сөзін («Өмір заңы: бала-бала болу керек. Балаға тән аз дәуренді басынан кешіру керек. Егер балалық дәуренің шала болса, сол жетіспей қалған сыбағанды кейін есейгенде аңсап тұрасың») өзінше интерпретациялағанын байқай аламыз: (Мен өмір заңын ұстанып, балалық шағымды бала болып өткіздім. Ата-анамның, жақындарымның ортасында, еш уайым қайғысыз. Ойнадым, күлдім, жызылдым қайта тұрдым. Көптеген қызықты дүниелерді көрдім).


**Көңілі толмағанын білдіретін 3 жауап** (қатты қызық болмады; өкінішпен өтті, қарапайым).

**Қарсылықтық қатынасты** білдіретін жалғаулық шылау «бірақ» арқылы берілген үш (3) сөйлем алынды: Жақсы, бірақ автордың сөзіндей кейде сол жетіспей қалған сыбағанды кейін есейгенде аңсап тұрасың;

Жақсы өтті, бірақ көп кезде байқасам, көп нәрседен бас тартып, өзімді үлкен адам болуға тырысатынмын; Керемет, бірақ кейбір заттарды өзгертуші едім. Респонденттің жауабында өз сөзіне өзі метатілдік түсіндірме (комментарий) беріп тұрған бірлік «автордың сөзіндей». Яғни, алдыңғы мәтіндегі автор сөзінің респондент санасында реакцияға түсіп, оны қатысуышының өз сөзімен беруі, түсіндіріп, ой қосуы – тілдік рефлексия процесінің айғағы. Екінші сөйлемдегі «көп кезде байқасам» тіркесі сауалнамаға қатысуышының санамен қатынасқа түсіп, өзіне зер салу процесінде өзінің іс әрекетіне талдау жасағаны байқалады. Келесі жауаптағы кейбір заттарды өзгертуші едім метамәтіні қатысуышының өткен тәжірибесінен сабак алып, басқаша ой қорытқанын анғартады. Есепке алынбаған жауаптар саны – 6. Бұл сұрақтың мақсатына сай респонденттер рефлексиясын білдіретін метамәтіндер көрсеткіші (152) бойынша жағымды бағалаушы мәнге ие.


«Адамның балалық шағы қалай өтуі керек деп ойлайсыз?» – деген келесі сұраққа жиналған жауаптар қорытындысы бойынша *кеңес беру* метамәтіндері 7 рет кездесті: Интернет дегеннен алыста *өткізу керек*; үйде телефон көріп жата бермей, далада достарыңмен *ойнаган дұрыс*; Бейбіт аспанның астында өтуі *керек*. Бала ешқандай буллинг, күш көрсету, жамандық деген секілді заттарға жоламай, олардың зиянын *түсінуі қажет*; Қоршаған ортадан тек қана жақсылық, адалдық, махаббат пен мейірім көріп өсуі болашақтағы оның қоғамдағы рөліне әсер етеді; Кішкентай бала, балалығын істеп *өсуі қажет*. Қыыншылық, жоқшылық, агрессия көрмейсің *өсуі қажет*. Егер ата - ана осыны істей алмаса, бала асыраудың *қажеті жоқ деп ойлаймын*. Бала ата - ана таңдамайды, сондықтан бала өміріне толығымен ата - ана жауапты. Өскен сайын өзіне ұнайтын істі ізден өседі. Ал балалық шақта барлық баланың әр іспен айналысып көруіне, шалынуына, қателесуіне, окуға мүмкіндігі болу *қажет*. Кеңес беру кезінде респонденттер *керек, қажет, дұрыс* сынды тіл бірліктерін жиі қолданғандары анғарылады. *Психологиялық жағдайлар* білдіретін рефлексив (1): Әркімге әртүрлі тағдыр беріледі. Ал

балалық шағы ауыр өткендерге бұл да бір сынақ дер едім. Барлығына төзу керек); оң пікірдегі жауаптар – 150 бірлікпен басымдылыққа ие болды (Дәл мениң балалық шағымдай. Ешқандай уайым қайғысыз; Көнілді, ойын мен бақытқа толы өтуі керек; Меніңше барынша жылы сәттерге толы өтуі керек; бала өзінің бала екенін сезініп, үлкен мәселелерге аландамай ойын ойнағаны дұрыс деп ойлаймын. әр зат өз уақытында болады.) жинақталды. Жарамсыз деп табылған 6 жауап алынды. Көрсеткіш саны бойынша мәлімет төмендегі суретте ұсынылды (13-сурет):



Сурет 13 - Көрсеткіш саны бойынша мәлімет

Респонденттер рефлексиясының түйсіктік деңгейін анықтау мақсатында (Н.Д. Голевтің ұсынған тілдік рефлексияның «гносеологиялық қадамына» сай) «Жоғарыда берілген мәтін кімнің шығармасынан алынған деп ойлайсыз?» деген бесінші сұраққа қатысты сауалнаманың 71 (44%) қатысушысы автор Ш. Мұртаза екендігін дұрыс жазған. Бұл респонденттердің рефлексиясының түйсіктік деңгейінің жеткіліксіздігін көрсетеді. Басқа авторлар есімдерімен берілген метамәтіндер – 10 (6%). А. Құнанбайұлы, Б. Момышұлы, Б. Соқпақбаев, Ж. Аймауытов т.б.). «Білмеймін» деген жауап саны – 58 (35%). Есепке алынбаған метамәтіндер – 25 (15%) (14-сурет).



Сурет 14 - «Жоғарыда берілген мәтін кімнің шығармасынан алынған деп ойлайсыз?» сауалына жауап үлесі

Алтыншы сұраққа ағылшын тіліндегі Оскар Уайлдтің «Дориан Грейдің портреті» туындысынан үзінді беріліп, сауалнамаға қатысушыларға мазмұнын баяндау қажеттігі ұсынылды. **Өзінді дамыту жайында** деп алынған жауаптар саны – 122.

We have to develop ourselves every single time when we can; Біз мүмкіндігімізше өзімізді дамытуымыз керек; About the aim life is self development; Әмірдің мәні өзінді дамыту екендігі жайында; The text talks about the good influence of a person and the qualities of a person; Мәтінде адамның игі ықпалы, адамның қасиеттері туралы айтылады. Dorian and Lord Henry's conversation about influencing other people and self-development. Дориан мен лорд Генридің басқа адамдарға әсер ету және өзін-өзі дамыту туралы әңгімесі; In this work, the influence of a person on a second person is mentioned. and the topic of self-development is touched upon. Бұл шығармада адамның екінші адамға әсері айтылады және өзін-өзі дамыту тақырыбы қозғалады.

### **Қоғамдағы әлеуметтік психологиялық жағдай жайында 13 метамәтіндер алынды.**

Nowadays people show less emotions, because of this their facial expressions have become stony and wilder, because there is a lot of stress now. Қазіргі уақытта адамдар эмоцияларын аз көрсетеді, сондықтан олардың мимикасы тас сияқты қатып қалған, өйткені қазір стресс көп. The terror of society, which is the basis of morals, the terror of God, which is the secret of religion--these are the two things that govern us. Моральдың негізін құрайтын қофам үрейі, діннің сырты саналатын Құдай үрейі – бізді басқаратын екі нәрсе; People are afraid of themselves, nowadays. They have forgotten the highest of all duties, the duty that one owes to one's self. Қазір адамдар өзінен қорқады. Олар барлық міндеттердің ең жоғарысы, адамның өзіне жүктелетін міндет екенін ұмытты. For me, it was a story about religion. Мен үшін бұл дін туралы әңгіме болды;

**Оқыдым, тұсіндім, тұсінбедім** сияқты менталды әрекетті білдіретін метамәтін – 6.

Эксперимент жүргізу кезінде сауалнамаға берілген кесте қатаң толтыру ережесін талап етпейді. Сол себепті біршама респонденттер мәтін мазмұнын баяндауға қиналып, мұлдем жауапсыз қалдырған. **Бос қалған ұяшықтар, қатемен** берілген жауаптар саны – 20.

Ағылшын тіліндегі үзінді алғашқы қазақ тіліндегі шығармадан мазмұны жағынан алшақ болса да, оны балалық шақпен байланыстырған пікірлер ұшырасты (2) a child must remain a child; Бала – бала бол қалуы керек; Childhood is a time that will never come back; Балалық шақ қайта оралмайтын кезең; Бұл рефлексия жасаудағы тілдік тұлғаның ана тілінде қалыптасқан тұлғасының тілдік тәжірибесіне негізделетінін көрсетеді. Ағылшын тіліндегі сұраққа қазақша жауап берген – 2, орыс тілінде қысқартып жауап берген (не пон.) 1 метамәтін алынды. Мұнда индивидтің санасындағы мазмұн әр түрлі тілдік кодтармен жеткізілгені байқалады, яғни тілдік санада қарсылық орын алды.

**Жетінші сұрақ (How do you understand the main meaning of the text? Мәтіннің негізгі мағынасын қалай түсінесіз?)** сауалнама қатысуышыларының шығармаға деген қатынасы мен мәтіннің мазмұнын баяндаудағы рефлексивтерін анықтауда менің ойымша, мәтін ... туралы, мәтіннің мазмұны, мен ойлаймын тіркестері жиі кездесті. Бұдан оқырмандар мәтін негізінде автордың санасына бойлап, негізгі мазмұнын адамдар арасындағы қатынасқа, философиялық тұрғыдан негіздейтіні анықталды, мұндай жауап берушілер – 94.


I think the text says about human nature and how to understand it; Менің ойымша, мәтінде адам табигаты және оны қалай түсіну керектігі туралы айтылған; The purpose of life is about self-development; Әмірдің мақсаты - өзін-өзі дамыту; I think influence is not a simple thing; Менің ойымша, әсер ету қарапайым нәрсе емес; Discussion on influence and individuality. Әсер ету және даралық туралы талқылау; I think the main meaning of the text centers on the importance of individuality and self-development; Менің ойымша, мәтіннің негізгі мағынасы жеке тұлға мен өзін-өзі дамытудың маңыздылығына негізделген; I think the meaning of the text is about charity.

Мәтіннің мазмұнын дінмен, портретпен, мәтінге деген көзқараспен (мәтін толық емес), қайырымдылықпен, ғылыммен, ішкі рухани әдемілікпен, жақсы, жаман қасиеттермен байланыстырған қатысуышылар саны – 21.

**Техникалық (орфографиялық) қателермен** берілген 33 жауап есепке алынбады. **Мәтінге қатынасын білдіретін рефлексивтер** (Мен түсінбедім, білмеймін, жақсы, ештеңе, мен автордың ойымен келісемін) қолданған респонденттер саны – 12.

**Мәтінде берілген сөйлемді көшіріп, автор сөзін қайталаған қатысуышылар – 4.**

**Сегізінші сұрақ респонденттер** санасының мәтіндегі ақпаратты қабылдап, ішкі ойлаумен түйсініп, санада қалыптасқан ұғымдармен сәйкес не қарсы келуін анықтау үшін қойылды: Do you agree with the author or not? Why? (Because to influence a person is to give him one's own soul. He does not think his natural thoughts, or burn with his natural passions. His virtues are not real to him; *Өзге біреуге әсер ету дегенің – оған өзіңнің жсаныңды бердім деген сөз. Ол енді өзінше ойлай алмайды, өзінше емес, өзге біреудің отына жсанады*). Метатілдік рефлексиясының көрсеткіштері ретінде келісемін, жартылай келісемін, жартылай келіспеймін және келіспеймін сынды метаметіндер қатары ажыратылды (15-сурет).



Сурет 15 - Мәтіндегі ақпараттың санадағы ұғымдармен сәйкесу үлесі

**Келісемін – 84.** I agree, because a person should remain himself (Мен келісемін, өйткені адам өзімен-өзі болуы керек); Yes, I completely agree with the author (Иә, мен автормен толықтай келісемін); I think YES; Мен ИӘ деп ойлаймын).

**Келіспеймін – 26.** While I understand the perspective presented by the author, I don't entirely agree with the notion that all influence is inherently negative; I don't agree; Disagree. When you want to give a good influence on someone you just want this person to be a better version than before. It also depends on the person who is trying to give the impact;

**Жартылай келісемін, жартылай келіспеймін 5.** (Partially, but I can't explain it. My answer is both yes and no. I agree with the author's statement that a person can be influenced like a puppet, and their world can be built on someone else's ideals. However, I disagree with the idea that influence can only be negative. The human personality is complex, and the path a person has chosen may not be the same as yours, but it can still be valuable; I half agree. Because there are people who influence a person, who inspire; Hard question 50/50;)

Адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қатысты пікірлер – 18.

Мәтінді **балалық шақ**пен байланыстырган респондент – 1 (We have a very beautiful childhood, too).

Жасанды интеллект жауабына жүгінген сауалнама қатысушыларының саны – 2. Бағалаушы мәндеңігі рефлексивтер – 5 (beautiful, good;). Есепке алынбаған метамәтіндер саны – 23.

**Тоғызынышы сұрақта** How do you understand the aim of life? (Өмірдің мәнін қалай түсінесіз?) респонденттер өмірдің мәні туралы өз ойларын жазуда **өзің үшін өмір сүріп**, өмірлік мақсатыңа, жетістікке жету, өз орныңды тауып адам болу тақырыптарына қатысты 133 метамәтін талданды:

In my opinion, you need to live for yourself (Менің ойымша, сіз өзіңіз үшін өмір сүруіңіз керек). My aim of life to be useful for society (Менің мақсатым қоғамға пайдалы болу). I think the aim of life is to come to life as a person and become a person (Менің ойымша, өмірдің мәні адам болып келіп, адам болып кету). What is my aim in life? I want to be healthy, happy, rich I want to help everyone (Менің өмірдегі мақсатым қандай? Мен сау, бақытты, бай болғым келеді. Мен барлығына көмектескім келеді). I think our goal in life is to develop and go through different challenges. To understand whether we are really living (Менің ойымша, біздің өмірдегі мақсатымыз даму және әртүрлі қындықтардан өту. Біздің шынымен өмір сүріп жатқанымызды түсіну үшін.). Ағылшын тілінде берілген мәтінмен сабактастыра қарастырып, **ортамен дұрыс қарым-қатынас құру** деп түсінген респонденттер – 3 (I understand the aim of life he wanted to build the right relationship with people,to communicate with people to reveal their inner world; Мен оның өмірдегі мақсатын түсінемін, ол адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнатуды, адамдармен қарым-қатынас жасауды, олардың ішкі әлемін ашуды қалайды). Балалық шақпен байланыстырган қатысушылар – 2 (Childhood should be spent in the game; Childhood will be very beautiful and interesting ). Бос қалған жауаптар – 21. Білмеймін және түсінбеймін деп жазған қатысушылар саны – 5.

**Соңғы сұрақта** респонденттердің өздерінің өмір сүру салтын баяндау бойынша метамәтін топтары былайша жіктелді:

**Салауатты өмір салтын ұстанамын, қарапайым, әдеттегідей өмір салты** деп жауап жазғандар саны – 109. (An ordinary person with both good and bad; Жақсы мен жаманы қатар жүретін қарапайым адам; My lifestyle is simple; I live a healthy lifestyle; ). **Болашаққа жоспар жайында** 8 жауап алғынды: My plans for the future are many and clear. I think about everything in advance and live according to it. if you have a real goal, you will definitely achieve it. I have been following my plans without rushing; my lifestyle is about fulfilling **my goals and dreams for the future** and facing challenges along the way; және т.б.

**Жасанды интеллект жауабын жүктегендер** – 6 (As an AI, I don't have a lifestyle in the way humans do. My existence is dedicated to assisting and providing information to users like you;) Өмір сүру салтын діни үғымдармен үштастырган қатысушылар – 2. (Find Allah's contentment; Алланың разылдығын табыңыз; Religious person, try to stay positive, trying to be healthy for others; Діндар адам, позитивті болуға тырысыңыз, басқалар үшін сау болуға тырысыңыз;). **Білмеймін, әлі өзімді тапқан жоқпын** – 5.

**Есепке алынбаған метамәтіндер** саны – 32. Орыс тілінде берген екі (2) метамәтін: У меня считаю здоровый образ жизни. Как у всех нормальных людей; Я не знаю...

Біз үшін кез келген метамәтін (жауап) маңызды болғандықтан, орыс тіліндегі жауаптарды бөлек қарастырмай, мағынасына сай топтарға біріктірдік. Респонденттер жауаптарын талдау нәтижесінде Г. Гиббс моделінің элементтері анықталып, (сипаттай: балалық шақ мазмұнындағы метамәтіндер; сезіну: эмоциялық құй; бағалау: бағалауыштық мәндегі тіркестер; талдау: қоғамдағы әлеуметтік психологиялық жағдайға қатысты пікірлер; қорытынды: өмірдің

мәні туралы ой қорыту; *іс-әрекет жоспары*: өмір сүру салты бойынша болашаққа жоспар) аталған моделдің әмбебаптығы айқындалды.

Сауалнама нәтижесінде анықталған рефлексивтерді немесе метаоператорларды салыстырып, оларды топқа (метаоператор аналогы немесе жанама метатілдік сигналдар мен меншікті метаоператорларға) бөліп, 17-кестеге және 18- кестеге түсірдік.

Кесте 17 – Респонденттердің тілдік рефлексиясын тасымалдаған рефлексивтер (метаоператор аналогы немесе жанама метатілдік сигналдар)

Қазақша жауаптарда	Ағылшынша жауаптарда
1	2
<b>Семантикалық конструкциялар</b>	
Балалық сәт - бұл нағыз бақыт (тире). Балалық шақ өте керемет, қызық сәт. Балалық шағында бала болып ойнап, күліп қал. Қызықты ойындарға толы, бақытты, шаттықта толы балалық шақ. Қын балалық шақ Күні түні ойнап, уайым қайғысыз балалық шақ.	The aim of life is self-development. To realize one's nature perfectly--that is what each of us is here for (Өмірдің мақсаты - өзін-өзі дамыту. Өз табиғатын мінсіз түсіну - әрқайсымыз сол үшін осындамыз). The aim of life is self-development. (Өмірдің мәні – өзінді дамыту) The purpose of life is self-development - to perfectly understand your nature - that's what each of us is here for (Өмірдің мақсаты - өзін-өзі дамыту - өз табиғатыңызды жақсы түсіну - біздің әрқайсымыз сол үшін осы жердеміз).
<b>Түсіндірмелі конструкция</b>	
Өте қызықты етті. <i>Көршилес</i> балалармен <i>агашта</i> үй жасаітынбыз, <i>латта</i> ойнайтын едік.	The terror of society, which is the basis of morals, the terror of God, which is the secret of religion--these are the two things that govern us (Моральдың негізін құрайтын қоғам үрейі, діннің сырты саналатын Құдай үрейі – бізді басқаратын екі нәрсе).
<b>Қалыпты емес графика</b>	
-	<i>Idk (I don't know)</i> қысқарған сөз (Мен білмеймін).
<b>Қыстырма сөздер</b>	
Менің ойымша, автордың балалық шағы өте қызықты және қартайған уақытта еске ала алатын уақыттай. Жалпы айтқанда, ерекше деп айтуга болады. Аллаға шүкір жақсы өкінбеймін.	<i>As I said before</i> , I didn't really like this text. It means that people only think bad things about people; (Жоғарыда айтқанымдай, мен бұл мәтінді ұнатпадым. Адамдар бір - бірі туралы тек жаман заттар ойлайтынын білдіреді); <i>As mentioned earlier</i> , this is a conversation between Lord Henry and Dorian Gray regarding the influence on individuals (Жоғарыда айтылғандай, бұл лорд Генри мен Дориан Грейдің жеке адамдарға әсері туралы әңгімесі). Life is so short. So, take an

## 17 – кестенің жалғасы

1	2
	action and other things will come from the God (Өмір сондай қысқа. Ендеше, әрекет ет, басқа нәрселер Алладан келеді).
<p>Метатілдік баға беру (қазакша жауапта толық синтаксистік құрылымда кездесті)</p> <p>Бұл мәтінде автордың балалық шағы жақсы өтпеген. <i>Өте дұрыс</i> келтірілген. Автордың балалық дәурені шала болған, бала кезінде құмарын қандырып ойнай алмаған сияқты. Балалық шағы өте жақсы өткен, ешқандай сезім бастан кешірмедім. Автор балалық шағын <i>дұрыс өткізе алмаған</i>. Балалық шағы соғыс жылдарына тап болғандықтан, <i>қызықты өтпеген екен</i>;</p> <p>Автордың балалық шағы соғыс кезінде өтседе <i>оган қарамастан жақсы өткізген</i>. Мәңгі есінде қалатын <i>керемет кез гой</i>. Менің ойымша заманның қыншылығына қарамастан <i>өте қызық өткен</i>. Автор өз балалық шағын әле де қатты сағынады себебі балалық шағы соғыс жылдарына тұра келіп <i>балалық шағы қатты қызықты бола алмады</i>. <i>Ұмытылмастай</i>, менің де балалық шағым да <i>есте қаларлыштай</i> өтіп жатыр; Соғыс жылдары болды, <i>сондықтан аса керемет балалық шағы болмады</i>. Таңдану сезімін бастан кешірдім; Автор балалық шағы соғыс кезіне түспа түс келген, бірақ <i>жәйбірақат жәйлі өткен</i>; Өзге балалар секілді ойынға қызықкан. Балалық шағын бақытты өткізгісі келді. Алайда, автордың <i>балалық шағы қын өткен</i>;</p> <p>Ақынның <i>балалық шағы жақсы өтпеген</i>. Балалық шағы соғыз кезеңінде болған соң бала болып алаңсыз ойнай алмаған. Авторлың <i>балалық шағы өте қызыққа жане жылы сәттерге толы болған</i>. Далалы көк аймақта өткен. Менің ойымша, автордың <i>балалық шағы өте қызықты және қартайған уақытта еске ала алатын уақыттай</i>. Автордың <i>балалық шағы өте әсерлі, қызықты, ұмытылмастай өтті</i>. Ол балалық шағында киіз доп деген ойынмен ойнады. Сол <i>ойын соншалықты қызық болғанымен есте қалып қойды</i> (балалық шаққа және автордың сипаттаған ойынына баға беру); Менің <i>балалық шағым өте жақсы өтті</i>. Көптеген жылы естеліктер, ұмытылмас күндерді басымнан кешірдім. Балалық шағымның ұнаған сәттері әлі есімде; Алла шүкір <i>жақсы өкімбейм</i>. Менің балалық шағым <i>өте қызықты өтті</i>. Кеш қарайып батқанша көшеде балалармен ойнайтын едік. Жазғы күні лагерге баратын едік. Менің өзімे <i>балалық шағым өте қызықты өтті</i>; Менің <i>балалық шағым еш алаңсыз керемет өтті</i>. <i>Өте керемет</i>. Мен балалық шағымды керемет деген естеліктермен еске алып кейде жылапта аламын; <i>Өте жақсы өтті</i>. Әлі күнге дейін қайта бала болып асыр салғым келеді; <i>Балалық шағым шала болды деп ойлаймын</i>. Өмірдің зандылығымен тез есейдім; Менің балалық шағым керемет өтті себебі балалық шағымның көп уақытын ойынмен өткіздім; <i>Жалпы айтқанда ерекше деп айтуға болад</i> Менің <i>балалық шағым өте керемет өтті</i>. Сыртта кешке дейін ойнап, үйге қайтып асығып су ішіп, қайтадан ойнауга шығып кететінмін. Балалық шақтың қайып келмейтінін түсінгенде сол сәтте қалып қалғым ақ келетін.</p> <p>Метатілдік баға беру (ағылшынша жауапта арнайы метаопператормен кездесті)</p> <p>бас бармақты жоғары көтерген смайлик, екі алақанды жоғары көтере ашқан және арасында шуақ шашылған смайлик</p>	

*Қазақ, ағылшын тіліндегі мәтаоператор аналогын салғастыра отырып, анықталған ұқсастықтар:* семантикалық конструкциялармен берілген метамәтіндер екі тілде де кездесті;

**Айырмашылығы:** мәтаоператор аналогы қазақ тілінде метатілдік бағалау түрінде көрінсе, ағылшын тілінде қалыптан тыс графика, қыстырма сөздер (меншікті мәтаоператор) және түсіндірмелі құрылымдармен сипатталады. Қазақ тілінде метатілдік бағалауда сапалық және қатыстық сын есімдер (жақсы, дұрыс, шала, қызықты, керемет, жәйбарақат, жәйлі, жылы, әсерлі, алаңсыз, ерекше) және туынды үстеу (ұмытылмастай, есте қаларлықтай), болымды және болымсыз етістіктер (өткен, өтпеген, өткізе алмаған, өтпеген екен, өкінбеймін) жиі қолданылған, ал метатілдік бағалауға жұмсалған синтаксистік құрылымдар: себеп-салдарлық қатынастағы құрмалас сөйлемдер (Автордың балалық дәурені шала болған, бала кезінде құмарын қандырып ойнай алмаған сияқты. Балалық шағы соғыс жылдарына тап болғандықтан, қызықты өтпеген екен. Автор өз балалық шағын әлі де қатты сағынады, себебі балалық шағы соғыс жылдарына тұра келіп балалық шағы қатты қызықты бола алмады. Соғыс жылдары болды, сондықтан аса керемет балалық шағы болмады. Балалық шағы соғыз кезеңінде болған соң бала болып алаңсыз ойнай алмаған. Менің балалық шағым керемет өтті, себебі балалық шағымның көп уақытын ойынмен өткіздім), қарсылықты құрмалас сөйлемдер (Автордың балалық шағы соғыс кезінде өтсе де, оған қарамастан жақсы өткізген. Менің ойымша заманың қыншылығына қарамастан өте қызық өткен. Автор балалық шағы соғыс кезінде түспа-түс келген, бірақ жәйбирақат жәйлі өткен), мезгіл бағыныңқылы сабактас құрмалас (Кеш қарайып батқанша, көшеде балалармен ойнайтын едік. Балалық шақтың қайтып келмейтінін түсінгенде, сол сэтте қалып қалғым-ақ келетін) құрылымында жұмсалған.

**Арнайы мәтаоператор** тек ағылшын тіліндегі жауаптардан кездесті: (Мәтіннің негізгі мазмұнын қалай түсінесіз?) оң баға беруде (бас бармақты жоғары көтерген смайлік) және (Сіз автордың ойымен келіссесіз бе? сұрағына қатысты) келісім беруде (екі алақанды жоғары көтере ашқан және арасында шуақ шашылған смайлік) **смайліктер қолданылған**. Бұл мәтаоператорлар респонденттің тілдік рефлексиясын екі жақты анықтауға мүмкіндік береді: 1) ол ағылшын тіліндегі ақпаратты шала түсінген болуы ықтимал, сондықтан өзінің рефлексиясын білдіруде смайлікті пайдаланған немесе 2) мәтінді толық түсінді, бірақ жауап беруде ағылшынша жазу қындық туғызған не ықшам беруді жөн көрген. Олай дейтін себебіміз – осы респонденттер қазақша мәтінді рефлексиялауда смайліктер қолданбаған. Өз ойларын, сезімдерін, бағалауларын жеткізуде толыққанды синтаксистік құрылымдарды пайдаланған.

Кесте 18 – Респонденттердің тілдік рефлексиясын тасымалдаған рефлексивтер (меншікті метаоператорлар немесе тікелей метатілдік сигналдар)

Семантикасында метатілдік сипаты бар сөздер және сөз тіркестері (метатілдік терминдер):

1

### Қазақша жауаптарда

Бұл мәтінен түсінгенім автордың балалық кезеңін сағынып еске алатынын, өзінің басынан қашама өткізген сәттерін баяндайды. Эр адам өзінің балалық кезін естен шығармауы керек. Ол кез сенің өмрдегі ең алаңсыз, қайтып келмес күндеріне айналады. (Респондент өз сөзіне өзі комментарий береді) Уақытты кері қайтара алмаймыз, сондықтанда әр өткізіп жатқан күнімізді бағалауымыз қажет.

Автордың қынышылыққа тап болған балалық шағының дұрыс өтпеуі;

- 115 Ростова А.Н. Обыденное метаязыковое сознание: статус и аспекты изучения // Обыденное метаязыковое сознание и наивная лингвистика: межвуз. сб. науч. статей. – Кемерово, - Барнаул: изд. Алтайского ун-та, 2008. – С. 49-58.
- 116 Ким Л.Г. Участие обыденного метаязыкового сознания в интерпретации речевого произведения // Обыденное метаязыковое сознание и наивная лингвистика: межвузовский сборник научных статей. – Кемерово, Барнаул: изд-во Алт. Ун-та, 2008. – С. 369-373.
- 117 Рябцева Н.К. Коммуникативный модус и метаречь // Логический анализ языка: Язык речевых действий. – М.: Наука, 1994. – С. 90-111.
- 118 Чиговская Я. А. Категории ретроспекции и проспекции в русских научных текстах: дис. ...канд.филол.наук: 10.02.01. Пермь, 2001. DOI: 10.21638/spbu09.2021.207
- 119 Дускаева Л. Р. Диалогическая природа газетных речевых жанров. Пермь: Изд-во Перм. ун-та, 2004. – С. 276.
- 120 Agha A. *Language and social relations*. Cambridge: Cambridge University Press. 2007. P.427 DOI: <https://doi.org/10.1017/CBO9780511618284>
- 121 Bublitz W., Hübler A. *Metapragmatics in Use*. Amsterdam: John Benjamins. 2007. P. 301. DOI: <https://doi.org/10.1075/pbns.165>
- 122 Чернявская В. Е. Метапрагматика коммуникации: когда автор приносит свое значение, а адресат свой контекст // Вестн. СПбГУ. Язык и литература. 2020. - № 1. – С.135–147. DOI: 10.21638/spbu09.2020.109.
- 123 Crismore A. Talking with Readers: Metadiscourse as Rhetorical Act. New York: Peter Lang. 1989. – Р. 282.
- 124 Spitzmüller J. Graphic variation and graphic ideologies: A metapragmatic approach. *Social Semiotics*. – 2015. - № 25 (2). – Р. 126–141. DOI: <https://doi.org/10.1080/10350330.2015.1010323>

- 125 Вепрева И. Т. Языковая рефлексия в постсоветскую эпоху. М.: ОЛМА- ПРЕСС, 2005. Verschueren J. Notes on the role of metapragmatic awareness in language use. *Pragmatics*. 2000. - № 10 (4). – Р. 439–456. DOI: <https://doi.org/10.1075/prag.10.4.02ver>
- 126 Мырзахметов М. Абайтану – XXI ғасыр көгінде // «Жұлдыз» журналы. – Алматы., 1970. - № 37. – Б. 12-20.
- 127 Әбікенова Г.Т. Когнитивті лингвистика // Көркем шығарма тіліне когнитивтік талдау жасау негіздері. Оқу құралы. - Семей: М.О. Әуезов атындағы Семей университеті. 2008. – 118 б.
- 128 Тихомиров О.К., Ключко В.Е. Обнаружение противоречий как начальный этап формирование задачи // Искусственный интеллект и психология. – М.: 1976. – С. 176-205.
- 129 Сыздықова Р. Абай тағылымы. - Алматы: 1986 – 324 б.
- 130 Қоңыратбаева Ж., Қалиев Ф., Есенова Қ. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық, 6 - том / Құраст.: - Алматы, 2011. - 752 б.
- 131 Қалиев Ф., Бизақов С., Нақысбеков О. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том. - Алматы, 2011. - 744 б.
- 132 Әшімбаева Н., Рысбергенова Қ., Манкеева Ж. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. – Алматы, 2011. - 752 б.
- 133 Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс баспасы, 2007. – 640 б.
- 134 «Сөздіккөр» порталы <https://sozdikkor.kz/search?q> 12.12. 2023.
- 135 Әбілқасымов Б., Бизақов С., Жұнісбеков Ә. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том. – Алматы, 2011. - 752 б.
- 136 Малбақов М., Онғарбаева Н., Удербаев А. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том. – Алматы, 2011. - 752 б.
- 137 Исахран М., Муслимов М., Көкенай С., Сыддықов Б. Исламдық терминдер сөздігі. – Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2015. – 60 б.
- 138 Жанұзақ Т., Омарбеков С., Жұнісбек Ә. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. - Алматы, 2011. - 752 б.
- 139 Манкеева Ж., Бизақов С., Жұнісбек Ә. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. – Алматы, 2011. - 752 б.
- 140 Қалиев Б., Тұймебаев Ж., Құрманбайұлы Ш., Исакова С. Сөздік «Мұқағали тілі». – Алматы, 2017. – 816 б.
- 141 Әбілқасымов Б., Бизақов С., Жұнісбеков Ә. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том.– Алматы, 2011. -752 б.
- 142 Мәдиева Г., Таусоғарова А., Досanova А., Когнитивтік лингвистика теориясы: оқу-әдістемелік қуралы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Алматы: «Қазақ университеті». – 2020. – 39 б.
- 143 Bialek M., & Pennycook G. The cognitive reflection test is robust to multiple exposures. Behavior Research Methods. - 2018. - № 50(5). – Р. 1953–1959.

- 144 Liao H.-C., & Wang Y.-H. Reflective thinking scale for healthcare students and providers-Chinese version. *Social Behavior and Personality*. - 2019. - № 47(2). - e7671 p.
- 145 Құдеринова Қ., Жұбаева О., Жолшаева М. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8 – том. - Алматы, 2011. - 744 б.
- 146 Қоңыратбаева Ж., Қалиев F., Есенова Қ. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6 – том. - Алматы, 2011. - 752 б.
- 147 Wilde O. The Complete Letters of Oscar Wilde (Oscar Wilde to Ralph Payne, 12 February 1894), ed. Merlin Holland and Rupert Hart-Davis (London: Henry Holt, 2000), 585 p.
- 148 Carroll J. Aestheticism, Homoeroticism, and Christian Guilt in The Picture of Dorian Gray. *Philosophy and Literature*, 29. - 2005. – P. 298. <https://doi.org/10.1353/phl.2005.0018>
- 149 Oscar Wilde. The picture of Dorian Gray. <https://www.gutenberg.org/ebooks/174> 26.02.2023.
- 150 Ағылшынша – қазақша электронды сөздік <https://eng-kaz.kz/knowledge-base/30724-poor>. 13.11.2023.
- 151 Ағылшын тілінің онлайн сөздігі <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/ago>). 22.08.2023.
- 152 Кеймбридж электронды сөздігі. Cambridge Dictionary. <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english> 28.11.2023.
- 153 Иванов Н.В. Интертекст – метатекст: культура, дискурс, язык // Языковые контексты: структура, коммуникация, дискурс. Материалы межвузовской научной конференции по актуальным проблемам языка и коммуникации. – М.: Книга и бизнес, 2007. – С. 43-50.
- 154 Резанова З.И. Внутренняя форма слова как объект метаязыковой рефлексии. Язык и культура. 2008. – № 1. – С. 78–85.
- 155 Андрусенко Е.А. Функции метатекста в художественном тексте (на материале произведений В. Астафьева). Сибирский филологический журнал. – 2011. № 1. – С. 89-94.
- 156 Мокрова Н.И., Позднякова С.Ю.: Метатекст в песнях на кельнском диалекте как выражение языкового сознания диалектносителя // Вестник Иркутского государственного технического университета. 2014. - № 1 (84). – С. 230–233.
- 157 Сальман Е.А. Авторская рефлексия как знак освоения новых явлений в лексике (на материале публицистики М.А. Булгакова 1920-х годов) // Вестник Санкт Петербургского университета. Серия 9. Филология. Востоковедение. Журналистика. 2009. – № 4. – С. 133–139.
- 158 Андрусенко Е.А. Стратегии семантизации диалектизмов в художественном тексте (на материале произведений сибирских писателей) / Е.А. Андрусенко // Обыденное метаязыковое сознание и наивная лингвистика: межвуз. сб. науч. ст. / отв. редактор А.Н.Ростова. – Кемерово; Барнаул. 2008. - С. 350- 355.

- 159 Фатина Н.С. Метатекстовое толкование слова как элемент структуры художественного текста: автореф. дис. ...канд. филол. наук: 10.02.04. - СПб., - 1998.
- 160 Нечаева Е.И. Средства создания образа адресата в художественном тексте // Лингвистика и поэтика. Сборник научных трудов. – Москва. 2005.– С. 159-163.
- 161 Болотнова Н.С. Художественный текст в коммуникативном аспекте и комплексный анализ единиц лексического уровня. Томск, 1992. – С. 37.
- 162 Кашкин В.Б. Введение в теорию коммуникации. Воронеж, 2000. – С. 21.
- 163 Somerset Maugham W. The Moon and Sixpence. <https://www.gutenberg.org/ebooks/222> 13.08.2023.
- 164 Hunston S. & Geoff Thompson. “Evaluation in text: Authorial stance and the construction of discourses” New York: Oxford University Press, 2001. - 240 p. ISBN 0198299869.
- 165 Левицкий В.В., Стернин И.А. Экспериментальные методы в семасиологии. Воронеж: Изд-во Воронежского гос. ун-та, 1989. - 192 с.
- 166 Горошко Е.И. Языковое сознание: Ассоциативная парадигма: дисс. ...док.филол.наук: 10.02.19. - Москва.– С. 283–287.
- 167 «Білім ал» ақпараттық-тәнымдық порталы <https://bilim-all.kz/quote/17992> 04.09.2023.
- 168 «Білім ал» ақпараттық-тәнымдық порталы <https://bilim-all.kz/olen/541-Sabyrsyz-arsyz-erinshek> 18.10.2023.
- 169 Арутюнян С. М. Нация и ее психический склад. Краснодар: Изд-во Краснодар. гос. пед. Ун-та, 1966. –271 с.
- 170 Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Үлттық аударма бюросы, 2018. – 320 б.
- 171 Duncker D. Reflexivity, repetition, and language-making online. Language Sciences. - 2017. – № 61. – Р. 28–42.
- 172 Мұртаза Ш. Ай мен Айша: роман-дилогия.– Қарағанды: «Qasym баспа үйі», 2021. – 686 б.
- 173 Синицына О.В. Лексико-семантический анализ слова. [https://infolesson.kz/leksikosemanticheskiy\\_analiz\\_slova.obrazec\\_razbora\\_po\\_teme-137550.htm](https://infolesson.kz/leksikosemanticheskiy_analiz_slova.obrazec_razbora_po_teme-137550.htm) 13.11.2023.
- 174 Рябинкина Ю.В. Рефлексивный анализ текста на уроках литературы // <https://multiurok.ru/files/statia-na-temu-refleksivnyi-analiz-teksta-na-uroka.html> 19.11.2023.

## **ҚОСЫМША А**

А.Құнанбайұлы шығармасынан үзіндіні XXI ғасырдағы тілдік тұлғалар интерпретациялауын рефлексивті лингвистика аясында анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама

Күрметті респондент!

Төмендегі сауалдарға өз пікіріңізді білдіруіңізді өтінеміз! Жауаптарыңыз диссертация жұмысының тәжірибе нәтижесі ретінде қолданылады. Ғылыми жұмыстың жазылуына қосқан үлесіңіз үшін алғыс білдіреміз!

1. А.Құнанбайұлының:  
«Ойға тұстім толғандым,  
Өз мінімді қолға алдым  
Мінезіме көз салдым,  
Тексеруге байландым» өлең жолдарын қалай түсінесіз?
2. Сіз өз-өзінізге сыни көзben қарайсыз ба?
3. Бойыңыздан қандай кемшіліктер байқайсыз?
4. Қандай мінезіңізді немесе қасиетіңізді «ұлттық мінезben» (менталитет) байланыстырасыз?
5. Келенсіз (ұнамсыз) қасиеттерден арылу үшін немесе өзіңізді түзеу үшін не істейсіз?
6. Жасыңыз
7. Жынысыңыз: ер / әйел
8. Әлеуметтік статусыңыз (студент, оқытушы т.б.)

## ҚОСЫМША Б

Тілдік рефлексияның қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндер негізіндегі көрінісін, тілдік тұлғаның қалыптасуындағы ықпалын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама

Сәлеметсіз бе! Сізге осы сауалнамаға қатысып, ғылымның дамуына өз улесінде қосқаныңыз үшін алдын ала алғыс білдіреміз. Бұл сауалнама ғылыми мақсатта жүргізіледі, жиналған деректер «Тілдік рефлексия: дискурстық талдау (қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндер негізінде)» атты диссертациялық жұмыстың практикалық бөліміне енгізіледі.

Сіздің жасыңыз:

Сіздің жынысыңыз:

Сіздің ұлтыңыз:

1. Мәтінді оқып, негізгі мазмұнын баяндаңыз.

Пайғамбар жасына жақында сам да, кейде менің бала болып кеткім келеді. Өзім құралпы, өзімнен кіші, көңілі жақын жандармен алсып-жұлдысып, қүресіп, белдесіп ойнағым келеді. Кейде тіпті ауылға барғанда, кішкентай балалармен кәдімгідей асыққа таласқым да кеп кетеді. Мұным қалай деп өзім-өзім тыйым саламын. Бірақ кейде өз құрбы-құрдастарыммен қалай алса түскенімді байқамай қаламын. Жатып алып ойласам: мұның бәрі өмір занының бұзылуынан екен. Өмір заны: бала-бала болуы керек. Балаға тән аз дәуренді басынан кешіру керек. Егер балалық дәуренің шала болса, сол жетіспей қалған сыбағанды кейін есейгенде аңсан тұрасын. Ал жалпы, қай жаста болсаң да кей-кейде бала болып, балалық шаққа оралғаның ерсілігі жоқ па деймін. Сәби шағын мұлде ұмытып кеткендер, артына бұрылып бір қарамағандар – тегін білмес топастар ма деп қаламын. Олар туған анасын да, Отанын да тез ұмытып кететін опасыздар сияқтанады да тұрады.

Сорымызға қарай, балалық шағымыз соғыс жылдарына тап болды. Сол шақтың өзінде де, өзегіміз талып жүрсе де, анда-санда біз де ойнайтынбыз. Ойынымыздың түрі – киіз доп. Немесе қашпа доп. Ол былай: көктемнің көк өзегі өтіп, майысып мамыр айы келеді. Мамырдың аяғын ала сиырлар түлей бастайды. Көкке тойғаны ғой. Дәл сол кездे зеңгі баба баласы құтыра бастайды. Таңертең жайбарақат еріне басып, бұзауын қимай артына мойнын бұрып, мөніреп қойып өріске кеткен мал сәске түс кезінде жын қаққандай, құйрықтарын шашып алып, көздері алара ақшиып, жолында не кездессе де соның бәрін жапырып, жайпап, ошақтағы қазанды төңкеріп, қайнап тұрған самаурынды құлатып, кейбіреудің қара лашығын таптап, тас-талқаныңызды шығаратын.

2. Автордың балалық шағы қалай өткен? Сіз оның балалық шағына қатысты қандай сезімді бастан кешірдіңіз?

3. Сіздің балалық шағыңыз қалай өтті?
4. Адамның балалық шағы қалай өтуі керек деп ойлайсыз?
5. Жоғарыда берілген мәтін кімнің шығармасынан алынған деп ойлайсыз?
6. Describe the main content of the text.

«Dorian Gray stepped up on the dais with the air of a young Greek martyr, and made a little moue of discontent to Lord Henry, to whom he had rather taken a fancy. He was so unlike Basil. They made a delightful contrast. And he had such a beautiful voice. After a few moments he said to him, "Have you really a very bad influence, Lord Henry? As bad as Basil says?»

«There is no such thing as a good influence, Mr. Gray. All influence is immoral-immoral from the scientific point of view».

"Why?"

«Because to influence a person is to give him one's own soul. He does not think his natural thoughts, or burn with his natural passions. His virtues are not real to him. His sins, if there are such things as sins, are borrowed. He becomes an echo of some one else's music, an actor of a part that has not been written for him. The aim of life is self-development. To realize one's nature perfectly--that is what each of us is here for. People are afraid of themselves, nowadays. They have forgotten the highest of all duties, the duty that one owes to one's self. Of course, they are charitable. They feed the hungry and clothe the beggar. But their own souls starve, and are naked. Courage has gone out of our race. Perhaps we never really had it. The terror of society, which is the basis of morals, the terror of God, which is the secret of religion--these are the two things that govern us. And yet».

7. How do you understand the main meaning of the text?
8. Do you agree with the author or not? Why? (Because to influence a person is to give him one's own soul. He does not think his natural thoughts, or burn with his natural passions. His virtues are not real to him).
9. How do you understand the aim of life?
10. Describe your lifestyle

## ҚОСЫМША В

**ҚОСЫМША В.** А. Құнанбайұлының «Қара сөздеріндегі» тілдік рефлексивтер

<b>Қара сөздердің реттік саны</b>	<b>Тілдік рефлексивтер</b>
Бірінші сөз	<p><i>Бұл жасқа келгеніе жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық - әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажысдық, жалықтық; қылыш жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылыш өткіземіз?</i></p>
Екінші сөз	<p><i>Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді «ененді ұрайын, кең қолтық, шүлдіреген тәжік, Арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт деген осы» деп. Ноғайды көрсе, оны да боқтап күлуші еді: «түйеден қорыққан ногай, атқа мінсе — шаршап, жаяу жүрсе — демін алады, ногай дегенше, ноқай десенші, түкке ыңғайы келмейді, солдат ногай, қашқын ногай, башалашік ногай» деп. Орысқа да күлуші еді: «ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс» деп.</i></p> <p><i>Сонда мен ойлауши едім: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрган, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп, әлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуаныш күлуші едім.</i></p>
Үшінші сөз	<p><i>Қазақтың бірінің біріне қасқунем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғының, рас сөзі аз болатұғының, қызметке таласқыш болатұғының, өздерінің жалқау болатұғының себебі не? Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтанишақ келеді; әрбір мақтанишақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.</i></p>
Төртінші сөз	<p><i>Әрбір байқаған адам білсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил көп өтетүғынын да, әрбір мастың сөйлеген кезінде бас ауыртатуғынын. Бұлай болғанда, күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір үят келерлік істен құр, ғафил көп өткізіп отырса керек. Осындағ ғафилдік көп өткізіп, өлменген кісінің не дүниеде, не ахиретте басы бір ауырмай қалмаса керек.</i></p>
Бесінші сөз	<p><i>Қазақтар: «Ә, құдай, жас баладай қайғысыз қыла гөр!» деп тілек тілегенін өзім көрдім. Бірақ, жас бала қызыл</i></p>

	<i>ошақтан қорқушы еді, бұлар тұзақтан да қорықпайды екен. Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді, бұлар неден болса да үялмайды екен.</i>
Алтыншы сөз	<i>Өзің тірі болсан да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсын.</i>
Жетінші сөз	<i>«Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлертірілерімізді білмей, күре тамырымызды адыраітып кетеміз».</i>
Сегізінші сөз	<i>Басында <u>өзіндік жұмысы бар</u>: ұлығымызга жазалы болып қаламыз ба, елдегі бұзақыларымызды бүлдіріп аламыз ба, немесе халқымызды бүлдіріп аламыз ба, яки <u>өзіміз шығымдан</u>, шығынымызды толтыра алмай қаламыз ба? - деген ебіне қарай біреуді жетілтейін деп, біреуді құтылтайын деген бейнетінің бәрі басында, қолы тимейді.</i>
Тоғызыншы сөз	<i>«Осы мен өзім - қазақтын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін. Әншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанынан ба, яки бөтен бір себептен бе? - еш білмеймін. Сырттым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Құлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгеним өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі».</i>
Оныншы сөз	<i>Баланың жақсысы - қызық, жаманы - күйік, не түрлі боларын біліп сұрадын? Қартайғанда асырасын десен, о да - бір бос сөз.</i>
Он бірінші сөз	<i>Осы елдің үнем қылып жүргені немене? Екі нәрсе. Әуелі - үрлік, ұры үрліқпен мал табам деп жүр. <u>Мал иесі артылтып алып, тағы да байымын деп жүр</u>. Ұлықтар алып берем деп, <u>даугерді жеп, құтқарам деп ұрыны жеп жүр</u>. Қарапайым <u>жүрт үрлік айтып мал алам деп, ұрыға атымды сатып пайдаланам деп, не өткізбесін арзанға түсіріп алам деп жүр</u> (үрлікқа сипаттама). Екінші - бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойна салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең кеп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанаңың деп, ауқаттыларды азғыргалы әлек болып жүр (бұзақылық жайындағы дерек).</i>
Он екінші сөз	<i>Кімде-кім жақсы-жаман гибадат қылып жүрсе, оны ол гибадаттан тыюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз. Бірақ оның екі шартты бар, соны білсе екен. <u>Әуелі - иманның игтиқатын маҳкамлемек керек, екінші - үйреніп жеткенше осы да болады гой демей, үйрене берсе керек</u>.</i>

	<p><i>шарты бар, соны білсе екен. Әуелі - иманның иетиқатын махкамлемек керек, екінші - үйреніп жеткение осы да болады гой демей, үйрене берсе керек.</i></p>
Он үшінші сез	<p><i>Иман деген - алла табарақа уа тағаланың шәриксиз, гайытызыз бірлігіне, барлығына уа әр түрлі бізге пайғамбарымыз саллалаңу ғалайни үәссәлләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, иланмақ. Енді бұл иман дерлік илануга <u>екі түрлі нәрсесе керек</u>. Әуелі - не нәрсеге иман келтірсе, соның ҳақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел - испат қыларға жараса, мұны якини иман десе керек. Екіншісі - кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық берік боларға керек. Біреу өлтіремін деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соган айнып, көңілі қозғалмастай берік болу керек. Бұл иманды иман тақлиди дейміз.</i></p>
Он төртінші сез	<p><i>Біздің қазақтың жүректі кісі дегені - батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, езіне ойлагандай оларға да болса иғі еді демек, бұлар - <u>жүрек ісі</u>. Асықтық та - <u>жүректің ісі</u>.</i></p> <p><i>Осы жүрттың көбінің айтып <u>жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп</u> ат қойып жүрген кісілерінің бәрі - пәлеге, жаманышылыққа еліртпек үшін, бірін-бірі «айды, батырлап!» қызыдырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері. Әйтпесе құдайға терістіктен, не ар мен үятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманышылыққа, мақтанды салынып, <u>өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тауір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?</u></i></p>
Он бесінші сезі	<p><i>Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім. Сонда <u>есті адам</u>, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен дагы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен. <u>Есер кісі</u> орнын таптай, не болса сол бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен откізіп алады екен дагы, күнінде өкінгені пайда болмай-ды екен. Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің <u>есеп ал!</u></i></p>
Он алтыншы сез	<p><i>Қазақ құлшылығым құдайға лайық болса екен деп қам жемейді. Тек жүрт қылғанды біз де қылып, жызылып, тұрып жүрсек болғаны дейді. <u>Саудагер</u> несиесін жия келгенде «тапқаным осы, біттім деп, алсаң — ал, әйтпесе саган бола жерден мал қазам ба?» дейтүғыны болушы еді гой. <u>Кудай тағаланы дәл сол саудагердей қыламын дейді.</u></i></p>

Он жетінші сөз	<p>Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, - деп ұқтырып айтушының аты <u>ғылым</u> екен. Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік <u>қасиетті адам</u> - <u>сол</u>. Үшеуің ала болсан, мен <u>журекті</u> жақтадым. Құдайшылық сонда, қалтыңды таза сақта, құдай тағала қалтыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, — депті.</p>
Он сегізінші сөз	<p><i>Адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сыпайы күініп, һәм ол күімін былғап, былжыратып кимей, таза кимек - <u>дұрыс іс</u>. Ләкин өз дәулетінен артық күінбек, не күімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ - <u>кербездің ісі</u>.</i></p> <p>Мұны адам бір ойламасын, егерде бір ойласа, қайта адам болмағы - <u>қыын іс</u>. <u>Кербез</u> дегенді осындай <u>кер, керден немеден безіңдер</u> деген сөзге ұқсатамын. Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым гой демектің бәрі де - ақымақтық.</p>
Он тоғызыншы сөз	<p>«Адам ата-анадан тұғанда <i>есті</i> болмайды: <i>естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден <i>естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады</i>».</i></p>
Жиырмасын шы сөз	<p>«Дүние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бірқалыпты тұрмайды. Әрбір мақлұққа құдай тағала бірқалыпты тұрмақты берген жоқ. Енді көңіл қайдан бірқалыпты тұра алады?</p> <p>Бірақ осы жалығу деген әрнені көрем деген, көп көрген, дәмін, бағасын, бәрінің де баянсызын біліп жеткен, ойлы адамнан шығады. Соншалық ғұмырының баянсызын, дүниенің әрбір қызығының ақырының шолақтығын көрген-білгендер тіршіліктен де жалықса болады. Бұлай болғанда ақымақтық, қайғысыздық <i>та бір ғанибет екен деп ойлаймын</i>».</p>
Жиырма бірінші сөз	<p>Аз ба, көп пе, адам баласы <i>бір түрлі мақтанинан аман болмағы - қыын іс</i>. Сол <u>мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым</u>: <u>біреуінің атын үлкендік</u> деп атایмын, <u>біреуін мақтанишақтық</u> деймін. Үлкендік - адам ішінен өзін-өзі бағалы есеп қылмақ. Яғни, надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтанишақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамашақ, өсекші, өтірікші, алдамышы, кеселді - <u>осындай жаралмсыз қылыштардан сақтанып, сол мінездерді бойына</u></p>

	<p>біреуінің атын <u>улкендік</u> деп атайдын, біреуін <u>мақтанақтық</u> деймін. Улкендік - адам ішінен өзін-өзі бағалы есеп қылмақ. Яғни, надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтанақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамышы, кеселді - <u>осындай жаралымсыз қылықтардан</u> сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек. <u>Бұл мінез - ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі</u>. Олар өзімді жақсы демесе, мейлі білсін, жаман дегізбесем eken деп азаптанады. Екінші, мақтанақ деген біреуі «демесін» демейді, «десін» дейді. Бай десін, батыр десін, қу десін, пысық десін, әрдайым не түрлі болса да, «десін» деп азаптанып жүріп, «демесінді» ұмытып кетеді. Ұмытпақ түгіл, әуелі іс eken деп ескермейді.</p>
Жиырма екінші сез	Дәл осы күнде қазақтың <u>шінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлеймін</u> деп ойладым. <u>Болыс пен биді құрметтейін</u> десең, құдайдың өзі берген болыстық <u>пен билік елде жоқ</u> . Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық <u>пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ</u> . Мықтыны <u>құрметтейін</u> десең, жаманишылыққа елдің бәрі мықты, жақсылыққа мықты <u>кісі елде жоқ</u> .
Жиырма үшінші сез	Біздің қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш дегендер бар. <u>Оның қуанышы</u> - елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі қылмаган жаманишылығы шықса, қуанады. Айтады: құдай пәленшеден сақтасын, о да адаммын деп жүр гой, оның қасында біз сәулелі кісінің бірі емеспіз бе, оған қараганда мен таза кісі емеспін бе? - деп. Оған құдай тағала айтып па, пәленшеден тәуір болсаң болады деп? <u>Енді жұбанышы</u> - жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр гой, көптен көрген ұлы той, көптен бірге болсақ болады да деген сезді жұбаныш қылады. Оған құдай тағала айтып па, көптен қалмасаң болады деп.
Жиырма төртінші сез	Біздің қазақтың достығы, дұшишандығы, мақтана, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жүрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, үрлап, кірпік қақтырмай отырганымыз. Жүз қарага екі жүз кісі сұғын қадап жүр гой, бірін-бірі құрттай, құрымай тыныш таба ма?
Жиырма бесінші сез	Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да - бәрі орыста тұр. Орыстың гылымы, өнері - дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Тұрасын ойлаганда, балаңа

	<p>қатын <i>әперме</i>, енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың гылымын үйрет! <u>Мына мен айтқан жол</u> - мал аяр жол емес.</p>
Жиырма алтыншы сөз	<p><u>Біреуді ызаландырмақ</u> - шаригатта харам, шаруага залал, ақылга теріс. Әншіейін біреуді ыза қылмақтың несін дәulet біліп қуанады екен?</p> <p>Енді осылардан білсеніз болады: надан ел қуанбас нәрсеге қуанады һәм және қуанганды не айтып, не қойғанын, не қылғанын өзі білмей, есі шығып, бір түрлі мастыққа кез болып кетеді. Һәм ұялғандары ұялмас нәрседен ұлады, ұяларлық нәрседен ұялмайды. <u>Мұның бәрі - надандық, ақымақтықтың асері</u>. Не жаманишылық болса да бір әдем етсе, қазақ ол әдемтінен еріксіз қорыққанда я өлгенде тоқтайды, болмаса ақылына жеңгізіп, <u>мұның теріс екен деп біліп, ойланып өздігінен тоқтаган адамды көрмессін</u>.</p>
Жиырма жетінші сөз	<p><u>Адам алдын, артын, осы күнін - ушеуін</u> де тегіс ойлан тексереді. <u>Хайуан</u> артын, осы күнін де бұлдыр біледі, алдыңғы жасағын тексермекке тіпті жсоқ. Хайуанга берген денеге қара, адамга берген денеге қара. Адам екі аягына басып тік тұрып, дүниені тегіс көрмекке, тегіс тексермекке лайықты һәм өзге хайуандарды құлданарлық, пайдасын көрерлік лайығы бар. Хайуанның бірі аягына сеніп жүр, бір өзіңдей хайуанды құлданарлық лайығы жсоқ.</p>
Жиырма сегізінші сөз	<p>Біреу бай болса, біреу кедей болса, біреу ауру, біреу сау болса, біреу есті, біреу есер болса, біреудің көңлі жақсылыққа мейілді, біреудің көңлі жаманишылыққа мейілді - бұлар неліктен десе біреу, сіздер айтасыздар: құдай тағаланың жаратуынан яки бұйрығынша болған іс деп. Жә, олай болса, біз құдай тағаланы айыбы жсоқ, міні жсоқ, өзі әділ деп иман келтіріп едік. Құдай тағала әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге гибадат парыз деген екен.</p>
Жиырма тоғызыншы сөз	<p>Біздің қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамышылыққа жарамайтұғыны да бар.</p> <p>Әуелі «Жарлы болсаң, арлы болма» дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүрген құрысын. Егер онысы жалға жүргеніңде жсаныңды қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол - ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жсанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек - ол арлы адамның ісі.</p> <p>«Қалауын тапса, қар жсанады», «Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жсоқ» деген - ең барып тұрған құдай ұрган сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпенен өмір өткізгение, малды не жерден сұрау керек, не</p>

	<p><i>арлы адамның ісі.</i></p> <p>«Қалауын тапса, қар жанады», «Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ» деген - ең барып тұрған құдай ұрган сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не ақжан терден сұрау керек қой.</p> <p>«Атың шықпаса, жер өрте» дейді. Жер өртеп шыгарған атыңың неси мұрат? «Жұз күн атан болганиша, бір күн бура бол» дейді. Тәңірге жазып, мінбей-түспей арып, шомендең диуаналықпен бір күн болған буралық неге жарайды?</p> <p>«Алтын көрсе, періште жолдан таяды» дейді. Періштеден садага кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсекшізар сұмдығын қостагалы айтқаны.</p> <p>«Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жсан тәтті» дейді. Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын антұрганның тәтті дерлік не жсаны бар. Бұлардың бәрінен де қымбат ата-анасын малга сатпақ ең арсыздың ісі емес не? Ата-ана шамасы келсе, михнаттанып мал жисса да, дүниелік жисса да, артымда балаларыма қалсын дейді. Ол ата-ананы малга сатқан соң, құдайға дүшиандық іс емес не? <u>Осындай білмектікпенен айтылған сөздеріне</u> бек сақ болу керек.</p>
Отызыншы сөз	<p>Қырқын мінсе қыр артылмайтұғын осы бір <u>«қырт мақтан»</u> деген бір мақтан бар, сол неге керек, неге жарайды? Ол ар, есті білмейді, намысты білмейді, кең толғау, үлкен ой жоқ, не балуандығы жоқ, не батырлығы жоқ, не адамдығы жоқ, не ақылдылығы, арлылығы жоқ.</p> <p>Жанга мырзалық қылатұғын, ердің жадағайда-ақ сертке тұрғыштығы, малга мырзалығы, дүниені бір тын есеп көрмейтұғын жомарттығы - <u>әртурлі белгісі</u> бойынша тұрмас па еді? «Ұялмас бетке талмас жақ береді» деп, көп былжыраган арсыз, ұятсыздың бірі дагы.</p>
Отыз бірінші сөз	<p>Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі - көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші — сол нәрсені естігенде я көргенде гибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұзу керек; үшінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші - ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыныш-кулкішілдік, я бір қайғыга салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен гылымды тоздыратұғын нәрселер.</p>
Отыз екінші сөз	<p><u>Бахас</u> - өзі де гылымның бір жолы, бірақ оған хирслану жарамайды. Егер хирсланса, өз сөзімшіл ғурурлық,</p>

	зиншар, жсаным, соган бек сақ бол, әсіресе, әуелі - құданың, екінші - халықтың, үшінші - дәүлеттің, төртінші - гибраттың, бесінші - ақылдың, ардың - бәрінің дұштаны.
Отыз үшінші сез	Алдау қоспай адаптацияның қолөнерлі - қазақтың әулиесінің сол. Бірақ құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады. Әуелі — бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер ізден жүріп, көріп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, тұзден өнер іздемейді. Екінші - ерінбей істей беру керек қой. Үшінші - «дарқансың гой, өнерлісің гой, шырагым», немесе «агеке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!» дегенде «маган да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін» деп мақтандып кетіп, пайдасыз алдауга, қутілге алданып, өзінің уақытын өткізеді. Төртінші - тамырышылдау келеді. Баганагы алдамышы шайтан тамыр болалық деп, бір болымсыз нәрсені берген болып, артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын дегенге мәз болып, тамырым, досым десе, мен де керектінің бірі болып қалыппын гой деп, және жасынан іс істеп, үйден шықпагандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдаганды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп, тіпті жетпесе өзінен қосып, қылып бер дегенінің бәрін қылып беріп, күні өтіп, еңбек қылар уақытынан айрылып, «жогары шыққа» қарық болып, тамақ, күім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдан қарызга алады.
Отыз төртінші сез	Қазақ осыған да, амал жоқ, нанады, анық өз ойына, ақылына тексертіп нанбайды. Және һәмманы жаратқан құдай бар, ахиретте сұрау алады, жамандыққа жазғырады, жақсылыққа жарылгайды, жазғыруы да, жарылғауы да пенде ісіне үқсамайды, бегірек есепсіз қинауы да бар, бегірек есепсіз жетістіруді де бар деп - бәріне сендік дейді.
Отыз бесінші сез	Махшарға барғанда құдай тағала қажы, молда, сопы, жомарт, шейіт – соларды қатар қойып, сұрап дейді. Дүниеде гizzат үшін, сый-құрмет алмақ үшін қажы болғанды, молда болғанды, сопы болғанды, жомарт болғанды, шейіт болғандарды бір бөлек қояр дейді. Ахиретке бола, бір ғана құдай тағаланың разылығын таппақ үшін болғандарды бір бөлек қояр дейді.
Отыз алтыншы сез	Біздің қазақтың өзінің мақалы да бар: «ұят кімде болса, иман сонда» деген. Енді бұл сөзден білінді: ұят өзі иманның бір мүшесі екен. Олай болғанда білмек керек, ұят өзі қандай нәрсе? Бір ұят бар - надандықтың ұяты, жас бала сез айтудан ұялған секілді, жақсы адамның алдына жазықсыз-ақ әншейін барып жолығысдан ұялған секілді. Не шаригатқа теріс, не ақылга теріс жазығы жоқ болса да, надандықтан бойын

	<p><i>керістендеріп, шешілмегендік қылып, ұялмас нарседен ұялған мұндаидай ұят шын ұялу емес - <u>ақымақтық, жамандық.</u></i></p> <p><i><u>Шын ұят сондай нарсе, шаригатқа теріс, я ақылга теріс, я абиұрлы бойга теріс бір іс себепті болады.</u></i></p>
Отыз жетінші сез	<p><i><u>Eр артық сұраса да азға разы болады.</u></i></p> <p><i><u>Eз аз сұрап, артылтып берсең де разы болмас.</u></i></p> <p><i>Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Гайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім?</i></p> <p><i>Ол – <u>көп,</u> ендеше <u>көпте ақыл жсок.</u> .... <u>адам мінезін түзеп болмайды</u> деген <u>кісінің тілін</u> <u>кесер</u> <u>едім.</u></i></p> <p><i>Дүние - үлкен көл,</i>  <i>Заман - соққан жесел.</i>  <i>Тоқ тіленеші - адам сайтаны,</i>  <i>Харекетсіз - сопы монтаны.</i></p> <p><i>Жаман дос - көлеңке:</i>  <i>Басыңды күн шалса,</i>  <i>Қашып құтыла алмайсың;</i>  <i>Басыңды бұлт алса,</i>  <i>Ізден таба алмайсың.</i></p>
Отыз сегізінші сез	<p><i><u>Бұл қиянатшылар - жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман. Қиянат - хақиқат пен растықтың дүшпаны. Ғылым - алланың бір сипаты, ол - хақиқат, оған гашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр.</u></i></p> <p><i><u>Бұл сезіме нақлия дәлелім - жогарыдагы жазылған алла тағаланың есімдері. Ғақлия дәлелім құдай тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісіммен жаратқан, онан басқа, бірінен бір пайда алатұғын қылып жаратыпты. Күллі адам баласын қор қылатын <u>уш нарсе бар.</u></u></i></p> <p><i><u>Сонан қашпақ керек:</u> <u>әуелі - надандық, екіншісі - еріншектік, ушінші - залымдық деп білесің.</u></i></p> <p><i><u>Надандық - білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нарсені оларсыз біліп болмайды.</u></i></p> <p><i><u>Білімсіздік хайуандық болады.</u></i></p> <p><i><u>Еріншектік - куллі дүниедегі өнердің дүшпаны.</u></i></p> <p><i><u>Талапсыздық, жігерсіздік, ұятыздық, кедейлік - бәрі осыдан шыгады.</u></i></p> <p><i><u>Залымдық - адам баласының дүшпаны.</u></i></p> <p><i><u>Адам баласына дүшпан болса, адамнан болінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады.</u></i></p>
Отыз тоғызыншы сез	<p><i>Бірақ бұл замандагылардан артық <u>екі мінезі</u> бар екен. Ол екі мінезі қайсы десең, <u>әуелі</u> - ол заманда ел басы, <u>топ басы</u> деген <u>кісілер</u> болады екен.</i></p> <p><i><u>Екінші мінезі - намысқорлық екен.</u></i></p> <p><i>«Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады» деп, «Аз араздықты қуган көп пайдасын кетірер» деп, «Агайынның азары болса да, безері болмайды», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» десін, «Жол қуган қазынага жсолыгар,</i></p>

	<p>болмайды», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртмеу түгел болса, төбедегі келеді» десін, «Жол құган қазынага жолыгар, дау құган пәлеге жолыгар» десін. Кәнеки, енді осы <u>екі мінезд</u> қайда бар? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылдық, Ендігілердің <u>достығы - пейіл емес, алдау, душпандығы - кейіс емес, не кундестік, не тыныштыра алмагандық</u>.</p>
Қырқыншы сөз	<p>Жаттың бір <u>тәуір кісісін көрсе</u>, «жарықтық» деп жалбырап қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан <u>артық адам болса да танымайтуғыны қалай?</u> Елди <u>тысық</u> билегені несі? <u>Пысықтың бәрі кедей</u> келетуғыны несі? <u>Токал қатын өр</u> келетуғыны несі? <u>Кеселді кісі ер</u> келетуғыны несі? <u>Кедей кісінің кер</u> келетуғыны несі?</p>
Қырық бірінші сөз	<p>Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамга <u>екі нәрсе керек</u>. <u>Әуелі - бек зор өкімет</u>, жарлық қолында бар кісі керек. <u>Екінші - ол адам есепсіз бай боларға керек</u>. Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сутіменен біткен <u>надандық</u> әлдеқашан адамшылықтан кетірген. <u>Өздерінің</u> ырбаңы бар ма, пыш-пышы бар ма, гүлдегі бар ма, дүрілдегі бар ма - сонысынан дүниеде ешбір қызықты нәрсе бар деп ойламайды, ойласа да бұрыла алмайды, егер сөз айтсаң, түгел тыңдаң тұра алмайды, не көңілі, не көзі алаңдан отырады. Енді не қылдық, не болдық!</p>
Қырық екінші сөз	<p><u>Казақтың жаманышылыққа үйір</u> бола беретуғынының бір себебі - <u>жұмысының жоқтығы</u>. Ол ауылдан бұл ауылга, біреуден бір жылқының майын сұрап мініп, тамақ асырап, болмаса сөз аңдып, құлыш, сұмдықпенен адам аздырмақ үшін, яки азғырушылардың кеңесіне кірмек үшін, пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүргүре құмар.</p> <p><u>Байдың</u> өз жауабы, өз мінезі онбай тұрган соң, бағанагы кісі бұзылса, алғы антұрган бағанагы байга: «Мен айтпап па едім, онықі құлыш сөз деп, міне, көрдің бе?» - деп, екіншіде тырп етпейтуғын қылып алады. Ендігі жұрттың ақылы да, тілеуі де, харекеті де - осы.</p>
Қырық үшінші сөз	<p><u>Адам үгымы екі нәрседен:</u> <u>бірі - тән, бірі - жсан</u>. Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили, қайсысы кәсibi - оны білмек керек. <u>Ішсем, жесем демектің басы - жибили, үйықтамақ та соган үқсайды</u>. Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу, бұлардың да басы - жибили. Ақыл, ғылым - бұлар - кәсibi. Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол - <u>көп жиганы бар адам</u>: <u>сынап, орындысын, орынсызын</u> - <u>бәрін де бағанагы жиган</u> нәрселерінен есеп қылып, қарап табады. «Құдай тағала</p>

	<p><i>өзі ақыл бермеген соң қайтейік?» демек, «құдай тағала сеніменен мені бірдей жаратып па?» демек - құдай тағалага жала жауып, өзін құтқармақ болғандығы. Бұл - ойсыз, өнерсіз надан адамның ісі. Біреуі орысша «подвижной элемент» деп аталады. Ол не нәрсе? Не көрдің, не есіттің, әрнешік білдің, соны тездікпенен ұғып, үқсандықпенен түрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барады, сол екі жағына да ақылды жіберіп қарамаққа тез қозғап жібереді. Егер бұл болмаса, көп білуге көп оқу оңды пайда да бермейді.</i></p> <p><i>Біреуін орысша «сила притягательная однородного» дейді. Ол - бір нәрсені естіп, көріп білдің, хош келді, қазір соган үқсагандарды тексересің. Үшіншісі, орысша «впечатливость сердца» дейді, ягни жүректі мақтанишақтық, пайдакунемдік, жеңілдік, салғырттық - бұл төрт нәрсебірлән кірлетпей таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық рәушан болып түседі.</i></p>
Қырық төртінші сез	<i>Адам баласының ең жаманы - талапсыз. Сараңдықпен, арамдықпен, әйтеуір мал тапсам, «Мал тапқан ердің жазығы жоқ» дейтүғын, «Малдының беті жарық» дейтүғын мақалга сеніп, халықтың түріне қарай, ит те болса, малдыны сөге алмайды деп, бұл мал һәм пайда, һәм қасиет болады бойыма дейді. Мұнысы рас, қазақтың өз құлқына қараганда.</i>
Қырық бесінші сез	<i>Адамишылықтың алды - махаббат, ғадаләт, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтүғын да жері жоқ. Ол - жаратқан тәңірінің ісі. Айғыр биеge ие болмақта да махаббат пен сезім бар. Бұл ғадаләт, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі - галым, сол - гақил. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп.</i>